Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 821.512.1 (043) Қолжазба құқығында

ОЛЖАБАЕВ БЕКАРЫС КОБЛАНУЛЫ

Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі

8D02304 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор А.Ш. Пангереев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор PhD, профессор
О. Сойлемез
Кастамону университеті
(Кастамону, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР..... 3
КІРІСПЕ..... 5
1 ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ..... 13
1.1 Көркем концепт және «туған жер» ұғымы..... 13
1.2 «Туған жер» концептісі аясындағы «отан», «атамекен» ұғымдары..... 28
1.3 «Туған жер» концептісінің халық санасында сақталған сакральды мәні……..... 38
1-бөлім бойынша тұжырым..... 50
2 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАРЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ..... 52
2.1 Түркі халықтары ертегілеріндегі «туған жер» концептісінің көріністері..... 52
2.2 Түркі халықтарының мифтік танымындағы «туған жер» түсінігі..... 70
2.3 Аңыздарда көрініс беретін «туған жер» концептісі……..... 79
2-бөлім бойынша тұжырым..... 96
3 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ОРНЫ……..... 97
3.1 Әпсана-хикаяттарда көрініс беретін «туған жер» концептісі..... 97
3.2 «Туған жер» концептісінің түркі халықтары фольклорындағы орны..... 112
3-бөлім бойынша тұжырым..... 122
ҚОРЫТЫНДЫ..... 124
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 128

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Топонимдік фольклор – жер-су атауларының қалыптасуын фольклорлық шығармалар аясында зерттейтін ғылым арнасы. Топонимдер тілдік санада мекендік, ақпараттық, символдық, танымдық қызметтер атқарады. Әр фольклорлық шығармада топонимдер міндетті түрде аталады. Осыған сәйкес жер-су атауларын фольклордан жекелей қарастырудың маңызы зор.

Көркем концепт – әдебиеттану ғылымында қарастырылатын концепт ұғымы.

Фольклорлық концепт – фольклорда, фольклорлық шығармаларға тән танымдық ақпараттар жиынтығы.

«Туған жер» концептісі – халықтың ұжымдық бейсанасында, танымында қалыптасқан мотивтер мен архетиптер жиынтығы. Концепт арқылы халықтың этномәдени санасында көрініс беретін негізгі ұлттық ұстанымдар, менталитет айқындалады.

Ментальды болмыс – топонимдердің тілдік санада географиялық нысан ретінде ғана емес, негізгі концептілерді құрайтын жүйе ретінде айқындайтын ұғым.

Топонимдік аңыз – топонимдерге байланысты оқиғалардың жартылай шындыққа, тарихи оқиғаларға негізделуімен анықталатын топонимдік фольклор жанры.

Топонимдік хикаят – топонимдік фольклордың мифологиямен байланысты анықталатын жанры.

Топонимдік әпсана – топонимдерге байланысты баяндалатын оқиғалардың ғажайыпқа, қиялға негізделуі.

Семантикалық өріс – концептуалды талдау барысында анықталатын мағыналық парадигма. Бір семантикалық мағынасына сәйкес бірнеше сөз тіркестерінің құрылысына қарамастан жинақталуы.

Когнитивтік модель – танымдық теорияға негізделген, бірнеше кезеңнен тұратын концептіні талдау жүйесі. Танымдық ақпараттар негізінде концепттің «когнитивтік моделі» анықталады.

Тілдік матрица – санада өңделген ақпараттардың концептуалды жүйеге айналуы. Нәтижесінде тұрақталған тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдерде көрініс береді.

Архетип – ұжымдық сананың нәтижесінде қалыптасқан мотивтер мен образдар жүйесі. Архетип ұғымы әр халықтың ұлттық және менталды болмысын айқындай түседі.

Мотив – фольклор мәтіндерінде мифтік сюжеттерге, мифтік дүниетанымға сәйкес ұқсас образдардың қайталануы. «Туған» жер концептісінде «киелі тұту», «кенже бала» және т.б. мотивтер қарастырылады.

Антропөөзектік парадигма – кейінгі XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан ғылым парадигмасы. Негізгі зерттеу нысаны ретінде халықты өз

танымында, тілінде зерттеуді мақсат етеді. Сонымен қатар халық тілін мәдени фактор ретінде қарастырады.

Фольклорлық сана – фольклорлық шығармаларда анықталатын образдар, түсініктер, идеялардың бастау арнасы.

Этностық таным – әлем жайлы, қоршаған дүние туралы қалыптасқан ұлттық түсініктердің ұжымдық санада анықталуы.

Когнитивтік әдебиеттану – когнитивтік теорияның дамуы лингвистика, психология салаларынан бөлек, әдебиеттану саласына да әсер етті. Когнитивтік әдебиеттану саласы жас әрі жаңа болғанына қарамастан, концептіні әдебиеттану теориясынан талдауға әрі метафора теориясы аясында талдауға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың екінші жартысында «когнитивтік төңкеріс» жасаған когнитивистика бірнеше салалардың дамуына жол ашты. Енді, бір жағынан, «парадигмалар» теориясының дамуы да ғылымдағы жаңа тенденциялардың қалыптасуына әсер етті. Ендігі кезекте, ғылымда дәстүрлі түрде құрылымдық-жүйелік түрде зерттеуден гөрі, антропоөзектік парадигма аясында зерттеудің құндылығы артты.

«Адамды әлемнің ортасында» зерттеу алғашында философияда басталды. Ғылымдағы ортақтық бірнеше салалардың біртұтастықта дамуына әсер етеді. Осылайша, философияда бастау алған «антропоөзектік» бағыттағы зерттеулер әдебиеттануда, психологияда, лингвистикада басты жаңалықтардың бірі болды. Нәтижесінде, этностың немесе халықтың тәжірибесі тілде көрініс табуы – әлемді категоризациялаудың, тіл мен сананың қатынасының көрінісі. «Тіл – адамзат – сана» триадасына негізделген түсінікте әрбір халықтың тәжірибесі ғана емес, ойлау ерекшеліктері, таным нәтижелері, ментальдылық мәселелері де қарастырыла бастады.

Этностың ойлау әрекетінің нәтижесі, танымдық әрі ментальдылық ерекшеліктерін фольклор мұраларында зерттеу бүгінгі фольклортанудың дамуын көрсетеді. Фольклорлық мәтіндер – адамзаттың мифологиялық әрі тарихи даму кезеңдеріндегі тәжірибелерінің көрінісі. Осыған сәйкес фольклорды арнайылап когнитивтік әдебиеттану аясында зерттеу диссертациялық жұмыстың маңыздылығын көрсетеді.

Түркі фольклоры – барша түркі халықтарының мәдени әрі рухани тәжірибесінің нәтижесі. Барша түркі халықтарына тән ойлау ерекшеліктері, тұрмыс пен рухани-мәдени әрекеттердің нәтижелері, әлемді танудың көріністері, қоршаған орта жайлы түсініктердің барлығы фольклорда ортақ архетип, мотив, концепт аясында анықталады.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Халық танымының нәтижесі саналатын фольклорды бірнеше саланың тоғысында зерттеу диссертациялық жұмыстың өзектілігін түрлі қырынан айқындайды. Өйткені бүгінгі таңда антропоөзектік парадигманың дамуымен фольклортану саласын жаңа бағытта зерттеудің қажеттілігі туындады. «Құндылық», «Мәдени білімнің көрсеткіші» ретіндегі «концепт» ұғымы жайлы зерттеулер бұл саладағы танымдық теорияның дамуына әсер етті. Қорғауға ұсынылып отырған ғылыми зерттеу жұмысы, негізінен, түркі фольклорындағы «туған жер» концептісін айқындауға арналғанымен ғылымдар интеграциясының қарқынды дамуы себепті тек қана түркі фольклорының ғана емес, сонымен бірге фольклор мен топонимика, фольклор мен когнитивтік әдебиеттану, фольклор мен когнитивтік лингвистика, фольклор мен мифология салаларымен тығыз бірлікте қарастырылады.

Когнитивтік әдебиеттанудың ғылым саласы ретінде қалыптасқанына көп уақыт өтпесе де, негізгі зерттеу әдістерінің методологиясы, зерттеу арнасы бүгінгі күнде айқындалған. Антропоөзектік парадигманың дамуымен когнитивтік әдебиеттану танымдық теорияны әдеби аспектіде қарастыруға мүмкіндік береді.

Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісін қарастыру барысында барлық түркі халықтарының фольклорлық шығармаларын толық қамту мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан зерттеу обьектісіне қазақ, қырғыз, башқұрт, татар халықтарының фольклорлық шығармашылықтары алынып топонимдік фольклор, поэтикалық ономастика ұғымдары аясында талданды. Тарихи танымдары, ментальдік ұқсастықтарына байланысты басқа да түркі халықтарының фольклорлық шығармашылықтарында бой көрсететін «туған жер» концептісін осы жолмен зерттеуге болатыны сөзсіз.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты ретінде түркі фольклорына ортақ фольклорлық шығармаларда айқындалатын «туған жер» концептісін этномәдени мазмұнда талдау көзделді. Осы мақсатта түркі халықтарының фольклорында және әлем тіл білімінде концепт ұғымының зерттелуі, танымдық теориялардың, көркем концепттің қалыптасу хронологиясы анықталды. Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысында фольклорлық шығармалардағы «туған жер» концептісінің көрініс табуы оның когнитивтік моделі, лингвомәдени өрісі негізге алынды. «Туған жер» концептісінің семантикалық құрылымы мен этномәдени мазмұны анықталды. Сонымен бірге фольклорлық мұраларды танымдық тұрғыдан зерттеу, концептуалдық, ассоциациялық-интерпретациялық зерттеу әдістері аясында «туған жер» концептісінің ассоциациялық өрісі де анықтық тапты деп айтуға толық негіз бар.

Тақырыптың өзектілігі. Фольклорды жаңа ғылыми тенденция негізінде зерттеп-зерделеу бірнеше ғасыр бойы жинақталған ақпараттарды, ментальды болмысты айқындауға мүмкіндік береді. Осы негізде диссертациялық жұмыстың өзектілігі түркі халықтарының фольклорында көрініс беретін «туған жер» концептісін жаңа көзқараста, яғни когнитивтік әдебиеттану аясында қарастыру. Диссертациялық жұмыста негізгі ұғымдар ретінде: *фольклор, топонимдік фольклор, түркі халықтарының фольклоры, когнитивтік әдебиеттану, когнитивтік лингвистика* алынған. Аталған ұғымдарды бірлікте, тұтастықта зерттеу халқымыздың этномәдени санасында, танымында қалыптасқан «туған жер» концептісі жайлы терең ақпарат алуға мүмкіндік береді. «Туған жер» концептісі ұлттық бірегейлік, ұлттық сана, ұлттық болмыс сынды ұғымдармен айқындала түседі. Сонымен бірге, фольклорлық шығармаларда «туған жер» концептісі фольклорлық концепт және көркем концепт ретінде архетиптік образдар мен мотивтер жүйесінде қарастырылады. Осыған байланысты «туған жер» концептісі барша түркі халқына ортақ негізгі көзқарастары, ұстанымдары, әлем мен кеңістік жайлы ақпараттарды жинақтайды.

Топонимдер жай ғана номендік атауды білдіретін географиялық нысандар атауы емес, фольклорлық туындыларда мекендік, ақпараттық, символдық, танымдық қызметтер атқаратын өз алдына ерекше бір жүйе. Осы жүйе айналып келгенде туған жер ұғымына келіп саяды. Өйткені «атамекен», «туған жер», «кір жуып, кіндік кескен жер», «кіндік қаны тамған жер» деген концепт мағынасындағы ой-байламдардың бәрі Отан ұғымына барып тіреледі. Қазіргі кезде біздің Отан деп атайтын негізгі концептіміз бұрын жер-су түрінде аталған. Оған Күлтегін жазуларындағы мәтіндер куә. Сонда «Жер-су» – «Отан» – «Туған жер» аталатын концептілердің бір-біріне сабақтастығы көрінеді.

Зерттеудің мақсаты. Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісін зерттеу.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

1. Түркі фольклоры мен топонимдік фольклор арасындағы байланыстарын қарастыру. Фольклордың бір саласы ретінде топонимдік фольклордың түркі халықтары фольклорындағы маңызына тоқталу.

2. Когнитивтік әдебиеттану, фольклортану саласындағы концепт мәселесін анықтау. «Көркем концепт» ұғымының фольклордағы маңызын айқындау. «Туған жер» концептісін түркі халықтары фольклоры аясында зерттеу.

3. Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісінің көркемдік-когнитивтік модельдерін айқындау. Топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жанрларын қарастырып, архетип, мотив ұғымдарын талдау. Сонымен бірге «туған жер» концептісінің көркемдік-когнитивтік модельдерін құрудағы архетип пен мотив ұғымдарының маңыздылығын көрсету.

4. Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісінің ақпараттық-мағыналық өрісін айқындау. Тілдік матрицада қалыптасқан, семантикалық парадигмада анықталған мағыналық қатарларды талдау, лингвомәдени өрісін анықтау.

5. «Туған жер» концептісін концептуалды талдау әдісі арқылы әдеби-танымдық жүйедегі маңызын айқындау.

6. «Туған жер» концептісін когнитивтік әдебиет аясында зерттеп, талдау. Фольклортану саласының бүгінгі даму арнасын жүйелеу.

Зерттеу нысаны. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының фольклорындағы (қаһармандық, ғашықтық жырлар, ертегілер, аңыздар мен әпсана-хикаяттар, мақал-мәтелдер) «туған жер» концептісі.

Зерттеу пәні. Түркі халықтарының фольклорында «туған жер» концептісінің көрініс табу ерекшеліктері, оның көркемдік, идеялық-мазмұндық құрылымы және фольклорлық жанрлардағы қызметі.

Зерттеу гипотезасы. Түркі халықтарының фольклорында «туған жер» концептісі «кір жуып, кіндік кескен жер» деген географиялық ұғым емес, сонымен бірге тарихи жадыны, ұлттық бірегейлікті және рухани құндылықтарды бейнелейтін маңызды категория ретінде көрініс табады. Бұл концепт фольклорлық жанрларда әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы берілетінін және халықтың дүниетанымдық жүйесін қалыптастыруда айрықша рөл атқаратынын дәйектеу.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі** ретінде отандық фольклортану ғылымымен қатар әлемдік әдебиеттану, фольклортану ғылымындағы теориялық, әдіснамалық жұмыстар мен ғылыми ұстанымдар басшылыққа алынды. Қазақ фольклортанушы ғалымдар С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, Ш. Ыбыраев, Р. Бердібай, М. Мырзахметов, К. Матыжанов, А. Пангереев, А. Әбсадықов, Ж. Әскербек, түркі фольклоры зерттеген Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, П.А. Фалев, В.М. Жирмунский, қырғыз зерттеушілері С. Закиров, Б. Кебекова, С. Кайыпов, М.Ж. Жумагулов, С. Мусаев, Г. Орозова, Ж.О. Султанова, О.М. Токтоназарова, татар зерттеушілері М.Х. Бакиров,

Ф. Ахметова, Л. Мухаметзянова, А. Гаррапова, А.Р. Биктимирова, Г. Арсланова, Ф.Ф. Нуруллина, Л.М. Хусаинова, Ф.А. Надришина, С.М. Гилязутдинова, башқұрт зерттеушілері А.С. Мирбадалаева, С.А. Галин, К. Маргэн, М.М. Сагитов, Ф.А. Надршина, шетелдік фольклортанушы ғалымдар ғалымдар Е.А. Костюхин, Б.Н. Путилов, В.Е. Гусев, И.А. Голованов В.Я. Пропп, Е.М. Мелетинский, А.П. Липатова, С.Н. Азбелева, М. Жураев, С. Бахадыров, К. Максетов, когнитивтік әдебиеттану бойынша Е. Лозинская, М. Тернер, Р. Цур, П.К. Хоган, А. Ричардсон, С.Дж. Броннер, А.Б. Темірболат, А. Ахметова, А.А. Қалиева, когнитивтік лингвистика бойынша В.фон Гумбольд, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С.А. Аскольдов-Алексеев, Н.Телия, А.Н. Приходько, В. Маслова Е. Кубряков, В.В. Колесов, Ю.С. Степанов, С.Г. Воркачев, Л.В. Миллер, В.Г. Зусман, А.П. Бабушкин, Қ. Жаманбаева, А. Салқынбай және т.б. ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары, ғылыми еңбектері.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыста түркі халықтарының фольклоры, соның ішінде түркі фольклорына ортақ ертегілер, эпикалық туындылар, топонимдік аңыздар, мақал-мәтелдер, топонимдік әпсаналар, топонимдік хикаяттар негізге алынды. Атап айтар болсақ, дереккөз ретінде алынған зерттеу еңбектері мыналар: Чора батыр // Дестан // Йылдыз. – 2004. – № 5. – С. 42–82; Эр Табылды. Кенже эпос. «Эл адабияты» сериясы. III том. – Бишкек, 2015. – 287 с.; Эр Төштүк: Эпос / Баш сөзүн жазгандар Р. Сарыпбеков, М. Мукасов. – Б.: Шам, 1996.— 448 б. («Эл адабияты»); Алпамыс батыр / Құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Т. Әкімова, А. Оралбек, Ж. Рақыш. – Алматы: «Үш Қиян», 2024. – 380 б.; Қазақ эпостары. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2006. – 416 б.; Мирбадалаева А.С. Башкирский народный эпос. 1977.; С.А. Галин. Башкирский народный эпос. – Уфа, 2004. – 320 с.; Башкирский народный эпос. Урал-батыр, 2023. Перевод с башкирского А.Х. Хакимова. – Уфа: Китап. – 256 с.; Едіге батыр жыры. Жинаған, құрастырып баспаға дайындаған, ғылыми түсініктерін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор О.Ә. Нұрмағамбетова. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 363 б.; Шора батыр: Дастан. – Алматы: Жалын, 1994. – 224 б.; Эл адабияты сериясы // «Ак мөөр». – Б., 2016; Башҡорт халыҡ ижады. Дүртенсе том. Эпос. – Өфө: Китап, 1999. – 400 б.; Татар халык ижаты. Дастаннар. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1984. – 386 б.; Башкирское народное творчество. Том III. Богатырские сказки. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1988. – 448 с.; Киргизские народые сказки. 2.е изд. – Пер. с кирг. – Фрунзе: Кыргызстан, 1981. – 364 с.; Несказочная проза алтайцев / Сост., подготовка текстов, примечания, комментарии и указатели Н.Р. Ойноткиновой, И.Б. Шинжина, К.В. Яндановой, Е.Е. Ямаевой. Сверка алтайских текстов К.В. Яндановой; отв. ред. тома Н.А. Алексеев. – Новосибирск: Наука, 2011. – 576 с.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық жұмыс барысында негізгі ғылыми әдістер: *салыстыру, талдау, саралау, жүйелеу* әдістері қолданылды. «Туған жер» концептісін талдау мақсатында: ақпараттық-мағыналық өрісін анықтауда *дефинициялық талдау әдісі*; семантикалық парадигмасын анықтау барысында *мағыналық талдау әдісі*; концепттің модельдерін жүйелеуде *концептуалды*

талдау әдісі; лингвомәдени өрісін айқындауда *лингвомәдени талдау әдісі* жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі тақырыбы тұңғыш рет зерттеліп отыр. Бұған дейін «Дала» концептісі, «Бақыт» концептісі, «Мәңгілік ел» концептісі атты әдебиеттану бағытында еңбектер болды, ал фольклортану тұрғысынан, оның ішінде түркі халықтарының фольклоры бойынша орындалған диссертация болған жоқ.

Концепт бірнеше ғылымның тоғысында анықталады. Бұрын ол когнитивті лингвистика тұрғысынан қарастырылып келсе, ғылымның қазіргі таңдағы даму деңгейінде когнитивтік әдебиеттану тұрғысынан зерттеліп, жаңа ғылыми-зерттеу арнасына айналып отыр. Диссертациялық жұмыста концепт терминімен қатар «көркем концепт», «фольклорлық концепт» ұғымдары айқындалып, айырмашылықтары ажыратылып талданады. Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісінің когнитивтік-көркемдік модельдерін айқындауда топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят сынды аңыздық проза түрлері қарастырылады. Бұрын соңды түркі фольклоры аясында аталған терминдер қалыс қалып жатқан еді. Диссертациялық жұмыс барысында топонимдік фольклордың прозалық түрлері жекелей анықталып, ондағы «туған жер» концептісінің мәні мен мазмұны архетип пен мотив ұғымдары аясында талқыланады. «Туған жер» концептісінің ақпараттық-мағыналық өрісін айқындауда сөздіктермен жұмыс, мақал-мәтелдер жан-жақты қарастырылады. Тілдік матрица ретінде мақал-мәтелдерді концепт аясында зерттеудің практикалық маңызы зор. Мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, «туған жер» концептісінің лингвомәдени өрісі анықтық таба алады. «Туған жер» концептісін концептуалды талдау әдісі арқылы әдеби-танымдық жүйедегі маңызы айқындалды. Сайып келгенде, жұмыстың басты ғылыми жаңалығы түркі халықтары фольклорында көрініс беретін «туған жер» концептісі салыстырмалы аспектіде зерттелінді. Туған жер ұғымы аясына кіретін Отан, Атамекен концептілерінің мәні мен мағынасы, олардың сакралды сипаттары, түркі халықтарының ертегі, миф, аңыз, әпсана-хикаяттарында зерттеуге алынған «туған жер» концептісі диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай тұжырымдар ұсынылады:

1. Фольклорды арнайы антропоөзектік парадигмада қарастыру ұлттық болмыс, ментальдік жайынан кең ақпарат береді. Диссертациялық жұмыста «туған жер» концептісі алғаш рет түркі халықтары фольклоры аясында қарастырылды. «Туған жер» концептісінің нақты көрінісі топонимдер арқылы анықталады. Топонимдер географиялық нысанның атауын ғана білдіріп қоймай, фольклорлық шығармада төрт түрлі қызмет атқарады: *мекендік, ақпараттық, символдық, танымдық*. Сонымен бірге топонимдердің идеологиялық қызметі де бар, ол – туған жерді қорғау, сыртқы жаудан қорғану идеясы.

2. Зерттеу жұмысында «туған жер» концептісі *көркем концепт, фольклорлық концепт* ұғымдары аясында талданды. Әдебиеттану саласында танымдық теорияның біртіндеп енуімен концепт ұғымының зерттелу ауқымы да кеңеюде.

Әдебиеттану саласында «көркем концепт» деңгейінде зерттеліп, талдау жүргізілсе, фольклорда «фольклорлық концепт» ұғымы қарастырылды. Осыны ескере отырып, түркі халықтарының фольклорында «туған жер» концептісі ертеден қалыптасқан түсінік деуге болады.

3. Жұмыста топонимдік фольклордың негізгі ұғымдары: топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жекелей айқындалды. Сонымен бірге аталған үш термин негізінде «туған жер» концептісі архетип, мотив ұғымдары аясында қарастырылды. Зерттеу барысында «кие тұту» мотиві туған жерге деген сакральды қатынасты білдірсе, «кенже бала» концептісі туған жерді кенже баланың қорғау жайын қарастырып, мифтік дүниетаныммен, мифтік сюжеттермен байланыстылығы айқындалды. Архетип ретінде Көк Тәңірі, Ұмай ана ұғымдары қарастырылып, туған жерге қатысты аспан мен жер, жер-ана түсініктері алдыға шықты. Зерттеу барысында «туған жер» концептісінің көркемдік-когнитивтік модельді құрудағы архетип пен мотив ұғымдары маңызды қызмет атқарады. Архетип пен мотив ұғымдары арқылы когнитивтік әдебиеттануда қалыптасқан түркі халықтарына тән әлеуметтік, рухани тәжірибелер нәтижесі мифологиямен байланысты.

4. Фольклордағы «туған жер» концептісінің ақпараттық-мағыналық өрісін талдау нәтижесінде анықталғаны қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының танымындағы тұрақталған көзқарастардың көрінісі. Осыған сәйкес, түркі халықтарының «туған жер» жайлы мақал-мәтелдері жинақталып, мағыналық топтарға ажыратылды. Тілдік матрицаға түскен, жинақталған мақал-мәтелдерді талдау барысында «туған жер» концептісінің лингвомәдени өрісі ұлттық танымен, дүниетаныммен байланысты екендігі назарға алынды..

5. Зерттеу барысында түркі фольклорындағы ұлттық концептуалды жүйедегі негізгі ұғымдар анықталды: ұлттық таным, ментальды болмыс, менталитет мәселелері. Диссертациялық жұмыста қазақ, қырғыз, башқұрт, татар халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі топонимдік фольклор аясында талданып, айқындалды. Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісі жайлы концептуалды талдау нәтижесінде ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылық, дүниетаным мәселелері негізге алынды.

6. Түркі фольклоры – когнитивтік әдебиеттану теориясындағы жаңа антропоөзектік парадигмада анықталатын үлкен бағыттардың бірі. Барша түркі халықтарына ортақ мәдени тәжірибелер, рухани мәдениет көріністері, әлем жайлы мифологиялық түсініктер бір тұтастықта зерттеу когнитивтік әдебиеттану аясында жүзеге асады. Фольклор мен мифологияның байланысы түркі халқының алтын бесігі – «Өтүкен» топонимі негізінде мифологиялық мекен ғана емес, вербалды санадағы атау деп те анықталды. Осылайша, топоним ретінде әрі «туған жер» концептісі аясында мифологиялық санадағы құтты қоныс механизмі утопиялық мекенге айналады.

Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері әлемдік әдебиеттану, фольклортану, когнитивтік әдебиеттану теориясының дамуына үлес қосады. Бірнеше саланың тоғысында анықталған «туған жер» концептісі топонимдік фольклор ауқымын кеңейтіп, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорына ортақ архетиптер мен мотивтер аясында талданды. «Туған

жер» концептісі арқылы фольклорда көрініс табатын ұлттық мәдени кодтар, этномәдени дүниетаным және ұжымдық сананың ерекшеліктері зерделеніп, ғылыми қауымдастыққа жаңа түсініктер ұсынады. Бұл зерттеудің нәтижелері ғылымда жаңа тұжырымдамалар мен әдіснамалық тәсілдерді енгізуге жол ашады.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін фольклор, түркі фольклоры, топонимдік фольклор, фольклористика салаларымен байланысты ғылыми курстарында пайдалануға болады.

Зерттеу апробациясы. Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: «Ізденістер мен бағыттар» тақырыбындағы I халықаралық конгрессте (Түркия, Карабюк қаласы, 2022 жыл), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» ғылыми семинарда (Ақтөбе, 2022 жыл), «Жастар, ғылым және инновация» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Ақтөбе, 2023), «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференцияда (Ақтөбе, 2024) жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы. Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 8 мақала жарияланды.

ҚР ҒжБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарық көрген еңбектер:

1. The concept of “Homeland” in kazakh folklore // Керуен. 2022. – №.4 (77). – Б. 62-74.
2. Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі «Туған жер» концептісі // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. 2022. – №4 (67). – Б. 339-353.
3. Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісі // Торайғыров университеті, «Toraighyrov University» Хабаршысы. 2023. – № 2. – Б. 243-254.
4. Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. 2023. – № 4. – Б 266-280.
5. The concept and conceptual field of “homeland” in kazakh folklore // Керуен. 2024. – №2 (83). – Б. 249-259.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. The concept of "Homeland" in the toponymic legends of the Turkic peoples // «Ізденістер мен бағыттар» тақырыбындағы I халықаралық конгресс материалдары, Карабюк, Түркия, мамыр, 2022. – Б. 182-188.
2. Көне түркі халықтарының танымындағы туған жер ұғымы // «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2023. – Б. 150-153.
3. Мифологиядағы туған жер ұғымы // Қ.Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясы

материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – Б. 248-250.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 137 бетті құрайды.

1 ТҮРКІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Көркем концепт және «туған жер» ұғымы

Түркі халықтарының фольклорын зерттеу XVIII ғасырдың екінші жартысында бастау алды. П. Паллас, Н. Рычков, И. Георги, А. Левшин, И. Шангин, Ф. Назаров, А. Каменский, С. Яроцкий, Я. Жирков, W. Schott, Н. Слюз, Л. Мейер, А. Вамбери, А. Гейнс, А. Becker, В. Радлов, Н. Сорокин, Г. Потанин, А. Плотников, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, С. Ивановский, Ә. Диваев, Н. Веселовский, Н. Ильминский, П. Мелиоранский, Н. Аристов, В. Бартольд, М. Әуезов, А. Орлов және т.б. өзге де ғалымдар түркі халықтарының ұлттық мұрасын зерттеуге үлес қосты. Сол уақыттардан бастап зерттеле бастаған түркі халықтарының фольклоры бүгінгі күні де жалғасын тауып, тың тақырыптарған негізделген ғылыми зерттеу арнасы кеңейіп келе жатыр. Оның өзіндік себептері бар. Ең алдымен, түбі бір түркі халықтарының ұлттық менталитеттері ұқсас, қоршаған орта, табиғатты танудағы, дүние, жаратылыстың сырын ұғудағы танымдары деңгейлес келіп жатады. Ол дүниетаным ортақтығының айқын дәлелін барша түркі халықтарының мызғымас мұрасы, тасқа бәдізделіп жазылған «Күлтегін» жырынан көре аламыз:

Биікте көк Тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған [1, 74]. Бұндағы берілген жолдардан әлемнің, дүниенің жаратылысы жайындағы түркілердің дүниетанымы көрінеді. Түркілер үшін «Көк Тәңірі» бүтін жаратылыстың иесі ғана емес, түркі мемлекетінің негізін қалаушы, әрі туған жерді, отанды сыйға беруші ғажайып күштің иесі ретінде танылады. Осы себептен түркі халқының отаны «Тәнгре иле» деп аталған. Көне түркілердің танымында «туған жер» ұғымы кеңістікті игеруді, адамзатқа ыңғайлы өмірді, шексізді білдіреді. «Көк Тәңірі» дегендегі «Көк» сөзі Тәңірінің тұрағы ретінде айқындалады.

Қазақ ұғымында барлығын жаратушы – көк тәңір. Аспан да – көк, су да көк деп түстелген. Бірақ, бір ерекшелігі, зерттеушілердің айтуынша, «қазақ тілінде «тәңір» деп – көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің түбірі (тең/тәң) көк, аспан ұғымымен байланысты, демек «тәңір» – көктегі (яғни, жоғардағы) су болса, «теңіз» жердегі (яғни, төмендегі) су». Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелі су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» деп аталуы содан, ал жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған. Екінші аспан мағынасында айтылған («з» – жұптық белгісі) [2, 85].

Осындай танымды ұстаған көне түркілер туған жерге деген құрмет пен махаббатты ұрып деңгейіне дейін көтерген. Фольклорлық шығармалардың көбінде топонимдер мекендік, ақпараттық қызметтерді атқарады, сонымен бірге мекен атауының халық дүниетанымындағы маңызын айшықтай көрсетеді. Осы тұста антропоөзектік парадигма аясында түркі фольклорын зерттеп, зерделеу зерттеу нысаны ретінде алынған «туған жер» концептісін когнитивтік әдебиеттану, когнитивтік лингвистика тарапында талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде түркі фольклорындағы топонимдердің танымдық қызметі айқындалып, когнитивтік әдебиеттанудағы маңызы талданады.

«Фольклордың әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметі, мазмұны мен құрылымы заман талабына сай түрлі өзгерістерге түсіп, тарихи дамудың әр қилы өткелінен өткен. Фольклор алғашқы қауымдық қоғамда да, орта ғасырларда да, жаңа дәуірде де болған. Сондай-ақ, ол белгілі бір өзгерістермен қазіргі заманда да халықтың ауызша сөйлеу әрекетімен бірге жасауда (әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ т.б.). Бұл жағдай фольклордың түрлі тарихи кезеңдерін, қоғамдағы қызметін, әлеуметтік жүгін әртүрлі қырынан пайымдауға мүмкіндік береді» [3, 10]. Фольклордың әлеуметтік жүгі әр түрлі кезеңдерге сай өзгеріп отырды. Қоғамның талаптары фольклорлық шығарманың өзегінде көрініс тапты.

Туған жердің әрбір тасын, өзен-суын, жыра-жықпылын, басқа да жер бедерін перзенттік махаббатпен жырға қосып отырған. Олардың әрқайсысына ат қойып, айдар таққан. Өсіп, өнген өлкесінің жер бедерін жақсы танып, оған өзіндік атау беру өз кезегінде халықтың мәдениетін де танытады. Бұл жөнінде ғалым А.Ш. Пангереев былай деп жазады: «Әлемдегі қандай ұлттың болса да озық мәдениетінің бір айғағы – оның фольклорынан орын алған жер-су атаулары болмақ. Өйткені, жер-суға ат қою арқылы халықтың қоршаған ортаға қатынасы, эстетикалық ой-танымы, зердесі, ұлттық болмысы аңғарылып отырады. Жер-су туралы ежелгі халықтық түсінік пайымдаулар ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге жасалған, тіпті адам санасының қалыптасып, қоршаған ортаны тануына негіз болған факторлардың бірі ретінде қарау керек. Қазіргі Отан ұғымы немесе атамекен, туған жер, кір жуып, кіндік кескен мекен деп жүргеніміз түптеп келгенде байырғы көне түркілік «жер-су» деген түсініктен шығады» [4, 15].

Ғылым тілінде топонимика деп аталатын жер-су ұғымы түркі халықтары фольклорында кеңінен қолданысқа түсіп отырады. Фольклорлық туындыларда олардың атқаратын қызметі сан сала.

Ғылыми зерттеулерде «адам» болмысын, танымын, ақыл-ойын алдыға шығару, яғни антропоөзектік зерттеулер XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Бұған дейінгі ғылым бағыттарында құрылымдық, жүйелік зерттеулер басты назарға алынатын. Кейіннен қалыптасқан өзгерістер «парадигма» деп аталып, ғылымдағы негізгі үш парадигма анықталды: тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-жүйелік, антропоөзектік. Т.С. Кун «Ғылыми революция құрылымы» деп аталатын еңбегінде «антропоөзектік парадигманың» ғылым арнасын кеңейтіп, жаңа көзқарастарды қалыптастыратынын айтады [5, 35]. Жалпы адам болмысын, ақыл-ойын, танымын, санасын зерттеу психология, философия салаларында қарастырылып келді. Кейіннен «парадигма» ұғымы аясында қалыптасқан когнитивтік зерттеулер адам танымына қатысты жаңа зерттеулердің бастауы болды.

Кейбір зерттеушілер когнитивистиканың қалыптасуын «когнитивтік төңкеріс» [6, 73] деп те атайды. Зерттеуші Ф. Алберснагель аталған құбылысты «жалпы ғылыми парадигманың ауысуы» [7, 8] деп таниды. Алғашында «когнитивтік төңкеріс» психологияда орын алды. Кейіннен өзге ғылым салаларына тарала бастады. Атап айтар болсақ, философия, психология, лингвистика, әдебиеттану сынды өзге ғылымдарда арнайылап қарастырылды.

Лингвистикада қарастырылуы жөнінде зерттеуші А. Голдман мәтінде интерпретациялау, сөйлемнің дұрыстығы мен мағынасын талдау адамның әлемді түсінуімен байланысты деп анықтайды [8, 539]. Осылайша, зерттеуші А. Голдман когнитивтік лингвистиканың адам мен әлем байланысына негізделгенін атап өтеді. Когнитивистиканың басты ұғымдардың бірі – концепт.

Концепт термині тіл білімінде тереңінен зерттеліп, арнайы бағыттары қалыптасты. Концепт жайлы, қазақ тіліндегі танымдық бағыттың алғашқы белгілері жөнінде А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов еңбектерінде көңіл аударарлық бірнеше ұғымдар кездеседі.

А. Байтұрсынов зерттеулерінде қазақ тіліндегі танымдық бағыттың қалыптасуы жөнінде мынадай пікірі бар. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю талғау» [9, 9], – деген пікірі когнитивті бағыттың қалыптасуындағы алғашқы баспалдақтар саналады. Өйткені зерттеуші атаған «ақыл ісі» қоршаған әлем жайлы пікірлердің адам санасында көрініс табатынын білдіреді. Осы негізде адамзат санасында өзін қоршаған заттар мен құбылыстар бейнеленетінін көреміз.

Қ. Жұбанов болса «ат қою» адам санасында қалыптасқан бейнелерге байланысты қалыптасатынын айтады [10, 125]. «Концепт» ұғымы жайлы алғашқы көзқарастар В. фон Гумбольд еңбектерінде кездеседі. В. фон Гумбольд лингвофилософиясында тілдің ішкі формасы мен дыбысты ажыратады. Соның ішінде, тілдің ішкі формасына назар аударады. Мәдениетті адамзат тіл арқылы қабылдайтынын айтады [11, 76]. Зерттеуші алғаш рет тіл арқылы ұлттық мәдениетті тану идеясын ұсынады. Кейінгі тіл білімінде концепт жайлы қалыптасқан көзқарастарды екіге топқа ажыратамыз: лингвокогнитивті және лингвомәдени. Лингвокогнитивті бағыт жеке санадан мәдениетке, яғни тілдік сана бірінші орында. Ал лингвомәдени бағыт мәдениеттен жеке санаға қарай бағытталған. Бұл дегеніміз – алдыңғы орында мәдени құбылыстар, тілдік санадағы көріністері анықталады.

«Концепт» жайлы өнімді пікір білдірген зерттеушілер XX ғасырдың 80-жылдары тіл мен мәдениетті тұтастықта қарауды ұсынады. Солардың ішінде Р. Джакендофф, Г. Лакофф, У.Л. Чейф сынды зерттеушілер бар.

«Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігінде» «концепт» адам санасында қалыптасқан әлем бейнесі екені айтылады [12, 90]. Дегенмен, зерттеушілер концептке тән белгілер ретінде мыналарды көрсетеді: білім, мәдениет, психология, бағалау. Зерттеуші Н. Телия концепттің «нысан жайлы білетін барлық ақпараттар» екенін айтады [13, 40]. А. Филатова концепттің нысан, феномен, оқиға жайлы мәдени-шартты білім екенін анықтайды [14, 207]. А.Н. Приходько концепттің зерттелу жайын қарастыруда бірнеше модельдің барын көрсетеді: 1. «Концепт = эпистемикалық түзілім». Бұл модельде адамзаттың бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі мен білімі эмпирикалық, логикалық, когнитивтік, гнесеологиялық әрекеттерінің нәтижесі концепт арқылы танылады. 2. «Концепт = ментальды түзілім». Бұл модель адам психикасындағы шындықты бейнелеудің ең жоғары формасы саналады.

Сананың ментальды, психикалық ресурстары, жад, ментальды лексикон, әлем бейнесі сынды ұғымдарға негізделеді. Бұл идеяны зерттеуші Т.С. Clausner пікірінен кездестіреміз. Зерттеушінің анықтауынша «концепт – ментальды репрезентацияның базалық бірлігі» [15, 21]. В.И. Карасик пікірінше, концепт адам жадында елеулі оқиғаларды сақтауға мүмкіндік беретін ментальды түзілім ретінде анықталады [16, 61]. 3. «Концепт = мәдени түзілім». Концепттің мәдени контексте анықталуы социумдағы ұлттық мәдениеттің рөлімен байланысты. В. Маслова этностың мәдени-эмоционалды тәжірибесінің белгілі бір жүйеде көрініс табуын концепт ретінде анықтайды [17, 92]. Ю.С. Степанов болса адам санасындағы мәдениет бөлігі деп қарастырады [18, 40]. 4. «Концепт = регулятивті түзілім». Дискурстағы коммуникативті мінез-құлық, этноспецификалық нормалар, стратегиялар анықталады. 5. «Концепт = аксиологиялық түзілім». Рухани құндылық аясында айқындалатын концепт моделі жақсылық пен жамандық, шындық пен өтірік, әділеттілік пен әділетсіздік және т.б. ұғымдары негізінде қарастырылады. Бұл модель мәдени түзіліммен байланысты. Десе де, құндылықтар аясында концептті қарастыру руханиятпен, ұлттық мәдениетпен анықталады [19, 15]. А. Приходько концептті зерделеуде үш түрлі категорияға бөледі [19, 26]. Бірінші категория «концептуалды (ұғымдық) субстрат» концепттің когнитивті-семантикалық сипатын көрсетеді. Бұл деңгейде концепттің мазмұнын анықтайтын мағыналық қатарлар, дефинициялық белгілер ажыратылады. Ядролық және шеткері перифериялық аймақта орналасқан лексикалық мағыналарды ажыратады. Бұл деңгейде дефинициялық талдау әдісі жүргізіледі.

Екінші категория «перцептивті-образды адстрат» концепт жайлы қалыптасқан образ, ассоциацияны анықтайды. Жеке адам тәжірибесі немесе ұжымдық сананың нәтижесінде қалыптасқан образ концепттің перцептивті-образдық адстрат категориясы арқылы анықталады. Бұл категорияда концепттің анықталуы психокогнитивті схемаға негізделеді: «сезіну – ассоциация – елестету – образ».

Шынайы әлемдегі нысанды қабылдау адам санасында ментальды образды қалыптастырады. Мәселен, «туған жер» образ ретінде территория, киелі мекен ретінде көрінеді. Енді, бір жағынан, «туған жер» концептісі ассоциациялық тұрғыда «ата-баба» образын қалыптастыруы мүмкін. «Туған жер» концептісі шетелдіктер үшін белгілі бір мекеннің номенклатуралық атауы болса, барша түрік халықтары үшін бұдан терең мағынаға ие. Фольклорда қалыптасқан әрі тұрақталған символдық мағына маңызды саналады. Үшінші категория «құндылықтық эпистрат» концепттің негізі ретінде анықталады. Адам санасында белгілі бір этно, әрі лингвомәдени ұжымға тиесілі болуымен айқындалады. Бұл категория валоративті қабат деп анықталып, концепттің өзектілігі мен бағалауыштық қызметін көрсетеді. Бұл категорияда этнопсихологиялық, социодискурстық, лингвомәдени аспектілер қарастырылады. Белгілі бір этникалық қауымдастыққа енетін топқа тән образдар, білімдер, ассоциациялардың жиынтығы этнопсихологиялық аспектіде анықталады. Яғни, концепт ұлттық психологиямен байланыста қарастырылады. Социодискурстық аспекті коммуникациялық мәдениетпен байланысты.

Концепттің лингвомәдени аспектісі образдар, ассоциациялар, білімдердің тілдік код арқылы танылуын көрсетеді. Анықтап айтатын болсақ, зерттеуге алынып отырған «туған жер» концептісі фольклорлық шығармалар негізінде «Отан, мекен, ата-баба, киелі мекен» мағыналарын білдіреді. Осылайша, «концепт» құрылымды түрде зерттеуді қажет ететінін, кешенді түрде қарау арқылы мағыналық қатарлар, лингвомәдени маңызы айқындала түсетінін көреміз. Зерттеуімізде А. Приходько пікірін негізге алуымыз – концепт жайлы тілдік зерттеулерден әдеби зерттеуге жақын екенімен байланысты. Концептке тән категориялардың ішінде образдар, ассоциациялардың айтылуы «көркем концептке», концептті әдеби тұрғыдан қарастыруға жақын.

«Концепт» жайлы көзқарастардың екінші тобына назар аударсақ. С.Г. Воркачев тіл мен мәдениет симбиозын қарастыру тіл біліміндегі «лингвомәдени төңкеріске» әкелгенін айтады. Концепт лингвомәдени түзілім екенін атап өтіп, образ, түсінік, мағына ұғымдары арқылы анықтайды. Зерттеуші концептке тән белгілер ретінде: концептуалдық, метафоралық-образдық, құндылықтық, вариативті-дискурстық, тезаурустық белгілерді көрсетеді. Зерттеуші концептті өзге ұғымдардан ажырататын белгілер қатарында: «бастан өткізу», яғни концепт ойлау нәтижесі ғана емес, эмоцияны бастан өткізуді білдіреді; семиотикалық белгі концепттің синонимдер қатарында, фольклорлық шығармаларда, мақал-мәтелдерде, әдеби шығармалар сюжетінде аксиологиялық мазмұнда танылуымен анықталады. Концепт тар мағынасында сөздердің семантикалық мағынасында айқындалса, кең мағынасында вербальданған мәдени мағына ретінде көрініс табады. Мәселен, С.Г. Воркачев «Отан» концептісін анықтау барысында оны «лингвомәдени концепт» деп көрсетеді. Бұлай анықтауы номинативті түрде мағынаға ие; санада қалыптасқан ақпараттар негізінде «эмоционалды түрде бастан кешіріледі»; лексикалық жүйеде ассоциацияға ие. Зерттеуші С.Г. Воркачева сонымен бірге «Отан» концептісінің идеологиялық мәнге ие екенін де айтады. Яғни, «Отан» концептісі арқылы қоғамдық құрылыстар, ұлттық мінез көріністері көрініс табады [20, 38]. «Отан» концептісінің синонимдік қатарында «туған жер» концептісі де бар. Осы орайда, «туған жер» концептісін қарастырғанда, идеологиялық аспектісін де зерттеудің маңыздылығы артады. Зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, «туған жер» концептісін қарастыру сөздіктердегі мағыналық қатардың анықталуын; фольклорлық шығармалардағы, оның ішінде батырлық жырлар, ғашықтық жырлардағы топонимдерді негізге ала отырып, образдар, ассоциацияларды айқындалуын; ұлттық мәдениеттегі маңызын этнопсихологиялық тұрғыда қарастырылуын қамтиды.

Концепт ұғымы – когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану сынды антропоөзектік парадигманың дамуымен қалыптасқан жаңа салалардың негізгі зерттеу нысаны. Бірнеше саланың тоғысында анықталатын ұғымды фольклортану мұралары аясында зерттеу – «туған жер» жайлы қалыптасқан образдар, ассоциацияларды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, диссертациялық жұмыста топонимдік фольклор негізгі бағыт ретінде алынып отыр. Себебі, топонимдер – туған жердің әрбір бөлшегін сөйлетіп тұрған

индикаторлар. Келесі кезекте «туған жер» концептісін көркем концепт ретінде қарастырсақ.

«Туған жер» концептісі көркем концепт ретінде әдебиеттану, фольклортану саласының дамуына үлесін қосады. Көркем концепт терминінің қалыптасуына, дамуына С.А. Аскольдов-Алексеевтің үлесі зор. Автор өз зерттеулерінде танымдық концепт, көркем концептті ажыратады. Танымдық концепт негізінде ақпараттық принципі айқындалса, көркем концепт негізінде образ мәселесі анықталатынын айтады. Танымдық концепт рационалды сипатта танылады. Көркем концепт болса эмоция, сезім сынды түсініктермен айқындалады [21, 268]. И.А. Тарасова көркем концепт идеясын дамытып, екі түрлі аспектіде қарастырады. Біріншіден, автордың өмірлік тәжірибеге, сезімге бағытталған көркем концепт авторлық ұстаным аясында анықталады. Екіншіден, қоғамдағы қалыптасқан мәдениет, дәстүр, құндылықтар, қоғамдық пікір сынды ұғымдар арқылы көркем концепттің екінші мағыналық жағы айқындалады [22, 146]. Л.В. Миллер «сложное ментальное образование, принадлежащее не только индивидуальному сознанию, но и (в качестве интенсиональной составляющей эстетического опыта) психоментальной сфере определенного этнокультурного сообщества», как «универсальный художественный опыт, зафиксированный в культурной памяти и способный выступать в качестве фермента и строительного материала, при формировании новых художественных смыслов» [23, 42] деген пікір айтады.

Көркем концептке табиғаты жағынан диалогиялық сипат тән, әрі авторлық ұстанымға сай келеді. В.Г. Зусман концепттің қалыптасуы мен қабылдануы екі жақты коммуникативті процесс екенін айтады [24, 17]. Фольклорлық концепт мәдениеттің бір бөлігі саналады, соған сәйкес монологиялық сипат тән. Дегенмен, фольклорлық концепт ұжымдық білімнің, тәжірибенің көрінісі саналады. Фольклордың әр түрлі жанрларында ұжымдық тәжірибені айқындай түседі. Фольклорлық концепттің қалыптасуы мен қабылдануы да коммуникативті процесс ретінде жүзеге асады. Автор мен тыңдаушы ұжымдық тәжірибені сақтаушы, таратушы ретінде көрініс береді. Осы себептен де концепт мазмұнында жаңа ақпарат кездеспейді. Енді, бір жағынан, фольклор аксиологиялық құндылықтарға негізделеді. «Жақсы/жаман», «өзім/өзге» сынды және т.б. Эпостық шығармаларда суреттелетін мекендер «өзім/өзге» құндылықтары аясында көрініс береді. Ұжымдық білімді, аксиологиялық құндылықтарды сақтау арқылы фольклорлық концепт әлемнің ұлттық бейнесін білдіреді. Фольклорлық сананың өзгеруімен фольклорлық концепттің мазмұны да өзгеруі мүмкін.

Фольклорлық сана ұғымы Е.А. Костюхин, Б.Н. Путилов, В.Е. Гусев зерттеулерінде кездеседі. Зерттеуші Е.А. Костюхин фольклордың көркемдік жүйесін зерделей келе, ерекше дүниетаным ретінде «фольклорлық сана» ұғымын қарастырады [25, 11]. Бұл ұғым арқылы адамзаттың мыңдаған жылдар бойғы өткені анықталады. Фольклорлық сана ұғымы әр түрлі кезеңдегі халықтық-поэтикалық шығармашылықты мазмұнды зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен, фольклорлық сана – фольклорлық шығармаларда анықталатын образдар,

түсініктер, идеялар көрінісі. Фольклорлық шығармаларда кездесетін концептілер фольклорлық санада айқындалады.

«Туған жер» концептісін жыраулар поэзиясында зерттеген Ж.С. Таласпаева оның лексика-семантикалық қатары ретінде *атақоныс, атажұрт, Отан, атамекен, жер, қоныс* ұғымдарын көрсетеді [26, 127].

Алғашқы кезеңде «туған жер» концептісінің семантикалық аймағы танылады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «туған жерге» кіндік қаны тамған жер, туып өскен атамекені мағынасы берілген [27, 335]. Сонымен бірге сөздікте «ел-жер» сөзі туған жер ұғымы аясында анықталады [27, 376]. Берілген сөз «туған жер» концептісінің мағыналық қатарын құрайды. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде туған жерге қатысты «Отан» сөзі берілген. «Қазақ фольклорлық жырларында «мекен, тұратын жер» деген ауыспалы мағынада да қолданылған. Шығармаларда «ата жұрт» дегенді білдіретін «Отан», «мекендеу» дегенді білдіретін «Отан тұту» тіркестері жиі кездеседі» [28, 202]. Отан ұғымы туралы М.Арынның «Бес анық» еңбегінде оның қай ұлтқа да тән қастерлі бейнесі туралы былайша жазылған: «Жалпы қазақ халқы мекен мәселесіне өте терең ілтипатпен қараған халық. «Атамекен» сөзі қазақ халқының сол жерді ерте кезден иемденіп келе жатқандығын білдірсе керек. «Кіндік кесіп, кір жуған», «кіндік қаны тамған» деген сөздер бар қазақта. Бәрі де өзінің тұрған мекеніне жылы жүрекпен, терең ілтипатпен қарағандықтан туған сөздер. Бір қызығы, неміс халқында да «фатерланд» деген сөз бар. Тікелей қазақшаға аударғанда «атамекен» дегенді білдіреді. Орыстың «отечество» деген сөзі де ата-бабасына қарай меңзейді. Әрбір ұлттың ұлт болып қалыптасқан жері сол ұлттың мекені саналады-дағы, мекен мен ұлт арасында тамыры тереңде жатқан байланыс барлығы осыдан келіп туындайды» [29, 47].

«Атамекен» ұғымы туған жер мағынасымен қатар ежелгі қоныс, байырғы тұрақ, тұрған жер мағыналарын береді [30, 105]. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде туған жер ұғымының қатарында: *атамекен, Отан, ел, ата қоныс* мағыналары берілген [31, 276]. Бұндағы ата қоныс сөзінің этнографиялық бояуы басым. Бұған дәлел ретінде «ата қонысқа» қатысты мынадай қатарларды атап көрсетуге болады:

1. Жетіаталық, рулық-қауымдық территория. Табиғи нысан ретінде жер-су адамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін көшпелі дәстүрге сай игерілді;

2. Көшпелі қоныстанған халықтың шаруашылығының ыңғайына қарай қоныстану тәртібі. Қыстау, көктеу, жайлау, күзеу деген мерзімдік территориялық бөліну, көш бағыттары маңызды саналды;

3. Рулық зираттар («ата-баба жатқан жер»);

4. Киелі тау мен дала, өзен мен көл [32, 122].

Бұл – түркі халықтарына ортақ түсініктер. Мәселен, қырғыз тілінде «туған жер» *Ата Конуш, Ата Мекен, Ата журт, Ала-Тоо* ұғымдарымен анықталады [33, 118]. Сөздікте туған жер, мекен ұғымын білдіретін «ата конуш», «ата журт» сөздері берілген [34, 78]. Қырғыз зерттеушісі З.К. Дербишева ұлттық тілдегі концепттің халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің маркері деген пікірін білдіреді. Концептілерді универсальды және ұлттық-ерекшелік (национальное-специфическое) деп ажыратады [35, 13]. Осы негізде қарастырғалы отырған

«туған жер» концептісі ұлттық-ерекшеліктер концептісі тобында анықталып, үш түрлі категория бойынша талданады.

Башқұрт тілінде «туған жер» ұғымы *«тыуған ил», «ватан», «атайсал», «тыуған төйәк», «атай йорто», «ил», «ер», «тыуған ер»* сынды семантикалық қатарларда анықталады. Сонымен бірге зерттеуші «туған жер» концептісінің қатарында намыс, жол, үй, махаббат, үміт сынды мәдени концептілерді қарастырады [36, 241]. Сөздікте «тыуған ер» мен «сит ер» антонимдік қатар кездеседі. Сонымен бірге «ил-һыу «(отан, туған жер)», «төйәк (туған жер)», «тыуған ил», «тыуған йорт», «тыуған топрак», «үз иле (өз отаным)», «һөйгән ил (сүйікті Отан)» «ата-баба төйәгә» деген ата-баба жері, «тыуған төйәк» туған жер, «из төйегәм» менің отаным, «изге төйәк» қасиетті жер [37, 228] мағынасын береді.

Татар тілінде *«ватан», «ил», «ил-су», «туган ил», «туган-үскән ил», «жир-су», «чит җир», «туган туфрак»* [38].

«Туған жер» концептісінің мағыналық қатарында *Отан, атамекен* концептілері ядролық аймақта танылады. Негізгі мағыналық ядро аталған ұғымдарымен тікелей байланысты. Шеткері перифериялық аймақта орналасқан ұғымдар қатарында *«жол», «жұрт», «ел»* сынды ұғымдар танылады.

Ендігі кезекте қазақ, қырғыз, башқұрт, татар халықтарының фольклорындағы «туған жер» концептісіне қатысты перцептивті-образды анықтайтын боламыз. Зерттеу нысанына татар халқының фольклорындағы «Шора батыр» шығармасы, қырғыз фольклорындағы «Ер Табылды», «Ер Төстік» батырлық эпостары, қазақ фольклорындағы «Алпамыс», «Ер Көкше» қаһармандық жырлары, башқұрт фольклорындағы «Орал-батыр» шығармасы алынған.

Татар фольклорын зерттеуші Л. Мухаметзянова «Шора батыр» шығармасының татар халқының этнополитикалық санасында маңызға ие екенін айтады. Зерттеушінің пікірінше халықтық сипатқа батырлық эпос тарихи, мәдени, халық менталитеті жайлы кең ақпарат беретінін жеткізеді [39, 35]. Батырлық эпос – фольклордың көлемді, эпикалық жанры. Түркі халықтарының әдеби мұралары ретінде саналатын фольклорлық шығармалар бар. Соның ішінде татар фольклорының негізгі туындысы саналатын «Шора батыр» батырлық эпосы. Татар халқы үшін Шора батырға қатысты оқиғалар тарихи өлеңдерге, дастандарға арқау болған. Жырдың алғашқы нұсқасы И.Н. Березин жинағында жарияланған. Татар фольклорында жырдың үлкен маңызға ие болуы – ондағы тарихи оқиғалардың берілуімен байланысты. Өйткені жырда татар халқының ұлттық трагедиясы берілген. XVI ғасырдағы Қазан хандығының тарихы, орыс князьдіктерімен байланысы, сонымен қатар орыс князьдіктерінің жаулаушылық жорықтарының татар халқының ұлттық трагедиясымен аяқталуы шығармада сомдалған. Қазан хандығының құлдырауы Шора батырдың жеңілісімен паралелль суреттелген.

Қаһармандық эпостың басты кейіпкері – Шора батыр. Қазан хандығын жаулаушылардан құтқаруды көздеген батыр – халық идеалына сай образ. Эпикалық баяндаулар этноэпикалық нарративтің дамуына әкеледі. Тұрақталған эпикалық дәстүрлер басты кейіпкерлерді ұлттық мәдениетте архетип ретінде

қарастыруға, ондағы этностың тарихи-мәдени тәжірибесін мәдени аспектіде зерттеуге мүмкіндік береді. Қаһармандық эпоста батыр бейнесі сомдалып қана қоймай, сол кезеңдегі тарихи нарратив, ұлттық-мәдени нарратив бейнеленеді. Шора батыр шығармасында да этноэпикалық нарратив батырдың архетиптік бейнесі ғана емес, сол кезеңдегі ұлттық болмыс, діни болмыс көрінеді.

Қаһармандық эпоста эпикалық дәстүр идеялық-политикалық рухта көрініс тапқан. Шығарманың қазақ, ноғай, қарақалпақ нұсқаларында Қазан хандығының құлдырауы эмоциялық түрде бейнелі жеткізіледі. Татар нұсқасында Шора батырдың Қазан қаласына бара жатқаны, одан кейін Қазан хандығының құлдырау факт ретінде суреттеледі. Шора батыр Қазан қаласына келгенде жау әскерлерімен қоршалып, халық үрейленіп отырған. Осы тұста айтылған батыр сөзі эпикалық дәстүрдегі батырлық рух айқын көрінеді. Сонымен бірге «Қазан» топонимі туған жер ұғымымен бірдей деңгейде қолданылады. Қазанды қорғау туған жерді қорғау, Отанды қорғау, сонымен бірге еркіндікті қорғау.

Казанны яу алды, дип ирәмән,
Без барганчы алмаса,
Алып кулга салмаса,
Казан атлы шәһәрнең
Капкасының авызында,
Кальгасының төбендә

Таштан суккан чикмән булай [40, 78], – деп, Қазанды қалай да болсын қорғайтынын жеткізеді. Шора батыр Қазаннан жауды қуып шығады. Десе де, жаумен соғыс әлі де жалғасып жатады. Шығарма сюжетіне сүйенетін болсақ, Шора батыр өз баласының кім екенін білместен, өлтіруге бет алады. Тұтастай әскер тобын жайрата салатын батыр осы тұста жеңіске жете алмайды. Шығарма соңында Шора батыр атымен бірге Еділге өзін тастап жібереді. Мына үзіндіден батырдың жеңіліс тапқанын, жеңіліп қалғанын өзіне намыс көргенін айқындаймыз.

Казан алды катлау-катлау кара су,
Камышлап төшеп идем сай да дип.
Тирән дә юк, сай да юк,
Индегедән арбаган бездәй ирләргә

Казан атлы сар да юк [40, 121], – деп, батыл жігіттерге енді Қазан деген қала жоқтығын айтады. Бұл өз кезегінде туған жерін қорғап қала қалмаудың үлкен намыс екенін көрсетеді. Ер жігіттің сын сағатында жеңіліс тауып, туған жерінен айырылуы – үлкен қорлық. Жырда осы деталь айқын көрінеді.

Батырлық эпос барша түркі халықтарына ортақ сюжеттерге құрылған. Әрбір қаһармандық эпос өз уақытындағы өзекті мәселелерді қамтып, тарихтан сабақ алуға шақырады. Ондағы басты кейіпкер мәселеден шығу жолын көрсетіп, халқына қамқорлық жасайды. Алайда, Шора батыр жырында басты кейіпкер жеңіліске ұшырайды. Өзге жырлардан ерекшелейтіні де осы тұс. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Шора батырдың прототипі саналатын Шора Нарыков 1546 жылы қаза тапқан [41, 67]. Эпикалық шығармадағы Шора батырдың өзін-өзі өлтіруі – татар халқының ұлы трагедиясын көрсетудің тәсілі.

Фольклорлық шығармалар тарихи деректерді негізге алғанымен, эмоциялық әсерді күшейту үшін өзгерістер енгізуі мүмкін.

Қырғыз фольклорындағы елдік эпостары (элдик эпостор) екіге ажыратылады: ірі көлемді және кенже эпостар. Ірі көлемдегі эпос ретінде «Манас» жыры танылса, кенже эпостарға «Ер Табылды», «Ер Төстік» және т.б. эпостар кіреді [42, 69]. Ендігі кезекте «Ер Табылды» эпостық жырына назар аударсақ. Батырлық эпостық кейіпкері елі үшін жанын пида еткен – Ер Табылды. Көркемдік сипаты жоғары туынды халықтың үміті мен арманынан туып, қырғыз халқының тарихынан хабар береді. Шығарманың жазылған уақыты XVI-XVIII ғасырлар аралығында деп топшыланады.

Шығармада «Кара-Тоо», «Ат-Башы», «Нарынды» топонимдері аталады. Аталған топонимдер эпос кейіпкерлердің өмір сүретін мекенін, оқиғаның қай өңірде болатынын таныстырады. Эпоста батырға тән ғажайып туылу жоқ. Бір перзентке зар болу мотиві көрініс береді. Табылды 13 жасқа келгенде әкесі дүниеден өтеді. Осы сәтті пайдаланып, Құдайназар әкесінің малын «еншім» деп тартып алып кетеді. Құдайназар Ормонконның қалмақ әйелінен туылған баласы еді. Жас кезінен қарақшылықпен көзге түскен Құдайназарды әкесі елден қуып жібереді. Әкесінің қайтыс болғанын естіп, еншісін алып кетеді. Шығарма қырғыздар мен қалмақтар арасындағы қақтығыстарға негізделген. Осыған байланысты эпостағы қақтығыс Табылды мен Құдайназар қатынасына құрылған. Мәселен эпоста:

Калың кыргыз катаган,
Ханыбыз эле Эрманкан,
Калмактын сөзүн уктуңар,
Кудайназар куу калмак,
Каймана болгон атадан,
Каракчы болуп мал уурдап,
Канча бир жылы жашаган.
Эрманкан кууган элинен,
Ат-Башы, Нарын жеринен,
Коркпо, балам, Табылды,
Каракчынын кебинен [43, 18], – деп беріледі. Бұл жердегі назар аударатын топонимдер – Ат-Башы, Нарын. Аталған топонимдер жай ғана жер атауы емес, «туған жер» ұғымында қолданылып тұр. Жастайынан қарақшы болған баласы Құдайназар әкесін ұятқа қалдырады. Осы себептен Ормонкон баласын туған жерінен қуып жібереді. Құдайназар болса қалмақ жеріне кетеді.

Басқа түркі халықтары тәрізді қырғыз халықтарында «Манасқа табыну», «Манас атын ұранға қосу» жырда көрініс тапқан:

«Манас» деп ураан чакырды,
Бүгүн маашыр түнү деп,
Келе жатат калың эл,
Кең талаада дүбүрөп Коркоктордун баарысы,
Керээзин айтып күбүрөп [43, 102], – деп берілген.

Шығармада аталатын топонимдер қатары мынадай: *Сон-Көлгө, Алатоо, Чүй, Ала көө, Кызыл-жар, Нарын, Кашкар, Улуу-Суу, Кара-саз, Талды-суун,*

Сары-бел, Ысык-Көл, Тарагай, Буркан, Тешик-Көл, Кара-Каман, Арал, Улуу-Өндүрдү, Улуу-Тоон. Шығармадағы топонимдердің қызметі ақпарат беру немесе танымдық қызмет емес, әр мекен атауы «Отан» ұғымымен пара-пар берілген. Яғни тарихи оқиғаның болып өткені ғана емес, ұлттық маңызы айқын көрінеді. Шығармада туған жер концептісі «Алатоо», «Нарын», «Каратоо» топонимдері арқылы берілгенін айқындаймыз. Сонымен бірге «туған жер» концептісі аясында анықталатын ассоциация «жылқымен» байланысты. Бұлай деуіміз – оқиғаның басталуына себеп болған Құдайназардың жылқыларды айдап кетуі. «Жылқы» өзіне ұнаған, шөбі шұрайлы, суы мол жерде мекендейді. Мыңғырған жылқының емін-еркін жайылып жүрген мекені – Табылды үшін туған жермен бірдей. Бүтіндей бір ауылдың еншісін жауыздықпен тартып әкеткен Құдайназардан кек алу – Табылдының туған жер, отан алдындағы парызы саналады. Осылайша, қырғыз фольклорында «Ер Табылды» қаһармандық эпосы туған жерді қорғау тақырыбындағы үздік шығарма екенін көреміз.

Түркі халықтарына тән эпикалық шығармалардың ішінде ең көнесі – қырғыз фольклорындағы «Эр Төштүк» жыры. Бұл жыр В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, П.А. Фалев, В.М. Жирмунский жинақтарында жарыққа шығып, қалың оқырманға кеңінен таныс. Түркі халықтарының ішінде қазақ, татар фольклорында ертегі түрінде сақталған. «Ер Төстік» эпосының зерттелуі С. Закиров, Б. Кебекова, С. Кайыпов сынды зерттеушілердің еңбектерінде жарық көрген.

Эпосқа ғажайыптық сипат тән. Қызырдың Элеманға келіп, таңдау жасатуы былайша суреттеледі:

Колуңдагы боз алма
Санап көрсөң тогуздур,
Муну жесең тогуз уул.
Оң колуңда чоң алма,
Муну жесең жалгыз уул [44, 30].

Қаһармандық эпоста аталатын топонимдер: *Кашкар, Ала-Көл, Кебез-Тоо, Таш-Булак, Чук-Терек, Алтай*.

«Ер Төстік» ертегісінде аталатын перінің қызының есімі – Бекторы болса, эпостық шығармада – Айсалкын. Ертегіде кездеспейтін сюжеттік желі – Айсалкынның Кенжекені қарғауы. Ол жырда былай берілген:

Кең Кашкардын ары жагы,
Кең өзөндүн бери жагы,
Кең талаа бойлоп конуп кал, долу!
Сырттан эрден айрылып,
Жети жылы саргарып,
Тирүүлөй жесир болуп кал, долу!
Өлбөй-житпей кайрылчы, долу,
Сырттаныңдан айрылчы, долу,
Сырттан эр кетсин талаага, долу,
Сенин дүнүйөң калсын балаага, долу!
Күйбөстөн мурун күйгүзүп,
Бышпастан мурун бышырып,

Башыма салдың сонунду, долу! [44, 101] – деп, перінің қызы Кенжекейді қарғайды. Жырдан келтірілген үзіндіде «Кашкар» топонимі кездеседі. Топоним шығармадағы оқиғаның қай жақта орын алып жатқанынан хабар береді. Шығармада туған жерге оралу, қартайған ата-анасына демеу болуды ойлаған Төстік болмысы көрінеді. Батырлық эпоста туған жер концептісі Кашкар топонимі аясында анықталады. Сонымен бірге, «туған жерге оралу» ассоциациясында көрініс табады. Жер астында болуы, одан кейінгі оқиғалардың барлығы Төстіктің аман-есен туған жеріне оралуына құрылған. Ғажайыптық сипат басым эпостық шығармада туған жерге оралу, ата-ана разылығын алуды көздеу «туған жер» концептісінің ассоциациясы ретінде танылады.

Барша түркі халықтарына ортақ жырлардың бірі – «Алпамыс батыр». Алпамыс батырдың 2024 жылы жарық көрген жинағында жырға «Әлемдік эпос қазынасының жауһар жәдігері» деген баға беріле келе: «Алпамыс – түркі халықтарының арасында кеңінен таралған, тарихи тамыры терең, құрылымы күрделі батырлық эпостардың айшықты үлгісі. Оның алтайлықтардан бастап, қазақ, әзірбайжан, татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ, түрік, тіпті, тәжіктер арасында жазылып алынған версиялары бар. Жыр нұсқаларының барлығына ортақ тарихи тамырластық айқын көрініп тұрады, сонымен қоса әр нұсқаға тән жекелеген халықтардың өзіндік төл тарихы, тұрмыс-тіршілігіне, этностық мәдени ерекшеліктеріне қатысты туындаған ұлттық сипаттар да бедерленген» [45, 10].

Қазақ фольклорында Алпамыс батыр жырында топонимдер көптеп кездеседі. Қалың оқырманды Алпамыстың туған жерімен таныстыру былай берілген:

Бұрынғы өткен заманда
...Жиделі Байсын жерінде
Қоңырат деген елінде

Байбөрі деген ел шықты [46, 10], – дейді. Бұндағы назар аударатын топонимдер – Жиделі Байсын мен Қоңырат елі. Эпостық шығармада топонимдер ақпараттық, мекендік қызмет атқарады. Соның ішінде «Қоңырат елі» деген атау тек қана қоңырат руы мекендейтін өңір атауын білдіріп тұр. Бұрынғы көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз ру болып өмір кешкенін ескерсек, Қоңырат елі ғана мекен ететін өңірдің бары рас болып шығады.

Мистикаға толы топонимнің бірі – Қаратау. Бір перзентке зар болып, әулие-әнбиелердің басына түнеп жүрген Байбөрі мен Аналық Қаратауға келеді:

Әзіреті *Қаратау*,
Әулиенің кені еді [46, 15], – дейді.

Сарыбай мекендейтін өңір атауы да ру атымен аталады. «Шекті» деген елінде деу арқылы шектілер ғана мекендейтін өңір танылады.

Шекті деген елінде,
Сарыбай деген бай еді,
Жалғыз қызы Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді [46, 25], – делінеді. Батырлық эпоста рулық қатынастың негіздері көрінеді. Өзара бөліскен территориялық жерді мекендейтін рулар сол өңірді өз ру атымен атайды. Шығармада қырғыз фольклорында

кездесетін «жылқысын ұрлап кету» сияқты ортақ сюжеттік желі бар. «Ер Табылды» жырында Орконманның қалмақ әйелінен туған баласы Құдайназар болса, «Алпамыс» жырында қалмақ ханы – Тайшық хан.

Шығармада топонимдер аса көп кездеспесе де, «туған жер» концептісінің ассоциациялық қатары ашыла түседі. Шығарма соңында:

Атасы мен анасы,
Боз биенің сүтіне
Шомылдырып алады.
Әкесін таққа мінгізіп,
Сыртынан өзі қарады [46, 125], – дегенде ата-анасын қуанышқа бөлеу, ата-ананың разылығын алу көрінеді.

Шығармада ғажайыптық сипаттар бар болғандықтан, «Ер Табылды» жырымен ұқсас тұстары да бар. Бірінші ұқсастық – жаудың жылқыны айдап әкетуі. Екінші ұқсастық – ортақ жау. «Ер Табылды» жырын қарастырғанда, жылқыны айдап кету – туған жерді тартып алуға қадам жасау деген пікірге тоқтағанбыз. Алпамыс жырында берілген сюжеттік желі жаулаушылардың бастапқы әрекеті екенін түсіндіре түседі. Алғашында жылқы ұрланады, кейіннен жерді жаулау мәселесі де көтеріледі. Ал осынау кең даланың, туған жердің қорғаушысы – жырдың бас қаһармандары. Екінші ұқсастыққа келсек, бұл жөнінде А.Шабан пікірін келтіруге болады. Зерттеуші «қазақ, қырғыз жырларындағы ортақ жаудың болуы тарихи жағдайға байланысты» дейді [47, 23]. Алпамыстың да, Табылдының да жауы – қалмақтар. Тарихи жағдайға және географиялық тұрғыда орналасуына байланысты екі халықтың ортақ жауы эпикалық шығармаларда көрініс тапқан.

Башқұрт халқының фольклорында «кубаир» жанры бар. Бұл жанр туралы сөздікте мынадай анықтама берілген: «Қобайыр – башқұрттың сэсэндік (жыраулық) поэзиясының жанры. Қоғамдық-әлеуметтік, дидактикалық, ерлік сарындарға құрылады. Аты басқа болғанмен, заты толғауға келеді. Ауызша туып, ауызша жеткен» [48, 213]. Тарих пен тұрмыс, рухани мәдениет көріністері, поэтикалық ойлау «кубаир» жанрында көрініс тапқан. Башқұрт фольклорында «кубаир» мен «эпос» қатар қолданылады. Сонымен бірге «батырлық эпос», «кисса», «иртәк», «хикәйәт» сынды атаулар да кездеседі. Башқұрт фольклорында эпос жанрының жанрлық жіктелісі XX ғасырдың жетпісінші жылдарында қарастырыла бастады. А.С. Мирбадалаева эпикалық жанрды «башқұрт халқының қоғамдық санасының дамуына байланысты» мынадай түрлерге ажыратады: бұрынғы ата-бабалардың дүниетанымымен байланысты эпос; жаулаушыларға қарсы күрес баяндалатын эпос; рулар арасында қақтығыстар баяндалатын эпос [49, 23]. Эпикалық шығармаларға тән сюжеттік ерекшеліктерді ескере отырып, зерттеуші С.А. Галин мынадай классификацияны ұсынады: мифологиялық эпос, әлеуметтік-тұрмыстық эпос, тарихи эпос [50, 91]. Зерттеуімізде қарастыратын «Орал-батыр» жыры мифологиялық эпос ретінде танылады.

Башқұрт фольклорында мифологиялық эпостың маңызы жоғары. Алғашқы адамзаттың өзін қоршаған орта жайлы табиғат туралы ойлары «қожайын» түсінігімен байланысты болды. Эпикалық кейіпкердің, эпикалық ландшафттың

қалыптасуында мифтің рөлі жоғары. Башқұрт фольклорындағы «Заятуляк и Хыухылу», «Орал-батыр» шығармалары тақырыптық-идеялық, мотивтер жағынан ұқсас. Бұл тізімге «Акбузат» шығармасын да жатқызамыз.

«Орал-батыр» шығармасын зерттеуде К. Маргэн, М.М. Сагитов, Ф.А. Надршина, А.С. Мирбадалаева және т.б. өзге де авторларды атай аламыз. Зерттеушілер бұл жырды архаикалық эпос, мифологиялық эпос деп те анықтайды. Өз кезегімізде зерттеуші С.А. Галин пікірін негізге алып, мифологиялық эпос ретінде танимыз. Шығармада Орал тауларының қалыптасуына дейінгі оқиғалар қамтылады. Мифологиялық эпостың негізі туған жер жайлы терең дүниетанымды қалыптастыру, «Ер-һыу» сыйлау, дәріптеуді көздейді. Башқұрт халқының танымында Орал таулары – жырда аталатын «Орал батырдың» қаны мен тәні. Бұл түсініктен дүниенің жаратылысы туралы мифологиялық мотивті көреміз. Жырдағы Орал батырдың өсиеттері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған емес. Отан культінің архаикалық реалийде берілуі мифологиялық эпостың негізі саналады.

Урал юлы – бейек тау,

Урал гүре – данлы тау,

Урал булып ҡалған, ти! [51, 122] – дегенде Орал тауларының кең жазық далада пайда болуын көрсетеді.

Тау буйҙары йәшәрһен,

Мәңге үлмәҫ төҫ алһын!..

Балҡып торған Ер булһын! [51, 131] – деп, Орал тауларының мәңгі көктеп, үнемі көркейіп тұруы айтылады. Бұндағы «Ер Булһын» туған концептісінің «таумен» ассоциациялануын көрсетеді. Жырда көтерілетін тақырыптардың бірі – туған жерді қорғау. Екі бауыр Шульген, Орал батырлардың басынан оқиғалары туған жерді қорғау идеясымен байланысты. Шығармада топонимдер Самрау сарайы, Катил патшаның елі түрінде көрініс тапқан. Сонымен бірге мифологиялық эпоста Орал тауының, Еділ, Сақмар, Нугуш, Жайық, Иремель топонимдері кездеседі.

Екі ағайынды жігіттің ішінде Шульген өз пайдасын ғана ойлайтын, жамандыққа жаны құмар еді. Жамандыққа құмартқаны сонша адамдардың жауы жыландар мен перілер жағына шығып кетеді. Бұны естіген Орал өз ағасын жазалауды жоспарлайды. Өз ағасын кескілескен шайқаста жеңіп, тұтқынға алады. Туған жеріне зиянын тигізген жыландарды, перілерді қуып шыққан Орал батырдың жеңісіне биік таулар куә. Мәңгі өмір сыйлайтын бұлақ суы адамдардың жанына шипа, тәніне дәру. Шығармада айтылатын өлмейтін, мәңгі жасайтын нәрсе мейірімділік екені айтылады. Өз жерін жауыздардан қорғаған Орал батыр жан тыныштығын Орал тауларынан табады.

Мифологиялық эпоста қазақ, қырғыз, татар халықтарының эпостарында кездесетіндей нақтылы жау жоқ. Керісінше, сиқырлы күштермен күресу, жерін жауыздардан қорғау Орал батырдың миссиясы ретінде көрінеді. Мифологиялық сюжетке негізделген шығарма «туған жерді» қорғау идеясына негізделген. Қандай жау болмасын, қалмақ болсын, сиқырлы, дүлей күш иелері болмасын әр ердің міндеті – туған жерін қорғау қажет екені айтылады.

«Туған жер» концептісі – күрделі құрылымда зерттеуді қажет ететін ұғым. Осы тұста зерттеуші А. Приходько пікірін негізге алдық. «Шора батыр», «Ер Табылды», «Ер Төстік», «Алпамыс», «Орал батыр» жырларын қорыта келе, «туған жер» концептісінің концептуалды қатарларын анықтасақ. Ең алғашқы қатарда «туған жер» концептісінің семантикалық қатары анықталды. Екінші кезеңде «туған жер» концептісімен байланысты образдар, ассоциациялар қатары, яғни перцептивті қатарды анықтау көзделді. Фольклорлық шығармаларды талдау барысында бірнеше образдар мен ассоциациялар қатары анықталды. Анығырақ айтатын болсақ, қаһармандық эпостарда батырлардың туған жерге қорған болу функциясы алдыға шығады. Ол қызметті орындау үшін батыр жай адам емес, оның жаратылуы да ғажайып сипатта болуы керек. Осыған сәйкес ата-ананың бір перзентке зар болуы түркі эпостарында көптеп кездеседі.

Сонымен «туған жер» концептісі аясында анықталған образдар жылқы, тау ұғымдарымен байланыста көрінеді. Сыртқы жау өзінің жаулаушылық әрекеттерін жүзеге асыру үшін сол елдің жылқыларын шауып кетеді. Егер шапқыншылық көрген елдің батыры жылқыларын қайтармаса, сол толықтай жаудың соққысына ұшырайды. Бұндай образ «Ер Табылды», «Алпамыс» жырларында көрінеді. Ендігі қалыптасатын образ – «тау» образы. Бұл «Орал батыр» жырында көрініс табады. Башқұрт халқы үшін Орал таулары киелі, тұтастай Отан, туған жер ұғымдарын танытады. Осылайша, «туған жер» концептісі тау образымен астасады.

«Туған жер» концептісі аясында анықталатын ассоциациялар «батырдың туған жер үшін өзін-өзі құрбан етуі», «туған жерге оралу», «ата-ана разылығын алу», «ата-анасын қуанышқа бөлеу» түсініктерімен көрініс табады. Қаһармандық эпостарды талдай келе, «туған жер» концептісінің семантикалық аймағы кеңейіп, жаңа ұғымдарды қалыптастыратынын көреміз. Ендігі кезекте үшінші деңгейді қарастырсақ.

Үшінші деңгей концептінің этнопсихологиялық, социодискурстық, лингвомәдени аспектілерін анықтауға бағытталған. Этнопсихологиялық аспект тұрғысында «туған жер» концептісі түркі халықтарына ортақ ұлттық мінездерді көрсетеді. Атап айтар болсақ, туған жерді қорғау үшін өз жанын құрбан ету. «Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Отан үшін – жан пида» т.б мақал-мәтелдердің айтылуы осыны айғақтайды. Халқымыз туған жер, Отан үшін құрбан еткен батырлардың есімін ұмытпай, үнемі дәріптеп отырады. Батырға тән қасиеттер ішінде осынау мінезді нақ үлгі етпесе де, батырлық пен батылдық қажет кезінде ұштасуы керек деген пікірде.

Социодискурстық аспектіде «туған жер» концептісі идеологиялық маңызға ие. Бұл орайда қаһармандық эпоста суреттелетін территория, жаулардың сол аймаққа көз салуы, батырдың өз жерін қорғауы идеологиялық түсінікке негізделген. Шығармада өзге жерге қызығу емес, қайта өзінің туған жерін қорғау көзделеді. Жайдан-жай өзге рудың, елдің территориясына өтпеу әр фольклорлық шығармада суреттеледі. «Алпамыс», «Ер Табылды» жырларындағы жау елдің жылқыларын шауып, алып кетуі – социодискурстық аспектісінің көрінісі. Жер қашанда жаңа мүмкіндіктердің, жаңа шұрайлы жерлердің, кең қоныстың белгісі саналады. Осыған сәйкес фольклорлық шығармалар алғашында экспозиция

ретінде батырдың дүниеге келген өңірін суреттейді, ландшафтын оқырманға таныстырады. Содан кейін барып қана батырдың ғажайып болмысы немесе ер жетуі баяндалады. Топонимдердің фольклорлық шығармаларда идеологиялық қызметін атқаратынын да айта аламыз. Сонымен, социадискурстық аспектіде аясында «туған жер» концептісі туған жерді қорғау батырлардың негізгі қызметі екенін көреміз. «Туған жер» концептісінің лингвомәдени аспектісінде халқымызға тән әдет-ғұрып, дәстүрлер көрініс табады. Батырлардың өз теңін табуы, үйленуі, ата-анасын қуанышқа бөлеу сынды элементтерден көрінеді. Ата-анасына сыйластық таныту, олардың өтініштерін орындау фольклорлық шығармаларда айқын байқалады. Сонымен бірге «туған жер» концептісі негізінде ұлттық дәстүрлердің фольклорда берік сақталғанын көреміз.

1.2 Туған жер концептісі аясындағы «отан», «атамекен» ұғымдары

Фольклор ұғымы ұлттық, халықтық мәдениет ретінде әдебиетшілердің, тілші-зерттеушілердің назарын аударып келеді. Бұған себеп – фольклордың мыңдаған жылдар бойы ұмытылмай, халықтың санасында маңызын жоғалтпаған жанрлар, сюжеттік желілер. Фольклор жекелей әр түрлі аспектілерде зерттелуде. Атап айтар болсақ, лингвофольклористика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік әдебиеттану сынды және т.б. салаларда қарастырылып жүр. Сонымен қатар фольклор «этномәдени феномен» ретінде де зерттеліп, анықталуда.

Антропоөзектік парадигманың дамуымен тіл білімінде, әдебиеттану ғылымында жаңаша зерттеу арналары қалыптасты. Соның ішінде когнитивтік лингвистика «халық санасында» сақталған танымдық ақпараттарды, анықталған концептілердің репрезентациясын айқындауға, түркі халықтарының менталитетін қарастыруға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыста фольклортану мен когнитивтік әдебиеттану салалары өзара байланыста қарастырылып, «туған жер» негізгі концепт ретінде алынып отыр.

Түркі халықтары фольклоры әлемдік рухани мәдениеттің бір бөлігі ретінде танылады. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан архетиптер жиынтығы, ұлттық мәдениеттің қазақ, башқұрт, татар, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, өзбек, ноғай сынды өзге де түркі халықтарының танымында көрініс беруі түркі фольклорында айқын берілген. Ұжымдық сана бірлігінде өмір сүрген түркі халықтарының өмірлік ұстанымдары, жалпыадамзаттық құндылықтары түркі фольклоры негізінде анықталады. Ұрпақтан ұрпаққа таралған моральдық құндылықтар, бірнеше ғасырлар бойы жинақталған білімдер түркі фольклорында көрінеді. Сонымен бірге мыңдаған жылдар бойы түркі фольклорының бүгінгі күнге дейін сақталуы, жетуі қазақ ұғымындағы *ақын, жыршы*; башқұрт ұғымындағы *сэсэн*; қырғыз ұғымындағы *кайчи*, *манасчи*; түрікмендердегі *бахши*; өзбек, ноғай ұғымдарындағы *жырчы, дастанчи* сынды тұлғалардың – интеллектуалды еңбектерінің нәтижесі. Фольклорлық мұралар, соның ішінде эпикалық туындылар мифология негізінде, тайпалық ұжымдасу кезеңінде рулық-тайпалық қатынастардың ыдырай бастаған кезеңінде қалыптасқан. Бұл жөнінде татар фольклорын зерттеуші М.Х. Бакиров атап өтеді [52, 169]. Осы пікірді негізге ала

отырып, түркі фольклорының бастауы өте тереңде жатқанын көреміз. Түркі фольклорын қарастыра отырып, тек қана фольклорлық туындылардың ортақтығын, ұқсастығын ғана емес, ұжымдық санада қалыптасқан танымдық ақпараттардың, концептілердің де ұқсастығын анықтай түсеміз.

«Отличительная черта былин о старших богатырах – преобладание социального, общественного мотива над личным. Богатырь – это носитель концентрированной в одном образе мощи коллектива, олицетворение своего рода, водитель его войск. Свою удаль он проявляет обычно в большом походе против какой-нибудь внешней силы: в одном случае – против завоевателей части его государства, в другом – против враждебных, соперничающих племен, причем род всегда делит с батыром славу победы и военную добычу. Но если коллективное участие акынов и жирши многих поколении в расширении и украшении той или иной былины почти не нарушало единства стиля, то рожденная в глубине веков сюжетная канва не могла, конечно, остаться свободой от влияния различных эпох и различных социальных слоев. И в позднейших вариантах в описании боев и подвигов сказывается уже идеология и стремления родовой аристрократии – борьба и героизм идущей с батыром массы оставляется в тени. Народ фигурирует лишь как фон, воины – как статисты. Певец вспоминает о них либо при описании дележе добычи, либо при перечислении понесенных потерь» [53, 13]. Ғалым Ф. Ахметованың бұл пікірі көтеріп отырған тақырыбымызға барынша үйлесімді келгендіктен ұзағырақ болса да алып отырмыз. Өйткені туған жер ұғымын әрқайсысының қалайша танып-түсінетіні маңызды.

Түркі фольклорында «туған жер» ұғымының маңызы зор. Мәселен түркі халықтарына ортақ «Едіге» жырында Қырым, қазіргі Қазақстан, Оңтүстік Сібір аймақтары, Орталық Азия өңірлеріндегі жаһандық оқиғаларды баяндалады. Алтын Орда кезеңінің трагедияға толы мерзімін бейнелеу арқылы әдеби-тарихи маңызы көрінеді. Түркі халықтарының тағдырында шешуші рөл ойнаған Едіге би, Ақсақ Темір, Тоқтамыс хан сынды кейіпкерлер сомдалып, шығарманың тарихи маңызын арттыра түседі. «Едіге» жырын зерттеген татар халқының халқының зерттеуші Ф. Ахметова болашақ ұрпақ үшін ежелгі түркілік эпикалық дәстүрдің ғасырлар бойы сақталған шығарма екенін, сонымен бірге ноғай даласының эпикалық туындыға енген тарихы екенін айтады [53, 59].

Қазақ фольклоры жайлы, атап айтқанда, С. Қасқабасов зерттеулерінің маңызы зор. Академик С. Қасқабасов қазақ фольклорының типологиясын жасап, «халық прозасы» ұғымын енгізеді. Зерттеуші қазақ халық прозасын саралау арқылы мынадай екі факторды анықтайды: 1) Халықтың бұл жанрға қатысы (айтушы мен тыңдаушы илана ма, жоқ па?, шын болған оқиға деп түсіне ме, жоқ па?), 2) жанрдың өзінің болмысқа қатынасы (ол шындықты қалай бейнелейді) [54, 57]. Зерттеуші халық прозасының құрамында аңыз, миф, әпсана-хикаят, хикая жанрларын ажыратады. Сонымен бірге зерттеуші әр халықтың фольклорына тән үш айқын ерекшелікті ажыратады: *халықтың тұрмысы, қоғамдық құрылысы, мәдени дамуы* [54, 57]. Осы себептен қазақ халқы фольклорында кездесетін жанрлар басқа халық фольклорында кездеспеуі де мүмкін. С. Қасқабасов аңызды қарастырғанда тарихи, топонимикалық деп

ажыратады. «Топонимкалық аңыз» ұғымын алғаш рет қарастырған ғалым оны белгілі бір жерге, мекенге қатысты оқиғаларды баяндайтын шығармалар ретінде таниды. Нақтырақ айтсақ, зерттеуші былай дейді: «Топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгіме» екенін айтады [54, 131]. Осы пікірді негізге ала отырып, топонимикалық аңыздар жердің, судың аттарын түсіндіріп, шығу тарихын баяндайтын фольклор жанры екенін түсінеміз. Топонимикалық аңыздарға екі түрлі сипат тән: 1) Тарихи оқиғаға, шындыққа сәйкес келетін оқиға, белгілі бір мекен атауының қолданылуы, ешқандай ғажайыптық сипаттың болмауы; 2) Мекен атауының тарихи фактімен байланысы жоқ, десе де жалпы шындыққа жанасатын оқиғаның баяндалуы, мекен атауының мифтік түсінікпен байланыспауы, сонымен бірге қиялға негізделген оқиғаны әңгімелейтін шығармалар топонимдік аңыз ретінде танылады [54, 150]. С. Қасқабасовтың топонимикалық аңыз ұғымын негізге ала отырып, фольклор саласында А.Ш. Пангереев «Топонимдік фольклор» жанрын алғаш рет ғылыми айналымға енгізді. Бұл термин фольклор саласының жаңа арнада зерттелуіне, ғылыми айналымның кеңеюіне мүмкіндік берді.

А.Ш. Пангереев топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы ретінде таниды. «Топонимдік фольклор» терминін анықтау барысында аңыздық проза жанрларын негізге алатынын атап өтеді. Ертегілерде нақты жер-су атауы қолданылмайды. Аңыздық прозаларда жер-су атауларының шығуы, оған себеп болған оқиғалар анық беріледі. «Жер-су туралы ежелгі халықтық түсінік-пайымдаулар ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге жасалған, тіпті адам санасының қалыптасып, қоршаған ортаны тануына негіз болған факторлардың бірі деп қарау керек. Қазіргі Отан ұғымы немесе атамекен, туған жер, кір жуып, кіндік кескен мекен деп жүргеніміз, түптеп келгенде, байырғы көне түркілік жер-су деген түсініктен шығатынын» [55, 20], – зерттеуші А.Ш. Пангереев атап айтады.

Топонимдердің фольклордағы негізгі қызметі – ақпараттық қызмет. Мәселен «Едіге» жырын негізге алатын болсақ, «Құмкент» топонимін кездестіреміз:

Есіл ерді еңкитіп,
Екі иінін жауыр ғып,
Кәмәр белін ауртып,
Ніл дарияның басында,
Құмкент шәрі қасында,
Баба түкті Шашты Әзіз
Мені сонда тауып ап,
Едіге деп ат қойғанда
Едіге атым құрысын! [56, 98].

Бұл жердегі «Ніл», «Құмкент» топонимдері Едіге батырдың дүниеге келген жері жайлы ақпарат беріп, батырдың ғажайыптық туу сипатын көрсетеді. Едігенің ғажап болмысын сипаттап беруде топонимдер ақпараттық қызмет атқарып, шығарманың көркемдігін арттыра түседі. Зерттеуші С. Ақатай қазақ халқының философиялық көзқарастарының, қоршаған әлем жайлы пікірлерінің

бастау арнасы ретінде фольклор ұғымын қарастырады [57, 57]. Фольклорлық туындылардың ішінде қаһармандық эпос немесе эпикалық шығармалар қазақ халқының рухани мәдениетінде ел мен жерді қорғаушы, сақтаушы деп танылатын батырлардың ерлігін, батырлығын көрсетуден қалыптасқан. Осындай эпикалық шығармаларда топонимдер ақпараттық қызмет атқарып, батырдың туған жерін нақтылы көрсетеді. Осы себептен батырдың туған жерін қорғап, кіндік кескен жерінің қасиетті екені танылa түседі.

Фольклортанушы, көрнекті, ғалым Ш. Ыбраев қаһармандық эпосты халықтың өз тарихын түсінуі мен бағалауын деп анықтайды. Эпикалық шығармаларға тән сюжеттік желілер ретінде мынадай белгілерді ажыратады: 1) Дәулетті ата-ананың бір перзентке зар болуы, әулие-әнбиелерден сауға сұрауы; 2) Баланың күн сайын емес, сағат сайын өсуі; 3) Алпауыт күшке ие болып, туған елін, жерін қорғауы [58, 22]. Зерттеуші Р. Бердібай ғылыми айналымға «қаһармандық эпос» атауын ұсына отырып, халықтың сан ғасыр бойы басынан кешкен оқиғалары, сол оқиғаларға байланысты қалыптасқан көзқарасы, бағасы, алдан күткен үміті, аңсары көрінетінін айтады [59, 97]. Батырлар жырының халық шығармашылығындағы елеулі болатыны *«отаншылдық» идеясымен* байланысты. Әр халықтың даму кезеңінде рудың, тайпаның, мемлекеттің еркіндігі, бостандығы өзекті болған. Аталған себептен халықтың бүтіндігін, дербестігін сақтауда батырлардың негізгі қызметі көрінеді. Батырлар жырында «батырлардың ерлігі» дәріптеліп, олардың ел мен жер қорғаудағы маңызы бейнеленді.

Фольклорлық шығармаларда кездесетін топонимдердің екінші қызметі – символдық қызмет. Берілген қызмет арқылы топонимдердің мифтік негізі, топонимнің қалыптасуына әсер еткен мифтік сюжет айқындалады. Бұл жөнінде А.Ш. Пангереев былай дейді: «Тарихи топонимдерді жеке алып, төркінін ізерлеп таныр болсақ, онда керісінше, сол топоним төңірегінде көне мифтік болмысқа бастайтын соқпаққа кезігіп, оны баян ететін мол фольклор үлгілеріне келіп түсеміз» [55, 21]. Осы айтқандай, мәселен «Шора» батыр жырының қазақ, татар, башқұрт нұсқаларында Қазан қаласы символдық мәнге ие болған. Орысша аударылған нұсқасында былай берілген:

Ой родная земля, родная земля,
Земля, (моих) родителей.
Земля, ставшая на границе
Двум ханам [разделительным) колом [40, 56].

Қазан қаласы «туған жер» ұғымында танылып, символдық мәнде қолданыс тапқан. Түркі халықтарының жер, Отан жайлы түсініктері Қазан қаласы туралы «туған жер» деген символдық мағынаға ұйысқан. Топонимдер фольклорлық шығармаларда астарлы символдық мәнге ие болып, туындының көркемдік қуатын арттыра түседі.

Фольклорлық шығармалардағы топонимдердің келесі қызметі – танымдық қызмет. Зерттеуші А.Ш. Пангереев топонимдердің танымдық қызметін айқындағанда әлем, дүние жайлы мифтерге тоқталады [55, 25]. Бұл арқылы топонимдердің танымдық қызметі жер мен көктің адам санасында «жер-су» деп жүйеленуі екенін айтады. Ғалымның пікірін тереңдете келе топонимдердің

танымдық қызметі мифтік дүниетаныммен, түсінікпен байланысты екенін көреміз. Фольклорлық шығармалардың басты кейіпкерлері батырлық болмыстарымен ерекшеленеді. Бала кездерінен ересектер тәрізді физикалық күшке ие, батыл, ешнәрседен қорықпайтын болмыстарымен батырлар, Е. Мелетинский анықтағандай, «алғашқы адам», «демиург» деп айқындалады [60, 55]. Батырларға ғажайыптық сипат беру – туған жердің, Отанның тәуелсіздігі үшін күресте, рулық-тайпалық қатынастарда әділдіктің берік орнауына батырлардың үлесі зор. Барша түркі халықтарына ортақ «Шора батыр», «Алпамыс» батыр, қырғыз халқының «Манас» жыры, «Қырымның қырық батыры» батырлар жыры циклында сомдалатын батырлар бейнесі ғажайып болмыспен суреттеледі. Сонымен бірге, туыстас халықтардың бірлігі идеясы да фольклорлық шығармаларда қозғалады. Эпикалық туындыларда асқан шеберлікпен суреттелген батырлар болмысы арқылы олардың өсіп-өнген мекені жайлы көзқарас қалыптастыруға әсер етеді. «Алпамыс» батыр жырында:

... *Жиделі Байсын* жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай бопты,
Төрт түлігі сай бопты.
Тоқсан мың екен қорасы,
Мұрындық, ноқта тимеген,
Түйешілер мінбеген
Сексен мың екен маясы.
Шұрқырап жатқан бір жылқы,
Тоғай сайын мың жылқы.
Есебі жоқ көп жылқы

Жиделі Байсын даласы [46, 12], – деген жолдардағы «Жиделі Байсын» топонимі танымдық қызмет атқарып тұр. Алпамыс батырдың туған жері құтты мекен ретінде танылады: «...туған жер, атамекені болып саналатын жерлер міндетті түрде құтты қоныстың, береке мен ырыстың қайнаған эпицентріне айналған бақтың ошағы ретінде таныстырылады. Біз бұдан, көшпенді дала жұртында әр адамның туған жеріне қатысты ұғымдардан берекелі қоныс, құтты мекен, мал-жаны өсіп-өнген аймақ екендігін аңғарамыз» [61, 66]. Топонимдердің танымдық қызметі фольклорда суреттелген жер-су атауларының халық танымында қалыптасқан мән-мағыналар арқылы анықталғанына байланысты екенін аңғарамыз.

Зерттеуші топонимдік фольклорды жанрлық түрге бөлгенде мынадай факторларды негізге алады: топонимдік сюжеттер мазмұны, баяндалу ерекшелігі, ақпарат беру ерекшеліктері. *Топонимдік аңыз* ретінде топонимдер өмірде болған жартылай тарихи оқиғаларға негізделген шығармалар танылады. *Топонимдік хикаят* деп мифологиялық кейіпкерлердің қатысуымен жер-су атауының себебі түсіндірілуі анықталады. *Топонимдік әпсанаға* қияли, ғажайыптық сипатта баяндалатын жер-суға қатысты оқиғалар анықталады [55, 22]. Осылайша, топонимдік фольклор барша түркі халықтарының фольклорын негізге алуы арқылы фольклордың жаңа арнада дамитынын көреміз. Сонымен бірге антропоөзектік парадигманың дамуымен фольклор жанры

концептуалды деңгейде қарастырылып, негізгі танымдық қызметтерінің жаңа арнасы айқындалады.

Татар әдебиеттануында «поэтикалық ономастика (поэтическая ономастика)» ұғымы қолданылады. Көркем шығармалардағы топонимдер, сонымен бірге антропонимдер, зоонимдер сынды жалқы есімдер танылады. Көркем шығармадағы антропонимдерді А. Гаррапова, А.Р. Биктимирова, Г. Арсланова, Ф.Ф. Нуруллина сынды татар зерттеушілері арнайы қарастырған.

Башқұрт тілінде де поэтикалық ономастика өзіндік ерекшеліктерге ие. Аталған тақырып төңірегінде Л.М. Хусаинова зерттеулері бар. Зерттеу нысанына байланысты поэтикалық ономастика бірнеше топқа ажыратылады: *поэтикалық топонимия, поэтикалық антропонимия, поэтикалық зоонимия, поэтикалық космонимия* және т.б. А.Р. Биктимирова поэтикалық ономастиканың көркем шығармадағы негізгі қызметі ретінде стилистикалық бояуды, сипаттамалық қызметін ажыратады [62, 124]. Көркем шығармада топонимдер авторлық ұстанымның айқын көрініс ретінде, сонымен бірге көркем мәтіннің поэтикалық құрылым ретінде күрделендіре түседі. Әдебиеттануда қолданыс тапқандықтан топонимдерді таңдау да күрделі мәселе саналады. Фонетикалық, семантикалық және поэтикалық сипаттары жағынан топонимдердің көркем шығармада қолданыс табуы – көркемдік әдіс ретінде танылады. Татар зерттеушісі Ф.Ф. Нуруллина поэтикалық ономастиканың әлеуметтік-тарихи маңызы барын, сонымен бірге топонимдерді қолдану барысында шығармашылық негізде ақпарат берілетінін айтады [63, 65]. Арнайы қарастырып отырған «топонимдік фольклор» ұғымымен қатар, «поэтикалық ономастика» ұғымы да қолданыста екенін көреміз.

Қаһармандық эпостарда топонимдердің ендігі бір қызметі – фольклорлық шығарманың сюжетін, композициялық сюжетін, идеялық мән түзуін күрделендіру. Қаһармандық эпоста ешқандай жер-су атаулары мүлде кездеспесе, батырдың туылған мекені, өскен-өнген тұрағы, дұшпандарына қарсы әрекет жасауы мүмкін емес. Дұшпанның қай тұстан шабуыл жасап, олардың жеңудің жолын қарастыру да жер-су атауларын жақсы білуден көрінеді. А.Ш. Пангереев «топонимдік атаулардың эпос поэтикасында алар орны бөлек» [55, 123], - деген пікірінің маңызды екенін осыдан көреміз.

Қазақ фольклорында тарихта өмір сүрген Қобыланды жайлы жырдың маңызы зор. Батыр туралы жыр жайлы Е. Арын мынадай пікір білдіреді: ««Қобыланды батыр жыры» – қазақ халқының бейбіт, тыныш өмірді көксеген арман-мүддесінен туындаған халықтық поэзиясының үлгісі. Қай елде болмасын бейбітшілік – адам тіршілігінің мәні мен мақсаты. Батырлар осы бейбітшілікті қорғайтын қамал. Адам тіршілігі де жер бетіндегі жанды-жансыз дүниенің заңдарына бағынғаннан кейін күштінің әлсізді, ақылдының ақымақты, айлакердің момынды қанауға тырысатыны заңды. Міне, осы сәтте халық батырларына жүгінеді. Сонымен қатар, батырлық жырлар – тәрбие құралы. Батырлық жырларда адамның жақсы қасиеті, адамгершілігі, әділдік пен мәрттік дәріптеледі» [64, 147]. Жырда Тоқтарбай мен Аналықтың бір перзентке зар болғаны, әулиелердің басына түнеп жүргені баяндалады. «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы «балаға зар болу» мотивінің түркі халықтарына

ортақ сарындарының бірі екенін, бұл жайында Ә.Марғұлан «баласыздық зарының түркі халықтарының жырларындағы ортақ сарын» екенін айтады [65, 341]. «Қобыланды» жырындағы топонимдердің поэтикалық құрылымды күрделендіре түсуіне тоқталып кетсек. Жырда мынадай үзінді берілген:

Қызылбасты елінен
Қазан деген ер шықты.
Жөн білмеген шер шықты.
Ноғайлының көп елін
Олжалап шауып жаншыпты.
Бағынбаған адамын
Қырып, жойып тауысыпты.
Жерін, малын олжалап,
Қатарынан асыпты.
Мал-жанына қарамай
Ноғайлы елі қашыпты.
Олжалап жанын басыпты [46, 19].

Бұл жерде берілген «Қызылбасты елі», «Ноғайлы елі» рулық-тайпалық бөліністен хабар береді. Ә. Марғұлан «Қызыбастың елі» қазіргі Иран, Ирак жерін мекендеген ежелгі тайпалар екенін атап өтеді [65, 345]. Жырдағы бұндай бөліністердің берілуі –топонимдердің поэтикалық қызметін айқындай көрсетеді. Енді бір үзіндіде:

Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан
Он екі күнде бір жатқан,
Он үш күнде бір тартқан
О да айтулы ер еді.
Қызылбастың елі еді,
Құдайдан дұспан сұраған,
Жау көрмесе, қуарған [46, 145], – делінеді. Мұндағы берілген «Қызылбастың елі» жау елінен хабар береді.

«Қобыланды» жырынан алынған мысалдар идеялық мәннің күштілігін көрсетеді. Жырда жау елі нақты аталып, көздеген мақсаттары да айқын. Ноғайлы елін жаулап алуды көздеген Қызылбас елі жайлы ақпарат беру арқылы негізгі идеялық мән «ел мен атамекен жерді» қорғау мәселесі аталады. Ш. Ибраев қаһармандық эпос жайлы және ондағы фольклорлық дәстүр жайлы былай дейді: «...Түркі халықтарының қаһармандық эпосында батырға көне эпостан мұра боп қалған белгілер түрлі дәрежеде және түрлі сипатта екендігі. Әр халықтың өзінің тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктер, тарихи оқиғалар, әлеуметтік көзқарасындағы, дүниетанымындағы кейінгі айырмашылықтар үнемі қайнаған эпикалық дәстүрдің дамуына әсер етіп отырды» [66, 88]. «Қобыланды» жырындағы топонимдердің қолданысы шығарманың идеялық мәнін айқындап, поэтикалық қуатын арттыра түскенін көрсетеді. Сонымен бірге шығармадағы топонимдер мекендік қызметті де атқарып тұр. Жау елі жайлы ақпарат бергенде топонимдердің мекендік қызметі рулық-тайпалық қатынастарға негізделгенін

көреміз. Сонау ежелгі «Қызылбас елінің» жаулық ниеті де топонимнің поэтикалық қуатын күшейте түседі.

Ноғайлы дәуірінде қалыптасқан жыр ретінде танылатын батырлық эпосы – «Ер Тарғын» жыры. Ә. Диваев жырдың басты кейіпкері Тарғынның Қаратау қазақтарынан шыққанын, кейіннен Қырымға көшкенін айтады. Н. Нұрғалиев нұсқасында Тарғын Астрахан ханы Ғұмардың қол астындағы батыр екені, З. Бекарыстанов нұсқасында Тарғын Қосы деген кедейдің баласы деп суреттеледі. М. Бекетұлының нұсқасында Созақ жеріндегі Айырқалпақ биден Тарғын бата алғанын, Қырым ханына барғаны айтылады [67, 169]. С. Сейфуллин нұсқасында Ер Тарғынның өз елінде адам өлтіріп, қылмысты болуымен Қырым еліне келгені айтылады. Қырым ханы Ақша ханның елінде жүріп, сол елдің жауы он сан оймауыт пен тоғыз сан торғауыт арасындағы соғысқа қатысатыны айтылады [68, 153]. «Ер Тарғын» жырында «Алпамыс батыр» жырында кездесетін ерекше жаратылыс, ата-ананың балаға зар болуы сияқты мотивтерді кездестірмейміз.

Тарғын сынды батырың
Қайтарын жұрттың біледі,
Алладан пәрмен тіледі,
Құйысқанын қысқартып,
Екі айылын берік тартып
Енді атына мінеді.
Өлгенім жақсы жұда деп.
Тоғыз санды торғауыт,
Он сандайын оймауыт,
Барабан соғып, шың қағып,
Алдымнан әскер жүргізіп,
Бұйым болды бұ да деп,
Аллалап батыр шабады,
Жалғыздың жары құдай деп,
Сарыала туы салбырап.
Шапты батыр тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Сырттағы жүрген әскерге
Қарамады бұл батыр,
Ішкі қамалға кірді желігіп [46, 129], – деген үзіндіде топоним ретінде «ішкі қамал» берілген. Фольклорлық шығармалар ұжымдық сана негізінде қалыптасатындықтан, жырдағы топоним «Ішкі қамалға кірді» деу арқылы Қырым қаласына келгенін жеткізіледі. «Ер Тарғын» жыры өзге жырлардан өзгешеліктері бар. Ғажайып дүниеге келу, ғажайып ер жету сынды мотивтер кездеспейді. Керісінше, кейіпкер образындағы шынайылық, сюжеттік желідегі реалисттік болмыс басым.

Көшпелі дүниетанымда негізгі философия – жол таба жүріп, дұрыстыққа ұмтылу. Алтай мен Атыраудың арасында көшпелі дәстүрмен өмір сүрген халқымыз үшін маңыздысы – кең байтақ жердің қазаққа тиесілі болуы. Көшпелі жұрт үшін ұлтарақтай жердің маңыздылығы жоғары болды. Ел үшін, жер үшін

күресте аянбай шайқасқан батыр есімін ұрпақтан-ұрпаққа таратып, болашақта сондай батырлар санын көбейтуде эпикалық жырлардың, қаһармандық эпостың маңыздылығы жоғары. Жырдағы гиперболалық суреттеулер, әсірелеу арқылы халқымыз ұрпақ санасында батыр болмысын нығайтып, тәрбиелік мәнін күшейтіп отырды. Сонымен қатар, сәйгүлігі иесіне сай, жеті қаруы сай батырдың жауына күйрете соққы беретінін поэтикалық бейнелеу арқылы жеткізіп, келешек ұрпаққа ел мен жерді қорғау маңыздылығын ұқтырды. Бұлайша жырлаудың негізінде көшпелі өмір сүретін халықтың ел мен жер үшін аянбай күресетін батырларды көбейту қызметі екенін ұғынамыз. Солай өз батырларын ардақтап, жырға қосып, ұрпаққа үлгі етіп отырды.

«Шора» батыр жырының қазақ тіліндегі нұсқасында ғажайыптық мотив кездеседі.

Әулие әлем болғанда,
Орманбет хан өлгенде,
Басы саулар күлгенде,
Он сан ноғай болғанда,
Қазан деген қалада,
Қырық мың үйлі тамада
Нәрікбай деген бай еді,
Төрт түлігі сай еді.
Қызыл ала сиырдан,
Ақты-бозды қойынан,
Тоқсан тоғай жылқыдан,
Қой басындай күмістен,
Күмістің қанша пұлымен

Ынсабы жоқ бай еді [69, 17], – деген жолдарда Шора батырдың әкесі жайлы ақпарат беріледі. Берілген үзіндіде көрініс тапқан «Қазан» топонимі ақпараттық қызметтен гөрі, мекендік қызмет атқарып тұр. Шығармада баяндалатын оқиғаның легі, батырдың туылуы да осы мекенмен байланысты анықталады. Осы себептерге байланысты «Қазан» топонимі маңызды деталь саналады. Кейбір топонимдер жыр кейіпкерлерінің әлеуметтік мәселесімен де байланысты келеді. Мысалы, ендігі кездесетін топоним Нәрікбайдың жаңа әйел алуымен байланысты.

Сазандының елінен,

Алды бір қыз деп еді [69, 17], – деп, жары Құлқаныстың елу жасқа келгенше құрсақ көтермегенін, содан «Сазанды» деген жердің қызын алғанын мәлім етеді. Бұл жерде Нәрікбайдың екінші әйел алғаны «Сазанды» топонимі арқылы нақтыланып тұр. Ендігі топонимдер Нәрікбайдың сол кездегі ел билеген Есіммен келіспей, басқа жаққа көш аударғанын білдіреді.

Үш ай бойы көшті тынбастан
Ақ дарияның бойына,
Ноғайлы түрікмен жері еді.
Сол уақытта, жақсылар,

Айдархан соққан *Аққала* [69, 26], – деп суреттеледі жырда. Мұндағы берілген «Ақ дария», «Ноғайлы түрікмен жері» деген топонимдер бір руға тиесілі

екенін көреміз, бұл жерде берілген топонимдер мекендік қызмет атқарып тұр. «Аққала» топонимі Айдарханның жаңадан соққан қаласы екені жайынан хабар беріп, ақпараттық қызмет атқарып тұр. Шығармада Отырар, Сайрам қалалары аталады. Бұл топонимдер жырда символдық қызмет атқарып тұр.

Түркістанда түмен бап,

Сайрамда бар сансыз бап.

Отырарда отыз бап,

Ең үлкені Арыстан бап [69, 53], – дегендегі топонимдер бір жағынан символдық ұғым берсе, екінші жағынан Нәрікбайдың әулие басына түнеп, бала тілеу ниетін білдіреді. Баласыз дүниеден ғарып боп өтерін ойлап, әулие-әнбиелерден тілек тілеп, үмітін үзбейді. Жырда аталатын топонимдердің танымдық қызметі де зор. Бұл өз кезегінде халқымыздың жер жайлы көзқарастарын айқын көрсетеді. Танымда қалыптасқан «жер» жайлы ақпарат адамның туған жерінен белгілі бір себеп болмаса, ешқашан көшпейтінін білдіреді. Нәрікбай өзінің ұрпақсыздығын бетіне басқан Есім ханға наразылық білдіре отырып, ноғайлы түрікменнің жеріне келеді. Үйреніскен атамекенінен басқа жерге көшу – жерұйық мекенді иесіз тастап кетумен тең. Асыға күткен баласының тез ер жетуі, ата мұратын орындауы – эпикалық шығармаларға тән.

Фольклорлық туындылардағы көші-қон, жаңа қоныс басқа адамнан көрген қорлықтан деп суреттеледі. Кейіннен құдайдан тілеп алған баласы ер жетіп, кегін алып, әкесінің болмысын асқақтата түседі.

А.Ш. Пангереев: «Эпостық шығармаларда топонимдік атаулардың көптеп көрініс табуының бір ұшын халықтың өзі мекендеп отырған жер аумағына, даламен байланысына негізделген әлеуметтік, тарихи жағдайларымен салғастыруымызға болады, себебі фольклордағы уақыт пен кеңістік мәселесі жанрлар арасына да елеулі өзгерістер, атап айтқанда, идеялық-мазмұндық жаңалықтар әкелетіні мәлім» [55, 124], – деген пікір айтады.

Оның бұл пікірін негізге алатын болсақ, топонимдердің әлеуметтік, тарихи жағдайларға тәуелді екенін түсінеміз. «Шора» батыр жырында да аталатын топонимдердің қолданылуы – Нәрікбай байдың әлеуметтік жағдайын, өзге адамның алдында ұлы жоқтығы себепті осал екенін сезінуімен байланысты. Осы себептен өзінің кіндік қаны тамған Қазан өңірінен көшіп кетеді. Сонымен қатар қырық мың үйлі таманың ортасынан ноғайлы түрікмен жеріне ауысуы да, өз руластарын, елін тастап кетуі де әлеуметтік жағдайды айқын дәлелі саналады. Зерттеуші А.Ш. Пангереев «Едіге» жырын мысалға алып, ондағы саяси астарды, халықтық және көркемдік сипаттарды талдай келе, эпостық шығармалардағы топонимдердің де саяси-әлеуметтік мәнге ие екенін атап айтады. «Шора» батыр жырындағы топонимдер де осындай мағынада көрініп, оқиғалардың легін баяндап қана қоймай, шығармада танылатын саяси-әлеуметтік астарды айқындай түседі. Ендігі кезекте концепт ұғымы, көркемдік концепт түсінігі жайлы тереңірек қарастырып өтсек. «Көркем концепт» ретінде зерттеу – бүгінгі фольклортану саласын жаңа парадигма аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

1.3 «Туған жер» концептісінің халық санасында сақталған сакральды мәні

«Туған жер» концептісі – түркі халықтарының санасында үлкен қасиетке ие. Бұл концепт халық санасында сақталып, ақын-жыраулардың өлең-жырларында хатталып, халық шығармаршылық өнеріне арқау болған. Олардың бәрінде дерлік «туған жер» концептісі топонимдер арқылы танылып отырады. Белгілі бір мекеннің атауын білдіріп қана қоймай, сакральды мәні танылатын топонимдер ғашықтық жырларда да кездеседі. Батырлар жырында батырлар дәріптеле суреттеліп, олардың «туған жерді» қорғау идеясы алдыға шықса, ғашықтық жырда әлеуметтік мәселелер көрініс береді. Осы тұста топонимдер қасиетті, киелі мекен ретінде суреттеледі.

Ғашықтық жырлардағы «туған жер» концептісі шығармадағы әлеуметтік, тарихи оқиғаларға сәйкес келеді. Қаһармандық эпостағы тәрізді топонимдер көп кездесе бермейді. Дегенмен, жыр сюжетін ашуда бірнеше топонимдер қолданыс тауып отырады. Мәселен, «Қыз Жібек» жырында:

Кешегі өткен заманда,
Дін, мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде,
Жағалбайлы елі бар.
Жағалбайлының мекені –
Ақ теңіз деген көлі бар.
Жаз жайлауын сұрасаң,
Қара теңіз жағасы
Ұлан, Жәмбіл белі бар.
Жағалбайлы елінде
Базарбай атты байы бар [46, 259], – дегенде бірнеше топонимдер қолданылған.

Жырдың басталуында бұлайша топонимдердің берілуі ақпараттық қызмет атқарып, оқырманды Төлегенмен таныстыра бастайды. Жағалбайлы – қазақтың руларының бірі. «Жағалбайлы елі» деу арқылы Жағалбайлы елінің бірнеше ұрпақ бойына мекендеп келе жатқан жері екенін түсінеміз. «Елі» тіркесі жердің белгілі бір руға тиесілі екені, меншіктік қатынастың ел ішінде дамығанын көрсетеді. Жаз жайлауға, қыс қыстауға көшкен халқымыз үшін көшпелі өмір салты жер атауларын танымдық аспектіде түсінуге мүмкіндік береді. Ғашықтық жырына тән негізгі сюжеттік желінің бірі: батырдың өз теңін іздеп, алыс сапарға шығуы. Төлегенде айналасынан өзіне тең сұлуды таппай, Ақ Жайықтың ар жағындағы Қыз Жібекке ғашық болады.

– Қыз жақпай өз еліңнен жүрсе саған,
Төлеген, сүйінші бер енді маған,
Елі бар *Ақжайықта* Алты Шекті
Аласың, жақсы қызды, барсаң соған [46, 261], – дегенде Ақжайық топонимі ақпараттық қызмет атқарады. Саудагердің айтқан сөзін ескеріп, Төлеген Жайыққа жолға шығуға қамданады.

Жырда «Асфаһаннің жауһары», «Стамбулдың гәуһәрі» деген тіркестер кездеседі. Бұндағы Асфаһан, Стамбул топонимдері аталып, сол елден шығатын тауарды білдірсе керек.

Шығармада «Ақжайық» топонимі көп ұшырасады. Соның ішінде мистикалық сипатта қолданылған тұсы бар. Қыз Жібекті көруге келген Төлеген араға үш сай салып, өз еліне қайтпақ болады. Сол аралықта Жібек түс көреді.

Ел жайлаған *Ақжайық,*
Жағалай біткен бидайық.
Алдыма жанған шырағым

Біреу үрлеп өшіріп [46, 294], – дейді. Бұндағы ел жайлаған Ақжайықты бидайықтың басып кетуінің мағынасы – елсіз, енсіз дала. Бұндай мистика, символдық белгі – Төлегеннің бір пәлеге ұшырайтынын аңғартады.

Жырда аталатын «Қособа» топонимі былай суреттеледі:

Қырық бес күндік ортасы,
Атырабы шөл екен.
Шөл жазира ішінде
Қособа деген көл екен.
Ұры, кәзеп, қарақшы –
Мекен қылған жер екен [46, 302].

Жібекті еліме алып келем деп кеткен Төлегенді Қособа бойында Бекежан күтіп отырады. Алпыс жігітті қасына ертіп, Төлегенді өлтіруге бел байлайды. Жырда мекендік қызметі көрінетін «Қособа» топонимі жамандықтың бастауындай көрінеді.

Ғашықтық жырда қаһармандық эпостағыдай батырлық, ерлік дәріптелмейді. Бұл жердегі басты оқиға – екі ғашықпен байланысты. Өзге қазақ жырларында өз теңіне қосыла алмаған қыз «өзін-өзі өлімге байлайды», ал Қыз Жібек жырында бұндай мотив кездеспейді. Керісінше, өзін «Төлегеннің жесірімін» деп, Сансызбайға қосылуды дұрыс көреді. Жырда асу, бел атаулары көп қолданылса да, нақтылы мекен атауы көп кездеспейді. *Ақжайық, Қособа, Асфаһан, Стамбул, Ақ теңіз, Қара теңіз, Жағалбайлы елі, Ұлан, Жәмбіл белі* деген топонимдер бар.

Зерттеуімізде «туған жер» концептісін қарастырып отырғандықтан, «Қыз Жібек» жырын негізге алып, фольклорлық санада бейнеленуіне назар аударсақ. Жырға тән ерекшеліктер: 1. «Теріс бата», «түс көру», «қоштасу», «қалың айттыру», «көңіл айту», «жұбату», «әмеңгерлік» сынды ұлттық әдет пен ғұрыптар кездеседі; 2. Ішкі және сыртқы жаулардың жаушылық әрекеттері. «Туған жер» концептісі батырлар жырында елді, жерді сыртқы жаудан қорғау болатын. Ғашықтық жырда «туған жер» концептісі елді, жерді қорғау түсінігінде емес, ата-ана тілегін орындау, бақытты ғұмыр кешу ұғымында көрініс табады. Мәселен жырдағы «теріс бата» арқылы атасының тілегін қылмай, Төлеген туған жерінен шалғай жерде қаза табады.

«Туған жер» концептісінің фольклорлық санада көрініс табуы бес түрлі констат негізінде айқын көрінеді. Шығармадағы эпикалық уақыт ғажайыптық сипаттан алыс. Айшылық алыс жерлер шығармада нанымды суреттелген. Кеңістікке келетін болсақ, оқиға орын алған өңір – Ақжайық өңірі. Фольклорлық

шығармадағы аксиологиялық құндылықтар да нанымды берілген. Татулық константы Төлеген мен Сансызбайдың арасында көрінеді. Өз ажалын сезген Төлеген өзі таңдаған Жібекті Сансызбайға аманаттайды. Сонымен бірге, татулық константы Төлеген мен Қаршыға, Сансызбай мен Шеге ақын арасында да көрінеді. Жігіттер арасында бір-бірін қолдау, қиын кезеңде көмек беру «татулық» константының айқын көрінісі саналады.

Шынайылық константы Төлеген мен Жібек арасындағы шынайы махаббатқа негізделген. Төлеген әкесінің айттырған аруларын ұнатпай, саудагер сипаттап айтқан аруға ғашық болып, өзі Ақжайыққа іздеп келеді. Қыз Жібекті бір көргеннен ұнатып, өзіне лайық жары екенін түсінеді. Екеуі адал махаббаттың образындай бейнеленеді.

Әділеттілік константы Сансызбай мен Жібек қатынасынан көрінеді. Төлеген қаза тапқан соң, Жібекке қалмақ ханы көз салады. Айттырып алмақ болған сәтінде Сансызбай құтқарып қалады. Төлеген Сансызбайға Жібекті аманаттап кетеді. Біраз уақыттан соң Сансызбайдың Төлеген аманатын орындауы әділеттілік саналады. Шығарма соңында Жібекті ұзатып, еліне әкеліп, бақытты ғұмыр кешеді.

Сонымен бірге өзім/өзге аксиологиясы жағынан қарағанда, шығармада жаушылық ниет екі адамда көрінеді. Өзім қатарында анықталатын жаушылық ниеті бары – Бекежан. Қасына алпыс жігітті ертіп, Төлегенге қастық жасаған Бекежан бастаған топ сырттың адамы емес еді. Өзге аксиологиясында жаушылық ниетпен көрінетін қалмақ ханы – Хорен. Сыртқы жау өзінің жаушылық әрекеттерін жүзеге асыруды ойлайды. Алайда Жібекті жар етіп өзіне алса ғана, ол мекенге тиіспеуді көздейді. Бұндай дипломатиялық қатынастар әр кезеңдерде болып отырған. Қыз Жібек Сансызбайдың артынан еріп кетеді. Бұған ашуланған Хорен елді жаулап алуды ойлайды. Жастайынан ер болып өскен Сансызбай жаудың бетін қайтарып, жеңіске жетеді. Бұл жәйіт жырда былай беріледі:

Сансызбай артынан қуып берді,
Қолға тиген қалмақты қиып берді.
Қалмақтың бес мың қолын бәрін қырып,
Қызыл қанға бояды қара жерді.
Мұсылманды дұспаннан айырып алған
Жігіттер тамаша қыл мұндай ерді [46, 341].

Жырда көрініс тапқан оқиғалар легі «туған жер» концептісінің жаңа мағыналық қатарын көрсетеді. Ғашықтық жырға тән негізгі ерекшеліктер негізге алынады.

Қырғыз фольклорында эпостық шығармалардың үлкен және кіші эпостық жырлар деп бөлінетінін атап өттік. «Кожажаш», «Курманбек», «Жоодарбешим», «Жаныш-Байыш», «Жанил Мырза», «Кедейкан» сынды жырлар эпостық сарынға құрылған, қалмақ, ноғай шапқыншылықтары туралы айтылады.

В.Я. Пропп эпикалық шығармаларды «мемлекетке дейінгі эпос», «мемлекеттің күшейіп келе жатқан тұсындағы эпос» деп ажыратады [70, 34]. Е.М. Мелетинский болса қаһармандық эпостардың бастауы ертегілер мен мифтермен бірдей екенін айтады [60, 57]. Қырғыз фольклорын қарастырғанда эпостарында мифтік сюжеттік көп кездесетінін көреміз. Бұл жөнінде В.Я. Пропп

қаһармандық эпостар идеялық жағынан мифтің идеологиясын мойындамаудың көрінісі және қарама-қарсы мазмұнға ие екенін айтады [70, 39]. Эпостың қоғамдағы маңызды функциялары бар. Эпикалық баяндаулар бір ұрпақтың келесі ұрпаққа халық тарихын, жаулаушы тайпаларға қарсы соғысын жеткізетін білімдердің көрінісі саналады. Қырғыз халқының фольклоры өзіндік эпикалық даму жолын бастан кешірді. Нақтырақ айтатын болсақ, табиғат сырын түсінуден бастап, туған жерін жаудың шапқыншылық әрекетінен сақтау эпикалық шығармаларда баяндалады. Зерттеуші М.Ж. Жумагулов түркі халықтарының ішінде қырғыздардың өзіндік дүниетанымы космонимдік, мифтік, синкреттілік сипаттар адамзат пен табиғат байланысына негізделгенін айтады [71, 67]. Қырғыз фольклорында қаһармандық эпостардың көптеп кездесуінің себебі «туған жерді жаулардан қорғау» идеясына байланысты деп есептейміз.

Қаһармандық эпостардан бөлек, «Ак-Мөөр» жыры – ғашықтық жанрда баяндалатын елеулі шығармалардың бірі. Бұндағы махаббат хикаясы халық санасында бірнеше мыңдаған жылдар бойы сақталған. Тіптен Жол-Булак пен Үлкен Кемин маңайында орналасқан күмбез махаббат символы саналады. Бұл шығармада да жаудың шапқыншылық әрекеті, туған жерді қорғау мотивтері болғанына қарамастан, қай заманда да толастамайтын шынайы махаббат жыры баяндалады.

Қырғыз фольклорында эпикалық жанрдың бір тармағы саналатын бөлек жанр бар. Қырғыз халқының бай тарихын, рухани дүниесін көркем бейнелеуде «елдік поэмалардың» маңызы жоғары. Қырғыз фольклорында айрықша аталатын бұл жанрдың өзіндік ерекшеліктері бар. Зерттеуші С. Мусаев елдік поэмаларға (элдик поэмалар) тән ерекшелік ретінде шығарма мазмұнының тұрмыстық сарынға құрылуы деп көрсетеді [72, 423]. Яғни елдік поэмаларда шынайы оқиға фольклорлық сюжетпен үндеседі. Осы ретте К. Ибраимов пікірін де ескергеніміз жөн. Зерттеушінің анықтауынша елдік поэмаларда қаһармандарға қатысты лирикалық шешім айқын көрініс табады [73, 66]. Өйткені елдік поэмаларға тарихи оқиғалар әсер етіп, шығарма сюжеті реалды оқиғаға негізделеді. Шығармада басты кейіпкерлерге қатысты лирикалық шешім айқын көрінеді. Қырғыз фольклорын зерттеуші Г. Орозованың айтуына қарағанда елдік поэмалардың жыр түрінде фольклорда қарастырылып келген. Зерттеуші елдік поэмаларды әлеуметтік-тұрмыстық поэмалар, тарихи-батырлық поэмалар, тарихи-елдік поэмалар деп ажыратады [74, 17]. Зерттеу нысанына алынған «Ак Мөөр» шығармасы осы тарихи-елдік классификациясына жатады.

«Ак Мөөр» шығармасына негіз болған оқиға – Жантай ханның Ак Талаалық қызды тоқал ретінде жар қылып алуы. Алайда Мөөр сұлудың сүйгені болғанына қарамастан, Жантай ханды таңдайды. Бұған Мөөрдің сүйіктісі Болат наразылық білдіреді. Жырда бұл жай былай суреттеледі:

«Кылыгың санап кыйналам,
Кылчайып кайтып көрүүгө,
Кызыктуу Ак Мөөр аман бол!
Кырмысы жоолук чалганың,
Кылчайып кетип калганың» [75, 43].

Қырғыз халқында қыздардың жар таңдауда аса бір еркіндігі сол кезеңдерде болмағанын ескеру қажет. Жырда баяндалатын Мөөр сөзі амалсыздықтан болғаны аңғарылады. Мөөр ханға наразылық білдіріп, қарсы шығатын болса, Жантайдың жеке қадір-қасиетіне нұқсан келтіріп қоймай, ел арасындағы беделін түсіреді. Бұндай әрекет Жантай ханның намысына тиіп, арты соғысқа ұласып кетеді. Мөөр туыстары қуғыншылыққа ұшырап, арты туыстарының өлімімен аяқталатынын жақсы түсінеді. Осы себептен Мөөр жеке бастың махаббатынан бас тартып, елдің тыныштығы, бірлігі үшін өзін құрбан етеді. Мөөрдің бұндай қадамын жете түсінбеген Болат кейіннен барып түсініп, қабылдайды.

«Жантаке, кыргыздан ашкан сен элең,
Кыз Мөөркан мен элем,
Аламын десең өзүң бил,
Кыздарың менен тең элем. Жантаке,
Калкыңдан ашкан сен элең,
Кара көз Мөөр мен элем,
Аламын десең өзүң бил,
Неберең менен тең элем» [75, 52], – деген Мөөрдің сөзі өз махаббатынан бас тартып, ел тыныштығын ойлағанын көрсетеді. Ханның билігіне қарсы шықпай, ел мен жердің тыныштығына өз махаббатын құрбан етеді.

Ак Мөөрдің Болатты таңдамауына себеп болған – оның малшы болуы. Хан беделінің қасында оның қарсы тұрар айбаты жоқ. Осы себептен ел арасын бүлдіріп алудан қорқып, ханның сезіміне жауап береді. Оның жары болуға келіседі. Болаттың Мөөрді ханға қимағаны мына жолдардан көрінеді:

«Жекеңди чаап эл алдың,
Желелеп жерге таш жыйып,
Жетилген Жантай сен алдың,
Жер кучактап мен калдым,
Көңүлүмө алба сөзүмү,
Мөөрдү кайтар өзүмө» [75, 54].

«Жетилген Жантай сен алдың, Жер кучактап мен калдым» деу арқылы Болат та өзінің шарасыздығын білдіреді. «Көңүлүмө алба сөзүмү, Мөөрдү кайтар өзүмө» деп, көп уақыттан бері ішіне жинаған ашу-ызасын шығарады. Өйткені Болат Мөөрді алып бара жатқанын көріп, сезімдерін ішіне бүгіп қалғысы келмеді.

Шығармада баяндалатын әлеуметтік теңсіздік тақырыбы қос ғашықтардың қосыла алмауына негізделген. Өз сүйгенін Жантайдың қолына беріп, еш қарсылық көрсете алмауы Болаттың хан беделінен тайсалуы болды. Ханға қарсылық қылғанмен, айбатына, халық арасындағы қарсылықтарға қарсы шыға алмас еді. Аталған жырды қарастыру арқылы «туған жер» концептісі жаңа аспектіде ашылады. Туған жерді қорғау, жанын құрбан ету ер-азаматтардың ғана емес, нәзік болмысына қарамастан қыздардың қолынан келетіні көрінеді. Елдің, жердің тыныштығы үшін өз махаббатынан бас тартып, елдік мақсаттарды көздеген Ак Мөөр батырлардан кем емес. Осылайша, «туған жер» концептісінің «гендерлік аспектісі» анықталады. Отанды, елді қорғау, оның тыныштығын ойлау – Ак Мөөр сынды қыздардың басты мақсаты.

Башқұрт халқының тарихы, мәдениеті, тұрмысы фольклорында көрініс тапқан. Башқұрт халқының ауызша-поэтикалық шығармашылығында батырлық баяндаулардың маңызы жоғары. Башқұрт халқының фольклорында маңызды саналатын «Орал батыр», «Акбузат» сынды шығармалар ерте дәуірдегі ата-бабалардың дүниетанымын, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық сынды бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды көрсетсе, «Ак Мергэн», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу» сынды шығармалар жаудың шапқыншылық әрекеттеріне қарсы оқиғаларды бейнелейді.

Зерттеу нысанына алынған «Кузыйкүрпәс және Маянхылу» эпосында башқұрт халқының татар-моңғол шапқыншылығына қарсы әрекеттері суреттелген. Жырдың басты кейіпкерлері – Кузыйкүрпәс пен Маянхылу. Кузыйкүрпәс башқұрт фольклорының идеал кейіпкерлерінің бірі ретінде танылады. Маянхылу образында башқұрт фольклорында тән емес белгілер бар. Мәселен, башқұрт фольклорында Айхылу, Барһынсылу, Нәркәс сынды әйелдер образдары нәзіктікке, жарының адал серігі деп бейнеленеді. Маянхылу образы болса, эпикалық батыр қыз сипатында суреттеледі. Соның ішінде, Ғ. Сәләм нұсқасында Маянхылудың батырлық сипаттары айқын берілген.

Жырда баяндалатын оқиғалар Күсәр хан мен Күсмәс ханның уәделерінен бастау алады.

Бөтә халыҡ алдында

Күсмәҫ хан үҙ улына Куҙыйкүрпәс тип,

Күсәр хан ҡыҙына Маянһылыу тип исем бирҙеләр,

Үҙҙәренең ҡоҙа булышырға ҡуйған вәғәҙәләрен дә әйттеләр, ти [76, 127].

Күсәр хан уәдесінен тайып, қызын шалғай өңірге алып, көшіп кетеді. Басты кейіпкер Кузыйкурпес қалыңдығымен кездесуі үшін барын салады. Жолында кездескен кедергілерге қарамастан, қалыңдығымен қауышады. Маянхылу да батырлық танытып, өз сүйіктісімен қауышуға барын салады. Шығармада аталатын «Иремель» топонимі ғашықтардың кездескен мекені екі ғашықтың шынайы махаббатының белгісіндей саналады.

Шығармада барша түркі халықтарына ортақ идеялар «туған жер» концептісіне негізделген. Уәдеде тұру, аманатқа қиянат жасамау, ата-ана разылығын алу эпостардың басты идеялық мазмұны ретінде көрінеді. Аталған жырда башқұрт халқының фольклорлық санасында қалыптасқан «әділеттілік» аксиологиялық константы «қу» түсінігімен анықталады. Қулық арқылы Кузыйкурпес жауларын жеңіп, өз ғашығына жолығады.

Татар халқының фольклорында қаһармандық оқиғалар суреттеліп, тарихи оқиғаларға баға беріледі, қос ғашықтың оқиғасы шебер бейнеленеді. Татар фольклорындағы екі тақырыптық арна түркі халықтарына ортақ сюжеттер мен мотивтер негізінде анықталады. Татар фольклорында кітаби дастандардың маңызы жоғары. «Шахсанем және Гариб», «Мактым-сылу», «Сайфульмулюк», «Тахир және Зухра» және т.б. шығармалар ғашықтық жырларында кейіпкерлердің ішкі сезімі дәл әрі нақты суреттеледі. Татар фольклорында ғашықтық сипаттағы шығармаларды «романдық дастан» атау дәстүрі қалыптасқан. Бұндай терминнің қалыптасуында С.Ю. Неклюев, П.А. Гринцер сынды авторларды атай аламыз.

Татар фольклорында романдық дастандардың қалыптасуы әр түрлі. Өйткені фольклорлық мұралар әр кезеңде хатқа түсіп отырған, әрі ақындар арқылы ауызша халық арасына тараған. Соның ішінде кітаби дастандар жазбаша тарап, түркі халықтарына танымал сюжеттер фольклордан әдебиетке өтіп, қайтадан әдебиеттен фольклорға ауысады. Кітаби сюжеттегі дастандардың ерекшелігі де осында. Мәселен көптеген татар жырларының белгілі авторлары бар. Белгілі сюжеттер фольклорлық стильде жазбаша түрде де, ауызша түрде де тарап отырған. Ал кейбір шығармалардың авторы жоқ.

Қазақ зерттеуші Б. Ысқақов қазақ пен татар халқының әдебиетіне тән ұқсастықтардың тарихи негізде екенін айтады. Зерттеушінің пікіріне назар салатын болсақ, үш түрлі ортақ ұқсастықтарды көреміз. Біріншіден, екі халықтың шыққан тегі көне түркі дәуірінен бастау алады. Екіншіден, ұзақ уақыт бойы Түркі қағанатының, Дешті-Қыпшақ одағының, Алтын Орда хандығының құрамында болуы қазақ-татар әдебиеттерінің ортақ үлгілері осы тарихи кезеңде қалыптасқан. Үшіншіден, екі халық түркі-моңғол тайпалары құрған қоғамнан бөлініп шыққан. Екі халықтың халық болып қалыптасуы: үйсін-қыпшақ, бұлғар-татар одағының негізінде қалыптасқан [77, 26].

«Шаһсәнем және Гариб» ғашықтық жыры түрікмен, әзірбайжан, өзбек халықтарының фольклорында да кездеседі. Шығармада түркі, шығыс әдебиеттеріне тән трагедиялық махаббат хикаясы суреттеледі. Падишах пен уәзір балалары туылмай жатып, құдалы болуға келіседі. Алайда уәзір кенеттен қайтыс болады. Габбас падишах уәдесінен айнып, қызын беруден бас тартады. Шаһсәнем мен Гариб қатар өсіп, бір-біріне ғашық болады. Жасырын кездесіп жүрген екі ғашықтың махаббаты күшейе түседі. Күндердің бірінде Гариб Габбас шахтың қызын өзіне бермейтінін жақсы түсінеді. Бұған күйінген Гариб өзін құдыққа тастап жібереді. Бұл хабарды естіген Шәһсәнәм де сол құдыққа өзін тастап жібереді. Ғашықтық жырда көбіне «трагедияға» толы оқиғалар суреттеледі. Басты кейіпкерлердің өзін өлімге байлауы татар фольклорында қаһармандық эпоста жалғасын тапты.

Фольклортанушы С.З. Якубова шығарма сюжетінің Орталық Азияда емес, Кавказ, Кіші Азия өңірлерінде басталғанын айтады. Бұған себеп – шығармада аталатын Шемах, Диярбакир (Ярбакиркала), Халат топонимдері. Шемах топонимі Әзірбайжан өңіріндегі, Диярбакир Түркия жеріндегі, Халат Сирия өңіріндегі жер атаулары қолданылған. Осыған қарап, шығарманың бастау арнасы кавказ фольклорымен байланысты екенін айтады [78, 101].

Шығармада аталатын Шемахкала, Ярбакиркала, Халабкала сынды топонимдер ежелгі Хорезм жеріндегі қалалардың атаулары. Халық ауыз әдебиетінде сақталған топонимдер ежелгі қалалар жайлы мағлұмат береді. Жырда баяндалатын оқиғалар ерте кезеңдерде орын алғаны да айтылады. Шығарма сюжеті ежелгі Грек шығармаларынан да бұрын екенін зерттеушілер атап айтуда. «Шахсанем және Гариб» дастаны қазақтың «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жырына ұқсас. Екі жырда да басты кейіпкерлер өмірден өтіп, өз сүйіктілері үшін жандарын құрбан етеді. Шығарманың қалыптасқан уақыты ислам дәуіріне сай келсе де, оқиғаның болған дәуірі одан ертерек. Өйткені ислам дінінде «өзін-өзі құрбан ету» құпталмайды. Сонымен, «Шахсанем және Гариб» дастаны татар

фольклорының маңызды дастаны болуымен қатар, этногенетикалық процестердің көрінісі ретінде танылады. Бірнеше ғасырлар бойы оғыз тайпаларының халықтық мұрасы саналып, әр түркі халқының әлеуметтік, эстетикалық талаптарына сай өзгеріп отырған.

Шығарма басында «Бәкрабад», «Багдад» топонимдері аталады. Бакрабад деген қаланың патшасы Багдад қаласынан өзіне уәзір тағайындайды. Бір күні аңшылыққа шыққанда, патша уәзірмен құдандалы болуға ұсыныс жасайды. Сөйтіп қаладан хабар келіп, патшаның қызды болғанын, уәзірдің ұлды болғанын хабарлайды. Қалаға қайтып келе жатқанында кенеттен уәзір қазаға ұшырап, жан тапсырады. Арада біраз уақыт өткен соң уәзір баласы Гариб ер жетіп, патша қызы Шәһсәнәм бой жетеді. Сөйтіп жүргенінде бір-біріне ғашық болады. Бұны естіген патша дереу молдаға Гарибты ешқайда шығармауын бұйырады. Бұндай хабарды естіген Шәһсәнәм молдаға былай дейді:

Муллам, сезгә дад итәй,
Гарибемне азад кыл,
Күңлеңне андаг шадтәй,
Гарибемне азад кыл.
Ләйлә берлә ул Ширин,
Фәрһад берлә ул Мәҗнүн,
Бу сүз сәңа, рәһнамун
Шул гашыйклар хөрмәте,
Кылгыл безгә шәфкате [79, 250].

Шәһсәнәм молдадан Ләйлә мен Мәжнүн, Ширин мен Фәрһад деген ғашықтардың құрметіне Гарибты босатуын сұрайды. Молда Гарибты босатып, еркіндікке жібереді. Ол уақытта Гариб он екіде еді. Он үшке толғанында патша елден қуады. Бар айыбы – жетімдігі. Хәләф қаласына жолға шығып, басқа қалаға аттанады. Ғашық Шәһсәнәмнің жағдайы да белгілі еді. Іштей ғашықтық сезімге тұншығып, ғашығының жолын тосып жүрген еді. Бір күні бақ суарып жүргенінде:

Фөрьяд кылсам, Гариб яныб килермү?
Миңа ачыг кылыб, Гариб китебдер.
Әя, дуслар, аны эзләп чыкыңлар,
Гөлзарлыкныара куймай бакыңлар,
Пәри булыб күккә канат кагыңлар,
Белмәм, Гариб үзе очыб китебдер.
Мән Шаһсәнәм, үзем эзләп бакаен,
Шоңкар булып күккә канат какаен,
Бисмиллаһ диб күлгә кереб бакаен,

Ихтималы үзен пинһан кылыбдыр [79, 256], – дейді. Үзіндіде Шәһсәнәм бар дауысыммен айқайласам, бұны естіп Гариб келер ме екен деп ойлайды. Ғашығының ай жерде жүргенін уайым қылады.

Екі ғашық жасырын байланысып, жаралы Гарибке Халәф қаласына баруы керек екенін жеткізеді. Бір-біріне қосылуды арман етіп жүрген екі ғашық бір-бірін қимайды. Гариб:

Кадир аллаһ, гаиблыкка салмаса,

Еглама, Сәнәм, янә килермән,

Әҗәл йитеб, пәйманәмез тулмаса,

Еглама, Сәнәмҗан, янә килермән [79, 263], – деп өзінің аман-есен келетінін жеткізеді. Шәһсәнәмнің уайымдамауын сұрайды. Шәһсәнәм болса:

Егламай нәйләй? – Күңелем бозылды,

Сәнең берлә кылган гаһдем бозылды.

Башымга төмән даглар тезелде,

Бар, Гарибем, аман-исән килгәйсән [79, 263], – дейді. Ғашығынан аман-есен елге оралуын сұрайды. Жаратқаннан бар тілері ғашығының амандығы еді. Шығармада жаратушы екі ғашықтың таза тілегінде көрініс табады. Бар тілектері – аман-есен екеуінің қауышуы. Алайда екі ғашықтың тілегі орындалмайды. Хәләф шаһарында жүргенде Гариб ғашығымен қауыша алмайтынын түсінеді. Шаһсәнемді әкесі бермейтінін жақсы біледі. Осындай ғашықтық азабында жүргенде өлімді ойлап, өзін құдыққа тастап жібереді. Түсінде Шаһсәнем шошып оянып, Акчадан Гарибтен хабар біл деп тапсырады. Акча барып, хабарын білгенде, Гарибтің жан тапсырғанын Шәһсәнәмге былай естіртеді:

Хәзан орыб, таза күңлең сулыбдыр,

Бер гөлеңдин, гөлзарыңдин аерылдың,

Гариб углың үлеб, дәфен булыбдыр,

Сәвенечлек морадындин аерылдың [79, 271], – деп, Гарибтен айырылғанын айтады. Арада біраз уақыт өткен соң Шәһсәнәм Хәләф шаһарына жолға шығады. Алыстан үлкен мұнара көзіне түсіп, не мұнара екенін сұрастырады. Сөйтсе өз ғашығы жан тапсырған Хәләф шаһарының мұнарасы екен. Шәһсәнәм былай дейді:

– Шөкер имди, килдем Хәләф шәһренә,

Ярым үлгән йирләргә килебмән.

Ярым белә башда вәгъдә әйләшеб,

Гариб дустым килгән йиргә килебмән [79, 274], – деп, өз ғашығының келген жеріне келгенін айтады. Гарибтің өзіне жете алмағанын, ғашығына жете алмай арманда кеткен ғашығының жайы Шәһсәнәмға түсінікті еді.

Құдық жанына келіп, Гариб жанын қиған жерде Шәһсәнәм былай дейді:

– Зөләйхадик Иосыф кеби

Мәнзилгяһым зиндан булды,

Гариб дустым, сәнең өчен

Яхшы көнем яман булды.

Шаһсәнәмдир: мискин башым,

Тынмай акар күздә яшем,

Кодык эчендә юлдашым

Бәлен белә чиян булды [79, 275], – деп, Гариб қаза болған құдық алдына тағзым етіп, өзін тастап жібереді.

Фольклорлық шығармада барша түркі халықтарына ортақ мотивтер көптеп кездеседі. Соның ішінде балалары туылмай тұрып, бел құда болуы; түс көру; ғашығына қосыла алмау. Патша мен уәзір алдын-ала уәделессе де, патша сөзінен тайқып шығады. Қызын уәзір баласына лайық көрмейді. Көбіне ғашықтық жырларда әке сөзі үлкен маңызға ие. Әсіресе әке тарапынан ғашықтардың

қосылуына деген қарсылық көптеп кездеседі. Гариб ендігі Шәһсәнәмді көрмейтінін жақсы түсініп, өзінің жанын махаббат жолында құрбан етеді. Шәһсәнәм да ендігі жерде ғашығынсыз өмірдің түрмеге айналатынын айтып, өмірден баз кешеді.

Гариб өзінің жанын пида еткенде, Шәһсәнәм түс көреді. Түс мотиві ғашықтар жырында маңызды рөл атқарады. Алдын ала болар қауіпті сездіртеді, алайда оған қарсы амал жасай алмайды. Шығармада «туған жер» концептісі Гарибтың туған жерінен қуылғанымен байланыста анықталады. Өзінің рухани бастауы туған жерінен кетіп, ішкі тірегінен айырылады. Туған жерін, анасын тастап кетуі Гариб үшін қиын шешім еді. Өзінің туған жерінен шалғай жатқан Хәләф қаласы қиындықтарға толы болды. Бұл жерден «туған жерден алыстау» соңы жақсылыққа апармайтынын ұғынуға болады. Туған жерден шалғай кету ішкі тіректен айырылуды білдіреді.

Әр халыққа тән эпикалық дәстүрлер бар. Эпикалық дәстүрлер халық шығармашылығының әр түрлі кезеңінде өзгерістерге ұшырап, дамып отырған. Этностың рухани тәжірибесі, даналығы эпостарда көрініс табады. Әр этностың географиялық ортасы, тарихи оқиғалары эпостың қалыптасуына, түрлі вариацияларының қалыптасуына әсер етеді.

Алтын Орда ыдыраған соң, бірнеше хандық қалыптасқандығы белгілі. Соның ішінде, татар халқының бір бөлігі Сібір хандығына, енді бір тобы Ноғай ордасына қосылды. Фольклордың қалыптасуына мифология мен тарихи оқиғалар әсер етсе, оның ұрпақтан-ұрпаққа таралуы чичяндар арқылы жүзеге асты. Татар халық шығармашылығында лиро-эпостық «дастан» жанр ретінде бастауын мифологиядан, этностың тарихынан алады. Татар халқында үлкен маңызға ие дастандардың бірі – «Сайфульмулюк». Дастан ауызша түрде де, жазбаша түрде де халық арасында таралған. Мәселен шығармада Сайфульмулюктің ғашығы Сахипжамалға былай айтқаны бар:

Яшел сандык эчләрендә алтын кашык,

Күзең берлән кашыңга булдым гашыйк [79, 156], – деп, өз ғашығының сұлулығын сипаттайды.

Патша баласы Сайфульмулюк өзге патшаның қызы Сахипжамалға түсінде ғашық болады. Әкесі аң аулап кеткен болатын. Аңшылықтан келген соң әкесіне өзінің ғашық болғанын, түсіндегі аруды іздейтінін айтады.

Мин патша кызы Сәхипҗамалга гашыйк булдым.

Дөньяда аннан матур кыз юк. Мин аны эзләргә китәм [79, 151], – деп түсінде ғашық болған қызды іздеуге жолға шығады. Ғашығын іздеп жүрген мезетте жындардың патшасы Зәнкидің еліне тап болады. Зәнки патшаның қызы Сайфульмулюкке ғашық болатын. Сайфульмулюк өзінің ғашығы барын, арнайылап іздеп жүргенін айтады. Бұны естіген Зәнки патша Сайфульмулюкті жер астына қараңғы түрмеге қамап тастайды. Тіптен қызының сезімін қабыл алмаса, өмір бойы жер астына қамалатынын ескертеді. Күндердің бірінде түрмеден қашып, жер үстіне шығады. Жол үстінде келе жатса, жолда қарияны кездестіріп қалады. Қариядан жол сұрағанда, ондай сұлудың атын естімегенін, жақын аралықта перілердің елінде бір қыздың тұтқында жатқанын айтады. Қария жол сілтеп, теңіз астына түседі. Теңіз астында Мәликә деген арудың

шынжырланып жатқанын көреді. Аты-жөнін сұрастырып болған соң, өзінің үш жыл іздеген ғашығы өмірде барын біледі. Мәликә тұтқыннан шығуға көмектессе, Сайфульмулюкті ғашығына жеткізетінін айтады. Сөйтіп, теңіз астының патшасы Дию өзінің жаны алыста жатқанын, үлкен балықтың ішінде қорапта, көгершіннің ішінде жаны сақталғанын айтады. Егер көгершінді ұстап алса ғана өлетінін айтады. Ал оған жету үшін, көгершінді ұстау үшін, үлкен балықты ұстау үшін Сүлейменнің жүзігі керек екені белгілі болады. Бұның бәрін Мәликә Сайфульмулюкке баяндайды. Қызығы сол – Сүлейменнің жүзігі Сайфульмулюктің қолында. Мәликә аруды теңізден түбінен құтқарып, ғашығын іздеуді жалғастырады. Бір қаланың маңында келгенде, Мәликә Сайфульмулюктің тікелей Сахипжамалды көре алмайтынын айтады. Сахипжамал патшасы екенін ескеру керектігін жеткізеді. Келе жатқанында Сахипжамалды көріп қалады. Сол мезетте:

Гашыйк булдым, күрер өчен өзелдем,

Үлек идем, сәне күргәч терелдем [79, 157], – деп өзінің ғашық болғанын, ендігіде сені көрмей, тірі өлік болып, өмірде өтемін бе дегенде ғашығын көріп тірілгенін айтады. Сөйтсе, Сахипжамалда Сайфульмулюктің жолын күтіп жүр екен. Өзіне Сайфульмулюктен басқасын тең көрмейтінін жеткізеді. Содан кейін әкесімен кездесіп, ғашықтық жайын баяндайды. Сахипжамал әкесі той жасап, Сайфульмулюкті батырлармен ашық айқасқа шақырады. Қыз әкесі батырды сынап, мықты деген батырларын шайқасқа шығарады. Сайфульмулюк болса барлық батырларды жеңеді. Өзінің Сахипжамалға лайық екенін дәлелдейді. Патша қызын Сайфульмулюкке бергісі келмей, сенімді деген үш-төрт адамына жасырын түрде өлтіруді бұйырады. Реті келгенде патша қызын сыйлық беремін деген сылтаумен шақырып алады. Осы сәтте алдын ала дайындалған патшаның адамдары Сайфульмулюкті өлтіреді. Бұл жағдайды көрген Сахипжамал:

Ләкин мине яратмагансыз икән.

Бу минем бердәнбер мәхәббәтем.

Ул булмагач, миңа да тормыш юк [79, 158], – деп Сайфульмулюктің жалғыз махаббаты екенін айтып, ол болмаса өзінің де жоқ екенін айтады. Осылайша, өзіне қол жұмсап, ғашығының соңынан кете барады.

Сайфульмулюк жындар, перілер елінен өтіп, ғашығын тапқанда, әкесі тарапынан қарсылыққа тап болады. Жындар әлемін, перілер әлемін жеңіп, мықтылығын танытса да, патшадан жеңіліс табады. Шығармадағы мифтік сюжет өзге түркі халықтарында да кездеседі. Архаикалық таным негізінде өз сүйгеніне кедергілерді жеңу арқылы жетеді. Ғашықтық дастанда ертегілік, мифтік сюжеттің болуы шығарма жанрын күрделендіре түседі. Негізгі оқиға желісі ғашықтық оқиға құрылғандықтан, дастан ретінде айқындалады.

Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорындағы ғашықтық жырын қарастыра келе, шығармада топонимдер көптеп кездеспейтінін көреміз. Бұған себеп – шығармадағы ғашықтық оқиғалар, қос ғашықтық хикаясы. Ғашықтық жырларына тән ортақ мотивтер – екі адамның бесік құда болуы, екі ғашықтың қосылуына қарсы ішкі жаулар, сыртқы шапқыншылықтар. Ғашықтық жырында да елдік мәселелері көтеріліп отырады. Елді қорғау, ерлік көрсету ғашықтық жырында маңызды саналады. Ғашықтық жырлардың бастау арнасы мифология,

тарихпен байланысты. Тарихи оқиғалардың негіз болуымен өмірде болған ғашықтар туралы лиро-эпостық жырлар дүниеге келген. Фольклорда тұрақталған ғашықтық жырларға тән ерекшеліктер ішінде екі ғашыққа қарсы адамдар бейнесі сомдалады. Мәселен «Қыз Жібек» жырында – Бекежан, Хорен бейнелері қарсы образдар болса, «Ақ Мөөр» жырында – Болат бейнесі, «Шахсанем және Гариб» жырында – Габбас падишах бейнесі, «Кузыйкүрпәс және Маянхылу» жырында – Күсәр ханның бейнесі, «Сайфульмулюк» жырында – Сахипжамалдың әкесінің образы беріледі.

Ғашықтық жырларындағы топонимдердің берілуі қос ғашықтың кездескен жер атауы ретінде немесе басты кейіпкердің қаза ұшырайтын мекен атауы ретінде көрініс табады. «Иремель» топонимі, «Қособа» топонимі жырдың өзегі саналатын сюжеттік желінің арқауы ретінде көрінеді. Зерттеуіміздің негізгі нысаны «туған жер» концептісі болғандықтан, жаңа концептуалды аймақта мағыналық өріс анықталады. Біз бұған дейін қаһармандық эпосты қарастырып, «туған жер» концептісін идеалды батырлар бейнесімен қарастырсақ, ғашықтық жырында сомдалатын әйелдер образы «туған жер» концептісінде анықталады. Анықтап айтатын болсақ, ғашықтық жырларда әйел образы «жауынгер әйел образында» танылып, туған жерді қорғау тек ер-азаматтардың ғана емес, әйелдердің қолынан келетіні көрініс табады. Бұндай тақырыптық-идеялық ерекшелік қырғыз фольклорындағы «Ақ-Мөөр» жырында көрініс табады. Елдің, туған жердің тыныштығын ойлаған Ақ Мөөр өзінен біршама жас үлкен Жантай ханның ұсынысына келіседі.

Жоғарыда келтірілген ғашықтық жырлардың әрқайсысына тән ерекшеліктер бар. Татар жырылары «Сайфульмулюк», «Шаһсәнем және Гариб» мифологиялық түсініктерге негізделген, өз махаббаты жолында өмірін құрбан ету идеясы жатыр. Башқұрт фольклорындағы «Кузыйкүрпәс және Маянхылу» жыры, қырғыз фольклорындағы «Ақ-Мөөр» жыры батырлық, ерлік, туған жерді қорғау тек қана батырлар образында ғана емес, «жауынгер әйел образында» да танылатынын көреміз. Сонымен бірге «Ақ Мөөр» жырында ғашығы үшін елдік мәселелерін алдыға қойған әйел образы айқын сомдалады. Қазақ фольклорындағы «Қыз Жібек» жыры аманаттың маңызды екенін жеткізеді. Өзге жырлардағыдай ғашығы жолында құрбан болу бұнда кездеспейді.

Түркі халықтарында ғашықтық жырларда «туған жер» концептісінің мағыналық өрісі кеңейе түседі. Қаһармандық эпоста туған жерді қорғау басты идея ретінде көрінсе, ғашықтық жырда махаббат тақырыбы алдыға шығады. Бұған қарамастан ғашықтық жырларда «туған жер» тақырыбы көтеріледі. «Туған жер» концептісі айқын көрініс табатын жырлар да, бұлдыр көрінетін жырларда бар. Бірінші топтағы жырларға «Қыз Жібек», «Ақ-Мөөр», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу» жатады. Бұлдыр көрініс беретін ғашықтық жырлар қатарында: «Сайфульмулюк», «Шаһсәнем және Гариб» фольклорлық шығармалары танылады. Соңғы аталған екі жырда архаикалық таным, мифтік дүниетаным айқын көрініс береді. Осыған сәйкес бұл жырларда мифтік кейіпкерлер сомдалып, солармен күресіп жүреді. «Қыз Жібек», «Ақ-Мөөр», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу» деген жырлардағы «туған жерді қорғау» идеясының айқын берілуі көшпелі өмір сүрген халықтардың жаудың шапқыншылық әрекеттерінің

әсері бары көрінеді. Әрі бұл шығармаларда сыртқы жау ноғайлар, қалмақтар деп анық беріледі.

Қорытындылайтын болсақ, түркі фольклорында «туған жер» концептісі қаһармандық эпоста да, лиро-эпостық жырларда да көрініс беріп отырады. Семантикалық, перифериялық қатарларда «туған жер» концептісі ассоциацияларға, образдарға байланысты түрліше беріледі. Соған қарамастан түркі халықтарының фольклорында «туған жер» концептісі негізгі тақырып саналады.

Батырлар жырында елдік, ерлік тақырыптары «туған жер» концептісін толық талдауға мүмкіндік берсе, ғашықтық жырында «туған жер» концептісі солғындау көрініс табады. Сонда да фольклорлық сана ұғымы арқылы, ғашықтық жырларындағы «туған жер» концептісі жан-жақты талданды. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының фольклорлық санасында айқындалатын «туған жер» концептісінің үлкен маңызы бар. Ғашықтар хикасы баяндалатын жырда топонимдердің қызметі – ақпараттық, мекендік. «Туған жер» концептісін топонимдердің қызметін анықтау арқылы емес, фольклорлық сана негізінде айқындау ғашықтық жырын бағалауға да мүмкіндік береді.

1-кесте. «Туған жер» концептісінің А. Приходько ұсынған «Семантикалық-перифериялық» моделінде (модель атауы - *автордың өзіндік ұсынысы негізінде берілген*) анықталуы.

Мағыналық қатар	**Ассоциациялар мен образдар қатары**	**Үшінші қатар**
«Туған жер концептісі» кіндік қаны тамған жер, туып өскен атамекені.	«Батырдың туған жер үшін өзін-өзі құрбан етуі», «туған жерге оралу», «ата-ана разылығын алу», «ата-анасын қуанышқа бөлеу»	Этнопсихологиялық аспект: туған жерді қорғау үшін өз жанын құрбан ету. Социодискурстық аспекті: «туған жер» концептісі идеологиялық маңызға ие. Лингвомәдени аспекті: Батырлардың өз теңін табуы, үйленуі, ата-анасын қуанышқа бөлеу.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бірінші бөлімде түркі фольклорындағы «туған жер» концептісі А. Приходько ұсынған концепт-схемаға негізделген. Үш деңгейден тұратын концепт анықтау әдісі қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының қаһармандық, ғашықтық жырларының негізінде жүзеге асырылды. Зерттеу барысында «Шора батыр», «Ер Табылды», «Ер Төстік», «Алпамыс», «Орал-батыр», «Қыз Жібек», «Ак-Мөөр», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу», «Шәһсәнәм мен Гариб», «Сайфульмулюк» жырлары талданып, «туған жер» концептісінің мағыналық, перифериялық мағыналары айқындалды. Қаһармандық эпостарды талдау барысында «туған жер» концептісінің этнопсихологиялық,

социодискурстық, лингвомәдени аспектілері анықталды. Нәтижесінде қаһармандық эпоста «туған жер» концептісінің социодискурстық аспектісі идеологиялық қызметпен байланысты екені анықталды. Талдау нәтижесі 1-кестеде берілген. Сонымен, ғашықтық жырларын талқылауда фольклорлық сана ұғымы қолданылып, «туған жер» концептісінің семантикалық, ассоциациялық өрістері талданды.

2 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАРЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ

2.1 Түркі халықтары ертегілеріндегі «туған жер» концептісінің көріністері

Диссертациялық жұмыста «туған жер» концептісі топонимдік фольклор негізінде қарастыру көзделген. Осыған сәйкес бірінші тарауда «туған жер» концептісі образды-перифериялық талдау әдістемесі негізінде талданды, «көркем концепт», «фольклорық концепт» ұғымдары аясында қарастырылды. Ендігі кезекте «туған жер» концептісін зерттеуді әрі қарай әдебиеттану бағытында жалғастырсақ.

Антропоөзектік парадигманың дамуымен когнитивтік лингвистикада концептті зерттеудің лингвокогнитивтік, лингвомәдени, логика-философиялық, психолингвистикалық арналары қалыптасты. Соның ішінде концептті лингвомәдени, әдебиеттану аспектіде қарастыру «туған жер» концептісін жан-жақты талдап, фольклорда тұрақталған когнитивтік модельдерді айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде лингвомәденитанымдық бағыттың дамуына Ж. Манкеева зерттеулерінің үлесі зор. Ғалымның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» деген зерттеу еңбегінде концептті анықтаудың үш түрлі қағидасы анықталады. Зерттеушінің пікірін негізге алатын болсақ, қазақ тілінде концептті зерттеу ұлттық танымның қазынасын анықтау; концепт негізінде символдық аспекттің көрінісі; концепттің таным деңгейде біртұтас жүйеде қарастыру қажет екенін көреміз [80, 41].

Қ. Жаманбаева болса тілдегі танымдық теорияны гештальт теориясымен байланыстырады [81, 35]. Зерттеуші А. Салқынбай когнитивтік лингвистиканың рухани мәдениетпен тікелей байланысты екенін айтады. Сонымен бірге мақал-мәтелдерді фольклордағы қалыптасып, тұрақталған «матрица» екенін айтады [82, 136]. Зерттеуші А. Әмірбекова концепттің ғылыми, рухани, мәдени, көркемдік таным сипаттары бар деп көрсетеді [83, 45]. Орыс зерттеуші В. Маслова концепттің ұғымын толықтай түсіну жеке бір адамның ғана емес, толықтай этностың дүниетанымын түсінуге мүмкіндік беретінін айтады [17, 19]. Осы орайда зерттеуші Б. Тілеубердиев пікірін ескеруіміз керек. Б. Тілеубердиев концепттің адам санасында бейнелетін түсінік екенін айтады [84, 12]. Е. Кубряков болса концептті зерттеуде танымдық тұрғыда қалай бейнеленгеніне назар аудару қажеттігін жеткізеді [85, 14]. Зерттеушілердің пікірін қорытындылай келе, концептті лингвомәдени аспектіде зерттеу этностың мәдени мұрасына қалыптасып, тұрақтанған «білімдер жүйесін» бағалауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмысымызда «туған жер» концептісін деңгей бойынша талдауда образдар, ассоциацияларды қарастырдық. «Туған жер» концептісінің халық танымында тудыратын образдар анықталып, талданды. Қырғыз зерттеушілерінің пікірінше, «концепт» образдар ретінде танылмайтынын айтады. Бұндай қарама-қарсы пікірлерлі келтіру арқылы «туған жер» концептісін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік туады.

В.В. Колесов «Концепт культуры: образ – понятие – символ» деген зерттеу еңбегінде концепттің сөздің мағынасының бастапқы нүктесі, сонымен бірге бір мезеттегі дамуының соңғы кезеңі екенін айтады [86, 24]. А.П. Бабушкин болса, концепттің ұжымдық сананың, тілді тасымалдаушы халықтың ұлттық жадында вербалды түрде сақталған мазмұнды бірлігі деп анықтайды [87, 14]. Қырғыз зертеушілері концептті образ аспектісінде қарастырмау қажеттігін айтады. Бұған себеп образ, ассоциация ұғымдардың айырмашылығы болып отыр. Зерттеушілер З.К. Дербишева [35], Г.А. Абыканова [88] қырғыз тіліндегі «суу» концептісін зерттей келе, концепттің образбен байланысы жоқтығын айтады. Мәселен З.К. Дербишева «суу» концептісін талдағанда мынадай аспектілер анықталуы қажеттігін көрсетеді: мағыналық ядро; семантикалық қабат; интепретациялық қабат; ақпараттық қабат; символдық қабат [35, 113]. Концепті қарастыру барысында оны фольклорлық мұралар арқылы лингвомәдени аспектіде зерттеудің маңызы зор. Осы тұста «туған жер» концептісін әдебиеттану тұрғысында қарастырып өтсек.

Ғылыми айналымда фольклор жайлы қалыптасқан бірнеше пікірлер бар. Соның ішінде А. Дандес «фольклор – мәдениет айнасы» деген пікірін жеткізеді [89, 56]. Жалпы еуропалық, американдық фольклортанушылар үшін фольклор «миф, ертегі, аңыз, ән, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ойын, би» деп анықталады.

Түркі халықтарының фольклорын зерттеу, соның ішінде қазақ фольклорын зерделеудің басталуы мерзімі – XVIII ғ. II жартысы. Зерттеуші П. Паллас Ресей империясына саяхаты кезінде қазақтар туралы аңызды, бақсылар туралы, жалпы қазақ халқының діні жайлы мәліметтерді келтіреді. Одан кейін Н. Рычков қазақ жеріне саяхаты кезінде халық арасында тұрмыс-салтқа қатысты: үйлену, жерлеу салттары жайлы мәліметтерді атайды. А. Левшин, И. Шангин, Ф. Назаров сынды зерттеушілердің еңбектерінен қазақ фольклорына қатысты мәліметтер кездеседі. Қазақ фольклорында ғұрыптық фольклор, мифтік фольклор сынды жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес терминдер қалыптасқан. Аталған ұғымдардың қатарына «топонимдік фольклор» терминінің ғылыми айналымда қарастырудың мәні жоғары. Жер-су атауларына қатысты ұғымдарды зерттеп, фольклордағы маңызын айқындау «туған жер» концептісін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақ фольклорынан бөлек, түркі фольклорында «туған жер» ұғымы қастерлі саналады.

«Қазақ халқының қастерлі және қастерленген құбылыстарға қатысты ежелден келе жатқан наным-сенімдері оның жер-су атауларына қатысты прозалық әңгімелерінен де айқын көрінеді. Қазақ жер-су атауларының көпшілігі жағрафиялық нысанның ерекшелігіне, кеңістікте орналасудағы өзгешеліктеріне орай халықтың мифологиялық пайымдауларына байланысты қойылған» [90, 175]. Зерттеуде аталатын топонимдік аңыз, әпсаналар арқылы белгілі бір мекенге тән ерекшеліктерін ғана емес, мифологиялық негізін көрсетіп отыр. Әлем, қоршаған орта туралы қалыптасқан түсініктер адамзаттың табиғаттың дүлей күштерінің алдындағы әлсіздігін көрсетсе, енді бірде «құбылушылық» элементтері арқылы мифтік түсініктің топонимдермен байланысын көрсетеді. Халқымыздың дүниетанымында «қастерлі» саналатын ұғымдардың бірі – жер-су

атаулары. Толығырақ айтатын болсақ, туған жерге қатысты ұғымдардың барлығы дерлік маңызды әрі сакральды мәнге ие түсініктер болып саналады.

Халық өнерінің көрінісі саналатын «фольклор» жайлы ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Бір топ ғалымдар пікірінше, фольклор ең бірінші сөз өнері деп анықталады. «Фольклор народа зарождался и развивался в родовом обществе, а наибольший его расцвет проявлялся в эпоху феодализма. Современное состояние фольклора свидетельствует: в период капитализма и социализма многие жанры устного народного творчества забываются, прекращают свое существование или переходят в другую область духовной культуры. В частности, эпические жанры уступают место малым жанрам, значительно сужается область функциональности классического фольклора. Многие жанры и виды искусства в зависимости от места и времени, прошли традиционный, классический путь развития. Каждый народ имеет национальную литературу, занимающую свое определенное неравнозначное место в истории мировой литературы. Все относится и к фольклору, который в первую очередь является искусством слова» [91, 100]. Қазақ фольклорының арнайылап зерттелуінің басталуы А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, С. Мұқанов есімдерімен байланысты. Кейінірек С. Аманжолов, Ш. Сарыбаев, Қ. Жұмалиев, Е. Исмаилов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Т. Сыдықов, Г. Сыдықова, С. Садырбаев сынды фольклортанушы-зерттеушілер фольклордың жанрлық-тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін анықтады. Бүгінгі таңда фольклорды зерттеудің жаңашыл, тың бағыттары қалыптасты. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде когнитивтік лингвистика бағытында зерттеу жүргізіп, «туған жер» концептісінің қатарларын анықтадық. Ендігі кезекте когнитивтік әдебиеттану аясында «туған жер» концептісін қарастыратын боламыз.

Ғылыми айналымда когнитивтік әдебиеттану саласы жас әрі жаңа сала саналады. Аталған бағыт бойынша қазақ фольклорын зерттеу көп кездеспейді. Дегенмен, жаңа бағыт екеніне қарамастан, фольклор жайынан терең мағлұмат беріп, фольклорды танымдық аспектіде қарауға мүмкіндік береді.

Зерттеуші А. Сейдімбек былай дейді: «Халық мұрасы – фольклор болса, ол – тарихтың көшірмесі емес, керісінше тарих аясындағы халық болмысының, дәлірек айтқанда халықтың арман-аңсарының (идеал) көрінісі ғана. Фольклор тарихты қайталамайды, белгілі бір тарих шеңберіндегі халықтың ой-өрісін, көркемдік қабілет-түйсігін, сезім-сырын, кісілік қалыптарын, керек десеңіз өмір салтын айғақтайды. Бұл тұрғыдан келгенде, фольклорды тарихтың көшірмесі немесе хабарламасы тұрғысында емес, тарихтың айғағы ретінде қарастыруға болады» [92, 13]. Осы пікірді негізге алатын болсақ, фольклордың негізінде халықтың арман-аңсары жатқанын көреміз. Соның ішінде, «туған жер» ұғымының негізінде барша түркі халықтарының қиялындағы жайлы мекен, құтты мекен жатыр.

«Фольклордың әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметі, мазмұны мен құрылымы заман талабына сай түрлі өзгерістерге түсіп, тарихи дамудың әр қилы өткелінен өткен. Фольклор алғашқы қауымдық қоғамда да, орта ғасырларда да, жаңа дәуірде де болған. Сондай-ақ, ол белгілі бір өзгерістермен қазіргі заманда

да халықтың ауызша сөйлеу әрекетімен бірге жасауда (әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ т.б.). Бұл жағдай фольклордың түрлі тарихи кезеңдерін, қоғамдағы қызметін, әлеуметтік жүгін әртүрлі қырынан пайымдауға мүмкіндік береді» [93, 10]. Фольклордың әлеуметтік жүгі әр түрлі кезеңдерге сай өзгеріп отырды. Қоғамның талаптары фольклорлық шығарманың өзегінде көрініс тапты.

Әрбір халықтың рухани және материалды мәдениетінде ұжымдық шығармашылықтың бір түрі ретінде фольклор анықталады. Фольклор негізінде тұрмыс, дүниетаным, салт, дәстүр айқын көрінеді. Зерттеуші С. Кузембаева көне замандарда қалыптасқан фольклордың ұлттық өнердің тарихи негізі екенін айтады [94, 11]. Этникалық ұжымдардың құрылуы, жалпы ұлт ретінде қалыптасуы идеологиялық аспектімен байланысты. Зерттеуімізде фольклорлық шығармаларда кездесетін топонимдердің идеологиялық қызметін атап көрсеткен болатынбыз. Бұлайша топонимдердің қолданылуы «туған жер» концептісі аясында анықталды.

Когнитивтік әдебиеттану ұғымына тоқталатын болсақ, көлемді Е. Лозинскаяның зерттеу еңбегін негізге аламыз. Зерттеуші Е. Лозинская «когнитивтік әдебиеттану» терминін М. Тернер, Р. Цур, П.К. Хоган, А. Ричардсон пікірлеріне негізделгенін айтады. «Когнитивтік әдебиеттану» әдебиеттің жаңа бір бағыты, әдебиет теориясының жаңа қарқында дамуының нәтижесі саналады. Е. Лозинская когнитивтік әдебиеттану ғылымының қатарына: когнитивтік риторика, когнитивтік поэтика, когнитивтік нарратология, когнитивтік рецептивті эстетика сынды салаларды көрсетеді [95, 15]. Когнитивтік әдебиеттану бағытында зерттеулер жүргізіп жүрген отандық ғалым А.Қ. Қалиева: «Әдебиеттану аясында көркем мәтінге когнитивтік талдау жүргізудің әдіснамалық негізін бірқатар пәндер тоғысындағы зерттеу ыңғайлары құрайды. Нақтырақ айтсақ, әдеби сана контексінде мәтінді ойлау акті ретінде зерделеу барысында филологиялық (әдебиеттанушылық әрі тілтанымдық), герменевтикалық, феноменологиялық (философиялық), психологиялық, мәдениеттанушылық, әлеуметтанушылық талдау әдіс амалдары қолданылады. Осылайша, өнер атаулыны ой-таным формасы түрінде қарастырудағы когнитивтік парадигманы мәтінтану үдерісін пәнаралық ыңғайда түрлендіретін, жаңаша пайымдауға талпынатын ғылыми бағдар деп түсіну қажет» [96, 100]. Бұдан когнитивтік әдебиеттану ғылымының даму қарқыны, жаңа сала ретінде қалыптасуы үлкен қызығушылық тудырады. Зерттеуші Г.Шремпп пікірінше когнитивтік ғылымның негізгі мақсаты – негізгі когнитивтік процестердің базалық моделін құрастыру [97, 192]. Зерттеуші С.Дж. Броннер когнитивтік әдебиеттану мен фольклордың философиялық негізі И. Кант, Г. Спенсер зерттеулерімен байланысты екенін айтады. Аналитикалық талдаулардың нәтижесінде фольклорлық шығармалар «мәдени артефакт» әрі эмпирикалық постулат фольклорлық шығарманың «әлеуметтік тәжірибе» екенін көрсетеді. «Әлеуметтік тәжірибе» екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең – адамдардың қарым-қатынасы, екінші кезең – айтушы мен тыңдаушының әлеуметтік сәйкестіктерін көрсетеді [98, 274]. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, жалпы фольклорлық шығармалардың жүзеге асуы бірнеше кезеңде жүзеге асады. Фольклорда айтушы мен тыңдаушы болатыны сөзсіз. Бұл өз кезегінде адамдардың бір-бірімен

қатынасқа түсіп, вербалды араласуын білдіреді. Ертегінің шығуы, қалыптасуы жөнінде көптеген деректер бар. Бірінде адамдардың ауыл тіршілігі басылған соң, бір жерге жиналып ертегінің немесе жырдың баяндалатыны айтылады. Бұл жердегі әлеуметтік сәйкестік олардың қоғамдағы алар орнын, маңызын көрсетеді. Айтушы фольклорлық шығарманы таратып қоймай, тыңдаушыға әсер ету жағын ескеру қажет. Түркі фольклорында айтушы мен тыңдаушы арасындағы байланыс ертегілерде айқын көрінеді.


Зерттеуші А. Ахметова әдебиеттану ғылымындағы концепттің зерттелу тарихына тоқталады. Айтуынша әдебиеттануда концептті қарастыру мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

1. Мәдениетте сақталған ұлттық код пен этноқұбылыс;

2. Ұлттық әдебиеттегі халық танымын түсінуге көмектесетін кілт сөздер [99, 228].

Зерттеуші В. Красных зерттеу еңбегінде концептке тән танымдық сипат авторлық қызметпен байланысты деп көрсетеді [100, 98]. Зерттеушінің әдебиеттанудағы концепт жайлы пікірін негізге ала отырып, нәтижесі 1-кестеде берілген.

1-кесте. Әдебиеттануда концепт ұғымының анықталуы



«Концепт» мәтіннің қалыптасуына әсер етеді. Мәтінде автордың жеке көзқарасы, ұстанымы көрінеді. Жалпы авторлық позициясын жеткізуде «концепттің» рөлі жоғары. Сонымен бірге «концепт» арқылы мәтінде белгілі бір кезеңге, дәуірге тән ерекшеліктер көрініс береді.

Ендігі бір тарап зерттеушілер В. Миллер, В. Зусман, В. Аскольдов әдебиеттануда концепттің анықталуы символизммен, ассоциациямен байланысты деген көзқарасты ұсынады. Жалпы әдебиеттануда концепт жайлы

тұрақты көзқарас қалыптаспаған. Осыған орай әлемдік әдебиетте, әдебиеттануда концепттің анықталуы мәтіндік және символдық аспектілерінде зерттеу бағыттары бар. Әдебиеттану саласында символ ұғымы аталғанда, міндетті образ түсінігі қатар жүреді. «Туған жер» концептісін символдық аспектіде қарастыратын болсақ, зерттеу арнасы образ ұғымын ғана емес, образ арқылы ашыла түсетін архетип, мотив мәселелері алдыға шығады. Ғылыми зерттеу жұмыста белгілі бір авторға тән шығармаларды емес, бүтін түркі халықтарының мұрасы саналатын «түркі фольклорын» зерттеу нысаны ретінде алып отырмыз. Осыған сәйкес ұжымдық сананың нәтижесі саналатын, әрі тұрақталған образдар жүйесі саналатын «архетип» және түркі фольклорында жиі кездесетін «мотив» ұғымдарын талдау нәтижесінде «туған жер» концептісі әдебиеттану аспектісінде анықталады.

Диссертациялық жұмыста В. Миллер, В. Зусман, В. Аскольдов сияқты зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, концептіні символдық образда қарастыруды басшылыққа аламыз. 2024 жылы жарыққа шыққан әдебиеттану сөздігінде концепт ұғымы арқылы ұлттық дүниетанымның көрінісі деп анықталады. «Қандай да бір көркем концептілердің әдебиетте қалыптасуы ұлттық және адамзаттық деңгейлердегі мәдени-рухани эволюция үдерісін айғақтай отырып, нақты бір дәуірге тән өзекті ұғымдарды алдыңғы қатарға алып шығады» [101, 130]. Сонымен бірге, концепт негізінде ұлттық рухани құндылықтар айқындалады. Осыған сәйкес, зерттеуімізде «Туған жер» концептісінің рухани құндылық ретіндегі маңызы символдық аспектіде анықталады. В. Красных пен Н.С. Болотнова бастаған бір топ зерттеушілер өз еңбектерінде авторлық дүниетанымға басымдық берсе, ал ұлт танымында қалыптасқан түсініктердің рухани маңыздылығын қарастырған В. Миллер, В. Зусман, В. Аскольдов пікірлерін біз құптаймыз.

В. Зусман әдебиеттанудағы концепт ұғымын қарастыра отырып, мынадай тұжырымға тоқталады: «Концепт – шығарманың көркемдік әлемі мен ұлттық дүниетанымды біртұтастықта қарастырудың құралы» [102, 19].

Л. Миллер концептіні көркемдік тәжірибе ретінде қарастырады. Этномәдени ұжымның мәдени жадында тұрақталған көркем тәжірибе ретінде концепттің маңызы зор [103, 42].

Осылайша, концептіні әдеби аспектіде зерттеу ұлт концептосферасының дамуына қосқан үлесін саралауға мүмкіндік береді.

Зертеушілердің пікірін негізге ала отырып, зерттеуімізде концептті архетип, мотив ұғымдары аясында қарастырамыз. Концепт пен архетип ұғымдары аясында қандай байланыс бар болуы мүмкін? Бұл сұрақ аясында көптеген зерттеушілер бірнеше пікір ұсынады. Зерттеуші Ю.С. Степанов архетипті ұзақ уақыт бойы қалыптасқан тұрақты, базалық концепт деп пікір білдіреді [18, 85]. И. Смирнов болса архетипті шындық концептуалдануы деп анықтайды [104, 61]. Соңғы зерттеулерде «архетип» «концепт» ретінде айқындалады. Архетип концепт тәрізді белгілі бір тарихи оқиғаға қатысты қалыптасқан ментальды түзілім ядросы деп танылады. Адамзаттың әлемді қабылдауы мен санасында көрініс табатын базалық концепт – архетип. Архетип адамзат тарихында «біріншілік» концепт қызметін атқарады. Адамзаттың алғашқы болып дүниені

тану моделі деп танылады. Архетип жай ғана «концепт» емес. Архетип – адамзаттың әлемді тануының алғашқы тәжірибесі. Концепт пен архетип ұғымдарын ұжымдық сана байланыстырады. Ұжымдық сана нәтижесінде қалыптасқан архетиптер концептілердің сан алуан мағыналық қатарын символдық аспектіде толықтыра түседі.

Зерттеуші В. Телия «Отан» ұғымының орыс мәдениетінде өмірлік архетипке айналатынын айтады [13, 466]. Зерттеуімізде «туған жер» концептісін қарастырып отырғандықтан, «Отан-Ана» архетипін қарастыратын боламыз. Зерттеу нысаны ретінде қазақ, қырғыз, башқұрт, татар фольклорындағы ертегілер алынған.

Диссертациялық жұмыста архетиптерді арнайылап «туған жер» концептісіне қарастыруымыз М. Райанның «Әдебиет теориясы» зерттеуінде атаған «этностық таным» ұғымымен байланыстырамыз [105, 154]. Аталған ұғым аясында «туған жер» концептісі жайлы қалыптасқан этностық таным архетиптер негізінде талданады.

«Отан-Ана» архетипі «Ұлы ана», ілкі-ана архетипімен байланысты. Адамзаттың туған жер алдында моральды міндеттері бар. Зерттеуімізде «туған жер» концептісі негізінде Отан-Ана, Батыр, Дана, Билеуші архетиптері қарастырылады.

Башқұрт фольклорында ертегілер қызықты әрі көлемді жанр ретінде танылады. Ертегілерде өзге де халықтарға тән ұлттың дүниетанымы көрініс табады. Әлем бойынша ертегілер фольклордың алтын қоры саналады. Ертегіде махаббат пен жауыздық, батылдық пен қорқақтық, мейірімділік, жамандық тақырыптары көтеріледі. Башқұрт ертегілерінде ежелгі мифтік мотив көптеп кездеседі. Зерттеуімізде «Кагарман батыр», «Арпа батыр», «Акыял батыр» ертегілері қарастырылады.

Ғажайыптық сипаттағы ертегілер этностың рухани, материалды мәдениетін зерттеудің алтын қоры саналады. Башқұрт фольклорында ғажайып ертегілер «тылсымлы әкиәттер» деп те аталады. Ғажайып ертегілерде кездесетін мотивтер: ежелгі инициация ғұрпы, шаңырақ құру үшін жар іздеу, құдаласу. Ертегілерде кездесетін мифтік кейіпкерлерді зерттеуші, профессор А.Н. Кириеев үш топқа бөледі [106, 17]:

1. Жауыз образы: аждаха, дәу, ифрит және т.б.;

2. Зияны жоқ мифтік кейіпкерлер қатарында тау, орман, үңгір иелері (хозяева);

3. Адамзатқа көмектесетін мейірімді мифтік кейіпкерлер: тұлпарлар, қанатты ақбузат, самұрық сынды мифтік құс.

Мифтік кейіпкерлер фольклордың әр түрлі жанрында кездеседі. Соның ішінде ертегілерде молынан ұшырасады. «Дэв» (дейеү) – башқұрт ертегілерінде жиі кездесетін мифтік кейіпкер. Аталған мифтік кейіпкердің образы ертегілерде бірнеше қызмет атқарады. Мәселен «Дандан батыр» ертегісінде ұрлықшы, «Сайфелмулюк» ертегісінде басты кейіпкерді алдап, тұзаққа түсіреді. С. Қондыбайдың айтуынша «Дэв», яғни «Дәу» образы парсы халқының фольклорынан ислам дінінің алғашқы жылдарында енген [107, 100]. Башқұрт фольклорындағы ғажайып ертегілерде басты кейіпкердің мифтік қарсыласы әйел

және еркек деп гендерге байланысты бөлінеді. Дәу, Айдаһар, Иргаил ерлер образы деп танылса, Мэскэй эбей, убырлы карсык әйел образы деп анықталады. Бұндағы Мэскэй эбей мифтік кейіпкері орыс ертегілеріндегі «Баба-яга» образымен ұқсас. Сонымен бірге мыстан кемпір, жалмауыз кемпір образдарымен негіздері бір. Убырлы карсык адам жейтін, қанын соратын вампир тәрізді мифтік кейіпкер деп танылады.

Зерттеуімізде «Отан-ана» архетипі «Ана» архетипімен байланысты. Осыған сәйкес диссертациялық жұмыста «Ана» архетипінде танылатын «Мэскэй эбей», Мыстан кемпір, Жалмауыз кемпір образдарын қарастырамыз. Бұған себеп С. Қасқабасовтың ертегілердегі мыстан кемпір жайлы пікірі болып отыр. Зерттеушінің анықтауынша рулық қауымда инициация ғұрпы маңызды саналған [108, 108]. Киелі ритуалдың өтуі ер баланың кәмелеттік жасқа жетіп, ер жетті дегенін білдіреді. Инициацияны жасаушы – көбіне ертегілерде жағымсыз сипатта сомдалатын мыстан кемпір, жалмауыз кемпір образдары.

Башқұрт ертегілерінде, сонымен бірге барша түркі ертегілерінде ғажайыптық сипатта туу, жылқы таңдау, қару таңдау, сапарға аттану, қауіпті жаумен соғысу, жеңіспен Отанына оралу сынды мотивтер жиі кездеседі. Ғажайыптық туу мотивіне келетін болсақ, башқұрт ертегілерінде мынадай сюжеттер бар. «Акъеляк» ертегісінде үй шатырына тамған қан тамшысынан жаралу; «Мыңжылдық айдаһарды жеңген, Егет батыр» ертегісінде шекпенде туылу; «Тубык батыр» кемпір тізесінен жаралуы; «Алп батыр» ертегісінде тау бөліктерінен жаралу сынды бірнеше ғажайыптық сипатта жаралу мотивтері кездеседі. Дәстүрлі башқұрт және түркі халықтарында наннан жаралу мотиві бар. «Қамыр батыр» ертегісінде бір қария наннан бала пішін жасайды. Оған жан бітіп, тірі балаға айналады. Башқұрт фольклористтері бұндай мотивтің негізінде адамның табиғатпен байланысы жатқанын айтады. Яғни қамырдан жасалған батыр жерді игеру еңбегінің жемісі саналады. Қазақ халқында да «Нан батыр» ертегісінде де қамырдан баланың пішіні жасалады, кейіннен оған жан бітеді. Осылайша, ертегілерде әлем жайлы мифологиялық түсініктер айқын көрінетінін аңғарамыз. Ертегі кейіпкері үшін эпикалық балалық шақ туылғанынан ерекше екенін көрсетеді. Яғни бұндай мотивтің берілуі ертегінің ғажайыптық сипатын, идеялық-эстетикалық негіздерін ерекшелей түседі. Батырдың өз үйінен кетіп, сапарға аттанған сәтінен бастап негізгі бөлім басталады. Ғажайып күшке ие жауларымен күресіп, қиын тапсырмаларды орындайды. Сюжет кульминациясы батырдың демондық кейіпкерлермен күресінен көрінеді. Жауларына қарсы жасаған ерлігі адамзаттың ақылын, халық идеалы екенін, әділеттілік пен еркіндікке ұмтылу екенін айқындаймыз.

«Кагарман батыр» ертегісін қарастырсақ. Баяғы өткен заманда Кагарман деген адам өмір сүріпті. Бойының ұзындығы қырық аршынды құрайды. Күндердің бір күні әйелі жоғалып, іздеуге шығады. «Дәулер» арасынан іздеп жүргенінде, ешкімнің білмейтінін, дәулердің арасынан біреуі жөнін айтады. Дәулер ішіндегі біреуі «Каф» тауын мекен ететін мықты дәудің әйелін ұрлап кетуі мүмкін екенін жеткізеді. Осылай жарын іздеп, Каф тауына келеді. Каф тауына жеткен соң қақпадан өтеді де, алыстағы сарайды көреді. Өзін Аллаға аманаттап, сарай төбесіне шығып, ұйқыға кетеді. Бір кезде өзен қайнап, ішінен тұлғасы

адамға ұқсас бұлдыр бейне шығады, тағы өзен қайнап ішінен тау тұлғалы дәу шыққанын көреді. Содан кейін басқалары да пайда болып, ойнай бастайды. Арасындағы ең үлкен дәу досының жаңа қыз әкелгенін айтады. Сол кезде қыз жылап жібереді. Кагарман дауысынан өзінің жары екенін бірден біледі. Кагарманның белдігінің ұзындығы қырық аршын еді. Белдігімен үйдей болатын дәуді бір салғанда, ол жерге құлап түседі. Онымен үш күн алысып, ақыры жеңіске жетеді. Жылаған қызды іздестірсе, бөтен патшаның қызы болып шығады. Қасына ертіп, жолға шығады. Жолда тағы бір сарайды кездестіріп, жарын іздей бастайды. Алайда бұл сарайдан да өз жарын кезіктірмейді. Сарайды күзетіп жүрген әскерлермен үш күн күресіп, ақыры жеңіп, жолын әрі қарай жалғастырады. Басқа сарайға барғанда өз жарын кезіктіреді. Жары болса кері қайтуын өтінеді. Кагарман болса бұған дейін дәулермен күресіп, жеңгенін, қалған дәулерді жеңбейінше ешқайда бармайтынын айтады. Содан кейін жары келесі сарайда бір дәудің ұйықтап жатқанын, сарай жаққа нұсқап жібереді. Сарайға кірсе, бойының ұзындығы сексен аршын, саусақтары бір адамның өлшеміндей екен. Кагарман алып дәумен айқасқа түсіп, жеңіске жетеді. Жарын алып, Каф тауына келеді. Осы жерде құтқарған екі қыздың бірін жар етеді, екіншісін еліне қайтарады. Еліне оралған соң қарапайым тұрмыс кешеді [109, 62].

Шығармада аталатын «Каф» топонимі негізгі оқиғаның бастау арнасы ретінде қызмет атқарады. Ертегі мифтік сюжетпен астарласып, батырдың болмысын биіктете көрсетеді. Ал «Кагарман катил» деген нұсқасында «Каф» тауын мекен ететін жындарды мұсылман дініне кіргізгені айтылады. Ертегіде «батыр» архетипі демондық күштермен күресу мотивімен айқындалады.

«Арпа батыр» ертегісінде «батыр» архетипінің ғажайыптық туу мотиві арпамен байланысты. Бір күні бір кемпір арпа дәнін тауып алып, жеп қояды. Бұрын пұшпағы қанамаған кемпір балалы болады. Баласының атын Арпа деп қояды. Ауылдастары баласының қайдан пайда болғанын сұраса, кемпір арпа дәнін жедім, содан кейін туылғанын айтады. Арпа өсе келе батыр тұлғалы жігіт боп ер жетеді. Бір күні ауласына кіріп кеткен бұқаны бір соққыдан өлтіреді. Бұны естіген ауылдастары батырды ұнатпай бастайды. Бұдан соң Арпа батыр ауылынан кетіп қалады. Алыс сапарға аттанады. Жолда Тау батырын, Су батырын кезіктіріп, үшеуі жолын жалғастырады. Жолда келе жатқанында бір үйге келіп тоқтайды. Күндердің күнінде күтпеген жерден бір шал пайда болады. Шалдың кескіні қызық, өзі кішкентай болса да, сақалы ұзын. Шалмен Су батыры айқасып, жеңіліс табады. Ақыры Арпа өзі айқасып, сақалынан іліп қояды. Таңертең оянса, шал қашып кеткен екен. Қан іздерінен шалдың соңына түседі. Шал үлкен тастың қасына келіп, жер асты патшалығына кеткенін көреді. Су батыры мен Тау батырына жер асты патшалығына түсуін бұйырады, алайда олар бұйрықты орындамайды. Арпа батыр өзі жер астына түседі. Жер астында біраз жүрген соң, бір үйге тап болады. Үйге кірсе, ішінде үш қыз отыр. Өзін адамдарды емдейтін молда деп таныстырады. Үш қыз болса әкесінің ана әлемнен ауырып келгенін, емдеуін өтінеді. Арпа батыр ұйықтап жатқан жерінен шалды өлтіріп кетеді. Үш қызға әкесінің жазылғанын, енді жарық әлемге шығу керек екенін айтады. Арқанмен үш қызды шығарып болған соң, қасында бірге болған жолдастары арқанды үзіп жібереді. Қапаланған Арпа батыр жер астында қалып

қояды. Жер астында келе жатқанында үлкен өзенді көреді. Жағасында ұя барын, ішінде балапандары барын байқайды. Жақындап қараса, балапандар аждаханың келетінін айтып шырылдайды. Аждаханың батырды өлтіретінін ескертеді. Батыр болса, аждаханы өлтіріп, балапандарды қорғайтынын айтады. Сөйтіп тұрғанында аждаха келіп, батыр басын кеседі. Балапандар болса анасынан батырды жарық әлемге шығаруын өтінетінін айтады. Балапандардың анасы келгенде болған жайтты мәлім етеді. Балапандарына көрсеткен ерлігі үшін жарық әлемге шығарады. Жер үстіне шыққан соң, жолдастарын іздестіреді. Оларды тауып, жолдастарын өлтіріп, үш қызды өзіне жар етеді. Үйіне, анасының қасына оралады. Ол ауылдың патшасы қайтыс болған екен. Арпа батыр патша болып, үш әйелімен бақытты өмір сүреді [109, 79].

Шығармада нақты топонимдер аты кездеспейді. Өзеннің жанында, жер асты, жер үсті сынды атаулар ғана бар. Бұл ертегінің қалыптасқан уақыты өте ерте болғандықтан, нақты мекен атауларының болмағанын көрсетеді. «Туған жерге оралу» мотиві «батыр» архетипінің көркемдік қуатын арттыра түседі. Туған жеріне оралып, бақытқа кенелу көптеген ертегілерді сюжетінде кездеседі. Бұл өз кезегінде «туған жерге оралу» мотивінің маңыздылығын көрсетеді.

«Акыял батыр» ертегісінде Орал тауы, Сібір топонимдері кездеседі. Алайда аталған топонимдер батырдың туған жері емес. Бір кемпір мен шал қылмысты болып, туған жерінен баз кешуге тура келеді. Кедей тұрмыс кешкен жұптар мешіт ауласындағы қайыңды кесуі еді. Бұны естіген молда жұпты ауыр жазалап, адам аяғы баспаған Сібір даласына айдап жібереді.

Таулар бөктеріне, адам мекендемейтін Сібір жеріне келеді. Акыял батыр – бір кездері бір перзентке зар болған шал мен кемпірдің баласы. «Бір перзентке зар болу» мотиві түркі халықтарының ертегілерінде ғана емес, эпостық шығармаларында көптеп кездеседі. Акыял батыр тез ер жетіп, ата-анасына қамқорлық жасайтын кезге де келеді. Жеті жасында батыр тұлғалы азамат боп шығады. Он алты жасқа келгенде ата-анасы дүниеден өтеді. Баз дүниеде жалғыз қалған Акыял батыр әлемді тануға, айналасын зерттеу мақсатында сапарға шығады. Жолай тауларды көтеріп, орындарын алмастырып жатқан адамды көріп қалады. Жөн сұраса келе Тау батырмен танысып, сапарларын бірге жалғастырады. Жолда келе жатқандарында ағаштардың қозғалған дауыстары естіліп, жыртқыш аң жүр ме екен деп алаңдайды. Сөйтсе ағаштарды қозғап, басқа жерге отырғызып жүрген Орман батырды көреді. Танысып, жөн сұраса келе, Орман батыр да олардың қатарына қосылады.

Ертегіде бойы бір қарыс, сақалы ұзын шал образы бар. Батырларға зиянын тигізген шалды іздеп, жолға аттанады. Іздеген шалдары жер астына түскенін көріп, олар да ізіне түседі. Тау батыр жер астына түсе алмайтынын, жер асты қараңғы, иісі адам төзгісіз екенін айтады. Бұған Акыял батыр ашуланып, батыр адамға бұлай айту сын екенін айтып, кейиді. Орман батыр да жер астына түсіп көруді ойлайды, райынан қайтып, жер үстіне шығаруын өтінеді. Жер астына Акыял батырдың өзі түседі. Жер астына түскен соң, біраз уақыттан соң бір қалаға кіреді. Акыял батырды бір шал мен кемпір үйіне сыйлап кіргізеді. Демалып алған соң, бұл қаланың мән-жайын сұрайды. Сөйтсе, шал мен кемпірдің жағдайы мәз емес екен. Қала халқы суға зәрәзап күйде. Батыр адамзаттың бүкіл әлемнің

игіліктерін пайдалануы керектігін айтып, халықтың бұл күйін тоқтату керек екенін жеткізеді. Нағыз батыр бұндай әділетсіздіке шыдамайтынын айтады. Су иесімен айқасып, халықты шөлден құтқару керек. Бұлақ қасына барып, бір шелек су алып жатқанында бойы бір қарыс шалды көреді. Іздегені алдынан шығып, бойы бір қарыс шалды өлтіреді. Енді халық судан тапшылық көрмейтін болады. Күндердің бір күнінде Акыял батыр қала ішіндегі шуды естиді. Бұл не шу десе, қала билеушісі қызына лайық жар мен болашақ тақ иесі болатын адамды іздеп жатыр екен. Кімде-кім жүзік көзіне жебесін дәл тигізсе, соған қызын беретіні айтылады. Акыял батыр да өзінің бағын сынап көреді. Батыр жебесін дәл тигізіп, сайысты жеңіп шығады. Акыял патша қызына үйленіп, таққа отырады. Күндердің күнінде көрші патшалықта да сайыс өтіп жатқанын естіп, сол қалаға атттанады. Жебесін иненің көзінен өткізе алса, ай келбетті сұлу қызын, бар байлығын мұра қылатынын айтып, патша әлемге жар салады. Сайыста Акыял жеңіске жетіп, ай келбетті аруды жар етеді. Үшінші бір патшалықта да сайыс өтетіні Акыялға да жетеді. Бұл сайыс басқаларынан ерекше. Себебі патша қызы батыр сипатты ару еді. Өзін ашық айқаста кім жеңсе, соның жары болатынын айтады. Акыял өз бағын тағы да сынап көреді. Өзінің туған елін, достарын сағынған Акыял жер үстіне шықпақ болады. Қаладағы қария жарық соңына түсіп, сол жолмен жүре берсе, жер үстіне шығатынын айтады. Алайда бірінші өзі шығып, содан соң барып қана жұбайларын шығару керектігін ескертеді. Батыр жұбайларын шығарып, енді өзі шығайын дегенде Тау батыр мен Орман батыр арқанды кесіп жібереді. Акыял батыр жер астында қалып қояды. Мұңайып, қариядан кеңес сұрайды. Қария жақын маңайдағы орманды Самұрық құс мекен ететінін, жыл сайын балапанын аждаха жеп қоятынын айтады. Самұрыққа балапанын сақтауға көмектессең, жер үстіне шығуға құстың да көмегі тиерін айтып, кеңес береді. Осы кеңес арқылы Самұрықтың балапандарын аждахадан құтқарып, жер үстіне шығады. Арам достарын тауып, жазаламақ болады. Алайда Тау батыр, Орман батыр Акыялдың аяғына жығылып, кешірім сұрайды. Орман батыр өз мекеніне қайтатын уақыты жеткенін айтады, Акыял батыр сый ретінде байлығының үштен бірін, алтын, күміс шашты аруды жар етіп береді. Тау батыр да мекеніне қайтатын уақыт болғанын айтады, оған сый ретінде екінші жарын, байлығының бір бөлігін береді. Еліне аман-есен жетіп, бақытты ғұмыр кешеді. Бір күні Акыял батыр аңға шығып кетеді. Сол кезде батырдың жарына бір кемпір келеді. Кемпір сол жерге жақын дәу патшасының анасы екенін білмейді. Батырдың сұлу жарын алып қашып, баласына үйлендіруді көздейді. Құлыққа басып, батырдан неше жүрегі барын сұрауын, шынын айтса, жақсы көретінін, ал айтпаса сезімі жоқ екені анық болады дейді. Аңнан келген соң жары Акыялдан неше жүрегі барын сұрайды. Батыр шынын айтып береді. Келесі күні батыр тағы да аңға кетеді. Кемпір тағы келіп, не болғанын сұрайды. Жары ешқандай жамандық күтпей, бар шынын айтып береді. Ендігі кезекте кемпір батырдың екінші жүрегін алып, өзенге лақтырып жіберуін сұрайды. Батыр ұйықтап жатқанда жары кемпірдің айтқанын жасайды. Сол мезетте дәулер келіп, батырдың жарын ұрлап кетеді. Ал бұл кезде батыр қалың ұйқыда еді. Арада біраз уақыт өткен соң Орман батыр Акыялдың жайын білмек болып, жұлдыздарды санайды. Қанша санаса да, тақ сандар шығады. Бірдеңенің дұрыс еместігін

түсініп, Тау батырға барады. Тау батыр кезінде Акыял берген қурайды тартса, қан шыққанын көріп, бір бәленің болғанын сезеді. Асығыс Акыял батырдың еліне аттанады. Акыялдың үйіне келгенде, батырдың қалың ұйқыда екенін көреді. Қанша оятса да, батыр терең ұйқыда. Бір кезде батырдың екінші жүрегі жоқ екенін байқап, барлық жерден іздей бастайды. Өзен қасына келіп тұрғанында, тастардың ортасындағы ақ затты көріп, батырдың екінші жүрегі екенін түсінеді. Әкеліп, батырдың кеудесіне қояды. Батыр қалың ұйқысынан оянады. Жарының жоқ екенін байқап, бұл істің дәулерден келгенін түсінеді. Үшеуі бірігіп, дәулер патшалығына шабуыл жасап, оларды жеңеді. Жарын сандыққа тығып кеткен екен. Акыял жарын сандықтан шығарып, еліне аман-есен жетеді. Соның құрметіне үлкен той жасалады. Тойлап болған соң, Тау батыр мен Орман батыр елдеріне оралады. Содан бері үш батыр өз елдерінде тату да бақытты ғұмыр кешеді.

Шығармада дәулермен күрес суреттелген. Сонымен қатар Акыял батырдың батырлық тұлғасы да ерекше. Орман батырға айтқан құпиясында өзінің екі жүрегі барын, аспандағы жұлдыздар батырдың саулығының көрінісі екенін айтады. Аспандағы жұлдыздар түгел болса, батыр қуатында, ал түгел болмаса әлсірегенін білдіреді. Бұған қарап болмысы ерен Акыял батыр «батыр» архетипінің ерекшелігін көрсетеді. Шығарма соңында Акыял батыр дәулерді жеңіп, жарын жанына алып, бақытты ғұмыр кешеді. Өзінің ата-анасының туған жеріне, Отанына оралады. Орман батыр, Тау батырмен тату-тәтті ғұмырын жалғастыра береді.

«Акыял батыр» мен «Арпа батыр» ертегілерінің сюжеттері ұқсас. «Акыял батыр» ертегісінде ана архетипі дәулердің анасы образында танылады. Ертегілерде мыстан кемпір, жалмауыз кемпірлердің жағымсыз, адамдарға зиянын тигізетін қастандық жасаушылар ретінде танылуын С. Қасқасбасов қоғамдық құрылыстың өзгеруімен байланыстырады [109, 128]. Алғашқы адамзат үшін ананың рөлі зор болды. Рулық қауым қалыптасқанға дейін туыстық қатынастар ана жағынан анықталатын. Уақыт өте келе матриархалдық түсінік патриархалдық түсінікке ауысты. Осы себептен әйелдердің образы жағымсыз көрініске ие болды. Башқұрт ертегілеріндегі ана архетипі батырларға зиянын тигізетін образдар арқылы танылады. Қорытындылайтын болсақ, башқұрт ертегілерінде батырлар мифтік кейіпкерлермен айқасып, оларды жеңеді. Батырға ерліктер жасап, халық қамын ойлаушы «дана билеуші» түрінде де көрініс табады. «Туған жер» концептісі ертегілерде батырлық ерлігін танытып, еліне оралуымен, бақытты ғұмыр кешетін мекен ретінде айқын көрінеді.

Қырғыз халқының фольклорында табиғат сырын түсінуден шыққан талпыныс ертегілерде көрініс тапқан. Табиғаттың тылсым күшіне сену, мифтік жаратылыстардың барына илану, адамның басқа бір құбылысқа немесе басқа жаратылысқа айналып кетуін рас көру ертедегі адамзат сенімінің көрініс еді. Адамзат бірте-бірте табиғат сырын жете түсініп, оларға иелік етуге талпынды. Бұл ертегілердегі бас кейіпкердің демондық күштерді жеңуінен, енді бір жағынан ғажайып сипаттағы құстардың жәрдем көрсетуінен, жер астынан жер үстіне ауыса білуінен көрінеді. Бірнеше ғасыр көрші тайпалардың шапқыншылығын көрген қырғыз халқы үшін ертегілерде де еркіндік, жақсы өмір сүру

тақырыптары айқын түрде бедерленген. Әсіресе ертегілердегі ғажайып көмекшілердің маңызы зор. «Чыныбек» деген ертегіде басты кейіпкердің ханмен айқасында кептер көмектессе, «Хан және Зымырық құс» ертегісінде үлкен қара құс Бекжалға зымырықты табуға жәрдем береді. Ал «Макмут» ертегісінде қарапайым кейіпкердің алыпты ақылымен, айласымен жеңгенін көреміз. Қырғыз ертегілерінде батырдың ерлігін дәріптеу – негізгі тақырыптардың бірі. Қырғыз ертегілерінің көбінде қарапайым тұрмыс кешкен адам соңында бай немесе сол елдің ханы болып тағайындалады. Бұл, бір жағынан, халықтың қарапайым адамның батырлығын, ерлігін, ақылын дәріптеуден шыққан деп түсінеміз.

«Чыныбек» ертегісіне тоқталсақ. Ертеде Минбай мен Жузбай деген батыр болған екен. Біріншісі өте бай болса, екіншісінің байлығы орташа деңгейде екен. Екеуінің де ұлдары бар. Күндердің күнінде Минбайдың мыңдаған қойларын қасқыр талап жатқанын Жузбайдың баласы Чыныбек көреді. Чыныбек Минбайдың баласын оятса, ол орнынан тұрмайды. Сөйтсе бай баласы қызық түс көріпті. Чыныбек сол түсті жүз қойға сатып алады. Бұны естіген Жузбай ашуланып, баласын үйден қуып шығады. Әрі баласына ақыл тоқтатып, есеюі керектігін ескертеді. Осылай ауылынан безген Чыныбек таудың бөктеріне тоқтайды. Бір кезде қарғаны көріп, тамақ тауып беруін сұрайды. Қарға болса өзінің Чыныбектен зардап көргенін, аяғының ақсағанын айтып, көмек беруден бас тартады. Бір кезде кептерді көріп, одан көмек сұрайды. Кептер де Чыныбектен зардап көргенін, көмектеспейтінін айтып, кетіп қалады. Тау бөктерінде күнді батырып, ұйықтап қалады. Таң ата біреу оятып, атқа мінуін сұрайды. Қасында серік пайда болғанын түсініп, бірден атқа міне қояды. Кім екен деп қараса, екі бұрымы бар ару екен. Бір кезде ару артына қарап, садақпен атқалы жатқанда жалбарынып, атпауын өтінеді. Өзінің басынан кешкен оқиғасын баяндап береді. Бұны естіген ару күлкіге қарық болады. Чыныбекті құтқарған аруымыз Гульгаалы деген сиқыршының қызы Айсулу екен. Чыныбекке көмектесетінін, оған күлгендерден де ақылды болатынын айтады. Сөйтіп екеуі үйленіп, бір қаланың маңайында тұрмыс кешіп жатады. Омуралы қалыңдығының Чыныбек дегенге тұрмысқа шыққанын естіп, өз қалыңдығын тартып алуды көздейді. Өз әкесі Сейтчалдың көмегімен Чыныбектен кек алуды ойлайды. Алайда Айсулу Омуралының жоспарын алдын ала сезіп, күйеуін ақ киіз үйге айналдырып жібереді. Омуралы әскерлерінің жолында ақ киіз үй құрып, қой етінен үлкен қазан асады. Омуралы айдалада құрылған киіз үйден сескеніп, жолды жалғастыру керектігін айтады. Алайда әскерлері шаршағандықтан киіз үйде демалып, тоқтауды ойлайды. Қайнап тұрған қазанды көріп, ондағы қой еті бәріне жететінін көреді. Ешқандай қауіп жоқ деп ойлаған Омуралы әскерлері қазанға қолын тигізген сәттен ыстық тамақ үстеріне құйылып, барлығы мерт болады. Баласының қаза болғанын естіген Сейтчал Чыныбектен өзі кек алуды ойлайды. Бұл кезде Чыныбек ботаға айналып кетеді. Сейтчал ботаның Чыныбек екенін біліп, Омуралыны қайта тірілтуін сұрайды. Ботаның көзінен төгілген жасты көрген Сейтчалдың қыздары оны босатуын сұрайды. Үлкен қызы ботаны мүлде адам емес шығар деп, Кара-Куль өзеніне апаруды сұрайды. Адам болса, өзеннен су ішпейді, ал шынымен бота болса су ішетінін айтады. Әкесі келісіп, өзенге алып келеді. Бота өзеннен суды ішіп, ақырында тасқа айналып кетеді.

Сейтчал сиқыр екенін түсінеді. Бұл кезде Чыныбек өрмекшіге айналады. Сейтчал Чыныбекті алдамақ болып, торғайға айналып кетеді. Чыныбек болса сұңқарға айналып, торғай кейпіндегі Сейтчалды жұтып жібереді. Чыныбек Омуралыны да, Сейтчалды да жеңеді. Осыдан соң халық арасында Чыныбектің беделі артады. Айсулудан көп нәрсені үйренеді. Су астындағы балықтың тілін біліп, зағип жанның көруін қайта қалпына келтіріп, жануарды да, құсты да ренжітпейтін адамға айналады.

Халық Чыныбекті де, Айсулуды да жақсы көреді. Сол кезеңде елді қара ниетті Қара хан басқаратын. Халық арасындағы Чыныбектің артып келе жатқан беделінен қорқып, одан құтылудың жолын ойластырады. Сөйтіп хан Чыныбекпен кездесіп, мынадай талап қояды: «Егер, мен жасырынып, мені күні бойы таба алмасаң, елден қуыласың; сен жасырынып мен күні бойы таба алмасам, орныма хан боласың» дейді. Ертеңіне жасырынбақ ойыны басталып кетеді. Күні бойы ханды таба алмаған Чыныбек уайымға батады. Бір кезде көгершін ұшып келіп, Чыныбектің қамқорлығын айтып, оған көмек береді. Ханның киіз үйдің артында ешкі түрінде жасырынып тұрғанын айтады. Мүйізінен ұстаса адамға айналады. Ендігі кезекте Чыныбек жасырынуы керек. Қатты уайымдағанын көрген Айсулу мәнісін сұрайды, оған көмек беруге ұйғарады. Бір кезде Айсулу бір шапалақтағанда Чыныбек кішкентай күміс сапты қызыл тасты жүзікке айналады. Хан Чыныбекті қанша іздесе де, қай жерді қараса да таба алмайды. Күн батар кезде Чыныбектің шатырына келіп, ұтылғанын хабарлайды. Хан қулыққа басып, аспандағы әкесіне хат апарып беруін сұрайды. Бұл кезде Чыныбек ханның бұйрығына келіскендей болса да, көгершіннен көмек сұрайды. Ертесіне үлкен от жағылып, Чыныбекті аспанға аттандырмақ болады. Бір кезде Чыныбек көгершінді аспанға ұшырып жібереді. Бәрі де Чыныбекті аспанға ұшып кетті деп ойлайды. Сексеуіл түтіні басылған соң Чыныбек Қара ханға әкесінен хат әкелгенін айтады. Хатта әкесі аспанда алтынның көптігін айтып, оны жинауға көмек бер деп өтінеді. Бұны естіген хан дереу сексеуілді қайта жағып, ұзын сыпырғыш әкелуін бұйырады. Жанып жатқан сексеуілге секіріп, хан мерт болады. Жауыз әрі қызғаншақ Қара хан қаза табады. Жаңа хан болып, халықтың сүйіктісі атанған Чыныбек сайланады [110, 32].

Ертегіде мифтік сюжет адамның бір жаратылыстан екінші жаратылысқа тез айналуынан көрінеді. Чыныбек киіз үйге, ботаға, тасқа, өрмекшіге, сұңқарға айналады. Сейтчал да құбылу қасиетіне ие.

Мұндағы Кара-Куль топонимі ғажайыптық сипатта көрінеді. Өзен адамның сиқырланғанын анықтап беру қызметін атқарады. Басқа бір затқа не жаратылысқа құбылған адам Кара-Кульда өзінің бастапқы кейпіне қайта келеді. Ертегіде Кара-Куль топонимінен өзге топонимдер кездеспейді, тау мен тас, өзен мен көл деп жалпы айтылады.

Ертегіде қырғыз халқының мифтік дүниетанымы, табиғат пен адамның етене жақындығы айқын көрінеді. Қырғыз халқының тұрмысында үлкен маңызға ие киіз үйге, ботаға айналу ұлттық спецификаға ие. Ертегіде «дана» архетипі Чыныбек образы арқылы көрініс тапқан. Бастапқыда ақылсыз болып көрінген Чыныбек, уақыт өте келе дана, ақылды адамға айналады. «Туған жер»

концептісінде «дана» архетипі жерді дана, әділ түрде басқарып, билеуді білдіреді. Халық тағайындаған Чыныбек образы «билеуші» архетипіне де келеді.

Татар фольклорында ертегілер жанры «Экият» («Хикәят») деп аталады. Ұрпақтан ұрпаққа тараған ертегілер татар халқының дүниетанымын, ұлттық көзқарастарын танытады. Татар фольклорында ертегілер жануарлар туралы, тұрмыстық, ғажайып ертегілер деп жанр бойынша ажыратылады.

Татар фольклорында ғажайып ертегілер көптеп кездеседі. Соның ішінде «Қамыр батыр», «Тан батыр» сынды ертегілерді атауымызға болады. Татар ертегілерінде, оның ішінде ғажайып ертегілерде идеалды батырдың образы көп кездеседі. Көп жағдайда идеалды батыр тұлғалы образ – кенже бала. Бұл өз кезегінде көне түркілік мифологияны танытса керек. Өйткені көне түркілік мифологияда «кенже бала» жағымды кейіпкер ретінде анықталады.

Татар ертегілерінде де див (дию) мифтік кейіпкері Каф тауында немесе су астында, жер астында деп суреттеледі. Адамзаттан алыста өмір сүретін мифтік жаратылыстар падишахтың қызын ұрлап кетеді. Қай жерде болса да батыр іздеп тауып, диюді өлтіріп, падишах қызын құтқарып алады. Дегенмен, дию мифтік кейіпкері кейбір ертегілерде жағымды сипатта да көрініс табады. Ертегілерде көрініс табатын мифтік кейіпкерлердің қатарында сиқырлаушы «Сихерле карчыу», «жалмавыз» бар. Сонымен бірге ғажайып ертегілерде жылан образы адамзаттың жауы ретінде сомдалады.

«Қамыр батыр» ертегісінде «бір перзентке зар болушылық» мотиві бар. Ерте заманда кемпір мен шал өмір сүріпті. Бір өкініштісі баласыз ғұмыр кешеді. Бір күні кемпір нан илеп, шал қасында қарап отырады. Кемпірі қолына қамырды алып, баламыз болмаса да, қамырдан бала жасайық деп, бала пішініне келтіріп, қамырдан бала пішін жасайды. Екеуі де шаруаларымен шығып кетіп, үйлеріне келсе, өз көздеріне өздері сенбейді. Үйінде қозылармен бір бала ойнап жүр. Сөйтсе қамырдан жасалған пішін тіріліп, шын балаға айналып кеткен екен. Кемпір баланың атын кім деп қоямыз десе, шал Қамыр деп қоюды ұсынады. Қамыр күн сайын емес, сағат сайын өседі. Бір ай ішінде тез ер жетеді. Ауыл арасына ойнауға шыққанда балаларды жығып, ойын соңы өртке ұласады. Ауыл тұрғындары бұған шыдамай, олардан көшулерін сұрайды. Бұны естіген Қамыр батыр әкесіне қайғырмауын, өзінің ауылдан кететінін айтады. Алыс өңірлерге барып, басқа адамдардың тұрмыс-тіршілігімен танысуды ниет етеді. Қамыр әкесінен тілек етіп, шоқпар жасап беруін өтінеді. Әкесі баласының тілегін жерге тастамай, ұстаға арнайылап барып, шоқпар жасап береді. Батыр жолға аттанады.

Жолай, аяғы байланған адамды көреді. Себебін сұрап, мәнісін біліседі. Сөйтсе, аяғындағыны жіпті шешсе, соңынан құсты да жеткізбейтін жүйрік екенін біледі. Қасына ертіп, бірге сапарын жалғастырады. Екеуі келе жатқанда, алдарынан мұрнын ұстап тұрған адамды көреді. Мәнісін сұрайды. Сөйтсе, бір танауын ашатын болса, жел көтеріліп, аймақтағы диірмендер айналады. Екеуін бірдей ашса, жерді қозғап жіберердей жел көтерілетінін айтады. Бұл адамды да қастарына ертіп, сапарларын әрі қарай жалғастырады. Үшеуі келе жатқанда, алдарынан бір қарияны кезіктіреді. Қария бір құлағына қалпағын киген екен. Мәнісін сұрастырса, қалпақты басқаша кие алмайтынын, толықтай кисе боран соғатынын, қабағына дейін түсіріп кисе жер бетін мұз басатынын айтады. Қамыр

батыр қарияны да ертіп алады. Төртеуі жолдан садақшыны көреді. Садағымен көздеп тұрған нәрсесі көрінбейді, мәнісін сұраса, алыстағы таудың баурайында тұрғанын айтады. Алпыс шақырымдай жерде шыбын отырғанын, соның сол көзін көздеп тұр екен. Таң қала, садақшыны да қастарына ертіп алады. Бесеуі жолай бір алақанынан екінші алақанына топырақ төгіп тұрған қарияны көреді. Ісінің мәнісін сұраса, қай жерге топырақты төгетін болса, сол жерге тау көтеріледі. Бұл қарияны да қастарына ертіп, алтауы бір үлкен қалаға келеді. Қамыр батыр бұл ел патшасының сұлу қызы барынан хабардар. Жолдастарымен хан қызымен кезігіп, көңілін білдіреді. Алайда хан қызын «жаяу, салт атты» деп бергісі келмейді. Қамыр батырдан құтылу үшін небір айланы ойлап табады. Сондай бір шарттың бірі жүйрігімен жарыстыру еді. Бұған Қамыр батыр алғашқы серігін шығарып, жарыстырады. Хан жүйрігін ұзақ күтіп қалған Қамыр серігі ұйықтап қалады. Осы сәтті пайдаланған хан жүйрігі мәреге жақындап қалады. Қамыр батыр болса, уайымдап, садақшыға атуын бұйырып, жүйрікті қалайда оятуды көздейді. Жебе ұйықтап қалған жүйріктің дәл қасына тиіп, ұйқысынан оянады. Әп-сәтте хан жүйрігін басып озады. Хан Қамыр батырды бұлай жеңе алмайтынын түсінеді. Оларды моншаға түсуге шақырып, арнайылап дайындап береді. Моншаға кірді деген сәтте сыртынан от жағып, өртеп жіберуді көздейді. Қамыр батыр бастаған топ аман шыға алмайды деп ойлайды. Алайда, моншаға кірген беттен Қамыр батыр қарияға қалпағын киюді бұйырады. Дәл сол сәтте боран соғып, өрт тез сөніп қалады. Ертесіне Қамырды өлді деп есептеп, монша есігін ашқан сәтте өз көзіне сенбей тұрып қалады. Өлді деген адамы алдында тірі тұр. Қамыр батыр ханнан тікелей қызын беретінін, не бермейтінін сұрайды. Хан болса бермейтінін айтып, қасындағы нөкерлеріне белгі беріп, өлтіруін бұйырады. Ұзақ уақытқа созылған шайқас болады. Одан соң Қамыр батыр мұрнын ұстап тұрған жолдасынан қатты үрлеуді сұрайды. Сол мезетте ханның барлық әскерлері шаң болып, ауаға ұшып кетеді. Сонымен бірге қария топырақ төгіп, сол арада екі тау пайда болып, хан әскерлерін басып қалады. Хан Қамырдан қорқып, қызын береді. Қамыр жарын алып, ауылына беттейді. Отыз күн ойын, күн қырық күн тойын жасап, ауылын, ата-анасын қуанышқа бөлейді [108, 251].

«Қамыр батыр» ертегісіндегі кейіпкерлер табиғаттағы құбылыстардың «құдайы» бар деген сенімнен шыққанын аңғаруға болады. Өйткені, С. Қасқабасов «Ер Төстік» ертегісіндегі Желаяқ, Көлтауысар, Таусоғар образдарын «жартылай құдай» образдары екенін айтып, табиғат сырын жаратушылық түсінікпен байланыстырады [108, 178]. Татар фольклорында да табиғат сырын етене тану «құдайшылық», «жаратушылық» сипат беруден көрініс табады. «Батыр» архетипінде танылатын «Қамыр батыр» татар халқының идеал образы, қаһарманы ретінде көрінеді.

Түркі халықтарының ертегілерінде батырлар образы жайын айтқанда С. Қасқабасовтың пікірін ескеруіміз керек. Зерттеуші былай дейді: «Сөз болып отырған ертегілердің бас қаһарманы, эстетикалық мұраты – халық идеалы. Ертегі тек халық мұратын мадақтамайды. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары – аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша және басқа да әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал

кейіпкерлер, яғни идеал – тарихи құбылыс. Ертеде, ол табиғаттың дүлей күштерімен алысып, күнделікті өмір үшін аң-хайуанаттармен күрескен кезде, халықтың арманы, идеалы – соларды жеңетін балуан, күшті батыр, мерген болды. Ертегіде ол – неше түрлі ғажайып тажалдармен соғысып, жеңіп шығатын аңшы-мерген» [111, 201], – деген пікірін келтіреді. Осы негізде зерттеуімізде «батыр» архетипін қарастыру арқылы ертегілердегі «кенже бала» мотивін де талдап өтпекпіз. Өйткені «туған жер» концептісі «кенже балалардың ғана туған жерді қорғайтыны» ертегілерде көрініс тауып отыр. «Ер Төстік» қазақ нұсқасында да, татар нұсқасында да кенже бала образы жоғары дәрежеде көрініс тапқан. Бұлайша кенже балаға үміт арту, Отанды, туған жерді қорғау олардың міндеті болуы – рулық қатынастың өзгеруі. Қоғамдық құрылыстың өзгеруімен кенже балаларға артылған міндет те, үміт те көбейді.

«Ер Төстік» ертегісі қазақ, татар, башқұрт халықтарында ертегі түрінде көрініс берсе, қырғыз фольклорында қаһармандық эпос ретінде сақталған. Түркі халықтарының фольклорын зерттеуші ғалымдар «Ер Төстік» ертегісін жан-жақты зерттеп, талдау жасаған болатын. Диссертациялық жұмыста «кенже бала» мотиві арқылы талдауда «туған жер» концептісінің жаңа қыры ашыла түседі. Ер Төстік ертегісінде барша түркі халықтарына ортақ мотивтер бар. Солардың ішінде «бір перзентке зар болу», «ғажайып туылу», «тез ер жету» мотивтері Ер Төстікті өзге де түркі ертегілерімен жақындастыра түседі.

«Ер Төстік» ертегісінде ана архетипі де ұшырасады. Жалмауыз кемпірдің Төстікті алдап шақыртып алуы бұрынғы матриархалдық қоғамның көрінісі саналады. Алғашында мыстан кемпір де, жалмауыз кемпір де абыз, әулие әйелдердің образында танылған. Бүкіл әлемнің тұтастығын, бірлігін сақтаушы қызмет атқарған. Алайда қоғамдық құрылыстың өзгеруімен бұрынғы әйелдер образы өзгеріске ұшырайды. Нәтижесінде мыстан кемпір, жалмауыз кемпір жағымсыз сипатта ертегілерде, мифологияда сақталды.

Ертегінің желісінде «жоғалған ағаларын» іздеу оқиғасы бар. Ер Төстік бірнеше жыл бұрын жоғалған ағаларын қайтару үшін, әкесінің мәртебесін көтеріп, туған жерін қорғау үшін жаратылған образ ретінде көрінеді. Алайда «кенже бала» ретінде Төстіктің «туған жерін жаудан қорғау» қызметі айрықша көрінеді. «Кенже бала» мотиві Ер Төстікті өзге кейіпкерлерден айрықшалап, барша түркі фольклорындағы маңызды рөлін көрсетеді.

Түркі халықтарында «кенже бала» мотиві ұлттық дүниетанымда қалыптасқан «қара шаңырақ» түсінігімен де байланысты. Кенже бала шаңырақ иесі деп танылып, қоғам арасында беделге ие. Түркі фольклорына тән кейіпкерлердің бірі «Тазша бала» кенже ұл сияқты батырлық пен батылдыққа ие емес. Басқа да түркі халықтарында анықталатын өзге де кейіпкерлерден кенже бала батырлық пен батылдық, ақыл мен айла арқылы озып кетеді. Кенже бала мотиві «батыр» архетипі арқылы анықталады. Кенже бала мотивінің архетиптік негізі мифологиялық образдың диахрониялық трансформациясына негізделген.

«Ер Төстік» ертегісінің соңында Ерназар әке мұратына жетіп, патша болып тағайындалады. Сонымен бірге ертегіде сиқырлы көмекшілер бар: Сақұлақ, Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар және тұлпары Шалқұйрық. Ертегіде баса назар аударылатын сиқырлы көмекшінің бірі – Шалқұйрық. Өзге халықтың

ертегілерінде батыр серігі «ат» қазақ нұсқасындағыдай әспеттеле суреттелмейді. «Кенже бала» мотиві Ер Төстіктің мұратына жетіп, әкесінің мәртебесін көтеруінен, сегіз ағасымен татулықта, бірлекте өмір сүруінен, жеріне өзге жауды кіргізбеуден айқындала түседі. Ер Төстік кенже бала болып, әке үмітін ғана емес, бүтін халқының үмітін мойнына жүктейді.

Ертегідегі кенже бала мотивінің негізінде тәрбиелік аспект те анықталады. Кенже баланы үлкен жауапкершілікке баулып, тәрбиелеуде ертегілердің атқаратын қызметі жоғары. Кенже бала, бір жағынан, ертегілерде әке мен шешені бақытты қылып, әкесін хан сайлайтын мықтылығы айтылады. Мәселен, орыс халқының ертегілерінде көбіне ағайынды үш жігіт суреттеліп, соның ішінде кенже бала ақылды, тапқыр болып шығады. Орыс фольклорында көбіне кенже бала ретінде «Иван Цареевич» образы көрінеді.

Ертегі прозалық жанр ретінде тәрбиелік, ғибрат беру, эстетикалық талғамды қалыптастыру қызметтерін атқарады. Фольклор жанрларының ішінде ертегілер мәдени түсініктерді, ұлттық дүниетанымдарды танытуда қызметі жоғары. Мәдени ерекшеліктер мен этностың әлеуметтік-тарихи ерекшеліктері ертегілерде көрініс табады. Атап айтар болсақ, башқұрт халықтарының ертегілерінде батырлардың ғажайып жаратылуы табиғат пен адамның жақындығын көрсетеді. Сонымен бірге, батырлардың анықталған міндеттері бар. Әсіресе, дәулермен күресіп, туған елін, жерін қорғау, патша қызын тұтқыннан босату және т.б. «Акыял батыр» мен «Арпа батыр» ертегілерінде батырлар мифтік кейіпкерлермен айқасып, оларды қалайда болсын жеңеді. Зерттеу барысында анықталған «туған жер» концептісінің бір арнасы саналатын батырлар болмысы «дана», «билеуші» архетиптері түрінде көрініс табады. Қырғыз фольклорында ертегілері түрліше көрінеді. Соның ішінде «Чыныбек» ертегісі мифтік дүниетанымға негізделген. Адамның бір заттан екінші бір затқа құбылуы адамзаттың табиғат құбылыстарын терең түсінбеуден туындаған. Татар фольклорында табиғат құбылыстарын «жаратушылық» түсінікте тану ертегі кейіпкерлерінен аңғарылады. Оларда «Ер Төстік» ертегісіндей нақты есімдері де кездеспейді. «Ер Төстікте» аталатын Сақұлақ, Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар образдары татар халқының «Қамыр батыр» ертегісінде кездеседі. Ортақ ұқсастық сиқырлы көмекшілердің Ер Төстік пен Қамыр батырды қиыншылықтан құтқарудан көрінеді, ал айырмашылығы Ер Төстіктің төрт жолдасы болса, Қамыр батырдың алты жолдасы болды. Ер Төстік ертегісінде қалпақты кисе, ұшырып жіберетін; танауын басса боран соғатын сиқырлы көмекшісі жоқ. Бұл да өз кезегінде татар фольклорындағы адамзат пен табиғат байланысының ерекшелігін көрсетеді.

Ертегілерде топонимдер көп кездеспейтінін көреміз. Алайда «Чыныбек» ертегісінде мифтік құбылуды анықтайтын «Кара-Куль» топонимі, татар фольклорындағы «Кагарман батыр» ертегісінде Каф топонимі, «Акыял батыр» ертегісінде Орал, Сібір топонимдері кездеседі. Бұл топонимдердің қызметі ақпарат беруден бөлек, ертегідегі оқиғалардың маңыздылығын түсіндіру қызметінде анықталады.

«Туған жер» концептісін архетип, мотив ұғымдары арқылы қарастыру түркі ертегілерінде жиі кездесетін кейіпкерлер әлемін қайта бағалауға мүмкіндік берді.

Ертегілерді қорыта келе, «туған жер» концептісі негізінде идеологиялық мотивтің кездесетінін атап өткіміз келеді. Зерттеуге алынған ертегілерде мифтік түсінікпен қабатталған кейіпкерлер әлемі болғанына қарамастан, олардың әрқайсысы «туған жерді» демондық күштерден, сыртқы жаулардан қорғау қажеттілігі, елін, жерін әділ түрде билеу керек екені аңғарылады. Осылайша, «туған жер» концептісі мотивтердің идеологиялық қызметі аясында мағынасы кеңейе түседі.

2.2 Түркі халықтарының мифтік танымындағы «туған жер» түсінігі

Әдебиеттану саласында «туған жер» концептісін поэзия мен тілдік аспектіде зерттеген Ж. Таласпаева, А. Искакова сынды зерттеушілер еді. Соның ішінде жыраулар поэзиясын арнайылап қарастыра келе, «туған жер» концептісінің мынадай ұғымдарда берілгенін анықтайды: *«бетегелі бел», «ата қоныс», «жайлы қоныс», «мекен», «ата жұрт»* [112, 47]. Мәселен жыраулар поэзиясының бастауында тұрған Асан қайғы жырында «туған жер» былай суреттеледі:

Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп [113, 26], – деген жолдардан қазақ халқы үшін туған жердің маңызы айқын аңғарылады. Жыраулар поэзиясында «туған жер» ұғымына қатысты маңызды түсініктердің бірі – «Жерұйық». Асан қайғының Жерұйықты іздеуі, қазақ халқы үшін қолайлы, шұрайлы мекенді табу үшін талпыныс жасауы жалпы түркі философиясына тән. Әрбір түркі халықтары үшін туған жер, киелі мекен, тұрақты әрі шұрайлы мекеннің маңызы зор. Осы жайында зерттеушілер Ж. Таласпаева, А. Искакова Асан қайғының «Жер жұмағын» іздеген деген пікірлерін айтады [112, 47]. Асан қайғының Жерұйықты іздеуінің мәнісі философиялық астарда ғана емес, мифтік түсінікпен де байланысты. Аспан мен жердің ортасында адамзаттың қолайлы мекенде өмір сүруі жайлы ойлар – табиғатпен етене байланысқан халықтың әлемді тануының нәтижесі.

Жерұйықты атағанда, ең алдымен, «жер-су», яғни түркілер үшін ортақ «йер-су» түсінігі келеді. Мифологиялық түсінікте, соның ішінде алтай, хакас, қырғыз халықтарында жер мен судың сипаты ретінде көрінеді. Алтай халықтары үшін жоғары рухтардың көрінісі саналады. Алтай халықтары арасындағы тараған аңыздарға сүйенетін болсақ, «Йер-су» таудың қарлы шыңдарын мекен ететін он жеті рухтың көрінісі екені айтылады. Хакас халықтары үшін «Йер-су» жергілікті мекеннің құдайы саналған. Олар тауда, өзенде, көлде, орманда мекен етеді деп сенген. Жыл сайын олардың құрметі үшін көктемде құрбандық шалынып отырған. Қырғыз халықтарының танымында «Йер-су» жер мен судың құдайы

деп танылады. Көктемде немесе күзде халық өзен жағасына жиналып, құрбандық шалып, адамзат пен малды ауру-сырқаудан, қауіп-қатерден сақтауын тілеген.

Руна жазбаларында «Йер-су» атауы кездеседі. Зерттеушілердің пікірінше, «Йер-су» түсінігі арқылы түркілердің жер-отан түсініктерінің образын қалыптастырғанын айтады. Алтай эпосында кездесетін Дьер-су эпосында «Йер-су» әйел кейпінде сомдалады. Е. Ямаева бұл жөнінде былай дейді: «На черном, как земля, козле с желтыми пятнами ездящая Хозяйка Земли-Воды; На мохнатом черном козле ездящая, пупом земли являющаяся Матъ-эсмжщ матерью являющаяся старуха-орокон» [114, 101]. Эпоста баяндалатын Йер-Су қарлы таулы шыңда мекен етеді. Әрі балалардың қамқоршысы ретінде көрініс береді. Сонымен бірге Дьер-Су эпикалық аспектіде жердің кіндігі ретінде сомдалады.

Ертедегі түркілер үшін Жер-Су қасиетті жаратушы ретінде де Тәңірі мен Ұмай қатарында анықталады. Осы негізде бүкіл түркілер үшін «Йер-Су» Отанның анықтамасы ретінде көрініс табады. «Йер-Су» сөзіндегі екінші компнонент әлемдік мифологияда үлкен маңызға ие. «Су» түркілер мифологиясында да, әлем мифологиясында алғашқы жаратылған элемент ретінде көрінеді. А.Кравченко су компонентінің архаикалық репрезентациясы «күн сәулесінің шуағымен» байланысты екенін айтады [115, 140]. Сібір халықтарында Ғарыш пен Хаостың пайда болуы сумен байланысты екені мифтік сюжеттерде кездеседі. «Аспан мен Жер жаратылмастан бұрын, тек қана «Ульгэнь» ғана болды. Шетсіз, шексіз теңіздің үстінде тұрар орын қалмаған сәтте «Алдында тут, алдында тут» деген дауысты естиді. Дауысты естіген сәттен қолын созып, тасқа тап болады. Тастың үстіне отырып, «Алдында тут, алдында тут» деп нені және қалай жасау керектігін ойланады. Осы сәтте «Аг-эне» судан шығып: «Ойыңа не келсе де, жасадым деп айт, жасағаным болмады дегенді айтпа» деп ескерту жасайды. Осыдан соң Аг-Эне көзден ғайып болады. Ульгэнь болса, «Э, Эрь пютсин, эрь пютсин!» деп, жер жаратылады. «Э! Тенгере пютсин!» деп, аспан жаратылған. Осылайша, Ульгэнь аспан мен жерді жаратқан екен» [114, 18]. Мифтік кейіпкер «Ульгэнь» үлкен үш балық ұстап тұрған теңізде аспан мен жерді жаратуы жайлы аңыз әлемдегі жердің жаратылу мотивіне негізделген. Әлемдік мифологияда жерді өгіз мүйізінде ұстап тұрғаны жайлы космогоникалық аңыздар кездеседі.

Татар халықтарында Кук әке ретінде, Жир-су ана ретінде сомдалады. Әлем халықтарының мифологиясында аспан мен жердің арасында пайда болатын жаратылыстар жайлы былай делінеді: «...вещественными символами союза Неба и Земли в архаических космологиях являются дождь, дающий жизнь растениям и животным, а также молния и удар метеорита. Место удара молнии обычно считалось священным. От молнии, то есть от брака Неба и Земли, рождаются люди, отмеченные особыми дарованиями, – таково славянское предание о рождении волхвов. В некоторых культурах родившимися от соития Неба и Земли (проявляющегося в ударе молнии, пролитии дождя или падении метеорита) считаются грибы, которые тем самым сакрализуются» [116, 681].

Татар халықтарында Йер-су культінен бөлек, Жир Иясе деген жер иесі, жер рухы деген культі бар. Аталған түсініктердің айырмашылығы мынада: Йер-су жоғары құдайлар тобына кіреді, әрі басты құдайдың көмекшісі ретінде

анықталады; ал Жир Иясе төмен құдайлар тізімінде және басты құдай мен Жер-суға бағынады. Түркілердегі *«Тарла Бекчиси»* деген мифтік кейіпкер жылан образында даланың сақтаушысы, қорғаушысы ретінде көрінеді.

Татар фольклорындағы жерге қатысты мифтік кейіпкерлер қатарын зерттеуші Г. Гильманов былай деп көрсетеді: *Жир Тәңресе*, яғни «Жер құдайы»; *Жир иясе*, «Жер иесі» мағынасын береді. Жер құдайы үлкен билікке ие, оған бағынатын рухтар: *Жир иясе* (дала иесі), *Яр иясе* (жаға (өзен) рухы), *Чокыр иясе* (аңғар иесі), *Юл иясе* (жол иесі), *Ялан иясе* (тегістік иесі) деп танылады [117, 112].

Татар фольклорында ұшырасатын мифтік түсініктер, мифтік кейіпкерлер ислам дінінің орнағанына қарамастан халық арасында сақталған. Жалпы түркі фольклорында туған жердің сакральды мәнге ие болуы жер культімен тікелей байланысты екені түсінікті. Татар халқында ғана емес, барша түркі халқында «туған жер» – сакральды мәнге ие. Өз кезегінде туған жердің киелі, ата-бабаның аманат етіп қалдырған мекені дегеннен гөрі, бұрыннан қалыптасқан түсінікке жақын. «Жер» культі арқылы түркі халықтарының әлем жайлы түсініктері айқын көрінеді. Бұл өз кезегінде жер туралы халықтың ұлттық-психологиялық ерекшеліктерін, географиялық, климаттық факторлардың әсерін көрсетеді. З.К. Тарланов фольклордың этностың мәдениетіндегі дәстүрлі әрі маңызды форма ретінде рухани өмір, ғұрып, дәстүрлі еңбек әрекеті мен отбасылық өмірді байланыстыратын ұғым екенін айтады. Тереңдей айтатын болсақ, фольклор – жылдар бойы тарихи аспектіде қалыптасқан мәдени мұра [118, 69]. Фольклорлық шығарманың қай-қайсысында болмасын, халықтың тәжірибесі сақталып, әр түрлі формаларында көрініс береді.

Туған жер халықтың санасында ежелгі жер культімен байланысты. Қазақ халқының санасында жер – туған өлке, ауыл, адамның өскен жері, ата-анасының үйі, ата-бабаларының үйі, негізгі баспана, бастапқы негізбен ассоциацияланады. Ауыл – туған жердің мәңгілік символы ретінде халық шығармашылығында кеңінен көрініс табады. Қазақтың эпостық жырлары, аңыздары, халық әндері мен мақал-мәтелдерінде ауыл тек өмір сүретін орта ғана емес, рухани құндылықтардың жинақталатын қасиетті кеңістігі ретінде суреттеледі. Батырлар жырында да ауыл – туған ел мен жердің символы ретінде сипатталып, жауынгердің ауылын қорғауға деген ұмтылысы, оның патриоттық сезімін бейнелейді. Ертеден көшпенді ел жанға, малға жайлы жер іздеп, бөтен жерлерге кетіп отырды. Туған өлке, ауыл, ата-бабалар жерімен қоштасу сағыныш тудырып, бұл сезімдер ескі әндерде, халық ауыз әдебиетінде көрініс тапқан. Ер адам түрлі жағдайлармен елінен жырақ кеткенде, туған жердің топырағын, жусанын өзімен бірге алып жүреді екен. Сағынғанда есіне алып, сол топырақтан иіскеген. Бұл оған аман-есен ораламын деген сенім ұялатқан. Мыңжылдық ислам үстемдігіне қарамастан, түркі әлемінің әр түкпірінде жер культін бейнелейтін ежелгі пұтқа табынушылық ұғымдардың жаңғырығы сақталып қалды [119, 250]. Ауыл ұғымы адам танымында туған жермен тікелей ассоциацияланады. Ауыл концепті адамның алғашқы әлеуметтік ортасы, мәдени идентификациясы және эмоционалдық жадының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ауыл сөзі адамның ойында туған үй, ата-ана, балалық шақ, табиғат, ауылдағы салт-дәстүрлер сияқты

ұғымдармен байланысады. Осылайша, ауыл – адамның өмір бойы сақтайтын туған жер туралы танымдық және сезімдік бейнесінің тірегі.

Түркі фольклорында «туған жер» этникалық бірегейліктің, рухани мәдениеттің көрінісі ретінде айқындалады. Сонымен бірге, тіршіліктің бастауы, өмірдің құнары саналатын «туған жер» түркі фольклорында сакрализация аясында анықталады. Түркі халықтарына тән тәңірлік мәдениетте негізгі әрі маңызды константа қатарында «туған жер» культінің маңызы зор.

«Күлтегін» ескерткішінде: ғаламның үсті – көк аспан Тәңір (Құдай) келбетіндегі, ортасында – адам баласы, ал асты (астыңғы қабаты) – ол баран (қара) жер. Сонымен, көне түркі заманындағы мифтік түсінік бойынша кеңістік көлденең, тік тұрғысынан қарағанда екі қабатты: үсті – көк Тәңір, асты – жер, бірақ ортасында жаралған адамдарды тағы бір қабатқа теңесек (себебі, оларда бір кеңістік – тегістікте жүріп жатқан болар) мифтік кеңістік үш қабатты болады. Сібір және Орталық Азия халықтарының мифологиясында палеолит заманынан бері ғаламның үш моделі белгілі болған. Үш түрлі әлем – аспан, жер, жер асты деген мифтік түсінік қазақ халқында да болған

Ғаламның мифологиялық бейнесінде үстіңгі қабаты киелі саналады, себебі үстіңгі қабатты мекендейтін Тәңір төменгі, астыңғы қабаттарды басқарып, әмірін жүргізген. Көне түркілерде үш әлем моделімен қатар, өзге де модельдер танылады. Қазақ тіліндегі жеті қат көк, жеті ғалам ұғымдары осы танымды негіздей түседі.

Н. Уәлиұлының пікірінше, жеті ғалам түсінігіндегі жеті мифологиялық түсінікте бағытты білдіреді. Дүниенің төрт бұрышы: түстік, терістік, күншығыс, күнбатыс деп ажыратылады. Тігінен танылатын әлем: аспан – жоғарғы әлем, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам деп анықталады [120, 106].

Дүниенің төрт бұрышы – «шартарабы», «шартарапқа тарап кетті» сөз тіркестеріндегі шартарап сөзі парсы тілінен аударғанда «шар» – төрт, тарап – бағыт мағынасын білдіреді. Солай, шартарап сөзі төрт тарап мағынасын береді. Қазақ тіліндегі төрткүл сөзінің де мифологиялық мағынасы бар. Төрткүл сөзінің қалыптасуы жайында екі түрлі ғалымның көзқарастарын қарастырсақ. С. Қондыбай пікірінше: «Төрткүл» сөзі XIX-XX ғасырда беткейлері тік болып келетін төбе деп қолданылғанын, десе де, арғықазақ мифологиясында төрткүл дүниені қоршаған сулардың ортасындағы арал тәрізді жер екенін айтады [121, 149]. С. Қондыбай зерттеуінде төрткүл мифтік кеңістік моделі екенін көреміз:

- Бірінші деңгей – ғалам.
- Екінші деңгей – адамзат кеңістігі.
- Үшінші деңгей – Ноғайлы елі.
- Төртінші деңгей – рухани орталық [121, 151].

Суға қатысты ғаламның мифтік моделінің тұрақты тағы бір образы – жерді көтеріп тұрған көк өгіз, яғни жер астындағы су әлемі. Өгіз бен суды байланыстыратын ежелгі ұғым қазақ дүниетанымында бар. Су жағасы, су асты, су сырты сюжеттері қазақ ертегілерінде көбірек ұшырасады.

Жер әлемі кеңістігіндегі басты тұлға – адам. Сол себептен де, жер ортасы Тәңірдің иелегімен басқарылады. Жер ортасындағы адамдар жоғарыдағы Тәңірге бағынады. Ш. Уәлиханов үш әлем моделін былайша тұжырымдайды:

1. Аспан әлемі – аспан адамдары белдікті тамағынан тартады;

2. Жер беті – жер бетіндегі адамдар белдікті белінен тартады;

3. Жер асты – жер астындағы адамдар белдікті аяғынан тартады [122, 180]. Аталған әлемнің үштік үлгідегі моделі барша түркі халықтарына тән әлем жайлы ұғым-түсініктердің жиынтығы екенін көрсетеді.

Атап өткендей, қазақ халқында киелі мекен, құтты қоныс «Жерұйық» мифтік түсінікке ие. Одан бөлек, түркі фольклорына ортақ «Өтүкен» топонимі мифтік астарда анықталады. Аталған топоним «Күлтегін» жырында былайша кездеседі:

Өтүкен қойнауында отырсаң,

Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен [123, 45]. Тас бетінде сақталып, кейінгі ұрпаққа аманат ретінде жеткен тарихи жыр жәдігәй ретінде өз мәнісін әлі күнге дейін жойған жоқ. Берер тағылымы, айтар мәнісі бүгінгі күні де өзекті. Жаугершілік заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз ұлтарақтай жер үшін күресіп, алмағайып заманның қиындығына қарамастан атамекенді қорғауды басты мақсат етіп алды. Ертедегі түркілер үшін Өтүкен қойнауы мәңгілік ел болудың идеясын сақтап отыр. Руна жазбасында айтылатын Күлтегіннің батырлық әрекеттері түркі жұртының басына еркіндік пен бейбітшілік орнатуды көздегенін көрсетеді. Сонымен бірге халқы үшін қолайлы әрі шұрайлы қоныстыиздеуге ұмтылыс жасауы «ғажап мекенге» қатысты пікірлердің ерте түркілік дәуірде қалыптасқанын көрсетеді. Осы ретте зерттеуші Ө. Әбдиманұлы былай дейді: ««Күлтегін» жәдігерінің құдірет күші – оның Елдік пен Ерліктің ұлы дастаны болуында. Ол сан ғасыр бойы ұрпақ көзінен таса болғанымен, гендік жадыда жатталып, межелі мезетте жан тебіренісінің тереңінен қайнап шыққан жырлардың болмысынан талай рет бой көрсетіп, бейнелі сөздің қуатын арттырғанына еш күмән жоқ» [124, 102], – деп тарихи жәдігердің лайықты бағасын береді.

Туған жерді қорғау кейінгі ұрпаққа аманатты жеткізудің амалы ғана емес, елдікті сақтаудың үлгісі ретінде танылады. Тарихи оқиғалар баяндалған шығармалардың барлығында дерлік әлеуметтік, саяси астар «туған жерді» қорғау мотивіне негізделеді. Батырлардың «қасық қаны қалғанша» күрескен оқиғалардың бәрінде туған жерді қорғау – айрықша мотив. Түркі жұртының мәңгі ел болуы – туған жерді сақтаумен, қорғаумен байланысты. Фольклорлық шығармалардан бөлек, фольклордың дәстүрлі жалғасы – жыраулар поэзиясында да, түрлі әдеби кезеңдерде ең бастысы – туған жерді қорғау идеясы. Батырлар жырында сомдалатын оқиғалар желісі, кейіпкерлер әлемі «туған жерді қорғау» идеясына негізделген. Халық жадында сақталған батырлардың болмысы фольклорлық шығармаларың негізгі арқауы болды.

Мемлекеттің іргесі берік болуы, еркіндік бастауы «туған жер» түсінігімен байланысты. Осыған байланысты руна жазбаларында жазылған жырлардың маңызы да айрықша. Жазба ескерткіштерінде және жалпы түркі дүниетанымын зерттеудің нәтижесінде түркілердің дәстүрлі дүниетаным жүйесі мынадай:

1. Тәңірі – жоғары дәрежедегі басты Құдай, жарылқаушы;

2. Жер-Су – Тәңірі лайықтаған Отаны, мекен, өмір сүретін кеңістігі;

3. Ұмай – түркілер дүниетанымындағы әлемнің бастауы, балалар мен әйелдердің қамқоршысы;

4. Құт – Тәңірінің түркілерге берген несібесі, өмірлік күш пен қуат [125, 26].

Түркі халықтарына ортақ «Ергенеқон» аңызында туған жер түсінігі айқын көрінеді. Бұл жөнінде ерте түркі дәуірі әдебиетін зерттеуші Н. Келімбетовтің мына пікірін негізге аламыз: ««Ергенеқон» дастанына өзек болған идея – халыққа құтты қоныс, жерұйық табу болды» [126, 122]. Түркі мифологиясында, жоғары атап өткен татар фольклорында сақталғандай, әрбір тау мен тастың, орман мен өзеннің иесі бар деп таниды. Алтай тауларында орналасқан Ергенеқон, яки Өтүкен жері түрік қағанатының астанасы қызметін де атқарған. Түркілер үшін туған жерді құрметтеу ата-баба, ата жұрт ұғымдарымен байланысты. Түркі танымында киелі мекен, құтты қоныс іздеу «мәңгі ел» болу түсінігімен тікелей байланысты. Ергенеқон аңызында да танылатын негізгі мотив те осы «мәңгілік ел» идеясымен анықталады.

Зерттеушілер А.В. Таңжырықова, А.Н. Юсуп «Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі» деген мақаласында сакральды образға айналған топонимдерді тоғыз түрлі топқа ажыратады. Соның ішінде «виртуалды санадағы мекендер» деген топта Ергенеқон, Өтүкен, Жерұйық атаулары кездеседі [127, 116]. Авторлардың бұлайша ажыратуы «адамзат – уақыт – мәңгілік» контексінде жүзеге асқан. Ал А. Шәріп болса мынадай пікірін білдіреді: «Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымындағы атамекенді ардақтау, аялау сезімі көне түркілік кезеңде көшпенділердің мифтік-поэтикалық ойлау жүйесіне орайлас, Жер-Анаға (Ергене қон, Өтүкен) табыну тұрғысында қалыптасқан «қоныс – құт – құдырет» формуласына тәуелді» [128, 89], – дейді. Аталған авторлардың пікірлерін негізге ала отырып, Өтүкен, Жерұйық атаулары виртуалды санадағы атаулар деп қазіргі қазақ әдебиетінде көрініс табуына байланысты қалыптасқанын көреміз. Зерттеуімізде аталған ұғымдардың мифтік маңызы барына тоқталған болатынбыз. Әрі қарай толықтыра кетсек.

«Өтүкен» – түркі халықтарының «туған жер» жайлы қалыптасқан алғашқы мифтік түсінігі. Бұл жөнінде М. Қашқари «татар даласындағы мекен» [129, 10], Л. Потапов «Енисей алқаптарындағы жер атауы» [130, 156], Б. Владимирцов «Өтүкеннің моңғол тілінде «жер тәңірі», «киелі мекеннің өзі» мағыналарын беретінін [131, 843], П. Коновалов «Өтүкенді туған жер түсінігінде қабылдау солтүстік ұндарда бастау алғанын айтады» [132, 180]. А. Шәріп зерттеу мақаласында «Өтүкеннің» әлеуметтік утопияның негізінде қалыптасқанын айтады [133, 248]. Түркілер арасында орын алған таққа талас мәселесі, табғаш елінің жаушылық әрекеттері құтты мекен жайлы қиялға берілуі нәтижесінде болуы мүмкін екенін айтады. «Өтүкеннің» түркі жұрты үшін қасиетті болуын зерттеушілер Қ. Аманжолов, Қ. Рахметов түсіндіреді. Олардың айтуы бойынша, Өтүкен деп Хангай таулары саналып, аталған тау түркі жұртының жебеуші рухы ретінде танылады. Хангай тауларында орналасқан үңгірлерде бөрі, яғни қасқыр ата-бабаларды дүниеге әкелген, жыл сайын құрбандық шалып отырған [134].

Осы негізде А. Шәріп айқындаған туған жерге табынудың мифтік-поэтикалық салты былай қалыптасады:

1. Әуел басынан бұйырған географиялық кеңістік, қолайлы қоныс ретінде қабылдау;

2. Әлемнің кіндігі ретінде қабылдап, құт дәрежесіне көтеру;

3. Ата-бабаның қаны төгілген, сүйегі жатқан қонысты құдірет деңгейінде дәріптеу [133, 249].

Туған жер, атамекен, ел, жер-судың байырғы мәні мен маңызы, қоғам өміріндегі рөлі туралы айтқанда, ең алдымен, адамзаттың ғаламның жаратылуы туралы түсінігі мен қоршаған әлем, табиғат туралы наным-сенімі ойға келеді. Бұл – заңды құбылыс. Өйткені, туған жер – адамның саналы болмыс болып қалыптасуына жағдай жасаған тереңдік, кеңістік, табиғаттың өзі. Демек, туған жер – адам өміріндегі ең маңызды діңгек.

Фольклор шығармаларының барлық түрлерінде «туған жер» концепті байлықпен, берекемен, молшылықпен етене байланысып жатады. Құт дарыған мекенде әрдайым бақыт пен береке жайлайды. Туған жердің байлығымен жіптесе тізілген бақыт мотиві батырлық жырларда да, ғашықтық жырларда да және өзге де ауыз әдебиетінің барлық үлгілерінде кездеседі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында қазақ даласының шөлі мен көлін, тауы мен тасын, төбесі мен жотасын, қамысты және қоғалы көлдерін, шағалалы шалқар көлін суреттеген жыр жолдарынан туған жердің әр тасының адамға ыстық екенін, қазақтың кең пейілі сияқты кең-байтақ даласын көре аламыз. Жырда туған жерді сағыну, аңсау, торығу төмендегідей суреттеледі:

Елі-жұртын сағынып,
Өксіп-өксіп жылады.
Жұрты жатыр, елі жоқ
Батпағы жатыр, көлі жоқ.
Асқар – асқар беліне,
Белден көшкен еліне
Ертемен шауып Қобыланды,-
Бұраңдаған Бурылмен
Жүгіртіп келді Қобыланды
Айна көлде Құртқаның
Ордасын тіккен жеріне.
Қараспанның тауында
Жұртына келіп жүр еді [135, 95].

Туған жерді тастап, ел кезіп кетудің адам үшін қаншалықты қиындығын жырдың мына жолдарынан көруге болады:

Бір баланың зарпынан
Жердің жүзін кезгенің.
Дүние-мал, еліңнен,
Қоныс еткен жеріңнен,
Талақ етіп безгенің.
Арықтаған екеуі
Елге қайтып жөнелді.

Қоныс еткен жерімде,
Ұлан байтақ елімде,
Болмады менің тұрағым.
Бөтен жерден теңің тап,
Байтақ елден қара да.
Құртқаның мекен-жайына
Қызықпенен барыпты [135, 70].

Осыдан-ақ эпос кейіпкерлерінің туған жер ұғымы аясындағы келбетін және сол арқылы ерекше мәнге ие киелі жер ұғымын анықтауға болады.

Дәл осындай туған жерге қатысты бақыт, береке, молшылық, кие, сағыныштың символы мотивтері, әсіресе, қазақ фольклорында кең таралған. Бұл өлкелердің киелілігі – ерекше қаһармандық, рухани ерлік, отансүйгіштік қасиеті бар мықты тұлға тәрбиелеуге қабілетті, қастерлі жерлер ретінде көрініс табуы. Қазақ фольклор мұраларындағы «туған жер» концепті мен концептілік өрісінің мәні де осында жатыр.

Отан – әрбір адамның туып-өскен жері, оның отбасымен, достарымен, халқымен бірге тұратын Отаны. Адам үшін туған жер – оның туған жері, онда ғасырлар бойы өмір сүрген бабалардан қалған асыл мұра, шексіз қуаныш пен шаттық мекені. Ол үшін одан әдемі, бұдан ғажайып жер жоқ. Мұндағы су мен ауа басқаша. Туған жер күндіз де, түнде де ыстық. Бұған топонимдердің батырлар жырларында, аңыз-әңгімелерде, жалпы алғанда, барлық фольклорлық шығармаларда жиі қолданылуы дәлел. Ел басқарған хандар, ел қамын ойлаған батырлар, тұлғаның қадір-қасиетін бір ауыз сөзбен айшықтайтын шешендер, білгір билер мен тарихи тұлғалар санатына жататын халықтың барша өкілдері туған еліне, туған жеріне ерен еңбектері мен ерліктерін арнады. Бұл – Отанның шексіз құдіретінің белгісі.

Отан ұғымы түрлі түсініктер жиынтығынан тұратын ерекше құрылым. Бұл ұғымның ішкі мазмұны туған жер, атамекен, ата қоныс, туған жер сияқты үлгілердің арақатынасымен айқындалады. Бұл да жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениеттің негізгі категорияларының бірі. Туған жердің онтологиялық болмысымен қатар, ментальды болмысы да бар. Ал психикалық болмыс адам санасында көрініс тауып, адам санасында өмір сүреді. Осыған сәйкес, «Туған жер» ұғымы түркі халықтары арасындағы маңызды лингвомәдени ұғымдардың бірі. Түркі халықтарының құндылықтар жүйесінде Отан ұғымы адам үшін ең қымбат, тіпті баға жетпес құндылық саналатын, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілік сияқты сезімдік ұғымдармен байланысты.

Демек, қазақ халқының санасында «Туған жер» ұғымы киелі, қастерлі мәнге ие. Мінездің бұл қасиеті қазақ халқының фольклорлық шығармаларында, бас кейіпкердің жаумен шайқасып, туған жерін, туған ауылын, жерін қорғап қалуы немесе жорыққа шығып, туған жерін тастап, бірақ үлкен олжамен, халқына жеңіспен оралған көріністерде айқын көрінеді. Қалай десек те, фольклорлық мысалдарда туған жер тақырыбы айтылғанда, оқиғаны орынды жеткізу үшін топонимдер жиі беріледі. Осы орайда С. Қасқабасов: «Фольклорда жер-су, тау, тастың шығу тегі мен атауын түсіндіретін, оларды мифтік ұғыммен немесе әрекетпен емес, қандай да бір оқиғамен немесе белгілі бір мифтік кейіпкер

бейнесіндегі әлдебір адам есімімен байланыстыратын жанр топонимикалық аңыздар» деп түйіндейді. Фольклор шығармаларындағы атамекен, топонимикалық өріс ұғымы уақыт пен кеңістікте бағдарлау қызметін атқарып қана қоймай, қазақ фольклорлық жанрларында кездесетін топонимдердің негізгі қызметі – халықтық ойлау ерекшеліктері мен жанр заңдылықтарына бағынатын аса маңызды этномәдени ақпаратты сақтау және жаңғырту» [54, 81].

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде туған жер ұғымын көрнекі түрде жеткізуге қызмет ететін топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғаның себебін, орын, уақытын көрсете отырып, тарихи дереккөздердің сырын ашып, танып білуге көмектеседі. Топонимдер – «жердің жазылмаған кітабы» ғана емес, жер мен елдің тарихын танытатын құнды мұра, өткен өмірінің тарихи шежіресі. Отан деген ұғымның концептуалды өрісінен қазақ халқының қаһармандық, ержүрек, азаттық сүйгіш болмысын, оның бай, берекелі, мол тіршілігін түсінеміз. Сондай-ақ, қазақ халқының наным-сенімінде ұлы, киелі нәрсе ретінде белгілі бір есіммен аталу әрекеті де туған жермен қарым-қатынасында ерекше байқалады. Халық қашанда туған жерінің атын ерекше перзенттік сүйіспеншілікпен бағалап, оларды шексіз құрметтеп, бәрінен де жоғары қойған. Мәселен мына өлең жолдарында:

«Қаратау, Қасқамұрын қалдың бізден,
Шалғыны Мыңбұлақтың келер тізден.
Өзіңе, тірі болсам, оралармын,
Әзірге, айналайын, күдер үзбен
Ауылым көшіп барады ылай көлге,
Шағи бешпент жарасар қынай белге.
Ауылыңнан алыс кеткенде, ей, қарағым,
Көз жасыңды көл қылып, жылай берме», – деген жолдарда туған жерге деген сағыныш жайы қозғалған. Туған жер алдындағы перзенттік сағыныш осы өлеңдегі идеяға арқау болып отыр.

Қазақ халқының өмірінде жаугершілік заман, Отан қорғау, жерін дұшпанынан азат ету басым орын алғандықтан «туған жер» концептісі өте жоғары деңгейде дамыды. Себебі, халықтық шығармашылықтар арқылы қоғам санасына туған жердің сакральды мәнін насихаттап, Отан қорғауға, оның жолында қан мен терін аямауға үгіттейтін ұлттық идеология алдыңғы кезекте тұрды. Сондықтан, туған жер мен атамекен жеріне, еліне қатысты ауыз әдебиеті үлгілерінің туындауы, таралуы ареалы ерекше болды. Академик С. Қасқабасовтың еңбектерінде бұл ой терең талданады. Ғалымның пайымдауынша, өнер әрбір тарихи кезеңде адамның қоршаған ортаны және өзін қаншалықты танып-білгенінің көрсеткіші болып табылады. Өнердің басты мақсаты – шындықты тани білу мен оны түсіну, ал бұл мақсат әр дәуірде өзіндік ерекшеліктерге ие болған. Сонымен қатар, өнердің атқаратын қызметі сан алуан: танымдық, идеологиялық, тәрбиелік, эстетикалық және т.б. Фольклор мен әдебиеттің танымдық рөлі өткен замандарда қазіргі түсініктен өзгеше бағаланған. Сол себепті, фольклор әр дәуірде әртүрлі қызмет атқарғанымен, оның барлық функциялары бір уақытта толық жойылмайды, керісінше, белгілі бір тарихи кезеңнің қажеттілігіне сай басым рөлге ие болған [136, 91].

Кез келген лингвомәдени білімдегі әлемнің ұлттық тілдік суретінің маңызды құрамдас бөлігі – «туған жер» ұғымы. Бұл ұғым, ең алдымен, адам мен қоғамның өзінің тұрақты тұратын кеңістігіне, сондай-ақ осында болған көптеген тарихи-мәдени оқиғалар мен құбылыстарға қатынасын анықтайды. Екіншіден, адамзат дамуының осы кезеңінде ұлттық құндылықтар бұрынғыдан да өзекті бола түсуде.

«Туған жер» адам мен қоғам құндылықтары жүйесінде маңызды орындардың бірін алады. Белгілі бір мәдениет өкілдерінің туған жерді түсіну дәрежесі әртүрлі. Отан – бақыт мекені, сондықтан туған жерін сүймейтін адам болмайды. Тек әркім өз сезімін әрқалай жеткізе алады. Суретшілердің тілі – бояу, музыканттардың тілі – музыка, ал кейбіреулері ішкі жан дүниесін жалынды сөзбен, әдеби тілмен жеткізеді.

Жаз жайлауы Көздікөл,
Көздікөлді жайлаған
Қалың Қыпшақ жағалай.
Тоқтарбайдың дәулеті
Ішкені мас, жеген тоқ,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс қыстауы Қараспан,
Қараспан көкке таласқан [46, 18].

Жыр «Көздікөл», «Қараспан» мекендерінің құт дарып, ырыс аққан мекендер екенін мүлтіксіз баяндайды. Бұдан біз эпостың бас кейіпкерлерінің «туған жер» концептісі аясында көрініс беруін және осы арқылы ерекше бір қасиетті бойына жиған киелі жер ұғымын анықтаймыз.

Адам санасында орын алатын утопиялық мекендер осы кейіпкерлерді өмірге әкелген аймақтарда деп сипатталады. Және сол жерлердің ерекше сакральдыққа ие тұстары жырда баяндалып отырған.

Кешегі өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде
Жағалбайлы елі бар
Жағалбайлының мекені
Ақ теңіз деген көлі бар.
Жаз жайлауын сұрасаң
Қара теңіз жағасы
Ұлан жамбыл елі бар.

Бұл Қыз Жібек жырындағы Төлегеннің ата қонысы, Жағалбайлы елінің атамекені жөнінде сипат алған топонимдер. Қазақ фольклорында бұл мотив ерекше сарынмен өріс алған. Бұл атамекендердің қасиеттілігі сол, олар кейіпкердің бойына ерекше батырлық пен рухани жігер, патриоттық сезім дарытуға қабілетті. «Туған жер» концептісінің мәні осында.

2.3 Аңыздарда көрініс беретін «Туған жер» концептісі

Отан, атамекен сияқты ұғымдарға байланысты фольклорлық үлгілер сол дәуірлердің әлеуметтік сипаты мен қоғамдық-саяси келбетін айқындап,

атқаратын қызметтерін нақтылайды. Түркі тілдес халықтар «Туған жер» сөзін киелі, культтік мағынада қолданатынын білеміз. Көбінесе фольклорда басты кейіпкердің туған жерін, ауылын, туған жерін немесе атамекенін қорғап, жекпе-жекке шығуы немесе сапардан олжа алып, жеңіспен оралуы сюжеттері жиі кездеседі. Кез келген фольклорда атамекен туралы сөз болғанда, оның тарихын жан-жақты баяндайтын жер-су атауларының топонимикалық аттары жиі кездеседі, тарихи-аңыздық сипаты басым болады.

С. Қасқабасов бұл мәселе бойынша былайша тұжырымдайды: «фольклортану ғылымында аңыздар дәстүрлі түрде тарихи және топонимикалық (мекендік) деп бөлінеді. Алайда, бұл жіктеу тек тақырыптық қағидаға негізделгендіктен, аңыз жанрының табиғатын толық ашып бере алмайды. Себебі, топонимикалық аңыздарда да тарихи негіздер мен нақты деректер кездеседі, ал тарихи аңыздарда жер-су атауларына қатысты мотивтер көрініс табуы мүмкін. Бірақ мұндай жағдайда шығарманың жалпы мазмұны емес, жекелеген сарындары ғана топонимдік сипатқа ие болады. Сондықтан «топонимикалық аңыз» деген ұғымды шартты түрде қолдану қажет және оны белгілі бір жерге немесе мекенге байланысты оқиғаларды баяндайтын әңгімелерге ғана жатқызған дұрыс. Басқаша айтқанда, топонимикалық аңыздар деп жер-су, тау-тас атауларының пайда болуын мифтік түсініктер мен кейіпкерлер арқылы емес, нақты тарихи оқиғалар немесе белгілі бір тарихи тұлғалардың қызметімен байланыстыратын әңгімелерді атауға болады» [136, 87].

Орыс фольклортанушысы В.Г. Аникин аңыз жанры туралы «...мы поддреживаем точку зрения, согласно которой предание рассматривается как «широкризвестный в народе устный эпический рассказ с установкой на правдоподобное обьеснение реальных фактов прошлой истории, быта, названий отдельный местностей» [137, 176], – деген пікірі арқылы аңыздардың шындық оқиғаға негізделетінін атап көрсетеді.

Жалпы, топонимикалық аңыздардың шығуы мен қалыптасуын халықтың өзінің шағын Отанына, яғни туып-өскен жеріне, шағын атамекеніне деген перзенттік махаббаты, осы жер атауларының сырын білуге деген құштарлығы анықтады десек қателеспеген болар едік. Өйткені, атаулардың танымдық мәні бар. Онда жергілікті халық бақылайтын табиғат құбылыстарының ерекшеліктері, тарихи оқиғалардың себеп-салдары, ландшафттың өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктерін ашатын ұғымдар, сонымен қатар қоғамдық өмірден хабар беретін белгілер бар. Сондықтан да ерте заманда халықтың өзі тудырған, шығармашылық өнеріне негізделген жер, қоныс, атамекен туралы аңыз-әңгімелер кейінгі ұрпақтың аузында бояуын жоғалтпай, мағынасын өзгертпей сақталған.

Еліміздің әр өңірінде, бір жағынан, өткен тарихты баяндайтын, таныстыратын, екінші жағынан, жер-судың пайда болу сырын ашатындай қайталанатын аңыз-әңгімелер көп. Сондай аңыздардың бірі – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданындағы «Мәні» төбесімен байланысты.

Ырғыз өңірі – халқымыздың сан ғасырлық тарихын айғақтайтын сан алуан ескерткіштерге бай. Шетырғыз бен Ырғыз өзендерінің қиылысында төмен түскен үлкен егіз төбелер Керегешін, Жаманшың және Темірастау тау жүйелеріне

қосылған үлкен төбені білдіреді. Бұл – батысқа қарай түсіп, ығысып, тоскауылға айналған табиғат сыйының бірі. Бұл төбені халық Мәні әулие деп атаса, төбе басындағы қатар-қатар тастардан тұрғызылған зират «Мәні әулие зираты» деп аталады.

Әулиенің жерленген жері туралы аңыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ел арасында айтылып келеді. Бұл аңыз болғанымен, оның шын мәнінде тарихи негізі бар екенін көп адам біле бермейді.

Аңыз бойынша, қалмақтар қазақ жеріне басып кіріп, сол елдің билеушісінің сұлу әйелін бүкіл дүние-мүлкімен бірге тұтқынға алып, өз жауынгерлерінің біріне береді. Бұл әйел қыз туып, он жеті жасында қайтыс болады. Елін, халқын көрсем деп армандаған анасы қызының қазақ еліне оралуын тілеп, қызына жол көрсетеді. Қолына кісен салынған, қол-аяғы байланған жеті жасар қайратты, батыр болмысты балаға жағдайды түсіндіріп, ауылға аттандырады. «Бұл менің соңғы, ең қымбат өтінішім», – деп сөзін аяқтап, анасы қайтыс болады. Анасының уәдесін орындауға бел буған қыз жігітке сөз салады. Жігіт мұңайып: «Менің бұдан артық арманым жоқ, бірақ қолым қысқа», – дейді. Сонымен, қыз бір күні атты ерттеп, екеуі ел қайда деп қашады.

Қуғыншылардың ішінен қыздың әкесінің аты ғана жетеді. Осыны сезген қыз бала қуып келе жатқан ат тұяғының даусын естігенде: «Әкемді өзім тоқтатамын, сен артыңа қарамай кете бер» дейді. Бала бір қате іс болар деп ойлап, қызға жақындап: «Әкеңді атпа» дейді.

Айтқанына құлақ аспай, қайтып келген балаға қыз: «Келмеуің керек еді, атпай-ақ өзім тоқтатар едім, енді не болғанын көрерсің» деп қатты қарсылық білдіреді. Қасына келген әкесі екі қолын кең жайып: «көзің көргенді, қолың ұстамасын!» деп бата береді. Екеуі қуғыншылардан қашып, жағасын тал, қамыс басқан төбенің етегіндегі суға шомылып, демалу үшін екі жаққа бет алады. Осы кезде әлдебір шудан қыздың даусы естіледі. Бала жедел келсе, жыланға оранған қыз талықсып жатып: «Қалмақ қарғысы жаман деген рас. Әкемнің қарғысы орындалды. Енді мен сенікі емеспін. Мені осында жерле. Менің атымды енді ешқашан атама, осы өтінішімді орындаңыз» дейді.

Жігіт қыздың өтінішін орындап, осында жерлейді. Ол сұрақ қоюшыға «мәні бар» деп жай ғана жауап береді. Содан бері бұл жер «Мәні төбе» аталып кеткен деседі. Аңыз негізінде Ақбілектің анасына берген уәдесіне беріктігі айқын көрінеді. Сонымен қатар, туған жерге деген сағыныш Ақбілектің анасының болмысынан байқалады.

Аңыз ауызша беріліп, ауызша өмір сүретіндіктен, оның сюжеті негізгі оқиғасын сақтағанымен, уақыт өте келе, орындаушылардың көзқарасы жағынан аздаған өзгерістерге ұшырап, әртүрлі нұсқалары пайда болады.

Фольклор – адамдарды біріктіретін мәдени, біртұтас жүйе ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттың дүниетанымын бейнелейтін этнофилософиялық құбылыс [138, 795].

Фольклорлық жанрлардың ішінде аңыз жанрының көпқырлылығы айқын көрінеді. С. Қасқабасов бұл жанрды тарихи және топонимикалық аңыздар деп екіге бөліп қарастырған. Ғалым мұндай жіктеудің шартты екенін және оның тек тақырыптық принципке негізделгенін атап өтеді. Ол топонимикалық аңыздарда

да тарихи деректер кездесетінін, ал тарихи аңыздардың құрамында топонимикалық мотивтер болатынын айта келе, бұған тек аңыз жанрының шығармалары ғана емес, белгілі бір елді мекенге қатысты туындылар да жатуы мүмкін екенін жеткізеді [108, 125].

Топонимикалық аңыздар, ең алдымен, белгілі бір жер атауының пайда болу себептерін түсіндіруге бағытталған. Олар «Неге бұлай аталған?» деген сұраққа жауап іздеп, жер-су атауларының шығу тегін халықтың тарихи жадында сақталған оқиғалармен байланыстыра отырып түсіндіреді.

Аңыз жанры өзінің бастапқы мәнін жоғалтпаған құнды мәдени мұра болып табылады. Ол халықтық және тарихи прозаның ерекше бір түрі ретінде көрініс табады. Мұндай шығармалар ауыз әдебиетінің өнімдері ретінде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралу арқылы бүгінгі күнге дейін жетті. Бұл аңыздарда белгілі бір қауымдастықтың этногенезі, олардың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен рухани құндылықтары туралы маңызды мәліметтер беріледі. Сондықтан да аңыздар белгілі бір ру, тайпа немесе этникалық топтардың тарихи бастауларын сипаттайтын маңызды ақпарат тасымалдаушы рөлін атқарады.

Кез келген халық өз мекеніне атау беру кезінде оны белгілі бір маңызды оқиғамен, тұлғамен немесе табиғи ерекшеліктермен байланыстырады. Жер-су атауларын қалыптастыру барысында адамдар сол мекеннің ерекшеліктері туралы тарихи маңызы бар құнды мәліметтерді болашақ ұрпаққа жеткізіп отырған. Олар өздерінің тұрған жерлеріне атау бере отырып, еріксіз түрде тарихи-географиялық жадтың іргетасын қалыптастырған. Бұл процестер фольклорлық жадтың ерекше бір тетігі ретінде жұмыс істеп, халықтық тарихтың бейсаналы түрде жинақталуына ықпал етті. Кең байтақ даланың өзен-көлдері мен тауларының атауларын баяндайтын қазақтың көне аңыз-әңгімелері мен салт-дәстүрлері халықтың өткен өмірінің көркем бейнесін жасайды. Демек, қазақ фольклорындағы топонимикалық аңыздар – ел тарихының айнасы, халық жадын жаңғыртушы әрі оны сақтаушы маңызды дереккөздердің бірі болып табылады.

Көбінесе аңыздар тарихта болған нақты оқиғаларға негізделеді және бұл оқиғалар белгілі бір аймаққа, тауға, тау асуына, өзенге немесе көлге қатысты болып келеді. Мұндай географиялық нысандар бүгінде де сақталған. Мысалы, халық арасында Қазығұрт тауы туралы мынадай аңыз кеңінен таралған: «Бұл аймақ «Қазығұрт тауы» деп аталады, өйткені мыңдаған жылдар бұрын Нұх пайғамбардың кемесі Топан судан кейін осы жерге келіп қонды». Осындай аңыздар топонимикалық сипатқа ие болып, белгілі бір географиялық объектінің атауының шығу тегін түсіндіреді.

Кейде мифті аңыздан, ал аңызды тарихи дәстүрден ажырату қиынға соғады. Географиялық атаулардың пайда болуын баяндайтын аңыздар, әсіресе топонимикалық аңыздар – қазақ ауыз әдебиетінің ерекше жанры ретінде қалыптасқан. Қазақтың аңыз-әпсаналарға негізделген шығармалары халықтың өзіндік дүниетанымын бейнелеп қана қоймай, тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы құнды мәліметтерді де жеткізеді. Олардың мазмұнындағы тарихилық пен идеологиялық бағыттылық фольклорлық дәстүр мен тарихи жадтың өзара байланысын айқындайды.

Қазақ аңыздарының идеялық қабаты мифологиялық сипаттағы сюжеттер арқылы берілген: космогониялық, этиологиялық және топонимикалық [139, 11].

Космогониялық аңыздар – халықтың әлемнің жаратылысы, ғарыштық құбылыстар және аспан денелерінің пайда болуы туралы түсініктерін бейнелейтін мифологиялық әңгімелердің бір түрі. Сондай-ақ жердегі тіршілік иелерімен, жануарлармен және адамдармен байланысы туралы мифологиялық ұғымдарды да қамтиды. Осындай аңыздардың бірінде Үлкен аю шоқжұлдызының пайда болуы туралы баяндалады. Аңыз бойынша, жеті сұлу қыз ұлы патшаны көріп, қорыққаннан таудың басына шығып, ақырында көк аспанға көтеріліп кеткен. Уақыт өте келе олар аспандағы шоқжұлдызға айналған.

Этиологиялық аңыздар – табиғаттағы тіршілік иелерінің, яғни өсімдіктердің, жануарлардың және құстардың шығу тегін түсіндіруге бағытталған мифологиялық әңгімелердің бір түрі. Бұл аңыздар ежелгі адамдардың қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіруге деген ұмтылысынан туындаған. Қазақ халқының этиологиялық аңыздары мазмұны жағынан әлем халықтарының көптеген әпсаналарымен үндесіп, олардың мифологиялық дүниетанымымен тығыз байланыста дамыған. Қазақ фольклорындағы этиологиялық аңыздар табиғаттың ерекше құбылыстарын, жануарлар әлемінің өзіндік қасиеттерін ұлттық сипатта бейнелеп, жергілікті танымдық ерекшеліктерді айшықтайды.

Топонимдік аңыз – ең алдымен халық санасында орын тепкен белгілі бір жер-судың, өзен-көлдің, тау-тастың неліктен бұлай аталғанына, ол жерлерде қандай оқиғалар болып өткендігіне жауап іздеуден бастау [4, 152].

Ә. Диваев, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Ш. Ыбраев, Е. Тұрсынов, Б. Рахимов сынды ғалымдар топонимдік аңыздардың зерттелу жайына, бағыт-бағдарына шолу жасаған. Жалпы аңыз және оның табиғаты жайлы елеулі зерттеулер М. Ғабдулиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Е. Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», С. Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» еңбектерінде арнайылап қарастырылған.

«Қырық қызға» байланысты қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ халықтарында топонимдік аңыздар көптеп кездеседі. Түркі халықтарына тән ұлттық ойлау жүйесінің көріністері топонимдік аңыздарда айқын байқалады. Қаратау өңіріндегі «Қатынқамал» үңгіріне байланысты аңыз – «Қырық қыз» аңызы негізінде қалыптасқан. Қатынқамал үңгірі Сыр өңірін бойлай ағатын Ақүйік өзенінің тар қуысында орналасқан. Бір қарағанда көзге түсе қоймайтын бұл үңгірге кіру үшін айналма жолдар арқылы таудың басына көтеріліп, содан кейін ғана соқпақтармен үңгірге жетуге болады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қырық қыз-келіншек осы үңгірді паналаған. Ерлер қауымы жасырын түрде азық-түлік жеткізіп тұрған. Жолдың ретін білетін адамдар болмаса, кез келген жан бұл үңгірді таба да алмайды, жете де алмайды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде үңгірде жасырынған қырық қыз-келіншек аман қалып, кейін ел қатарына қосылған. Осы оқиғадан кейін бұл жер «Қатынқамал» деп аталып кеткен.

«Қырық қызға» қатысты аңыздардың бір тобы Түркістан облысында кездеседі. Қазығұрт өңіріндегі аңыз желісі жаугершілік заманмен байланысты.

Қарабау жағасында серуендеп жүрген қырық қызды көрген жау соңдарынан ілесе қуып келеді. Қыздар болса, құдайдан елін, жерін жауға таптатқанша, өздерін де, арттарынан қуып келе жатқан жауды да тасқа айналдыруын сұрайды. Ендігі бір аңызда байдың қызы ұзатылмақ болып, ауыл қыздарымен бірге күйеу жігіттің алдынан шығуға дайындалып жатады. Алайда аяқ астынан жау шауып, ауылдың ер-азаматтары атқа қонып, дүрбелең басталады. Жау жағы басым түсіп, ауыл жігіттерін қынадай қырады. Сол сәтте күйеу жігіттің алдынан шығамыз деп жүрген қыздар құдайдан жаудың қорлығынан құтқаруын, өздерін тасқа айналдыруын сұрайды. Қырық қыздың тілегі қабыл болып, олар сол мезетте тасқа айналып кеткен екен. Ұлытау өңірінде де «Қырық қыз» сюжетінен туындайтын топонимдік аңыз сақталған. Аңыз желісі бойынша, жоңғарлармен соғысқа кеткен қазақ ауылдарында тек қыз-келіншектер, қариялар мен балалар ғана қалған екен. Осы сәтті пайдаланған жау бейқам ауылға от қойып, батырларсыз қалған ауылды оңай басып алады. Олар ауылдың ең сұлу деген қырық қызын таңдап алып, өз елдеріне алып кетпек болады. Сол кезде қыздардың ішінен біреуі: «Жау еліне барып қорлық көргенше, өлгеніміз абзал», – деп, бәріне ой салады. Қырық қыз бір келісімге келіп, жау қолбасшысынан «туған жермен қоштасуға» рұқсат сұрайды. Содан кейін олар қол ұстасқан күйі көлге батып кеткен екен. Осыны көрген жоңғар қолбасшысы: «Қыздарының өзі осыншалық намысшыл болса, ерлері қандай мықты болды екен», – деп қорқып, ауылды босатып кетіпті.

Татар халқында да «Қырық қызға» қатысты аңыздық сюжет кездеседі. Татар жеріндегі Биляр қаласында орналасқан «Қыз тауы» («Девичья Гора») топонимі осы аңызбен байланысты. Аңыз бойынша, ертеректе татарлар моңғолдармен соғысуға аттанып, ұрыс даласынан оралмай қалады. Бақылаушы болып жүрген қыз ауыл маңына жақындап қалған моңғол әскерін байқап қалады. Ойлана келе, балаларды жаудан қорғау қажет деген шешімге келеді. Жаудың алдынан шыққан қырық қыз олармен теңдей соғысады. Алайда жау күші басым болып, шайқас барысында қыздар жеңіліс табады. Ақырында, қырық қыздың барлығы қаза болады. Олар отбасын, балаларды, елін, жерін қорғау жолында өз жандарын құрбан еткен. Қырық қыздың соңғы демі таусылған жер қазіргі Биляр қаласында «Изге Чишмэ» («Қасиетті бұлақ») деп аталады.

Қарақалпақ халқындағы «Қырық қыз» сюжетіне қатысты фольклорлық мұралардың бірі – «Кырк кыз» эпосы. Халық арасында таралған бұл аңыздың желісі уақыт өте келе өзгерістерге ұшырап, эпос түрінде жырланған. Қырық қыздың ерлігіне негізделген бұл эпикалық шығарма – Отанды, туған жерді қорғау идеясына құрылған.

Түркімен халқында да «Қырық қызға» қатысты аңыздық сюжеттер кездеседі. Түркіменстандағы Ходжапиль ауылында орналасқан «Кырк-гыз» атты каньон осындай аңызға арқау болған. Географиялық нысанның сұлулығымен қатар, бұл өңір туралы халық арасында бірнеше аңыз тараған. Аңыз бойынша, ерте заманда тау етегінде қырық сұлу қыз өмір сүріпті. Олар күн сайын тау ішіндегі салқын бұлаққа барып, суына жуынатын болған. Бір күні ауылға жау шабады. Қырық қыз жаулаушылардан жасырыну үшін тауға қарай қашады. Алайда жау олардың жасырынған орнын анықтап, соңдарынан қуып жетеді. Сол

сәтте ғажайып жағдай орын алады: тау арасы ашылып, қыздар өткел ішіне жасырынып үлгереді. Олардың ыдыс-аяқтары мен киім-кешектері тасқа айналып кетеді. Қыздарды таба алмаған жау әскері елдеріне қайтуға мәжбүр болады. Жергілікті халық бұл жерді киелі санайды. Сондай-ақ, түркімен фольклорында Умбар атты батыр жайлы аңыз кең тараған. Аңызда Умбар жаумен шайқаста асқан ерлік көрсетіп, келесі жорыққа аттанады. Жолда серіктерінен айырылып, жаудан жалғыз қашуға мәжбүр болады. Туған жеріндегі таудан медет сұраған батырды Койтендаг тауы қолдап, жылжып, оған жол ашып береді. Умбар жасырынған аңғар кейін «Умбар-дере» деп аталып кеткен. Түркімен фольклорындағы ерекшеліктің бірі – таудан медет сұрау, тау тарапынан көмек көру мотивінің жиі кездесуі. Бұл – туған жердің киелі әрі құдіретті күш ретінде танылуын білдіреді. Айта кетерлік жайт, өзге халықтар аңыздарында мұндай таудың көмек көрсету желісі сирек ұшырасады.

Қырық қыз туралы зерттеушілер әртүрлі көзқараста. Бір топ ғалымдар «қырық» санының киелі екеніне назар аударады. Халық арасында кең таралған «қырық рулы ел», «қырық уәзір» сияқты түсініктер ұлттық дүниетанымда орныққан. Сондай-ақ, «қырық» саны жоғары әлем мен жерасты әлемін байланыстыратын символдық мәнге ие деп есептейді. Қырық қыз жайлы аңыздардың барлығы дерлік трагедиямен аяқталатыны – өлім мен өмір арасындағы шекараны білдіретін осы «қырық» санының маңызымен астасып жатыр. Ал енді бір топ зерттеуші «қырық» сөзінің ерте кезеңдерде «әскер» мағынасында қолданылғанын алға тартады [140, 31]. Осы тұрғыдан алғанда, Қырық қыз – қырық адамнан тұратын шағын әскердің символдық бейнесі ретінде түсіндіріледі.

Туған жер мен елді мекендерге қатысты айтылатын топонимдік аңыздардың танымдық маңызы зор. Бұл аңыздар белгілі бір жер атауының шығу себебін түсіндіріп қана қоймай, оның тарихи негізін айқындап, белгілі бір кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайды. Олардың тағылымдық және тәрбиелік мәні айрықша, себебі әрбір атаудың астарында ел тарихына қатысты маңызды оқиғалар жатыр.

Топонимдік аңыздардың пайда болуынан және қалыптасуынан әрбір адамның Отанына деген құрметі мен жер-су атауларының мәнін түсінуге деген ұмтылысын байқаймыз. Түркі халықтары жер бедерін кеңістікті игеру деңгейіне қарай атаған. Осы негізде екі түрлі аспектіні қарастыруға болады. Біріншіден, өңірдің табиғи ерекшеліктерінің ұлттық танымда көрініс табуы. Екіншіден, өңірде болған тарихи оқиғалардың әсері. Түркі даласында орын алған жаугершілік жорықтар мен шапқыншылықтар жер атаулары ретінде із қалдырған. Түркілердің моңғол, жоңғар, қалмақтармен болған соғыстары жер бедерінде жаңа атаулардың қалыптасуына әсер еткен. Осыған сәйкес, топонимдік аңыздардың табиғатына сай географиялық нысандар атаулары тарихи негізде пайда болғанын байқаймыз. Нәтижесінде, жер-су атауларының этимологиясы өз қалпында сақталып, бүгінгі күнмен сабақтастығын үзбей жалғасып келеді.

Осы тұста назар аударатынымыз – «туған жерді қорғау» ұғымының «ауылмен» тығыз байланысты болуы. Жоғарыда атап көрсетілгендей, «Қырық

қызға» қатысты қазақ, қарақалпақ, түркімен, татар халықтарында кездесетін ортақ желі – ауылдың шетіне жаудың келуі. «Ауыл» – «туған жер» концептісінің мағыналық қатарында танылатын ұлттық түсінік.

Ж. Таласпаева «Атамекен» концептісін қарастырғанда, оның мағыналық қатарына: Отан, туған жер, дала, ауыл, жайлау, құтты қоныс, жұрт деген ұғымдарды жатқызады [141, 127]. Халқымыз өзі мекендеген құтты қонысты «өзіндік кеңістік», немесе «өзіндік космос» ретінде қабылдаған.

«Ауыл» концептісінің қазақ поэзиясында көрініс табуын зерттеушілер Г. Қарипжанова, Г. Әбікенова, Ш. Салықжанова қарастырған. Ал зерттеуші Қ. Байтанасова қазіргі қазақ прозасындағы «ауыл» бейнесін айқындауға назар аударады. Г. Қарипжанова бастаған зерттеушілер поэтикалық туындылардағы «ауыл» концептісінің маңызы жоғары әрі қадірлі екенін атап өтеді. Олардың пікірінше, «ауыл» концептісіне тән ойсуреттер легі төмендегідей: жақсы көру, сағыну сынды сезімдік стереотипті ассоциациялар; жайлау, ата-әженің жылы құшағы, бұлақ және т.б. [142, 40]. Қ. Байтанасова көркем прозадағы «ауыл» концептісінің көрінісін ел тарихын бейнелеумен байланыстырады. Сонымен қатар, гуманизм, адами қарым-қатынас, жанашырлық, мейірім, отбасы, әулет тақырыптары да кеңінен қозғалады. «Ауыл» тақырыбы қозғалған шығармаларда тарихи кезеңнің, заманның сұлбасы мен халықтың ұлттық болмысы танылады [143, 251].

«Туған жер» ұғымымен қатар қолданылатын «ауыл» концептісінде ерлік пен батылдық та айқын көрініс табады. Батырлардың елін, жерін қорғауы, ең алдымен, ауылды қорғаудан басталады. Көптеген топонимдік аңыздардың пайда болуы да бір ауылға жаудың шабуылынан бастау алады.

Ендігі кезекте батырларға қатысты аңыздардың бір тобына назар аударайық. Қазақ тарихында елеулі орын алатын Олжабай батыр туралы топонимикалық аңыздардың орны ерекше. Олжабай батыр (1709–1783) Орта жүздің арғын тайпасынан шыққан көрнекті тарихи тұлға. Ол жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен, әсіресе, Абылай ханды жоңғар тұтқынынан босатуға белсене атсалысқан. Тарихи деректерге сүйенсек, Абылай хан оны «Ер Олжабай, Қу жарғақ» деп атап, жауынгерлік дарынын жоғары бағалаған, ал Орта жүздің ханы Әбілмәмбет батырға алтын сапты қылыш сыйға тартқан. Олжабай батырдың жорықтары мен ерлігі туралы көптеген аңыз-әңгімелер халық арасында ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жазба мұраларында Олжабай мен оның жиені Жасыбай батыр жайлы кеңінен баяндалады. Аңыз бойынша, екі батыр Сарыарқа мен Баянауыл өңірін жоңғар басқыншыларынан азат ету үшін жан аямай күрескен. Бір жорық кезінде олар дұшпан шабуылына тосқауыл қою мақсатында екі асу бойында бекініс құрған. Бұл туралы хабардар болған жоңғарлар қапияда Жасыбай батыр бастаған жасаққа шабуыл жасайды. Мыңға жетпейтін сарбазымен екі есе көп жауға қарсы тұрған Жасыбай асқан ерлік көрсеткенімен, шайқас барысында садақ оғы тиіп, қаза табады. Жасыбайдың қазасын естіген Олжабай батыр дереу әскерімен жетіп, Шойынкөлдің жағасында жоңғарларды ойсырата жеңеді. Аңызда айтылғандай, осы шайқастан кейін оның сенімді серігі Баймұрат батыр: «Енді сен дем ал, бұл жерде саған қарсы тұрар жау қалған жоқ.

Қалған-құтқаны болса, маған сауғаға бермейсің бе?» – деп сұрағанда, Олжабай: «Жасыбайдың бір бармағының да құны толған жоқ» – деп, күрсіне жауап берген екен. Осы оқиғадан кейін халық Жасыбай батыр қаза тапқан жерді «Жасыбай асуы», ал шайқас өткен көлді «Жасыбай көлі» деп атап кеткен [144]. Батырдың бейіті де сол асудың үстінде орналасқан. Жасыбай батырдың ерлігін дәріптейтін «Ер Жасыбай» атты жыр да халық жадында сақталған.

Сонымен қатар, аңызда айтылғандай, Олжабай батырдың жоңғарларды шешуші шайқаста ойсырата жеңген жері халық арасында «Қалмаққырған» деген атауға ие болған. Бұл атау – қазақ халқының отаншылдық рухын, жерін қорғаудағы қаһармандық күресін сипаттайтын тарихи топонимдердің бірі. Осылайша, топонимикалық аңыздар тек географиялық атаулардың шығу тегін түсіндірумен шектелмейді, олар қазақ халқының жауынгерлік дәстүрін, ерлік шежіресін бейнелейтін құнды тарихи мұра болып табылады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аңыздарына сүйенген Ә.Х. Марғұланның зерттеулері қазақ батырларының ерлік шежіресін тереңірек танытуға мүмкіндік береді. Бұл деректерге сүйенсек, Олжабай батыр бастаған жасақ Баянауылға Әмірсананы іздеп келген бір топ қытай әскеріне қарсы соғыс ашып, оларды түгелдей талқандаған. Осы шайқастан кейін, қытай армиясынан бөлініп шыққан шүршіт жасағы жойылған жер халық жадында «Шүршітқырған» деген атауға ие болған. Бұл атау қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы күресін айғақтайтын тарихи топонимдердің бірі болып саналады.

Олжабай батыр өмірінің соңында Ерейментау өңірінде ауырып, дүние салғаны туралы мәліметтер кездеседі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жазбаларына сәйкес, оның қайтыс болған жері «Олжабай қаласы» деп аталған. Сонымен қатар, батырдың сүйегін Әзірет Сұлтан кесенесіне жеткізу мақсатында уақытша қойылған орны «Олжабай сөресі» деген атауға ие болған [144]. Бұл жер атаулары қазақ халқының тарихи тұлғаларын қастерлеп, олардың есімін ұрпақ жадында мәңгі сақтау дәстүрінің көрінісі болып табылады.

Еліміздің әр өңірінде дәл осындай аңыздар көптеп кездеседі. Олар бір жағынан өткен тарихтың сырын ашып, халық жадында сақталған оқиғаларды баяндайды, екінші жағынан – белгілі бір жер-су атауларының пайда болу себебін түсіндіреді. Әсіресе, қазақ халқының жаугершілік замандағы жеңістерімен байланысты жер атаулары ерекше тарихи мәнге ие. Оған «Қалмаққырған» таулары, «Аңырақай» шайқасы өткен мекен, «Бұланты» өзені сынды атаулар мысал бола алады [145, 33]. Бұл жерлерде қазақ батырлары сыртқы басқыншыларға қарсы қаһармандықпен күрес жүргізіп, ел тәуелсіздігі жолында үлкен жеңістерге қол жеткізген. Осындай тарихи топонимдер қазақ халқының жауынгерлік рухын, батырлық дәстүрін, еркіндік пен азаттыққа деген ұмтылысын бейнелейтін асыл мұралар болып табылады.

«Қалмаққырылған» таулары – тарихи маңызы зор нысан. Бұл аймақ тек ерекше жер бедерімен ғана емес, сондай-ақ тарихи оқиғаларымен де құнды. Мұнда ежелгі дәуірден бастап скифтер, сақтар, жоңғарлар және қазақтар өмір сүрген, ал ортағасырлық қоныстардың іздері бұл жердің бай тарихи өткенін дәлелдейді. Қалмаққырылған таулары – бір жағынан, Сарыарқа тағдырын шешкен қазақ-жоңғар соғыстарының басты шайқастарының куәсі болса, екінші

жағынан, қазақ халқының тарихи жадында терең орын алған қасиетті мекен. Бұл жер көптеген тарихи аңыздармен, ата-бабадан қалған бай рухани және материалдық мұралармен тығыз байланысты. Қалмаққырған мен Аңырақай атаулары қазақ халқының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлмат кезеңіндегі ауыр сынақтардың жеңіспен аяқталғанын айғақтайды. Бұл атаулар туған жердің әрбір тасын жанын сала қорғаған батырлардың ерлігін еске салып, өткен дәуірдің қаһармандық рухын сезінуге мүмкіндік береді. Осы жерлерге қатысты тарихи оқиғалар ойға оралғанда, ата-бабаларымыздың ел мен жер үшін жасаған жанқиярлық ерліктері көз алдымызға келіп, ерекше тебіреніс тудырады.

Аңыздардағы негізгі ой өзегі мекеннің атын түсіндіру емес, яғни жердің, мекеннің не себепті солай аталуында емес. Негізгі идея – туған жерін, елін ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған халықтың ерлігін, өрлігін көрсету [146, 248-249].

Башқұрт халқы үшін туып-өскен мекен қасиетті саналады. Мекен еткен өңірдің, Отан деген түсініктің қасиеттілігі «тас» ұғымымен тығыз байланысты. Башқұрт халқында «атайсал» деген сөз сақталған. Кең мағынасында бұл ата-бабаның Отаны дегенді білдіреді. Ата-бабаларды құрмет тұтып, үнемі еске алып отыру мақсатында жыл сайын «Атайсал» жазығында «Атайсал йыйыны» мерекесі өткізілген. Қазіргі башқұрт тілінде де «атайсал» сөзі «Отан» мағынасында қолданылады.

«Тораташ» тастары туралы аңыздар башқұрт халқының мифтік түсінігін көрсетеді. Сол аңыздардың бірінде енесі өзін тыңдамаған келінін қарғап, нәтижесінде келіні тасқа айналып кетеді. Аңыздарда қызғаншақ, зұлым, жаман адамдардың тасқа айналуы жиі кездеседі. Ал кейбір аңыздарда «тасқа айналу» мотиві зұлымдықты тоқтатудың жолы ретінде көрініс береді. Бір аңызда тау иесі мақтаншақ батырды жазалау үшін аюды жібереді. Екеуінің арасында күрес басталып, ақырында екеуі де тасқа айналады. Башқұрт халқының ұлттық философиясында «тасқа айналу» – жамандықты тоқтатудың символы ретінде қарастырылады.

Башқұрттарда тіл мен мәдениет, тарих топонимдерде көрініс тапқан. «Таш» ұғымына қатысты топонимдер, бір жағынан, өңірдің географиялық ерекшеліктері мен физикалық келбетін сипаттаса, екінші жағынан, рухани мәдениеттің де көрсеткіші саналады. Тас культіне байланысты топонимдер ата-баба түсінігімен астасып жатады. Мысалы: «Атай таш», «Бабай ташы», «Әбей ташы» және т.б. Сонымен қатар, башқұрт халқында таңбалар салынған тастар сол аумақты бекітетін, әрі оны мекендеген халықтың өмірлік идеялары мен рухани құндылықтарының көрінісі ретінде қабылданады.

Қырғыз халқында киелі топонимдік аңыздарда «тасқа айналу» мотиві жиі кездеседі. Соның бірі – «Кыз-Кель» өзенінің аталуы туралы аңыз. Ертеде қырғыз тайпалары Алтайдан Тянь-Шань тауларының бөктеріне көктеуге келе жатқанда, бір отбасы түгелдей қар көшкіні астында қалады. Тек қыз бен оның үлкен ағасының отбасы ғана аман қалады. Олар тұрақты қоныс ретінде қазіргі Жалалабад облысы, Созақ өңіріндегі шағын өзен бойын таңдайды. Жетім қалған қызды үлкен ағасы асырап алады. Уақыт өте келе қыз бойжетіп, жас жігіттер қыздың көркіне ғашық болады. Осы себепті ағасының әйелі қызды ұнатпай, жек

көреді. Бір күні ауылда той болады. Сұлу қыз да сол тойға шақырылады, бірақ оның көйлегі болмайды. Ағасы әйелінің көйлегін жасырын түрде қарындасына береді. Бұны біліп қойған жеңгесі жұрттың көзінше қыздан көйлекті шешіп тастауын талап етеді. Қыз ұялғанынан қашып кетеді. Ауыл шетіне жеткенде қыз көйлекті шешіп, лақтырып жібереді. Кейін бұл жер «Ак-Кейнек» деп аталып кеткен екен. Жеңгесіне «тасқа айнал!» деп қарғайды да, өзін өзенге тастайды. Жүзу білмеген қыз өзенге батып кетеді. Оқиғаны сырттан бақылап тұрған өзеннің Рух-Иесі (қырғызша «Урук-Кел-Ата») – әділеттілік үшін қыздың қарғысын қабыл алып, жеңгесі мен оның қолындағы баласын тасқа айналдырады. Кейін бұл тастар «Келин-Таш» деп аталады. Ал өзен қыздың атымен «Кыз-Кель» деп аталып кеткен.

Башқұрт фольклорында кездесетін топонимдік аңыздардың бір тобы «Жеті қыз» бейнесімен байланысты. Аңыз бойынша жеті қызды қырғыз-қайсақтар ұрлап әкетеді. Алайда батыл қыздар өз Отанына, туған жеріне қайтуға бел буады. Қашып бара жатқан қыздардың соңынан жау әскерлері қуғынға түседі. Жаудың жеріне бармауды қалаған жеті қыз өзенге батып кетеді. Бұл аңызда туған жерге деген сүйіспеншілік «Жеті қыздың» лирикалық бейнесі мен романтикалық қабылдауы арқылы көрініс табады.

Түркі халықтарының түсінігіндегі «туған жер» ұғымы – олардың өткен тарихын бейнелейтін құндылықтардың жиынтығы. Түркі халықтарындағы топонимдік атауларды қарастырғанда, топонимдік аңыздар назардан тыс қалмайды. Себебі халықтың әлемді танып, кеңістікті игеруі көбіне кейіптеу мен образды қабылдаудан басталып, табиғаттың құпия сырларын тануға деген ұмтылыспен қатар жүріп отырады. Ұлттың руханияты мен жан дүниесі жер туралы түсініктерден бастау алады. Осылайша, топонимдік аңыздарда этностың ұлттық болмысы мен «туған жер» ұғымының тығыз байланысы айқын көрініс табады.

Аңыз жанрының табиғаты жартылай шындыққа негізделеді. Оның мазмұнында этностың дүниетанымын бейнелейтін ұлттық таным-түсінік жатыр. Аңыздарда тарихи шындықтың элементтері сақталып, нақты тарихи тұлғалардың болмысы көркем түрде сипатталады. Әдетте, мұндай шығармалар баяндаушының атынан, үшінші жақта беріледі. Аңыздың ертегі мен эпикалық шығармалардан басты айырмашылығы – онда әсірелеу мен қияли элементтер сирек кездеседі немесе мүлде болмайды. Осы сипаттар аңыз жанрын фольклорлық прозаның өзге түрлерінен ерекшелеп, оның деректік және танымдық маңызын арттыра түседі.

Топонимдік аңыздарға тән маңызды белгілердің бірі – сюжеттік желінің, оқиғалардың және кейіпкерлердің қоғам талабына сай өзгеріп отыруы. Аңыздар ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырлар бойы жеткендіктен, айтушылар тарапынан әртүрлі өзгерістер енгізілуі мүмкін. Алайда, аңыздардың негізгі құрылымы мен жер-су атауларының өзгеріссіз сақталуы олардың маңыздылығын арттырады. Мысалы, Сыр өңіріндегі «Қамбар төбе» топонимі Қамбар батырдың есімімен тығыз байланысты. Бұл топоним батырдың дүниеден өткен жеріне қатысты қалыптасқан аңызға негізделеді. Халық арасында таралған аңызда Қамбар

батырдың улы найзадан қаза тапқаны айтылады. Топонимдік аңыздар тарихи шындықты көрсетіп, нақты деректермен өзара байланысты болады.

Топонимдік аңыздарға тән тағы бір маңызды белгі – оқиға желісінде өмірде болған шынайы тарихи тұлғалардың сомдалмауы. Тарихи деректер мен нақты тұлғалар туралы мәлімет болмауына қарамастан, топонимдік аңыздардың басты ерекшелігі – жер-су атауының шығу тегін түсіндіретін оқиға мен себептердің көрсетілуінде. Мысалы, «Қырық қызға» қатысты аңыздарда нақты тарихи тұлғалар немесе деректер жоқ, бірақ осы аңыз арқылы жер-су атауының пайда болу себебі айқын көрініс табады.

Топонимдік аңыздар жердің тарихи сипатын баяндау арқылы халықтың мекенге деген қарым-қатынасын, ұлттық дүниетанымын білдіреді. Мекеннің тарихы, оның ішінде елді қорғау үшін болған шайқастар мен батырлардың ерлігі топонимдік аңыздарда көрініс тауып, ол өз кезегінде ғибраттық мәнге ие болады. «Туған жер» концептісінде өңірдің, елдің, ауылдың территориясы мен оған сырттан келген жаудың шапқыншылығы, сондай-ақ батырлардың туған жерін қорғаудағы ерлігі ұлттық сананың ажырамас бөлігі болып табылады.

Түркі халықтарының басынан өткен қиын кезеңдері дархан дала кеңістігінде сақталып қалған. Елдің қайғысы мен мұң-зарына тау мен тас, өзен мен көлдер куә. Ерте замандардан бастап, Түркі қанағаты жылдарынан ата-бабамыз тәуелсіздік пен еркіндіктің негізі жерде екенін терең ұғынған. Осы үшін олар туған жерін сыртқы жаудан қорғап, болашақ ұрпақтың ертеңі үшін ел болуға ұмтылды. Батырлардың ерлік істері, «ұлтарақтай» жер үшін күресуі азаттықтың белгісіндей болды. Топонимдік аңыздарда көрініс табатын сюжеттер мен мифтік түсініктер «туған жер» ұғымын күрделендіре түседі. Осыған сәйкес, зерттеуімізде топонимдік аңыздарды жер-су атауларының тарихилығына және тарихи негізіне қарай екіге бөлуді жөн санаймыз. Бірінші топтағы топонимдік аңыздарда нақты тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар сомдалады. Екінші топтағы топонимдік аңыздарда тарихи негіз айқын көрінбейді, бірақ жер-су атауларының қалыптасуына себеп болған оқиғалар баяндалады. Мысалы, қырғыз халқындағы «Кыз-Кель» топонимінде тарихи тұлға немесе нақты оқиға болмаса да, аталуына себеп болған оқиға кеңінен берілген.

Қазақ ономастикасының маңызды бөлшегі топонимдер де қазақ халқының ғасырлар бойы жүріп өткен жолының небір құндылықтарын бойына сіңірген тілдік жәдігері. Ономастикалық зерттеу аудан тарихы мен мәдениетінің рухани қалыптасуын, патриоттық құндылықтар рөлін жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді. Топонимиканы зерттеу кіші Отанымыздың жеке имиджін нығайтуға, туған өлкеге деген махабатты насихаттауға ықпал етері сөзсіз [147, 72].

Топонимдер – әрбір халықтың мәдени-тарихи мұрасы, оның этногенезі мен өркениеттік дамуының айғағы. Олар халықтың өткенін сақтап, ұрпақтар сабақтастығының маңызды бөлігі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Топонимдерді зерттеу және оларды кейінгі буынға жеткізу – аса мұқияттылық пен ғылыми негізділікті талап ететін міндет, өйткені олардың әрқайсысы белгілі бір тарихи кезеңнің, этностық, әлеуметтік, мәдени және географиялық ерекшеліктердің көрінісі болып табылады.

«Халықтың сан ғасырлық жасампаздық туындысы бола отырып, географиялық атаулар ең бай мәліметтерді жинақтайды. Сондықтан да олар лингвистер, тарихшылар, өнертанушылар, географтар, этнографтар, археологтер және көптеген басқа ғылым салаларының өкілдерінің зерттеу нысаны. Нағыз халықтық топонимдердің негізгі қызметтерінің бірі, былайша айтқанда, адрестік, номинативті қызмет. Және олардың бұл рөлі біздің барлық деңгейлерде – әртүрлі ұлт адамдары арасында да, ғылыми-техникалық революция мен әлеуметтік-экономикалық прогресс дәуірінде де әртүрлі мемлекеттер арасында – күшейіп жатқан дәуірде айтарлықтай артып келеді. Тиісінше топонимикалық ескерткіштердің дұрыс қалпында сақталуына адамдардың жауапкершілігі де жоғары болуы керек» [148, 13].

Топонимдік аңыздардағы «туған жер» концептісі менмұндалап тұруы қазақ халқының жаугершілік заманында қайсар рухты, батыр халық болғандығының айқын дәлелі. Туған жерін қорғау жолында жанын пида еткен ер-азаматтардың, даңқты батырлардың ерлігін ұрпақ жадында сақтау үшін сол мекенге болған оқиғаға сәйкес атау беру дәстүрі қалыптасқан. Кең байтақ қазақ жерінің әрбір тасына, өзен-көліне дейін белгілі бір тарихи немесе мифологиялық оқиғаларға негізделген атаулар берілген. Бұл атаулар арқылы халықтың өткеніне көз жүгіртіп, оның тарихи тағдырын аңғаруға болады. Қазақ халқы ұзақ жылдар бойы түрлі қауіп-қатерлер мен шапқыншылықтарды бастан кешіргенімен, туған жердің тағдырына келгенде қайсарлық танытып, азаттық үшін күресті. Отанын қорғау жолында құрбан болған батырлардың ерлігі аңызға айналып, олардың есімдері мен ерлік істері тарих беттерінде және жер-су атауларында сақталып қалды. Қазақ жерінің әрбір аймағы өткен оқиғалардың, сол оқиғаларда ерлік көрсеткен батырлардың тағдырын тасқа қашалған жазудай бейнелеп тұр.

Топонимдік аңыздардың мән-маңызы – олардың тарихи құндылығында, терең мазмұнында. Жер-су атаулары тек географиялық нысандар ғана емес, сондай-ақ түркі этностарының қай аумақтарды мекендегені, қандай жерлерді атамекен санап, қасиет тұтқаны, бұл жерлерді сыртқы жаулардан қалай қорғағаны туралы құнды дереккөз болып табылады.

Мысалы, түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасына жататын Күлтегін жазбасында: «Егер қазір баяғы кексіз түркі қаған Өтүкен қойнауында отырса, (онда) қапа, мұң жоқ» деген сөздер кездеседі [149, 26]. Бұл жолдар Өтүкеннің түркі халықтары үшін киелі мекен екенін айғақтайды. Осы Өтүкен топонимі жөнінде профессор Қ. Жұбанов «Өтүкен-йыж атауы – Өтүкен тоғайы деген меншілікті білдіретін атау, яғни адам аты мен географиялық обьектінің бірігуінен жасалған топоним» деп көрсетеді [10, 129].

Профессор А.Ш. Пангереев ғылыми негізде былайша тұжырым жасайды: «Бұдан аңғаратымыз түркілердің алғаш мекендеп, мамыражай ұмыр кешкен жері – Өтүкен қойнауы. Ескерткіште бұл атау Өтүкен-йыж түрінде жазылған. Зерттеушілер бұл топонимді шартты түрде «қойнау» деп алып отырғандығын айтып, оны: алқап, атырап, тау, қырат деуге де болады, – деп ескерткен» [4, 101].

Түркітанушы С.Е. Малов Өтүкен-йыжды «Отюкенская чернь» деп тәржімалағаны белгілі. Өтукеннің маңызы Күлтегін жазбасында (кіші жазу)

айқын көрініс тапқан: «Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді, бірақ ел тұратын жер осы Өтукен қойнауы еді. (Дәл) Осы жерде отырып, табғаш халқымен тағдырластым. Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, қазынасы асыл еді». Бұл деректер Өтукеннің тек географиялық нысан емес, түркі халықтары үшін рухани және саяси орталық болғанын көрсетеді.

Ерте замандардан бері зерттеушілер мен түркологтарды Өтүкен сакральды мекенінің орналасқан жері қызықтырады. Дегенмен, зерттеушілердің пікірінше, Өтүкен қойнауы ұғын тайпаларының мекені ретінде танылады. Орталық Азияда орналасқан бұл қасиетті мекен ұғындардың саяси орталығы болған. Түркі қағанаты кезеңдерінде қағанның қуаттылығы мен мықтылығы қасиетті таулар мен мекендердің болуымен өлшенген. Шетелдік зерттеушілердің айтуынша, қаған тек саяси әрі әскери басшы ғана емес, руластарының ішінде мәдени-культтік сипаты да болған. Осыған сәйкес, қағанның меншігінде қасиетті, киелі мекеннің болуы заңды [150, 82].

Башқұрт халқында «Өтүкен» топонимімен қатар «Атакай» топонимі де кездеседі. Халық арасында тараған аңыздарға сүйенетін болсақ, «Әтүкән» тауында бір қыз өзін төменге тастап, қаза болады. Бұл қыздың қарсылығына қарамастан, әкесі оны ауылындағы байға тұрмысқа бермек болады. Қыз бар болғаны «Атакай» деп айқайлап үлгерген екен. Уақыт өте келе «Атакай» топонимі «Әтүкән» топониміне өзгерген. Бұл аңызда Өтүкенмен байланысты ешқандай тарихи дәлел немесе тарихи тұлға жоқ. Бұл өз кезегінде башқұрт халықтарының ұлттық танымында «Өтүкен» топонимінің терең сақталғанын көрсетеді.

Татарстанда Черебатырево (татарша Чурабатыр) деген ауыл бар. Кейбір аңыздарға қарағанда, мұнда бұрын чуваштар өмір сүрген. Бірақ сол кезде Шора деген батыр келіп, чуваштарды таратып жіберіп, осында кряшендер (татарлар) қоныстанған. Ауылдың аты да осы – Шора батырдың (орысша Богатырь Чура) есімімен аталған екен.

Ал, Қарақалпақстанда «Қырқ-қыз-қала» атты қорған бар. «Қырқ-қыз-қала» сөзбе-сөз аударғанда «Қырық қыздың қорғаны» дегенді білдіреді. Орталық Азия бойынша көптеген аңыздар мен ертегілер осы жұмбақ «қырық бикешпен» байланысты: дәл осындай бекініс Термеза (Өзбекстан), Мерва (Түркіменстан) аймағында орналасқан, ұқсас орындар Әзірбайжанда, Солтүстік Ауғанстанда, Солтүстік Иранда да кездеседі.

Аңыздың бір нұсқасы қырық досымен бірігіп, бекіністі шапқыншылардан ерлікпен қорғаған батыр Гүлайым патшайым туралы. Аңыз бойынша өз жерін басқыншылардан қорғаған сұлу Гүлайым бастаған жауынгер қыздардың айбынды әскері бір емес бірнеше шайқаста жеңіске жетіп, Қырқ-қыз бекінісінің халқы ұзақ жылдар бойы бейбіт өмір сүрген. Содан бекініс: Қырық қыз қорғаны, Қырқ-Қыз-Қала аталып кеткен.

Түркияда Мармарис атты мекен бар. Түрік халқының аңызы бойынша қалаға «Мармарис» атауы кездейсоқ берілген. Сұлтан Сүлеймен жорықтарының бірінде екі теңіздің жағасында орналасқан Фискос қаласына шабуыл жасайды. Жаулап алған қаладағы үйлер мен бекініс қабырғаларын қалпына келтіру үшін

сәулетшіні (түрікше «мимар») қалдырады. Бірақ қайтып келген сұлтан жасалынған жұмысқа көңілі толмай, ашуланып: «Мимар ас!» деп айқайлайды. Бұл «Сәулетшіні дарға асыңдар!» деген сөз. Сәулетшіге не болғаны белгісіз, бірақ қала атауы сол кезден бастап Мармарис атанып кеткен екен [151, 187].

Бұл жерде негізгі ескерер нәрсе түркі тектес халықтардың жер-суға ат қою дәстүрінің бір екендігі, яғни өзі өмір сүріп, мекендеп отырған жерді өзінің белгі бедеріне қарай атайтындығы.

Түркі халықтарының аңыздарында топонимдер маңызды орын алады және олардың қолданылу ерекшеліктері, аңыз сюжетіндегі мотивтері ұқсас болып келеді. Бұл ұқсастықтар – ортақ тарихи тағдыр мен көшпелі өмір салтының нәтижесі. Топонимдік аңыздардың негізгі мақсаты – тек жер-су атауларының шығу себебін түсіндіру емес. Олардың түпкі идеясы – түркі халықтарының туған жерін ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған ерлік рухын көрсету.

Туған жерге қатысты аңыздардың танымдық мәні зор. Олар белгілі бір аймақтың топонимикалық атауларының этимологиясын түсіндірумен қатар, тарихи оқиғалармен байланысын ашады. Топонимдік аңыздар тарихи дереккөз ретінде де маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, олардың тәрбиелік-танымдық құндылығы ерекше.

Туған жердің адамзат үшін киелі болуы – табиғатпен ежелден бері қалыптасқан байланысының көрінісі. Шексіз кеңістікке ие дархан дала қазақ халқы үшін туған жердің қасиеттілігін білдіретін рухани тірек саналған. Сондықтан да ата-бабаларымыз жерін найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғап, сол жерлерге ерекше махаббатпен ат қойған. Жер атаулары тек географиялық белгі ғана емес, халықтың тарихи жадын, ерлік дәстүрін сақтаушы рухани мұра ретінде де аңыз-әпсаналарда кеңінен жырланған.

Туған жерді кие тұту, адақтау, қастерлеу түркі халықтарының көне замандарда пайда болған аңыз-әпсаналарынан бастап, ауызша әдебиет мұраларынан көрініс тапты. Көрші халықтардың фольклор мұраларынан халықтардың тұрмыс-тіршілігін, тарихын, діни наным-сенімін, мәдениетін көреміз және әрқайсысының фольклорлық шығармаларынан түркі халықтарының өмірін бейнелеуде көптеген тақырыптық ұқсастықтарды, бейнелі ұқсастықтарды, көркемдік құралдардың бірлігін байқауға болады. Осылайша, түркі халықтарының ауызша поэтикалық шығармашылығында оқиға мотивтерінің бірлігі қадағаланып, халықтардың ортақ тілегі, ой-пікірлері көрініс тауып, өмірдің, әлеуметтік мәселелердің, қаһармандық кейіпкерлердің тарихи суреттері ұлттық поэтикалық дәстүрмен тығыз байланыста ашылады [152, 276].

Қазақ халқының санасындағы «туған жер» ұғымы – әрбір адамның кіндік қаны тамған жері, туып-өскен жері, туған жері, туған-туыстарымен, дос-жарандарымен, халқымен бірлікте өмір сүріп жатқан төл жері. Отан – әрқайсымыздың жеріміз, ғасырлар бойы сан алуан оқиғаларды басынан өткерген ата-бабамыздың бізге қалдырған асыл мұрасы, қызық пен бақыт мекені. Біз үшін туған жеріміздің көрікті жер жоқ. Біз үшін туған жердің суы мен ауасы да бөлек. Туған жер күндіз де, түнде де ыстық. Қазақ фольклорлық шығармаларында, оның ішінде батырлар жырларында, аңыз-әңгімелерде, жалпы ауызша ауыз әдебиеті шығармаларында топонимдердің ерекше қолданылуы осының дәлелі. Барша

халық өкілдері, соның ішінде ел басқарған хандар, ел қамын ойлаған батырлар, аз сөзбен намысын шешкен шешендер, білімді ақындар, сондай-ақ фольклорлық мұраларда ерекше сипатталатын тарихи тұлғалар да туған елі мен Отанының мүддесі үшін асқан ерліктерін арнады. Сонымен, қазақ халқы үшін Отан ұғымы халық түсінігінде шексіз құдірет белгісімен синоним деген қорытындыға келеміз.

Түркі халқының рухани болмысының биіктігінің бірден-бір маңызды, тіпті маңызды айғақтарының бірі – фольклор. Бұл ұлы өнер туындысы – шексіз мұхит, сарқылмас қазына, ол ешқашан ескірмейді, бірақ әр дәуір сайын жаңадан гүлдеп, жаңа жанрға ие болып, қайта туады.

Отан туралы түсініктерді ашуда фольклор, оның ішінде топонимикалық аңыздар ерекше рөл атқарады. Топонимикалық аңыздар, ең алдымен, белгілі бір жердің, өзеннің, көлдің, таудың немесе тастың неліктен осылай аталды және онда қандай оқиғалар болды деген сұрақтарға жауап іздеуден туындайды. Аңыз – ғасырлар бойы өзінің бастапқы мәнін жоймай сақталған мұра, халық өнерінің ерекше түрі.

Зерттеуімізде қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының фольклорындағы ертегілер, топонимдік аңыздар, топонимдік әпсаналар «туған жер» концептісі аясында қарастырылды. Талдау барысында «туған жер» концептісінің түркі халықтары фольклорындағы когнитивтік модельдері анықталды.

Американдық зерттеуші М. Вартофский адам санасындағы тәжірибенің когнитивті аспектісін зерделей келе, когнитивтік модельдің адамның танымның тәжірибесін айқындайтын модель екенін айтады [153, 12]. Тіл білімінде когнитивті модель фрейм, сценарий, концептуалды схема түрінде көрініс табады. Десе де, әдеби тұрғыда когнитивті модельдерді концептуалды схема түрінде қарастырып, «туған жер» концептісінің модельдерін анықтайтын боламыз.

«Туған жер – батыр ерлігі». Бұндай когнитивті модельді айқындауымыз ертегілер де болсын, қаһармандық эпостарда болсын, ғашықтық жырларда болсын туған жерді қорғау, ең алдымен, батырлардың ерлігіне негізделеді. Белгілі бір мекенде, кейбір фольклорлық шығармаларда жер атауы берілмесе де, сол өңірді қорғайтын, болмысы ерек батыр дүниеге келеді. Ата-ананың бір перзентке зар болып, көптен күткен баласы өздерінің ғана емес, бүтін халықтың қамқоршысына айналады. Одан бөлек, батырлар ішінде «кенже бала» мотивіне сәйкес келетін батырлар да халықтың қалаулысына айналады. Туған жерді қорғау кенже балалардың жауапкершілігінде. Туған жерді қорғау тек қана сыртқы жаулардан ғана емес, дүлей күштерден қорғауды білдіреді. Татар, башқұрт фольклорында кездесетін дәулер (дию) адамзатқа жақын орналасып, оларға зиянын тигізеді. Олардың мекеніне өтіп, батырдың жарын немесе жақынын ұрлап кетеді. Ал ендігі бір жырда өз мекенінен қуылған ата-анадан туылған Акыял батыр ержете келе, ата-анасының туған жеріне оралып, сол жақта өзінің билігін жүргізеді.

«Туған жер – мифологиялық трансформация». «Туған жер» концептісін қарастырған да ата-баба культі, ана архетипі алдыға шығады. Қаһармандық

эпоста, ғашықтық жырларда, ертегілерде аяқталу ата-ананы бақытқа бөлеуден көрінеді. Қасиетті туған жер ұғымы ата-бабаның мекендеген, тіптен сол жерде жерленуі мағыналарын иеленгенде мистикаға толы. Сол себептен де түркі халықтары үшін туған жер киелі, қасиетті саналады. «Туған жер» концептісінің астарында ана архетипі үлкен маңызға ие. Зерттеуімізде ана архетипінің трансформациясы қоғамдық құрылыстың өзгеруімен анықталды. Қазақ, татар, башқұрт ертегілеріндегі мифтік кейіпкерлер дәулер, жалмауыз кемпір, мыстан кемпір, Мэскэй эбей, урбырлы карсык образдары кезіндегі «әйел» тотемінің, матриархалды қоғамдық құрылыстың өзгерісінен туындаған. Бұл әйелдер ғаламның, жаратылыстың сырын білген. Кейіннен қоғамдағы құрылыстар патриархалды қоғамға ауысқанда аталған әйелдердің қызметі жағымсыз сипатқа ауысқан.

«Туған жер – этностық таным». Бұл орайда туған жер концептісі этностың әлем, қоғам жайлы дүниетанымдары айқындалады. Зерттеу барысында қазақ, татар, башқұрт, қырғыз халықтары үшін топонимдер киелі мағынаға ие. Мәселен башқұрт фольклорында топоним жауыз күштерді жеңуге күш беретін болса, қырғыз фольклорында сиқырлы құбылудың белгілерін көрсетеді. Бұл орайда туған жер қолдаушы форматында көрінсе де, этностың туған жер жайлы танымын көрсетеді. Талдау барысында түркі халықтары үшін «туған жер» үлкен мәнге ие екені жауыз күштерді жеңгенде, сиқырдың күші қайтқанында, Отанына оралып бақытты ғұмыр кешкенінде аңғарылады.

Аталған когнитивтік модельдерді қорытындылай келе 2-кестеде нәтижесін беруді жөн көрдік.

2-кесте. «Туған жер» концептісінің когнитивтік модельдері.



«Туған жер» концепті көп қырлы. Оған тек туған жер ғана емес, туған ел, қауым, ұлттың тұрғылықты жері де кіреді. Бұл ұғым, бір жағынан, ұжымдық бейсаналық, архетиптер мен мифологиялық образдарды қамтыса; екінші жағынан, бұл әлеуметтік конструктивизмнің нәтижесін бойына жинақтайды. Отан деген ұғым адамда жастайынан туған жерге, өзін қауіпсіз сезінетін мекенге деген сүйіспеншілік сезімі ретінде қалыптаса бастайды. Оның қалыптасуына сол жердің табиғат бейнесі, туған жер туралы фольклорлық мұралар, салт-дәстүр,

әдет-ғұрып, тіл, тағы басқа факторлар әсер етеді. Туған жер адамның өмірінде маңызды орын алады. Ол адамды елінің бүгінімен, өткені мен болашағымен байланыстыратын жер. Сондықтан туған жерге деген сүйіспеншілік әр адамның бойында бала кезінен оянады. Туған жер туралы өлең-жырлар, көркем шығармалар әр халықтың әдебиетінде көптеп кездеседі. Халықтың туған жерін құрметтейтіні осыдан-ақ аңғарылады. Қазақ фольклоры да туған жер ұғымын жан-жақты ашып, ұрпақ санасына жеткізетін шығармашылыққа бай [154, 253-254].

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлімде қазақ, татар, қырғыз, башқұрт фольклорындағы ертегілер талданып, ондағы «ана», «батыр», «билеуші», «дана» архетиптері «туған жер» концептісі аясында анықталды. Ертегілердегі «туған жерге» қатысты мотивтер қатары талданды. Зерттеу барысында концепт ұғымын архетип пен мотив терминдері аясында қарастыру зерттеу жұмысының зерттеу арнасын кеңейте түседі. Нәтижесінде «туған жер» концептісі жайлы этностық танымда қалыптасқан жаңа мағыналық өрістер анықталады. Ертегілердегі топонимдер анықталып, негізгі қызметтері талданды. Сонымен қатар, қазақ, татар, башқұрт, қырғыз фольклорындағы топонимдік аңыз жанры қарастырылып, топонимдік аңыздың қызметтері анықталды.

Ұлттық дүниетанымда топонимдердің маңызы ерекше. Олар халық жадында сақталған тарихи оқиғалардың, этностың дамуының көрсеткіші ретінде танылып келеді. Топонимдік аңыздар тарихи негізіне қарай екі топқа бөлінеді. Бірінші топта – топонимдік аңыздардың негізінде тарихи оқиғалар мен тұлғалар сомдалады. Екінші топта тарихи негіз айқын көрінбесе де, топонимнің аталу себебі көрсетіледі. Мысалы, «Қырық қыз», «Жеті қыз» жайлы топонимдік аңыздар осыған жатады.

Топонимдік аңыздарды талқылай келе, анықталған «туған жер» концептісінің бір мағыналық қатары – «ауыл» концептісі. Туған жерді қорғау көбіне ауылды қорғаумен тікелей байланысты. Осыған байланысты «ауыл» концептісін қарастырудың маңызы зор. Қорытындылай келе, «туған жер» концептісінің когнитивтік модельдері айқындалды: «Туған жер – батыр ерлігі», «Туған жер – мифологиялық трансформация», «Туған жер – этностық таным».

3 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ОРНЫ

3.1 Әпсана-хикаяттарда көрініс беретін «туған жер» концептісі

Фольклорда анықталатын этностың ұлттық қоры әпсаналарда көрініс табады. Әпсананың аңыздан, ертегіден, мифтен айтарлық айырмашылықтары бар. Әлемдік фольклорда әпсана жанрын бөлек қарастырып, зерттеген зерттеуші-ғалымдар А.П. Липатова, С.Н. Азбелева, М. Жураев, С. Бахадыров және т.б. ғалымдар бар. Мәселен қарақалпақ зерттеушісі К. Максетов «әпсана» деп тарихи оқиғалардың толық мазмұны өзгерістерге ұшырап, кейбір детальдар (антропонимдер, топонимдер) фантастикалық элементтерге өзгеруі екенін айтады [155, 10]. Әпсана әлемдік фольклорда «легенда» деп беріледі. «Легенда» ұғымы негізінде халық прозасының ертегілік емес жанры деп, бір жағынан, өмірдегі болған шынайы оқиға мен ғажайып оқиғалардың баяндалуын айтады.

Мәселен, қырғыз фольклорында «Ыссык-Куль» туралы аңыз деген ертегі берілген. Ж.О. Султанова, О.М. Токтоназарова жинағында аталған фольклорлық шығарма бар. Ондағы берілген оқиғада ханның бір сұлу қызға ғашық болғаны, алайда қыздың өз сүйіктісі бар екені белгілі болады. Хан сұлу қызды күшпен өзіне алмақ болады. Қыз өз айтқанынан қайтпайды. Сарайына күшпен алып келеді. Қыз өзінің ханға қосылмайтынын айтып, сарай терезесінен секіріп кетеді. Сол мезетте хан сарайы су астына кетіп, хан ордасының орнына аспан тәрізді таза, қыз жүрегі тәрізді ыстық тау өзені қалыптасыпты. Кейіннен халық арасында «Ыссык-Куль» атанып кеткен [156, 32].

Зерттеушілер ежелгі халық тарихы аңыздарда, әпсаналарда берілетінін де айтады. Халқымыздың дүниетанымының көркемдік әлемі, философиялық, эстетикалық көзқарастары аңыз бен әпсаналарда көрінеді. Татар зерттеушілері Ф.А. Надришина, С.М. Гилязутдинова аңыз бен әпсана жанры айырмашылықтары нақты көрсетілген.

Тілдің болмысына адамзат тіршілігінің ең басты құралы ретінде қарау, халықтың таным тереңінен сөз мағынасын өрбіту, адамның ойлау, пайымдау, қабылдау қабілеттерін тіл тарихымен бірлікте қарастыру, сонымен қатар, тіл білімінің жаңа бағыттарын дәстүрлі парадигмамен бірге қарастыру тіл білімін жаңаша зерттеуге алып келді. Дүниені тану әр халықтың ешкімге ұқсамайтын өмірлік тәжірибесіне негізделеді. Табиғатты, дүниені тану, көру деңгейлеріне байланысты әр этнос дүниетанымы ерекшеленеді. Халықтың өмір жолы мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан салты мен дәстүрінен, материалдық және рухани мәдениетінен көрінеді.

Әр халықтың өз өткенінен хабар беретін терең тарихын мақтан етуге құқығы бар. Сол секілді күллі түркі жұртшылығы үшін де ата-бабалары басынан өткерген қуанышты кезеңдерді де, қиын сәттерді де бойына жинақтаған тағылымды тарихтың өнегесі маңызды орынға ие. Көне түркі халықтарының рухани құндылықтарынан, таным-түсініктерінен, салт-дәстүрлерінен, тіршілік

тынысынан хабар беретін тарихи құнды жәдігердің бірі – руникалық жазба ескерткіштері.

Отан, туған жер түсінігі – кез келген адам үшін маңызды ұғымдардың бірі. Отаны жоқ адам өзін халықтан, ұлттан, қоғамнан үзіліп қалғандай сезінеді. Отанның киелі бейнесі әр адамның санасында бала кезінен қалыптасады. Бұл жерде туған жер түсінігінің қалыптасуына жазба және ауыз әдебиеттің, фольклор мұраларының, халықтық мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің, ата-бабалардың даналық сөздерінің атқаратын рөлі зор. Кез келген халықтың этникалық санасында Отанның өзіндік бейнесі ерекше орын алады.

Мәдениет пен дүниенің тілдік бейнесін зерттеу міндеті ежелгі түркі халықтарының этномәдени қауымдастыққа тән шындық фактілерін жерлердің, дәстүр-ғұрыптардың атаулары мен түркі халықтарының танымында ерекше орын алатын ұғымдардың зерттелуін талап етеді. «Туған жер» ұғымы «Отан, атамекен, атақоныс, атажұрт» сынды жалпы түркілік ұғымдармен шығу тегі бір, өзара мағыналас синоним сөздер ретінде қаралады. Өйткені, ол лингвистикада көптеген басқа түркі тілдеріндегі сөздерге сәйкес келеді.

Түркі тарихы дүние жаратылғаннан кейін бірден басталады. Тасқа жазылған жазбалардан көне түркі халықтарының түсінігінде түркі қағандарының аты аңызға айналған арғы аталары Бумын мен Істемі, Аспан мен Жер пайда болғаннан кейін бірден кездеседі. «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер жаралғанда, олардың арасында адам ұлдары жаралған». Космогониялық тарих бірден адамзат тарихына өтеді. Тастағы тарих жер бетіндегі ең ежелгі алғашқы адамдар да түріктер болғанын айғақтайды [157, 152].

«Туған жер» ұғымы көне түркілер үшін кеңістіктен байланысты анықталады. Анықтап айтатын болсақ, туған жер әлемнің ортасы, тіршілік етуге қолайлы жер, құтты қоныс, мәңгілік мекен. Түркілер үшін Отан, атамекен ғаламның орталығы саналады.

Көне түркілердің дүниетанымында «туған жер» ұғымы кеңістікпен тығыз байланысты болған – бұл игерілген кеңістік, бұл дүниенің ортасы, өмір сүруге қолайлы жер, мәңгілік мекен. Ежелгі түркілер өз атамекенін Жердің, тіпті Ғаламның орталығы деп санаған.

Көне түркілер туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті культ дәрежесіне көтергенін жоғарыда атап өттік. Туған жер культі көне түркілердің тауға, көлге, өзенге, жердің рухына, табиғатқа, құдайға табынуына жол ашқан. Көне түркі дәстүріне тән көзқарас табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ұмтылу. Түркі қағанаттары тұсындағы «Йер-судың» («Жер-Су») құрметіне шалынған құрбандықтары да ұлттық сипатқа ие болды.

Көне түркі ескерткіштерінде түркілердің туған жері «түріктердің жер-суы» деп мақтанышпен аталады. Демек, көне түркі танымындағы туған жер ұғымы табиғатпен тығыз байланысты, әрі түркі дәстүріне тән қасиет – табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ұмтылу. Туған жер ұғымына құрмет көрсеткен көне түркілер үшін мемлекеттілік, елдің еркіндігі, тәуелсіздігі ең биік құндылық саналған. Сондықтан да көне түркілердің жазба ескерткіштері халықтың мәңгілік мұратын бейнелегендіктен «мәңгілік тастар» деп аталды. Әрине, бұл тұста

тастың өзі емес, соларға қашалған сөздер, өсиеттер, ақыл-кеңестер, болашақ ұрпаққа нұсқаулар мәңгілік құндылыққа ие.

Түркі халықтары фольклорлық мәтіндері ежелгі түркі әлемінің бейнесін көрсетеді, сондықтан түркі халықтары фольклоры этникалық менталитеттің ерекшеліктерін іздеудің болашағы зор сала. Адамның фольклор арқылы өткен өмір шындығымен өзара байланысуы нәтижесінде, оның әлем туралы көзқарасы, туған жер туралы ұғымы қалыптасады десек, осы жерден туған жер деген ұғымның терминдік атауы, концепт ретіндегі мәні ашылады.

Бүгінгі таңда фольклор зерттеушілер тарапынан концептінің бірыңғай және жалпы теориясы әзірленбеген. Көп жағдайда фольклорлық зерттеулерде өзара байланысты пәндердің әдіснамалық ақпаратынан алынған концептінің анықтамалары қолданылады. Бұл тұрғыда лингвомәдениеттануды атап айтуға болады.

Концепт ұғымының анықтамалары өте көп болғанымен, олардың барлығы осы құбылыстың табиғатының әртүрлі аспектілерін қамтып, ол туралы тұтас түсінік бермейді және ең бастысы, концептіні фольклорлық мәтіндерді оның әртүрлі көріністерінде талдаудың операциялық бірлігіне айналдыруға мүмкіндік бермейді.

Фольклорлық мәтіндердегі концептілерді зерттеу, сондай-ақ фольклорлық және әдеби мәтіндерге қатысты концептіні талдау бірлігі ретінде пайдалану әдістемесінің тиімділігін анықтау өте өзекті мәселелер. Менталды құбылыстардың өзара әрекеттесу проблемаларымен тығыз байланысты және кейбір жағдайларда мұндай өзара әрекеттесудің табиғатын анықтайтын концепт фольклор мәселесін зерттеуге жаңа мүмкіндіктер береді.

Түркі фольклорында үнемі қолданысқа түсіп отыратын жер-су атаулары фольклор сюжеттерінің құрамында танымдық, мағлұматтық, образдық сипатқа барынша ие, себебі олар ежелден қалыптасқан халық танымының, қоршаған ортаға берген бағасының, ой зердесінің, поэтикалық тілінің көрінісі.

Қырғызстан өңірінде кездесетін «Ажыдаар-Уюк» топонимі жайлы аңыздың шығу тарихы ата-баба аруағын сыйлап, құрметтеумен байланысты. Қырғызстанның Нарын губерниясында Ажыдаар-Уюк деген жер бар. Аңыз бойынша, ертеде Қырғызстанның оңтүстік өңірінен айдаһар ұшып келеді. Сол маңайда тұратын ақ сақалды қария айдаһарды көріп: «Мына айдаһар қай жерге барып мекендейді екен, қайда қоныстанса да, сол жер құтты, берекелі мекенге айналар» дейді. Содан айдаһар Нарынның үстіндегі Кең-Саз деген жайлауға ұшып келіп, жартастың басына қонады. Жартасқа ұя салып, айналасындағы жан-жануарлармен қоректенеді. Сондықтан ол аймақтағылар жайлауға бара алмайтындай күйге түседі. Халық жиналып, айдаһарды жоюдың жолын ойластырады. Ел билеушілері тұтқындағы аңшыға: «Мына айдаһарды атып өлтірсең, сені босатамыз» деп шарт қояды. Аңшы шартты қабылдап, мылтығын алып, айдаһарды өлтіруге барады. Екі күн аңдыған айдаһар ұясынан түсіп, су ішіп жатқанда атып өлтіреді. Айдаһардың үлкен болғаны сонша, судың бетін толық жауып тастайды. Айдаһарды қырық айғырмен судан сүйреп шығарады. Мерген бостандыққа шығып, Ат-башы деген жерде тұратын халқына барады, бірақ көп ұзамай қайтыс болады. Сол күннен бастап бұл жер Ажыдаар-Уюк

аталып кеткен дейді. Аңшының ұрпақтары жыл сайын Ажыдаар-Уюк жеріне келіп, мал сойып, ата-бабаларын еске алып, той жасайды екен.

Әйтеке би ауданында Сарат деген ауыл бар. Ол ауылдың «Сарат» аталуы – көктемде сел жүргенде суға ауылдағы үлкен сары жылқының кетіп қалуымен тікелей байланысты болған. «Қармақшы» деп аталу себебі Қармақшы елді мекенінде жұт болып, бір кісі қармақпен балық аулап, балық аулау арқылы аштықтан құтқарған. «Құныскерей» үңгірі туралы топонимдік жер бар. Жаудан қашқан батырдың салған үңгірі әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Орналасқан жері БҚО Қаратөбе ауданы, Егіндікөл ауылы. «Қасқыр» сарқырамасы топонимдері өңірімізде кездеседі.

Әлем халықтарының барлығы да фольклорында дүниенің қалай жаралғаны, жер бетінде тіршіліктің қалыптасуы жайында түрлі-түрлі мифтер, әпсана-хикаяттар, аңыздар шығарған. Орта ғасырларда феодализм уақытында адамның ажалмен айқасы туралы сюжеттер қалыптасты. «Балавардың даналығы» жырдың араб, грек, грузин нұсқалары, Ескендір Зұлқарнайынның өлмес суын іздеуі сынды сюжеттер хикаяттар ретінде танылады. Дегенмен, аталған хикаяттарда көне сюжет басымдыққа ие. Ажалмен айқасқан Қорқыт жайындағы хикаяттың өзге түрлерінен ерекшелігі басым. Г. Потанин Қорқыт туралы әпсана-хикаяттың негізінде бір фактінің барын айтады. Соның негізінде жердің не болмаса мұхиттың ортасы, жердің кіндігі жайында ақпарат барын айтады. Өлімнен қашу сюжеті көптеген халықтарда кездеседі. Ш. Уәлиханов болса, өлімнен қашу мотивінің ислам дінінде рұқсат етілмейтінін, шамандықтың қалдығы ретінде көрінеді. Төрт бұрышты Космостың ортасы – кіндігі болатыны сияқты, Қорқыт жайындағы мифте Сырдария болып анықталады. Сонда, оқиғаның орын алар тұсы Сырдария өңірі екені анық көрінеді. Жалпы өлімнен қашу сюжеті «Гильгамеш туралы жыр» сюжетімен ұқсас келеді. С. Қасқабасов Қорқыт туралы шығармалардың жанры аңызға қарағанда, әпсана-хикаят екенін айтады. Әрі-беріден соң оқиғаға сенушілік орын алады. М. Әуезов те Қорқыт оқиғасының философиялық мазмұны терең екенін айтады. Өлмеудің жолын іздеп, өлімнен қашқан Қорқыт мәңгі өмір сүрудің негізі өнерде екенін анықтағанын айтады. Мұрат Әуезов Қорқыт ата хикаяты мен Гілгәмеш туралы жырдағы оқиғаның ұқсастығын айтады.

Сонымен қатар, С. Қасқабасов қазақ фольклорында халық прозасы ретінде анықтаған, аңыздан гөрі көркем, бірақ ертегіден төмендеу әңгімелер барын айтады. Олардың мазмұны сан түрлі болып келеді. Бір топ әңгімелер – тарихта болған, сол негізден тараған әңгімелер. Ал енді бір топтағылар – белгілі бір мекен, жер-су жайын қиял түрінде баяндайтын әңгімелер. Соңғы топтағы әңгімелер Інжіл мен Құран сияқты діни әңгімелерге негізделген, мұсылмандық сарындағы әңгімелер. Сонымен бірге, хикаяттардағы әңгімеленетін оқиғалар тыңдаушылар арасында сенімсіздік тудырмайды. Олар пайғамбарлар мен әулиелер, бұрынғы өткен адамдардың іс-әрекеті, бастан кешкен жағдайлары ретінде баяндалады. Сондай-ақ, зерттеуші хикаят жанрының ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқанын айтады. Әрине, түп негізі көне замандық мифологиямен тығыз байланысты. Сондай-ақ, хикаятта мұсылмандық мифологиямен қатар, архаикалық мифтер, аңыздар, әпсаналардың да элементтері

кездесетінін айтады. Сонымен бірге, хикаяттар қатарында киелі деп саналатын табиғат объектілері де қарастырылады. Мәселен, Қазығұрт тауы турасындағы хикаяттарды да жатқызады.

Әпсана-хикаят аңыз бен ертегінің арасындағы халық прозасының көркем фольклорға айнала бастаған түрі [158, 110]. Жалпы хикаятты зерттеген С. Қасқабасовтің «Ойөріс» еңбегінде хикаятты әпсанамен бірге қарастырған. Халық прозасының ертегіден бөлек бұл жанры үш түрге ажыратылады. Бірінші түрге тарихи-мекендік әпсаналар, екіншісіне әлеуметтік-утопиялық, ал соңғысына діни-кітаби хикаяттар деп анықталған. Әпсана дегеніміз шындықтың, қиялдың элементтері қатысқан белгілі бір тарихи оқиға жайында, не болмаса атақты тұлға, не болмаса топоним жайын баян ететін әңгімелер екенін айтады. Зерттеуші бұл еңбегінде әпсана ретінде қарапайым адамдар алынғанын көреміз. Сонымен бірге, хикаяттардың әпсаналардан айырмашылығы исламның ұстанымдары уағыздалатынын, Құранның, Інжілдің сюжеттері, әулиелер жайындағы әңгімелер қарастырылады. Сондай-ақ, зерттеуші хикаяттарда ескі, жаңа, тіптен исламдық мифология қатар жүретінін айтады. Осы тұста жанр ұғымын да қарастырып өтсек. С. Қасқабасовтың анықтауы бойынша, жанр дегеніміз оқиғаны, сюжетті белгілі бір мақсат негізінде нақты бір идеясы бар шығармаға айналдырудың жолы деп анықтайды. Солай, бір сюжет, дегенмен жанры бөлек шығармалардың да кездесетінін айтады. Ондай шығармалардың бірі – Жүсіп пен Зылиха хикаяты. Бұл хикаяттың сюжеті дастанда, ертегіде, кейінгі уақыттарда драмада көрініс тапқан. Інжілге енген сюжет негізінде хикаят болып танылады. Уақыт өте келе, новеллалық ертегіге айналған. Орта ғасырларда сюжет үлкен дастан болып жырланған. Басты айырмашылық сюжетте емес, жанрда тұрғанын байқаймыз. Әр жанрдың ерекшелігі қай заманда, қай дәуірде пайда болғанын, оқиғаның қандай әдіспен бейнеленгені, сол бейнелеп отырған құбылыстың бағалануы, сол бағасы қандай түрде көрінеді және ол жанрдың қандай мақсатта қызмет ететіндігі, қандай функция атқаратындығын жанр арқылы анықтауға болатынын көреміз. Қазақ халық прозасының бұрынғы уақыттарда атқарған қызметіне байланысты ажыратын болсақ, онда екі үлкен функцияны көреміз: эстетикалық, ғибраттық функция атқаратын жанрлар, эстетикалық функциядан басқа қызмет атқаратын прозалық жанрлар. Эстетикалық және ғибраттық функция атқаратын жанрлар түрлеріне ертегілер, мысал, хикаят пен әпсана да қарастырылады. Эстетикалық функциядан басқа қызмет атқаратын прозалық жанрлар қатарында ауызекі әңгіме, хикая, аңыз, шежіре, миф, әпсана, хикаят сынды түрлері жатады. Солай, бұл жанрдың басты қызметі ретінде жас ұрпаққа белгілі бір дәрежеде табиғат пен елдің өткені, бұрынғы атақты жандар турасында білім беріп, ел тарихынан хабардар ету болған. Солай, хикаятқа толығырақ тоқталатын болсақ. Біздің дәуірімізге дейінгі фольклордың қоғамдық санасы өнердің бір түрі ретінде анықталғанымен, ол деңгейге жетпеген.

Адамзат өмірінің әр түрлі кезеңдерінде қалыптасып, дамып, одан соң өзгеріп отырған. Осы уақытқа дейін жеткен көптеген шығармалардың барлығы дерлік – бұрынғы фольклордың негізінде қалыптасқандар. Осының қатарында хикаятта бар. Орта ғасырларда ескі шамандықтың орнына бірқұдайлық

монополиттік дін қалыптасып, бұрынғы діни наным-сенімдерді жоюға ұмтылды. Бұрынғы сенімдер бірден жойылған жоқ, біркұдайлық діннің функцияларымен бірігіп, сіңісіп кетті деуге болады. Солай, ескі сенімдерді біркұдайлық сенім өз пайдасына өзгертіп, ежелгі ырымдар мен ғұрыптарды дінге бейімдеді. Осындай бейімдеулер хикаят жанрынан аңғарылады. Ежелгі миф пен хикая жанрлары ескі сенімдерден қалыптасқан болса, хикаят жанр ретінде кейін біркұдайлық сенім негізінде қалыптасқан. Хикаят кейде ойдан шығарылған, діни кітаптардан алынған сюжеттердің көркем түрде баяндалуы деп анықталатын әңгімелер. Хикаяттың түбінде өте ерте замандарда болған оқиғалар да жатуы мүмкін. Сондай хикаяттар қатарында Ескендір жайындағы әңгімелер де танылады. Ескендір Зұлқарнайын өмірде болған тұлға болғандықтан, алғашында аңыз қалыптасып, кейіннен әпсана, уақыт өте хикаятқа айналған. Сонымен қатар, баса назар аударатын нәрсе Ескендір турасындағы сюжеттер қазақ фольклорына сырттан енген. Әсіресе, діни кітаптар арқылы тараған. Бұл сюжеттерде ислам дінінің әсері барын да байқаймыз. Сонда, хикаятта орын алатын әңгімелер тыңдаушылардың сенімсіздігін тудырмауы пайғамбарлар мен әулиелер турасында болуы, олардың іс-әрекеттері, басынан кешкен оқиғалары болғандықтан екенін көреміз. Сонымен, хикаят жанрының қалыптасуы ислам дінінің таралуымен қалыптасқан. Таза исламдық мифологияға ғана емес, көне заманғы фольклордың да элементтерін қамтиды [108, 168].

Хикаят терминінің этимологиясына назар аударсақ. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде хикаятты діндар дәуірдің өнеге беру мақсатында шығарылған әңгімелер екенін айтады. Сонымен бірге, хикаяттың тақырыбы дін ғана емес, өзге де тақырыптардың қамтылғанын айтады.

Бекер босқа жүргенше бойды бойлап,
Жақсы депті әр іске қылған талап.
Пайғамбары құданың заманында,
Жүреді екен бір жігіт бекер қарап.
Қылып жүрер бір жұмыс өзге пенде,
Бекер жүрер бірақ сол көргенде,
Түс суытып, қарамай өтеді екен,
Ол жігітке пайғамбар кез келгенде.
Жолыққанда бір сапар күліп өтті,
Көргеннен-ақ қарасын күлімдепті,
Сақабалар, тақсыр-ау, күлмеуші еңіз,
Не себептен күлдіңіз бүгін депті.
Айтты сонда себеп бар күлгенімде,
Күлмеуші едім жолықса ілгеріде.
Екі шайтан қасында жолдас еді,
Бекер қарап ілгері жүргенінде.
Отыр екен бұл сапар жерді сызып,
Жолдастықтан қашыпты шайтан бұзып.
Келіп екі періште қасында отыр,
Сол себептен күліп ем көңілім қызып.
Бекер жүрген батады бәлекетке,

Адам болсаң, жолама ол әдетке.

«Құры қарап жүргеннен артық» дейді,

Пайдасыз бекер қылған әрекетте [159, 147], – деп Ахмет Байтұрсынов хикаяттың мәнін ұқтырады.

«Бабалар сөзінің» 44-томында хикаяттың әңгіме баян, шытырман оқиға деп анықталған [160]. Ал енді «Бабалар сөзінің» хикаялық дастандар бөлімінде хикаятты алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайында жазылған әдеби шығарма деп анықтайды [161]. Сонда хикаят деп отырғанымыз дін жайынан, пайғамбар, хакімдер, әулиелер жайын қозғайтындықтан, тәрбиелік функция негізінде қалыптасқан жанр екенін аңғарамыз. Ауыз әдебиетінің діндар дәуірінде қалыптасқан осынау жанрдың басты артықшылығы оқырманды даналыққа, өткен жандардың өнегеге, ғибратқа толы істерін келесі ұрпаққа жеткізу екенін аңғарамыз.

Осы негізден, зерттеуші А. Пангереев фольклордағы хикаят негізінде топонимдік хикаят түрін ажыратты. Зерттеушінің пікірінше, хикаяттың белгілі бір жердің атауына байланысты, оның қалыптасуына әсер еткен оқиғалар деп анықтайды. Осы негізден «Шайтанкөл» деп аталатын топонимдік атауды келтіреді. Әрі оқиғада діндар адамдардың киімі жыртық кедейді менсінбей, кедейдің молдалардан кек алуы суреттелген. Зерттеушінің бұлай анықтауы да топонимдік атауға байланысты. Хикаяттың екінші бір тегінде өмірде болған тұлғалардың басынан кешкен уақиғалары да хикаят ретінде анықталады [4, 108]. Ол тұлғалар белгілі бір мекенде тұрып, халық сол тұлғаны сол жермен байланыстырған. Мәселен, Абай десек, Абай дүниеге келген Шыңғыстаудың ассоциация жасағаны сияқты. Сонда, топонимдік хикаяттың екінші бір түрі ретінде тұлғалардың мекен еткен жері, олардың ғажайып істері жайында көп ақпарат кездеседі. Хикаят жанрын қарағанда, бұрынғы өткен замандағы Ескендір, Лұқпан хакімдерді анықтайды. Қазақ халқында да көптеген батырлар, әулиелер мекен етіп, олар жайлы аңызға татырлық оқиғалар желісі сақталған. Хикаяттың астарында мифтік таным бар екенін ескерсек, онда қазақ жеріндегі әулие-әнбиелер, батырлар турасында да көптеген ғибратты әңгімелер де осы жанрдың еншісі ретінде танылады.

Бұрынғы орта ғасырларда қандай да ғұлама, хәкімнің тегі шыққан жерімен байланысты аталған. Мәселен, Қожа Ахмет Яссауий жайындағы зерттеу мақаласында Яссауй-дегі «й» немесе «и» жұрнағының қандай да бір жерден шыққандығын аңғартқан дейді. Мәселен, Қожа Ахмет Йасы қаласынан екені осы «й» жұрнағы арқылы анықталатынын айтады [10, 292]. Сонымен бірге, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари дегендегі «и» жұрнақтарының Жүсіптің Баласағұннан, Махмұдтың Қашқар қаласынан екендігін аңғартады. Сол себептен де, белгілі бір топонимдік атаумен сол жерден шыққан тұлғаны ассоциация жасау халық арасында танымал болған. Кім екені есіне түспесе, «анау Маңғыстаудан шыққан» деп қайдан шыққаны жайында айтады. Тіптен, қандай да бір тұлғаның кереметтігін көріп, қай өңірдің азаматы екендігі қызықтырады. Ол тұлға сол жердің аталуына тікелей әсер ете алмаса да, сол жердің топонимдік атауын иеленбесе де, оның қасиеттері, қандай тұлға болғандығы маңыздырақ. Сол себептен де, топонимдік хикаяттың екі негізде қаралады деп білеміз. Бірінші

кезекте, топонимдік атауға байланысты, екінші кезекте батырлар, әулиелер, яки тұлғалар деп анықталады.

Топонимдік фольклор кейіннен қалыптасқандықтан, топонимдік хикаяттар да кейінгі уақытта орын алған оқиғаларға негізделетінін көреміз. Әрине, көне заманның элементтері де ұшырасуы да заңдылық. Топонимдік хикаяттың анықталуын кеңінен қарайтын болсақ, эстетикалық, ғибраттық функцияны да орындайтынын көреміз. Діни сюжет кездесетіндіктен, топонимдік хикаяттар тыңдаушыға белгілі бір оқиғаны жай баяндап қоймай, мұсылманшылықты уағыздайтынын, дін иелерінің қандай мықты тұлға болғанын аңғартады. Сол себептен, топонимдік хикаяттар қазақ жерінде болған әулиелер, батырлар жайын аңғартып, олардың басынан кешкен тамашалары, жағдайлары бейнеленеді. Топонимдік хикаятқа тән белгілер деп мыналарды танимыз:

- Белгілі бір жерде мекен еткен, қазақ тарихында орны бар тұлға;
- Дінмен байланысты керемет оқиғасы бар;
- Халық арасында кеңінен танымал.

Аталған үш белгі арқылы қазақ жерін мекен еткен тұлғаларды қарастырсақ болады. Бұл негізден Қазақстанның түкпір-түкпірін қарастыруға, сол негізден ажыратуға болады. Оның себебі, бұрынғы Ескендірге қарағанда, мекені, сенімі жақын кейінгі уақытта өмір сүрген тарихи тұлғалардың басынан кешкені сенімді бейнеленеді. Сонымен қоса, қазақтың түкпір-түкпірінде қасиет қонған әулиелер, батырлар мекен еткен.

Маңғыстау өңірі. Бұл өңірде небір мықты 362 әулие, Адайдың рухымен тәрбиеленген батырлар көп-ақ. «Маңғыстаудың тарихи және фольклорлық ерекшелігін дұрыс түсіну үшін географиялық танымға ие болуы керек. Ал Маңғыстау түбегі – географиялық тұрғыдан алғанда табиғи қуыс, түп. Егер Маңғыстауды құрлық емес, мұхиттың шығанағы деп елестетер болсақ, онда ашық мұхитта кедергісіз ағып жататын теңіз ағыстары Маңғыстау сияқты тұйық шығанаққа келгенде өзінің жылдамдығын, суынын әлдебір бөлігінен айырылып қалар еді. Нәтижесінде ағыспен ағып келген басқа жағалаудың шайындылары осы шығанақтың жағалауында тұнып, қалып қояр еді. Міне, тарихи-географиялық тұрғыдан алғанда Еуразияның Ұлы Көшпенділер даласын телегей теңіз деп болсақ, Маңғыстау – сол теңіздің бір тұйықталған жағалауы болып шығады» [162, 8]. Сонымен бірге, зерттеушінің мына бір пікірі әрі қарайғы зерттеуімізде маңызды. «Кез келген ру шежіресінің үш бөліктен тұратынын көрсетуге болады. Бірінші, ежелгі аталар ұрпағы – мифологиялық шежіре. Бұл деңгейдегі ата-бабалардың есімдері, олар туралы аңыздар миф болып табылады. Яғни мұнда тарихи ақиқат болмайды. Екінші қабат, ортаңғы ата-бабалар ұрпағы – квазитарихи шежіре. Мұнда шежірелік аңыздың тарихи негізі сақталады, аталған ата-бабалар да тарихта болуы мүмкін, бірақ қай уақытта, қай жерде болғандығы көрсетіле алмайды. Үшінші қабат, кейінгі ата-бабалар ұрпағы – тарихи уақыт пен территорияға сәйкес келетін шын шежіре. Бұл жерлерде «кімнің кімнен туғаны», «кімнің неше баласы болды?» сияқты т.б. ауытқушылықтар болғанына қарамастан, шежірені тарихи шындықты көрсетеді деп есептеуге болады. Әдетте, көшпелі тұрмыс жағдайында шежіренің жоғарғы екі қабаты араласып кетеді, сондықтан оны мифтік-квазитарихи шежіре деп

жалпылама қарастыруға болады» [162, 110]. Осы негізден, қазақ тарихындағы әулиелер мен батырлар жайындағы әңгімелер хикаяттар ретінде анықталады. Бұрынғы Ескендір турасындағы аңыздар сынды қазақ жерін мекен еткен батырлар туралы аңыз-әңгімелер де хикаят ретінде қарастырылады.

Халық арасында Маңғыстауды мекен еткен Қараман батыр жайында да деректер хикаятта бергісіз. Қараман батыр медресе ұстаған, әулие, бес уақыт намазын таса қылмайтын иманына берік жан екен. Ертеңіне үйленеміз деп отырғанда Қараман батырдың ауылын қалмақтар шауып, ауылдың еркек кіндіктілерін өлтіріпті. Қалмақтар бүкіл ауылдың намазға ұйыған сәтінде шауып, үлкен қастандық қылыпты. Намазға ұйыған батырлар, ауылдың небір мықты жігіттері тіпті жаудың келгенін де естімеген деседі. Солай, тасадан шапқан айлалы жау дегеніне жетіп, батырдың жанын алған екен. Ал жары болса, Қараман батыр салған жерасты мешітіне кіріп, біраз уақыттан соң бір құс ұшып, бір жылан шығыпты деседі. Арудың одан қайта шыққанын көрмепті. Соған қарағанда, арудың батыры бұл жалғаннан мәңгілікке аттанған соң, өзі өмірде қалуды қаламаған тәрізді. Бүгінгі күні Қараман батырдың жерасты мешіті, медресесі сақталған. Бұл да қазақ жеріндегі ислам дінінің қаншалықты берік орнағанының дәлелі. Соншама жаудың шапқанын естімейтіндей иманы берік азаматтар болғанына таң қаласың. Бұндай өмірде болған хикаяттар қазіргі күнгі ұрпақты дінге сауатты, деструктивті діннің ықпалынан сақтауға әсер ететінін айта кету керек.

Ақтөбе өңірі. Хиуа, Қоқан, Бұқара хандарының басқыншылары мен Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы шайқаста небір жанкешті ерліктер көрсетіп, Сыр бойы, Қыр қазақтарын сыртқы жаулардан қорғап отырған, сондай-ақ, салынып жатқан теміржол құрылысына наразылық танытқан зиянкестерге тосқауыл қойып, теміржолдың одан әрі жүргізуіне ықпал еткен Ақтан батырдың сүйегі Бершүгір стансасының батысындағы Тебенсай бойында, Ақтан-Сады қорымында жатыр. Кіші жүз Әлім руынан, Қаракесектің Жақау аталығынан тарайтын Ақтан Ақайұлы 1770 жылы Қазалы ауданының қазіргі Жанқожа батыр ауылына қарасты «Тілес» арығы бойындағы «Түлкі қашқан» деген жерде туып, заманында Жанқожа батырмен үзеңгілес, жорықтарға бірге жүрген аруақты әулие һәм батыр болған деседі. «Аруақты» дейтін себебіміз жауымен бетпе-бет шыққанда жүзі қаһарланып, көзі аларып, қарсы жақтың зәре-құтын қашырады екен. Оның үстіне, төбесінде бұлт үйіріліп, жай оты жарқылдап, нөсерлетіп дауыл тұратын көрінеді. 1830 жылдары Созақ бекінісін азат етуге қатысқанда қарсыласын баудай түсіріп жүрген Қоқандық Тоған батырды байлап әкеліп, Кенесары ханға тарту етеді. Сонда хан айтыпты: «Әй, Тоған, Ұлы жүз бен Орта жүз батырларына дес бермей келіп ең, мына Кіші жүзден қалайша тұтылдың?» - деп. Сонда Тоған батыр: «Қарсы шауып атой салғанда, түрінен шошып, қолымнан қаруым еріксіз түсе берді» деген екен. Тағы бір дерек. Хиуа хандығындағы Жанкент бекінісін билеп тұрған Бабажай сарт Сыр елін зеңбірек, мылтық күшімен ойрандап, мал-мүлкін тонап, қыз-жігіттерін күндікке, құлдыққа айдап кетіп отырған. Жанқожаның ағасы Ақмырзаны мойнына тас байлап, дарияға батырып жіберген.

Бұл кезде Ырғыз бойын жайлап жатқан Жанқожа батыр жаманат хабарды әуелі өзі анықтау үшін Қырдан Сырға жалғыз келеді. Ата қонысы Ақирекке соғып, содан соң Қарауыл төбеге шығып тұрса, жамырай тігілген көк шатырдың бірінен Хиуаның бас батыры Аман шығады. Осы қақтығыста Аманды өлтіріп, бір апта туыстарында болады. Ақтанды, Кішікенің басқа да басты адамдарын алдыртып, күзге салым қол жинап, Бабажанды шаппаққа жоспар құрады. 1842 жылдың күзінде екі мың жасағымен уәделі күннен ерте келген Ақтан батыр Жанқожаны күтпестен тұтқиылдан шабуыл жасайды. «Ақпандап» шапқанда ашық күнде төбесінде бұлт пайда болып, найзағай шатырлап, нөсер құйып береді. Алай-дүлей дауыл тұрады. Дауыл мен нөсерден Бабажан жағының зеңбірек шақпақтары тұтанбай, білте мылтықтары атылмай, жау қатты сасады. Сол сапары келіп жеткен Жанқожа жасақтарымен бірлесіп, Жанкентті алады. Бабажанды азаптап өлтіріп, баласы Майхарабекті тұтқындайды. Ақтанның «Ақпан» деп ұрандайтын мәнісі мынау екен. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында ел қорғауда атағы шыққан батыр-әулие Ақпан қартайған шағында ел аралап жүріп, Ақайдың шаңырағына түседі. Сол кезде шаңырақ иесінің әйелі айы-күні жетіп отыр екен. Келіннің соңынан шырақ жанып жүргенін байқаған Ақпан баба: «Ер бала туарсың, ол елі мен жеріне қорған, киелі ақ таңы болар, атын Ақтан қоярсыңдар» деп, бата қылып, ырым етіп өзінің ат арқасына салып жүрген жастығын беріпті. Ақпан әулиенің барлық қасиеті Ақтанға осылай көшсе керек. «Ақпан» есімі уақытында күллі Қаракесектің ұранына айналыпты. Бізге жеткен дерек көздерінде Ақтан Ақайұлының бейнесі кең жауырынды, бойы ортадан жоғары, сом білек, бура санды, қыр мұрын, қалың қабақты, өткір көзді делінеді. Өтірік-өсекті жақтырмайтын, шындықты жақтайтын, досына адал, жауына қатты мінезді екен. Алайда жұмсақтыққа жол берген кездері болған. Бірақ онысы өлтіргенмен бірдей еді. Ол былай болыпты. Бірде Арқадан Кенесары хан Сыр бойына ауа көшіп келеді. Ханның келуіне байланысты Жанқожа Батпа сұлуды әйелдікке береді. «Ордаға ант бересің» дейді хан. Оған да көнеді. Кенесарының інісі Наурызбай Мақпал көлін иемденгенімен тұрмай, Ақтан қоныстанған Ақиректі босатуды бұйырады. Оған Ақтан батыр қарсы шығады. Хан ордасында төлеңгіттер Ақтан бастаған барлық батырлардың көзін жоймаққа жоспар құрады. Мұны Батпа сұлу малайы арқылы Жанқожа мен Ақтанға жеткіздіреді. Сөйтіп белгіленген күні екі жақ Ақиректе кездесіп, нәтижесінде жекпе-жек ұрыста Ақтан Наурызбайды атынан аударып түсіреді. Алайда сауға сұраған оны өлтірмей, басынан аттап өтеді. Хан тұқымында басынан аттату – өлімнен де күшті еді, еңсе езілетін, аты жаман, жантүршігерлік ауыр жаза, сүйекке таңба еді. Бір күні Жанқожа батыр жауларынан қапияда қаза табады. Кек алмақ ниетпен жауды шапқан Төртқара Байқазақ батырды орыс ұлығына жағынған топ кейіннен ұстап, Елек абақтысына қаматады. Ақтан батырдың ол кезде шау тартып, қартайған шағы екен. Бірақ бойын кернеген намыс оты жатқызбай, шағын қолмен Елек түрмесіне шабуыл жасап, Байқазақты босатып алады. Сонымен, Ақтан батыр Созақ қамалын, Сауран қаласы, Қожанияз бекісін т.б. көптеген жерімізді жау қолынан азат етуге қатысқан. Жанқожа батыр ел басына күн туып, амалсыз атқа мінер кез келгенде алдымен Ақтанды шақыртып алады екен. Батыр келгенде: «Ақтан келді қасыма, Ақ күн туады

басыма» дейді екен. А.Ақайұлының жүріп өскен жерінде «Ақтан сайы», «Ақтан қыстауы», «Ақтан құдығы», «Ақтан шыңы» деген жер атаулары әлі күнге дейін сақталып, ел ауызында айтылып жүр [163, 293].

Ендігі кезекте, түркі жұртына тән топонимге назар аударсақ. Оғыз тайпа бірлестіктеріне жататын, кезінде Алтын орда құрамында болған тайпалардың бәрін қарастыратын болсақ, көптеген топонимдерге кездестіреміз. Оның ішінде Едігемен байланысты топонимдер молынан бар. Тарихта болған, Алтын орданың құрамынан бөлініп, Ноғай ордасын құрған билеуші Алтын орданың тарихына әсер еткен. Едіге жайында ең алғаш пікір білдірген Ш. Уәлиханов болатын. Зерттеуші «Едіге батыр» жырының мазмұнына, тіліне назар аударып, қазақ ауыз әдебиетінің үздік үлігісі деп таниды. Осы орайда Қ. Сәтбаев та «Едіге батыр» жайлы өз пікірін білдіріп, Едіге заманынан ақпарат береді. Зерттеуші Қ. Сәтбаев ел аузындағы ескі сөздердің ғылыми үш негізі барын айтады:

1. Ел ауызындағы ескі сөздерде ұмыт боп бара жатқан сөздер кездеседі. Бұл – «тіл сақтау», «тіл байыту» екенін айтады.

2. Ескі сөздердің барлығы дерлік кестелі, шебер тілмен жасалады. Әдебиет үшін шығарма тілінің кестелі, шебер болуы маңызды.

3. Ескі сөздердің бәрінде қазақ халқының тұрмысы, салт-санасы, әдеттері суреттеліп отырады. Бұның бәрі де қымбат екенін ескеріп, көп ауызында ұмыт болмау үшін халық арасындағы жырлардың хат түсуі керектігін айтады [164, 327]. Едіге жырына қазаққа таныс емес сөздердің кездеспейтінін айтады. Мәселен, шығармадағы «Кет-құдай» – «күйеу», «жыға», «кіреуге», «бартал» сынды сөздер деп көрсетеді. Сондай-ақ, Шоқанның өзі де бұл жырда ешқандай да бөтен жұрттан алынған кірме сөздер жоқ екенін айтады. Зерттеуші тарихтағы Әмір Темірдің анық қателігін көрсеткен. Зерттеуінде былай дейді: «Тоқтамыс ханның тұсында бүкіл «Дешті Қыпшақ» түгелімен бір адамның уысына кірген екі орданы жеке иемденген, Тоқтамыс баққа мастанып, Ақсақ Темірді мұқату үшін әскер жинап, 1388 жылы Түркістан жағына қарата шеру тартады. Сол жолында 1389 жылы жаз Темірдің қолымен түйлесіп, жеңілгеннен кейін, еліне қайтқан. Тоқтамыс сынды «өзі қойған текешігінінің» көрсеткен мұндай құқайын көтере алмай, ашуына мінген Ақсақ Темір 1391 жылы жер қайысқан қолымен Алтын ордаға жөнеледі. Сол жылы Еділ жиегіндегі Сарай қаласының жанында Тоқтамыспен кездесіп, жасалған үлкен соғыстан кейін, Тоқтамыс байтағын тастай, бас сауғалай қашқан. 1392-1394 жылдарда Темір қызылбастармен соғысып жүрген мезгілінде Тоқтамыс қайта қол жиып, Түркістанға баруға бет алады. Бірақ, жолшыбай 1395 жылы Кавказ тауларының етегіндегі «Терек» өзенінің бойында «Қандырша» деген жерде жолығып, тағы да жеңіліп еліне қашқан. Ақсақ Темір бұл жолында Тоқтамысты хандығынан біржола түсіріп, Алтын орданы Қойраджік дейтін ханға сыйға тартып кеткен. Елінен айырылған Тоқтамыс тентіреп, Литва королі Ойтопыт дейтінге барып, оның көмегімен қайта еліне келе жатқан жолда 1406 жылы өлтірілген. Тоқтамыстан кейін, Алтын орда көп кешікпей Қазан, Астрахан, Қырым, Ноғай, өзбек атты жеке хандықтарға бөлінген» [164, 328], – деп әдебиеттен ғана емес, тарихи фактіні де келтіреді. Әмір Темірдің тарих алдындағы үлкен қателігі – Алтын орданы күйрете жеңуі болды. Осыдан, Алтын орда кіші хандықтарға ажырап, Ресей княздары күшейе

түскен. Қ. Сәтбаев тарихи фактіні анық көрсете білген. Сонымен бірге, ғалым Едігенің қандай хан болғанына тоқтала келіп, хан болмысын анықтайды. «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар». «Тура сөзді «әділ жарғыға» сансыз адамның «батасы» тиекші», «Батаменен ер көгереді» дегендей, сондықтан қазақ сияқты көшпелі елде қашан да ханнан гөрі бидің қадір «киесі» басым болады. Ханның арқа сүйеуі, жарасымды бимен табылады. Бисіз хан оңбайды, хандықпен қатар қырағы билік те бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресінде атын қалдырады» [164, 330], – деп ханның халқына жақын болса ғана халық есінде мәңгі қалатынын айтады. Сонымен қатар, қазақ хандарының да болмысының осындай болғанын, Есім, Қасым, Тәуекел, Тәуке, Абылай сынды хандардың хандық пен билікті қатар басқарған «қасиетті адамдар» деп анықтайды. «Ел меңгерерлік тілі жоқ, еңсererлік күші жоқ, білім мен ойға, «билікке» ие болмаған, не ел ішіндегі рулардың көсемі билердің ішінен тартып, қыбын таба алмаған алаңсағар, әңгүдік хандар хан болып та тұра алмайды. Ондайлардың тағы жарлының лашығы сияқты, наразы көпшіліктің бірінші құйыны түбіне жетеді» [164, 330], – деп, хан жайындағы пікірін білдіреді. Солай, Едігенің болмысына ханға лайық екенін жеткізеді. Халық арасындағы Едіге жайындағы мына бір өлең жолын келтіреді:

Алдынан келіп сынасам,
Жалыннан пайда болғандай,
Артынан келіп сынасам,
Қарадан пайда болғандай [164, 334], – деп мақтайды. Зерттеуші халық арасында батырдың ақбарақ ит сияқты екенін, екінің бір бола алатынын, бидің ақ шариғат екенін, елуден бір адам болатынын айтып, Едігенің жай ғана батыр емес, би қасиеттері барын айтады. «Ел билеген Едігем», «Қазақ ерінің әуелі де Едіге, ақыры да Едіге» [164, 334], – деп халықтың Едігені әлпештеп, құрмейтінін, батырлығынан билігін жоғары қояды.

Әмір Темір мен Тоқтамыс арасында соғыс болған жер Қандырша – «Кондурче» деп аталған. Тарихи фактілерге сүйенетін болсақ, Алтын орда байырғы Жошының баласы Бату ханның құрған мемлекеті. Өте үлкен аумақты қамтыған елді басқаруға, бағындыруға Әмір Темір де, Едіге де мүдделі болды. Едіге батыр Алтын орда билеушісі ретінде Темір Құтлықты тағайындаса, кейіннен Шәдібекті хан қойған. Билік абсолютті түрде Едіге батырдың қолында болды. Тоқтамыстың хан болуға ұмтылысы жоғары болды. Тоқтамысты Әмір Темір қолдады. Екі тұлға арасындағы келіспеушіліктер, іріткі салушылық немесе Тоқтамыстың бағынғысы келмеуі Әмір Темірмен соғыс жағдайына алып барды. Сонау Ресей княздіктері басын иіп келетін Алтын орда тура мағынасында «алтын тақтың» мінбері болды. Алтын орданы уысында ұстаған хан әлемді уысында ұстайды деген сөз. Солай, екі жақтың соғысы Кондурче өзенінің жанында болды. Кондурче немесе Кондурча өзенінде Самара облысы мен Ульян облысы аумағында орын алған. Кондурче этимологиясы «құндыз» мағынасын береді. «Кондур», «Кандар», «кандр», «кондуз» сияқты вариациялары да ұшырасады. Кондурче – «Құндызды» өзен мағынасын берсе керек.

Түркі фольклорында әулие-әнбиелерге қатысты топонимдік әпсана-хикаяттар кездеседі. Қазақ жеріндегі өңірлерге бөліп те қарастыруға болады. Ең

алдымен Асан қайғының «Жерұйықты» іздеуіне тоқталып өтсек. Жер-жиһанды кезіп, халықтың қамын ойлаған Асан қайғы халық үшін қолайлы, құтты қоныс табуға бел буады. Халық жадында сақталған Асан қайғының жер-су атауларына берген бағасы «құтты қоныс» болуына қажет артықшылықтардан тұрады. Мысалы, «Үшқараған», «Түндікті», «Шідерті», «Ерейментау», «Терісаққан» сияқты топонимдер белгілі. Асан қайғының әр мекенге берген бағасын ескере отырып, «Жерұйықтың» қандай болуы керектігі жөнінде мынадай көзқарастар бар: Халқы жүзге жеткенше өлмейтін; малдары жылына екі рет төлдейтін; жау шапқыншылықтарын жүргізе алмайтын; ешқашан жұт болмайтын; қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жұмақ сипаты анықталады. Осылайша, құтты қоныстың сипаттары көрсетіледі. «Жерұйық» концептісі «туған жер» концептісінің мағыналық қатарын кеңейте түседі. Мұнда «туған жердің» «жерұйық» сипаты болуы керектігін және халық түсінігінде киелі әрі құтты мекеннің болмысы айқындалады.

Орталық Қазақстан, дәлірек айтқанда Қостанай өңірінде «Бестарау» топонимі Асан қайғымен байланысты. Халық арасында тараған әпсанаға сәйкес, Наурызым деген жерде жылан мен Асан дос болыпты. Асанның ерекше қабілеттерінің бірі – аңдар мен құстардың тілін білу. Бір күні Асанның баласы аң аулап жүріп, абайсызда әкесі достасқан жыланның баласын өлтіріп алады. Бұл оқиғаға көңілі қалған жылан кегін алып, баласынан айырылған Асанға келіп, екеуі бірге қайғырады. Осы қайғырған жер «Бестарау» деп аталып кетеді. Өзінің баласынан айырылып, бақытсыз болғанына қарамастан, Асан сол өңірдің берекелі, құтты болуын тілеп кетеді. Асан жайлы халық арасында тараған оқиғаларды «әпсана» деп тануымыз оның болмысының ерекшелігіне және қасиеттілігіне байланысты. Асанның киелі адам екенін танытатын, халық есінде қалған тағы бір топоним – «Қызбел». Бұл өңірде өзен-көл болмаса да, шөбі мол жерді көріп, шөлден қысылып отырған халықтың жағдайын байқаған Асан қолындағы асатаяғымен жерді түртіп қалады, нәтижесінде бұлақ пайда болады. Осылайша, Асан қайғы халықтың қамын ойлаған, ел үшін қызмет еткен тұлға ретінде танылған.

Қорқыт ата жайлы аңыздар мен әпсаналар түркі халықтарының мәдениетінде ерекше орын алады. Ол қыпшақ және оғыз топтарына жататын көптеген халықтар арасында ортақ тұлға болып саналады. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, құмық, карачай, әзірбайжан, анадолы түріктері, түркімен, гагауз, балқар, ноғай халықтары Қорқыт ата туралы түрлі аңыздар мен әпсаналарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Қорқыт ата жайлы аңыздардың бір тобы оның дүниеге келуімен байланысты. Аңыз бойынша, Қорқыт дүниеге келмес бұрын әлем үш күн бойы қараңғылықта болған. Тоқтамастан жауған жаңбыр мен ызғыта соққан бораннан Сырдария өзені де, Қаратау да көрінбеген. Осы түнек пен дауылдың арасында дүниеге келген Қорқытты халық «қорқыта» дүниеге келгені үшін «Қорқыт» деп атап кеткен дейді.

Қарақалпақ халқында тараған «Қорқыт баба» әпсана-сюжеті өзінің терең философиялық мәнімен ерекшеленеді. Жаңа дария бойында қарақалпақтардың «Шийрин» деген шаһары болған екен. Қорқыт ата өзіне келетін өлімді қырық жыл бұрын білуін сұрап, құдайдан бұл сұрауына келісім алады. Аңыз бойынша,

Қорқыт өлімнен қашып, әр жерде бой тасалайды, бірақ оның өлімінен қашуы нәтижесіз болып шығады. Ол қай жерге барса да, жергілікті тұрғындар «Қорқыт өледі екен, соған көр қазып жатырмыз» деп айтады. Ақырында, ол Жаңа дарияға келеді және бұл жерде де өлімнен қашып құтыла алмайтынын түсініп, халқына «Мені бір кілемге отырғызып, Жаңа дарияға жіберіңдер» дейді. Қорқыт дарияның ортасында қобызын шертіп бара жатқанда, Шийрин қаласындағы қырық қыз оны шақырады, бірақ Қорқыт олардың шақыруына жауап бермейді. Қыздар оның өлімінен қашуын қабылдамай, оны қарғайды да, Қорқыт тасқа айналып кетеді. Бұл әпсанада ерекше орын алатын мотивтердің бірі – «тасқа айналу» және «қырық қыз» сюжеттік желісі. Бұл элементтер әлемнің жаратылысымен, оның шекараларымен және кеңістіктің белгісіздігімен байланысты мифтік түсініктерді көрсетеді. Қорқыттың өз өлімін алдын ала білуі, әсіресе оның жердің ортасында өмір сүретін адам ретінде көрініс табуы, әлем мен кеңістік туралы мифтік түсініктердің тереңдігін көрсетеді.

«Қорқыттың гөри» деген әпсана қарақалпақ халқының фольклорында кездеседі. Әпсананың желісі бойынша Қорқыт баба өлімнен қатты қорқады екен. Ол қалай болмасын, қайткенде өлмеудің жолдарын ойлайды. Бірақ қалай болғанда өлмейді? Тау-тас болғанда ма? Осылай ойланып, биік тауларға барады. Тауларға барып:

- Таулар! Сіздер мәңгі жасайсыздар ма? – дейді. Төбесі аспанмен таласқан таулар:

- Жоқ! Біздер де қартаямыз, біздер де өлеміз, – дейді таулар. Содан соң Қорқыт ата ұшы-қиыры жоқ телегей-теңізге барады.

- Мүмкін сіздер өлмейтін шығарсыздар? – дейді Қорқыт ата.

- Жоқ, біздер де қартаямыз, біздер де өлеміз, – дейді теңіз.

- Енді дүниеде өлмейтін кім бар? – деп сұрайды Қорқыт ата. Қорқыт ата өз сұрағына жауап таба алмай, дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Қай жерге барса да алдынан көр қазып жатқан адамдарды көреді.

- Бұл не? – деп сұрайды Қорқыт баба адамдардан.

- Қорқыттың көрі, – деп жауап береді адамдар.

- Қорқыт бұдан қорқып, қашады. Бірақ алдынан көр қазып жатқан адамдар шыға береді. Ақыры шаршап, өмірі туралы, өмірдің тазалығы, бұл дүниеде адамның өзін өлімге қимайтыны туралы судың бетіне кілемді жайып жіберіп, қолына қобызын алып, жырлайды. Қобыздың дауысын естіп, адамдар, жан-жануарлар, жалпы барлық тіршілік дауысына елітеді. Сол кезде Қорқыт баба дүниеде өлмейтін тек қобыз ғана екен деген ойға келеді. Қобызын тарта береді. Бір жерге келгенде көзі ілініп кетеді. Сол мезетте қобызын тыңдап отырған су жылан Қорқыт бабаны шағып алады. Сөйтіп, Қорқыт баба қанша өлімнен қашқанымен, одан қашып құтыла алмайды. Бірақ өзінен кейінгілерге еш өлмейтін қобыз бен өнерді тастап кетеді.

Аталған әпсанада белгілі бір жер аты жоқ. «Су беті» ғана аталып, символдық аспектіде жүзеге асқан. Әпсанада судың қолданыс табуы әлем жайлы мифтік түсініктерге негізделеді. Мифтік түсінікте символдық аспектіде көрініс табатын «су» – «жер-су» түсінігінің бір бөлігі. Әлемнің жаратылысы, жалпы тіршілік

бастауы су. Тек қана судың берілуі Қорқыт туралы әпсананың сан түрлі екенін көрсетеді.

Топонимдерге тән тарихилық сипат аңыздар мен әпсаналарда кездесетін тарихи кейіпкерлердің образдары, сюжеттік желі, композициялық құрылым элементтерінен көрінеді. Қарақалпақ фольклорында Ескендір Зұлқарнайын, Ұлықпан хәкім, Платон мен Аристотель, Әлішер Науаи, Айдос би, Түлкілі Төребек, Гүлдирсин, Барақ қала, Айдос қала, Қоңырат, Кетенлер сынды және басқа да көптеген тарихи тұлғалар туралы әпсаналар жиі кездеседі. Қарақалпақ фольклорында әулие-әнбиелерге қатысты әпсаналардан гөрі, тарихта болған тұлғалар жайында көп кездеседі. Соның бірі – «Молла Пиримнің қамалы» әпсанасы.

Құтлымұрат хан өз заманында хан боламын деп Қоңыратты салдыртады. Қоңырат қаласы салынып біткен соң, Пананы бастауымен қырық жігіт Құтлымұратты өлтіреді. Пананы хан етіп сайлайды. Пана хан болып тұрған уақытында халық арасына іріткі салады. Бір күні Пананың әскері келіп, Бозатауды шабады. Осы сәтте Молла Пирим деген адам қамал құрып, қорғанады. Молла Пирим мен Өтепберген жақын достар. Молла Пирим қамалды үлкейтіп салмақ болады, бірақ бұған Өтепберген келісім бермейді. Соған қарамастан, Молла Пирим қамал салуға кіріседі. Бұдан кейін Өтепберген қасында ондаған адамын ертіп, Тербенбес деген жерге келеді. Молла Пирим қамалын кеңейтіп жатқанында, түркімендер соққы жасайды. Сол дәуірде Әжинияз ахун да өмір сүрген екен. Қаланы жау басып алған соң, Молла Пиримді ұстап алғанымен, өлтірмейді. Әжинияз ахунды есекке теріс мінгізіп жібереді. Кейіннен осы оқиғаға негізделген «Бозатау» шығармасын шығарады. Әжинияз ахун екенін білген соң, түркімендер оны босатады. Әпсанада молда, ахун сынды ислам дініндегі дәрежелер аталып, қарақалпақ қоғамындағы мәртебесі көрінеді. Оларда әулие-әнбиелер тәрізді құрметті, қадірлі.

«Кетенлер» деген әпсанада қала туралы аңыз баяндалады. Шоманайдың күн батар жағында, Айбүйір тауының күн шығар қапталында ескі қаланың сүлдері жатыр. Бұл қала туралы мынадай аңыз бар. Бұрынғы өткен замандардың бірінде Хиуаның залым ханы болыпты. Оның қарауында бірнеше диханшы бар екен. Сол дихандардың ішінде Кетенлер деген жас жігіт бар. Бір күні Кетенлер ханның бойжеткен қызымен танысады. Қыз Кетенлерді ұнатып қалады. Кетенлер де қызды жақсы көреді. Кетенлер ғашығымен қосылудың амалын таппай жүреді. Хан бір күні былай дейді:

- Кім де кім жау ала алмайтын қала салып берсе, соған қызымды беремін, – деп уәде етеді. Кетенлер ешбір адамға білдірмей ханның қызын алып қашады. Ханның нөкерлері соңдарынан түседі. Кетенлер оларды жеткізбей, бұрын дайындап қойған қаласына қашып барады. Ханның нөкерлері қаланы қоршап алады. Бірнеше күн бойы Кетенлер мен хан әскерлері арасында айқас болады. Жеңіске жете алмаған ханның нөкерлері шаршап, еліне қайтып кетеді. Хан нөкерлері кеткеннен кейін, Кетенлер ханның қызын алып, ханның алдына барады:

- Тақсыр, сіздің қызыңызды алып қашқан мен. Сіз «кім де кім жау ала алмайтын қала салып берген адамға қызымды беремін», – деп уәде берген едіңіз.

Осы уәдеңіз бойынша мен сіздің қызыңызды алып қашып, жау алмастай қала салдым. Сіздің әскеріңізбен соғыстым. Бірақ олар менің салған қаламды ала алмады. Міне, алдыңызға келіп тұрмын, – дейді.

- Хан ойланып тұрып, уәдесінен айнудың себебін таба алмай:

- Олай болса, қызымды бердім, – дейді. Кетенлер батыр ханның қызын алып, мұрат-мақсатына жетеді.

«Адақ қала» әпсанасында ертедегі Адақ қаласының жайы баяндалады. Арал теңізінің астында ерте замандарда Адақ деген шаһар болған екен. Бұл қаланы сол шаһардың патшасы өзінің сүйікті әрі жалғыз қызы Адақтың құрметіне салдырған. Шаһардағы тұрғындар тоқшылықта, молшылықта өмір сүреді. Қала үстінен шығыстың барлық қалаларынан керуен артқан саудагерлер жүріп, қаланың даңқын төрткүл әлемге әйгілі етеді. Бұны естіген басқа қалалардың адамдары Адақ қаласын бір көрудің армандайды. Адақ шаһарының патшасының ай десе аузы, күн десе көзі бір ғажайып сұлу қызы болыпты. Қыздың жамалын бір көруге жанын қиған жігіттер де, жолында мәжнүн болғандар да бар екен. Алайда қыз өзінің көңіліне жаққан жігітті таба алмайды. Өзінің сұлулығына, ақылына сай келетін адам бұл өңірде болмапты. Патша да жалғыз қызының көңіліне тимей, «өз сүйгеніне қосылсын» деп өз еркіне жіберген.

Қызға ғашық адамдардың ішінде түрінен адам қорқатын Гәуир де бар еді. Бір күні Гәуир қызға жаушы жібереді. Қыз Гәуирді қаламайтынын жеткізеді. Бұған ызасы келген Гәуир Адақ қаласына су келіп тұрған үлкен арнаны байлап, қаланы сусыз қалдырады. Барлық тіршіліктің бастауы су болғандықтан, қаланың берекесі кетеді. Қыз әрі ойланып, бері ойланып, атына мініп, суды байлаған сағаға келеді.

- Мейлі, – дейді қыз.

- Мен саған тұрмысқа шығуға ырзамын. Суды жібер. Бірақ менің ізімнен су жеткен жерде саған тұрмысқа шығамын, – дейді. Гәуир суды жібереді. Қыз атқа қамшы басады. Қыздың астындағы аты құлынды бие екен. Ол «құлынына жетемін» деп суға жеткізбейді. Ал Гәуир болса «тезірек қыздың ізінен су жетсін» деп сағаны кеңінен ашып жібереді. Сөйтіп су қаланы басып кетеді. Қыз болса атымен бірге суға кетіп, қаза табады [165, 108].

Қорытындылайтын болсақ, барша түркі халықтарының барлығы да бір танымның, бір ойлаудың көрінісі болмақ. Қазақ халқы қалай әулие-әнбиелерді құрметтесе, тау мен тас, өзен мен көл атына беретін атаулары өзге түркі халықтарымен ұқсас екенін көреміз.

3.2 «Туған жер» концептісінің түркі халықтары фольклорындағы орны

Фольклор – этностың ұлттық болмысында маңызды саналатын ұлттық дүниетанымның көрінісі. Фольклорды зерттеу халықтың рухани мәдениетін бағамдауға, ұлттық, этникалық құндылықтарды саралауға, этностың рухани тәжірибесін бағалауға мүмкіндік береді. Фольклордың негізі тереңде және адам жүрегімен, олардың негізгі құндылықтарымен тығыз байланысты [166, 33].

Фольклор – қазақ өмірі мен оның мұрасының көрінісі. Қазақтың осынау фольклорлық мұрасында тұрмыс-салты, ұлттық болмысы мен танымы, өмірлік ұстанымы, этнос ретіндегі бірегейлігі, мәдени келбеті, ұлттық рухы айқын көрініс тапқан. Ұлттық болмысымыздың маңызды бөлігіне айналған туған жер ұғымы туралы мол мағлұматтар фольклорлық мұралардан да кездеседі.

Қазақ халқының рухани бірлігінің биігінің бір дәлелі, жалғыз емес, ең басты, қайталанбас дәлелі – ауыз әдебиетінің бастаулары. Бұл халық өнері туындылары жан-жақты зерттеліп, сарапталды деуге әлі ерте. Өйткені бұл үлкен өнер туындысы бітпейтін мұхит, таусылмас қазына ретінде емес, керісінше әр дәуірдің өзгеріп, уақыт өткен сайын жаңарып, жаңа жанрлық сипатқа ие болатынын дәлелдейді [4, 127].

Қазақ фольклорындағы Отан ұғымы – қазақ ауыз әдебиетінің негізгі жанры – лиро-эпостық жырларда міндетті түрде болатын ұғым. Батырлық дастандар мен жырларда ержүрек батырдың жанқиярлық ерлігі дәл осы Отанды қорғау, туған жерді, халықты сақтау мотивінен туындайды. Отанын, онда тұратын халықты сыртқы жаудан қорғаған, туған жері үшін соғысқа дайын тұрған батырлардың қайсарлығы қазақ болмысына тән қайсарлық пен батырлықты айғақтайды. Сонымен бірге, азаттыққа ұмтылған көшпелі қазақ халқының азаттық сүйгіш, асқақ рухы туған жердің қадір-қасиетімен, киелілігімен тікелей байланысты. Сондықтан да туған жерінің амандығы, халқының бостандығы үшін өз өмірін қатерге тігуге, құрбан болуға дайын қаһарман батырлардың ерлігін дәріптейтін эпостарда Отан ұғымы маңызды орын алады.

Қазақ халқының даму тарихында этникалық идеяларға, егіншілік кәсіптеріне, мінез-құлқына, наным-сеніміне, әдет-ғұрыптарына байланысты ауызша ұғымдар болған. Соның бірі топонимикалық сөздік ұғымдар, яғни жер-су, елді мекен атаулары. Қазақ фольклорындағы топонимдер қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің, ой-толғаныстарының, алған әсерлері мен терең танымдарының көрінісі. Мұндай ұғымдардың тоғысуы географиялық атаулар туралы ғана мағлұмат беріп қоймай, этникалық, эстетикалық ұғымдар, түсініктер, тәрбие туралы мол мағлұмат беретін асыл қазынаны білдіреді.

Тарихтың бел-белестерін, ескі ұғымдар мен салттардың көріністерін, адам мен табиғаттың болмысын, адамдардың табиғат туралы түсінігін ерекше тәсілмен баяндайтын фольклор мұралары мен әдеби жәдігерлерді зерттеу нысанына айналдыра отырып ғылыми пайымдаулар жасауға болады [167, 269].

Кеңістік ұғымы түркі халықтарының дүниетанымында ерекше әрі маңызды орын алады. Бұл ұғым тек физикалық аумақты ғана емес, сонымен қатар рухани, мәдени және тарихи мағыналарды да қамтиды. Контекстік тұрғыдан алғанда, кеңістік ұғымы «туған жер» концептісімен тығыз байланысты. Түркі халықтары үшін туған жер – олардың қалыптасқан, өсіп-өнген және өмір сүрген географиялық кеңістігі, қатар ата-бабаларының рухы сақталған қасиетті мекен болып табылады. Түрік ғалымы Йылдырым Ибрахим өзінің «Көне түрік фольклорындағы өлеңдер мен мақал-мәтелдер» жинағында ежелгі түркі халықтарының атақоныстарының карталық сызбасын ұсынады. Оның зерттеуі бойынша, түркілердің атамекені – Орта Азияның батыс бөлігі, яғни Тянь-Шань және Тәңірі таулары мен Еділ өзені аралығындағы аймақ [168, 8].

Осы тұста Й. Ибрахим пікіріне қарсы А. Шәріп пікірін келтірсек. Жайлы қоныс, Асан қайғының іздеген «Жерұйық» мекені қазақ даласында ғана емес, өзге өңірлерді де қамтиды. А. Шәріп өз пікірін қуаттау үшін М. Көпеев, Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, М. Жармұхамедов, Ә. Қоңыратбаев, М. Мағауин көзқарастарын негізге ала отырып, «Жерұйықтың» мынадай өңірлерді қамтитынын айтады. Қазіргі Қытай, Моғолстан, Иран, Ресей, Ауғанстан елдерінің аумақтарын қамтығанын көреміз. Жетісу, Жайық, Қаратау, Сарыарқа, Торғай, Ұлытау, Қызылтау, Жиделібайсын, Ертіс, Сыр, Түркістан, Шу, Ат-башы, Текес, Қашқар, Ыстықкөл, Түндікті және тағы басқа жерлер аталады [169, 89].

Бұлардың барлығы дерлік Асан қайғының «құтты қоныс» іздеу жолындағы шарлап өткен жерлері.

Ежелгі түркі халықтарының туған жер туралы концепциясын талдағанда, олардың өмір сүру салты маңызды рөл атқарады. Еуразия даласын мекен еткен сақ, ғұн сияқты тайпалар негізінен көшпенді өмір салтын ұстанды. Көшпенділік олардың кеңістікке деген көзқарасын қалыптастырып, туған жерді тұрақты мекен, маусымдық көші-қонға бейімделген динамикалық орта ретінде қарастыруға ықпал етті. Осыған байланысты, түркі халықтары үшін кеңістік тұрақты қоныстану аумағы, сонымен қатар тіршілік ету ортасының ажырамас бөлігі болып саналды. Түркі халықтары түгелдей көшпенді өмір салтын ұстанды деп айтуға негіз жоқ. Аймақтық ерекшеліктер мен тарихи жағдайларға байланысты түркі халықтарының бір бөлігі жартылай көшпелі немесе отырықшы өмір салтын да ұстанды. Ежелгі түркі халықтарының бір бөлігі жартылай көшпелі, отырықшылық өмір салтын ұстанғанын да дәлелдейтін деректер бар. Хұн дәуірінде Алтай таулары етегіндегі Төтө жазығындағы суғару каналдарының б.з.д. I ғасырға тиесілі екендігінің мойындалуы түркілерде суармалы егіншілік болғанын көрсетеді [131, 10]. Сондай-ақ, Ыстықкөл және Тәңірі таулары өңірінде отырықшы өмір салтын ұстанғандарын дәлелдейтін көптеген археологиялық қирандылар табылуда. Шу, Талас өңірлері де түркілердің отырықшы өмір салтының іздерін қалдырған аймақтар ретінде белгілі. Бұл деректер түркі халықтарының экологиялық жағдайларға бейімделгіштігін және олар өмір сүрген кеңістіктің артықшылықтарын жоғары бағалағанын айғақтайды. Асылында, түркі халықтары отырықшылық немесе көшпелі өмір салтын ұстанса да, барлық қоныс тепкен орындарының ерекшеліктерін жоғары бағалап, оларды туған жері ретінде қадірлеген.

Ал көшпелілік – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі [170, 104]. Яғни, көшпенділер кең далада жан-жануарлар мен табиғатты зерттей отырып, өмір сүруге машықтанып, өзіндік ерекше мәдениет қалыптастырған. Сондықтан көшпенділерге кеңістік маңызды орталық ұғым болып есептеледі. Мал шаруашылығымен айналысқан еуразиялық түркітілдес көшпенділер төрт түлікке ыңғайлы жайылым іздеу үшін кеңістікті зерттей білген.

Түркі халықтары, жалпы көшпенді өркениет өкілдері үшін кеңістік ұғымы рухани, мәдени, тарихи құндылықтармен астасқан шексіз жазықтық ретінде қабылданады. Түркі дүниетанымында жер, туған жер, атақоныс, атамекен секілді ұғымдар этномәдени жадтың ажырамас бөлігі ретінде ерекше маңызға ие.

«Кеңістік» ұғымы «туған жер» концептісі аясында мағыналық қатар ретінде «дала» концептісін анықтайды. Түркі халықтарының ұлттық санасындағы негізгі түсініктердің бірі – «дала» концептісі. Тілдік аспектіде К. Сегизбаева, И. Григорьева, А. Туманова, А. Карагодин және тағы басқа зерттеушілер қарастырған. «Дала» концептісі шетсіз, шексіз аймақ ретінде анықталады. Дегенмен, дала концептісі этникалық белгіге негізделеді. Түркі халықтарының нәтижесі «дала» концептісінің мағыналық қатарында жинақталады. Дала образы түркі халықтарының еркіндікке, шексіз кеңістікке құмарлығымен танылады.

«Туған жер» концептісі әр халықтың рухани мәдениетіне тән әрі әлеуметтік құндылықтар қатарында анықталады. «Туған жер» концептісінің өрісі бірнеше құрылымнан тұрады. Концептінің ішкі мазмұны – ата жұрт, кіндік қаны тамған жер, атамекен, ата қоныс ұғымдары. «Туған жер» концептісі ұлттық дүниетанымдағы рухани мәдениеттің негізгі ұғымдарының бірі ретінде танылады. «Атамекен» ұғымы ментальды болмысқа ие. Онтологиялық болмыста «атамекен» ұғымы киелі, қасиетті мекен, ата-бабаның мекен еткен жері түсініктерінде анықталады. Түркі халықтарының фольклорында «туған жер» концептісі әрбір адам үшін қымбат мекен ретінде және оған деген шексіз махаббаттың көрінісі негізінде айқындалады. «Туған жер» концептісінің ассоциациялық қатарында атамекен, ата қоныс, туған ел, жер, ауыл, дала түсініктері талданған. Ендігі кезекте түркі халықтарының паремиологиясындағы «туған жер» концептісінің негізгі қызметтерін айқындау көзделіп отыр.

Туған жер концептісіне түркі халықтары тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде берілген анықтамалар ұқсас. Мысалы, қазақ тілінде: *туған жер – туып-өскен жер, өз ел*, ал қырғыз тілінде: *туулуп-өскен жер, жашап турган, турук алган жер*, башқұрт тілінде: *тыуып үскән һәм йәшәгән ер*, татар тілінде: *туып үскән жир* деген мағыналары бірдей лексикалық бірліктермен берілген. Ал, *атамекен* (қаз.), *ата жұрт* (қаз.), *ата конуш* (қырғ.), *ата журт* (қырғ.) лексемалары қазақ тілі мен қырғыз тілінде кездессе, башқұрт пен татар тілдерінде: *тыуган ауыл* (башқ.), *тыуган ил* (башқ.), *тыуган төйәк* (башқ.), *туган ил* (тат.), *туган төбе* (тат.) тіркестері кездеседі. Қазақ, башқұрт және татар тілдерінде туған жер тіркесі *Отан* (қаз.), *Ватан* (башқ.), *Ватан* (тат.) сөзімен ассоциацияланады.

Сібірдегі түркі халықтарының тағы бір өкілі тува халқында туған жер түсінігі *Чурт, Чер, Аал* сөздерімен бейнеледі. Бұл сөздер келесідей сөз тіркестерін құрайды: *Чер-чурт, Аал-чурт, Төрээн чер*. Аталған сөз тіркестері туған жер, атамекен деген мағыналарға ие. Осы сөздер мен сөз тіркестері тува халқының туған жер ұғымының дәстүрлі түсінігінен өрбейді. Яғни, бұл жер немесе аумақ сол ұлт тарапынан игерілген жер. Тек сол жер ғана атамекен саналады, оның сыртындағы аумақ басқалардың жері, ал одан әрі белгісіз мекен [171, 31].

Зерттеуімізде «туған жер» концептісін айқындауды басты мақсат етіп алғандықтан, әдеби аспектіде талдау әдістемесін қарастырсақ. «Туған жер» концептісі, одан өрбитін «атамекен», «мәңгілік ел» концептілері ғылыми айналымда зерттеліп, айқындалған. Дегенмен, «көркем концепт» ретінде қарастыру сирек кездеседі. Сонымен қатар, «көркем концептіні» концептуалды талдаудың әдістемесі де әлі тұрақталмаған.

Көркем концептінің анықталуы көбіне авторлық позициямен тығыз байланысты. Көркем концепт – әлемнің поэтикалық бейнесінің құрылымдық бірлігі ретінде мағыналық компонент, құндылықтық-бағалау компоненті, символдық, ассоциативтік, мифологиялық, образдық компоненттерден құралады. Көптеген зерттеушілер көркем образ бен көркем концепттің қолданылуында айырмашылық жоқ екенін айтады.

Зерттеуші Н. Болдырев концепттің репрезентациясы бір сөзбен, сөз тіркесімен, сөйлеммен немесе бір автордың бірнеше мәтіндері арқылы жүзеге асатынын атап өтеді [172, 28]. Бұл пікірге қарама-қарсы көзқарасты Е. Кубрякова ұсынады. Ол концепттің тілдік экспликациясынан бөлек, оның құрамында танылатын танымдық ақпараттың образдар, символдар, белгілер, схемалар және суреттеме арқылы берілетінін айтады [173, 91]. Көркем концептінің дискретті табиғаты – оның ұжымдық сананың мазмұндық бірлігі ретінде, ұлттық жадта сақталған әлем бейнесімен тығыз байланыстылығында. Көркем концепт – бұл менталды бірлік, көркем шығармада тікелей кездеспесе де, көптеген мағыналардың жиынтығы ретінде танылады. Ал көркем образ – көркем концептінің тілдік репрезентациясының бір формасы, көркем мәтіннің элементі. Көркем образдың қалыптасуы тілде орныққан мағыналарға негізделеді. Образдың жасалуы тарихи және ұлттық аспектілерге тәуелді түрде анықталады.

Көркем концептіні анықтаудың лингвистикалық және әдебиеттану бағыттары бар. Ж. Маслова көркем концептіні лингвистикалық аспектіде зерттеу әдістемесін ұсынып, «когнитивтік поэтика» шеңберінде қолданылатын әдістер топтамасын көрсетеді [174, 165]. Бұл бағытта Дж. Лакоффтың «метафораның концептуалды теориясы», Р. Джакендоффтың «схема-образ» ұғымы, А. Вежбицкаяның «концептуалды талдау» әдістемесі кеңінен тараған. Аталған әдістер тілдік аспектіде концептіні тануға бағытталған.

Әдебиеттану тұрғысынан қарастырғанда С. Дербенева «когнитивті-авторлық бағытты», Н. Болотнова концептіні стилистикалық және ассоциативтік өрісте талдау әдістемесін ұсынады. Дегенмен жоғарыда аталған әдістерге қарағанда Т. Васильеваның «көркем концептіні когнитивтік талдау әдістемесін» қолдану анағұрлым тиімді деп санаймыз [175, 53]. Себебі бұл әдістеме көркем концептіні талдауда лингвистикалық және мәдени бағыттарды біріктіре қарастырады. Әдебиеттану аясында концептуалды талдаудың бірыңғай әдістемесін қалыптастыру қиын болғанымен, Т. Васильева көркем концептіні зерттеудің үш кезеңін ұсынады:

1. Кілттік сөздер – көркем шығармадағы концептінің репрезенті. Осыған сәйкес кілттік сөздер қатарын анықтау бірінші кезеңде жүреді.

2. Көркем концептіні зерттеудің екінші кезең – кілттік сөздер-репрезенттердің сөздіктегі мағыналарын анықтау, сонымен бірге сөздегі авторлық мәнді айқындау.

3. Үшінші кезеңде ассоциациялық-мағыналық өрісін анықтау жүзеге асады. Осыған сәйкес концептінің көркемдік образ түріндегі репрезентациясы анықталады [175, 53].

Осы орайда, түркі халықтарының паремиологиясындағы «туған жер» концептісіне қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді қарастырып өтсек.

Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінің қалыптасу тарихы тек халықтық фольклормен ғана шектелмейді, ол сонау ежелгі тайпалық және одақтық дәуірлерден бастау алады. Бұл даналық үлгілері ұзақ тарихи кезеңдер бойы жинақталып, ауызекі дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қана қоймай, кейбірі тасқа қашалып жазылған күйінде бізге жетті. Осы тұрғыда, б.з. V–X ғасырларынан мирас болып қалған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – түркі халықтарының дүниетанымы мен рухани құндылықтарын бейнелейтін айшықты дереккөздердің бірі болып табылады. Ә. Марғұлан құлпытастардағы жазуларда жоқтау немесе мадақ түрінде келетін шешендік сөздер, өлең үлгілері мен мақал-мәтел тіркестері жиі кездесетінін атап өтеді [65, 36]. Ғалымның бұл пікірі мақал-мәтелдердің қолданылу тарихының тереңдігі мен олардың көнеден бастау алатынын дәлелдейді.

Ғалым Д. Ысқақ мақалдың әр дәуір оқиғаларымен тығыз байланысты екенін атап өтеді. Бұл тұжырым негізді, өйткені мақал – логикалық ой қорытындысы мен өмір құбылыстарына берілген баға болып табылады. Ал Мұзафар Әлімбаев мақалға нақты анықтама беріп, оны өмір құбылыстарын жинақтайтын әрі типтендіретін, құрылымы бекем, екі бөлімнен тұратын, шарт немесе жалпы пайымдауды қамтып, соңында түйінді ойды білдіретін ықшам, ырғақты, бейнелі халық нақылы ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, ол мәтелді қорытындысы анық емес, тұжырымы нақты түйінделмеген, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам әрі көркем халық сөзі деп анықтайды [176, 5].

Логикалық тұрғыда жинақталған ойдың тағы бір түрі – мәтел. А. Байтұрсынұлының анықтамасы бойынша, мәтел – белгілі бір қалыптасқан сөз тіркесі ретінде тұтас айтылатын тұрақты құрылым. Ол мақалға ұқсас болғанымен, олардың арасында айырмашылық бар: мақал өмір тәжірибесінен алынған ақиқатты білдірсе, мәтел мазмұндық тұрғыда дәлелденген ақиқатқа мән бермей, көбіне тұрақты қолданыстағы әдетті сөз ретінде айтылады [159, 112].

Демек, мақал мен мәтелдің негізгі айырмашылығы – олардың мазмұндық құрылымында. Мақал – өмірлік тәжірибенің негізінде жасалған даналық қорытынды, белгілі бір оқиғаның түйіні мен тағылымын ұсынатын нақыл сөз. Ал мәтелде дәлелдеу мен қорытынды пікір болмайды, ол көбінесе бейнелі сөз қолданысы арқылы ойды астарлап жеткізетін экспрессивті құрал ретінде көрініс табады. Мәтелдер көбінесе ауыспалы мағынада, көркемдік тәсілдерге сүйеніп, жанама түрде ой тастайды. Қазақ тұрмысында би-шешендер мақал-мәтелдерді шешендік өнердің ажырамас бөлігі ретінде ұтымды қолданған. Мақал кейде ойды тікелей, кейде астарлап білдіруімен ерекшеленеді. Оның тағы бір маңызды қыры – сыртқы формалық құрылымы. Мақалдар көбінесе параллель ұйқасқа құрылған екі немесе төрт тармақты құрылымға ие, кейде қарапайым жай сөйлем түрінде де кездеседі. Осыған қарамастан, олардың астарында терең мағына сақталады, бұл халықтың дүниетанымын, мәдени ерекшеліктерін бейнелейді.

Туған жер, атамекен, ел, атажұрт ұғымдары түркі халықтарының танымдық және рухани әлемінде ерекше маңызға ие. Бұл ұғымдар адамның ұлттық

санасының қалыптасуына, патриоттық сезімінің нығаюына ықпал ететін құндылықтар жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Туған жерді, атамекенді, елді құрметтеу және сүю – барлық халықтарға ортақ қасиет болғанымен, түркі халықтарының мәдениетінде бұл ұғымдар ерекше тағылымдық мәнге ие. Сондықтан түркі халықтарының фольклорында туған жер, Отан, ел, ерлік, батырлық, ауыл өмірі, халықтың бірлігі мен ұлттық рухы тақырыптарында мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Бұл мақал-мәтелдер тек моральдық-этикалық құндылықтарды ғана емес, сонымен бірге халықтың тарихи санасы мен әлеуметтік-мәдени ұстанымдарын да бейнелейді.

Туған жер мен атамекен – адамның жүрегіне жақын, эмоционалды түрде қабылданатын қасиетті кеңістік. Халық санасындағы туған жер бейнесі лингвистикалық, тарихи-этнографиялық, фольклорлық материалдарда әртүрлі қырынан көрініс табады. Адам өз туған жерінің табиғатын сүйсіне отырып, оны тек жаны тыныштық табатын мекен ғана емес, отбасы мен ата-анасымен теңестіретін ең қымбат құндылық ретінде қабылдайды. Бұл құндылық түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде де айқын көрініс тапқан. Мысалы, түрікмен тілінде: *Suw – atadyr, ýer – ene; Watan duzy we ene suydi – mukaddesdir keramatdyr;* қазақ тілінде: *Су – әке, жер – ана; Туған жердің тұзы, ананың сүті қасиетті;* құмық тілінде: *Ата юртун танымагъан атасын да танымас;* қазақ тілінде: *Ата жұртын танымаған, атасын танымас* деген мақалдар бар. Сондай-ақ, «Отан – отбасынан басталады» деген қазақ мақал-мәтелі де осы ұғыммен үндес. Бұл тіркестер «туған жер» концептісінің отбасы, ру, этникалық, мәдени және ұлттық сәйкестік арқылы айқындалатынын көрсетеді.

Туваның халық ертегілерінде кейіпкерлер бір-бірімен жолыққанда ең алдымен *«Аалың-чуртуң кайдал, Адың-шолаң кымыл...?»* («Ел-жұртың қайда? Аты-жөнің кім?») деп сұрайды. Бұл сұрақ кездейсоқ қойылмайды. Ол әрбір адамның белгілі бір туған жері, руы немесе қауымдастығы болатынын білдіретін мәдени дәстүрдің көрінісі.

Башқұрт тіліндегі *«Ир-егет үзе өсөн тыуа, иле өсөн үлә»* деген мақал қазақша баламасында еш өзгеріссіз *«Ер жігіт – елі үшін туады, ел үшін өледі»* түрінде қолданылады. Бұл «туған жер» ұғымының аса жоғары құндылық екенін көрсетеді. Яғни, адамның өмірі туған жерімен тығыз байланысты, ол өз елінің игілігі үшін қызмет етуге тиіс. Бұл түсінік барлық түркі халықтарының ортақ танымына айналған.

Қырғыз халқында *«Мекенден айрылганча, өмүрдөн айрыл»*, «Мекендин бактысы өмүрдөн кымбат» деген нақыл сөздер бар. Қазақ тілінде де осыған ұқсас *«Отаныңнан айырылғанша, өміріңнен айырыл», «Отаныңның бақыты өміріңнен қымбат»* деген мақалдар кездеседі.

Осы мақал-мәтелдер түркі халықтарының дүниетанымында Отанның аса құнды ұғым екенін тағы да дәлелдей түседі. Олар туған жердің жалғыз екенін, оны ешнәрсеге айырбастауға болмайтынын, қандай жағдай болмасын туған елге адал болу керектігін насихаттайды.

Туған жер, атамекен кез келген адам үшін ең басты маңызды категория. Сондықтан оны сүю, сақтау, қорғау әрбір адамның қасиетті борышы. Тува халқы да басқа ұлттар секілді туған жерін қорғауды культ деңгейіне көтеріп, *Куш*

уязынга ынак, Кулун иезинге ынак (Құс ұясын сүйеді, құлын енесін сүйеді), *Төрээн чуртун кижи кагбас, Төрээн иезин кижи утпас* (Адам отанын тастамас, Адам анасын ұмытпас) деген секілді мақал-мәтелдердің жас буын өкілдерінің құлағына сіңіріп тәрбиелеген. Ноғай тілінде де осы мағынадағы мақалдар баршылық: *Аяз болса сувытар, булыт болса йылытар, тувган-оьскен ерлерин тентек киси мутар,* қаз. *Аяз болса суытар, бұлтты болса жылытар, туған-өскен жерлерін ақымақ адам ұмытар.* Башқұрт тілінде: *Беләгенә карама, йөрәгенә кара,* қазақ тіліндегі *Елін сүймегеннің жүрегі қара* деген мақал да адамның адамдығының бағасы – Отанына деген махаббат арқылы өлшенеді деген ой салады [166, 345-346].

Тува халқында *«Кижи чурттуг, куш уялыг»* деген мақал кездеседі. Оны тікелей аударсақ, *«Адамның – Отаны, құстың – ұясы бар»* деген мағына береді. Бұл мақал түркі халықтарының фольклорында, мифологиясында құс образының ерекше мәнге ие екенін айқындайды. Ғалым Н.Р. Ойноткинова өзінің «Алтайские пословицы и поговорки: поэтика и прагматика жанров» атты зерттеуінде туған жер мен атамекен концептілерінің алтай, хакас, тувалық мақал-мәтелдердегі үй, шаңырақ ұғымдарымен тығыз байланыста екенін атап көрсетеді [178, 229]. Метафоралық тұрғыда үй – ұямен, ал адам – құспен салыстырылады. Алтай тілінде *«Кандый ла куш бойы уйалу, Кажызыла бойы кожонду»* («Әрбір құстың ұясы бар, әркімнің өз әні бар»), тувалықтарда *«Куш уялыг, Кижи курттуг»* («Құстың ұясы бар, адамның отаны бар»), алтайлықтарда *«Кийик уйалу, Кижи – тунукту»* («Аңның ұясы бар, адам – түтінімен»), хакас тілінде *«Уялыг хус уязынзар тартынчан, Чурттыг кізі ибінзер айланчан»* («Құс ұясына оралады, адам үйіне қайтады») сияқты мақалдар осы ойды нақтылай түседі.

Түрікмен тілінде: *«Ýaryndan aýrylan ýedi ýyl aglar, ýurdundan aýrylan ölinçä aglar»*, қазақ тілінде: *«Жарынан айырылған жеті жыл жылар, Отанынан айырылған өмір бойы жылар»* деген мақалдар адамның туған жерінен жырақта өмір сүруі оның жан дүниесіндегі бос орынды толтыра алмайтынын көрсетеді.

Түркі халықтарының фольклорында концепт ұғымын ашуда мақал-мәтелдердің орны ерекше. Өйткені, олар – халық даналығының қайнар көзі, рухани-танымдық мәні зор, әрі тәрбиелік маңызы айқын. Олардың көпқырлы мазмұны арқылы «туған жер» концептісі әр адамның жадында мәңгілік сақталатын, қайда жүрсе де жүрегінің төрінен орын алатын қасиетті ұғым ретінде көрініс табады.

Қазақ тіліндегі: *«Туған елдің жері – жәннат, суы – шәрбәт», «Туған жердің ауасы да шипа, туған жердің жуасы да тәтті», «Туған жердің тасы да таныс», «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық», «Туған жердің түйе жейтін жапырағы да, түйе аунайтын шаңдақ топырағы да дәрі», «Туған жердің жусаны жұпар», «Туған жердің күні де ыстық, күлі де ыстық», «Туған елдің түтіні күйесіз», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Ел елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы», «Өз үйім – өлең төсегім»* сияқты мақал-мәтелдер туған жердің адам өміріндегі рөлін айшықтайды.

Татар тіліндегі: *«Жир тартмаса да су тарта», «Туган жирдән кем туйган?», «Туган-үскән жирдән дә матур жир булмас», «Торна да кыйбланы ташлап туган жиренә кайта», «Кая барсам, кайда йөрсәм, нишләсәм дә*

Хәтеремдә мәңге калыр туган жирем» (Г. Тукай) деген нақыл сөздер туған жердің киелілігін тағы бір дәлелдей түседі.

Қырғыз тілінде: *«Туулган жердин топурагы – алтын», «Ата-мекен алтын экен», «Ар кимдин туулган жери – Мисир», «Мекендин топурагы алтын», «Ата-Мекен – алтын бешигим»* сияқты мақалдар туған жерді алтын бесікке теңейді.

Өзбек халқында: *«Vatansiz inson – kuysiz bulbul», «Ona yurting – oltin beshiging», «O‘z uyim – o‘lan to‘shagim», «O‘z yurtingni qadri, O‘zga yurtda bilinar», «Ona yurting – oltin beshiging», «Birovning yurtida bek bo'lguncha, O'zingning yurtingda it bo'l», «Vatan qadrini bilmagan o’z qadrini bilmas»* секілді мақал-мәтелдер кездеседі.

Башқұрт тілінде: *«Айғыр малға ни етә – йөрөй белгән кешегә, тыуған илгә ни етә – кәзерен белгән кешегә», «Астан үлһәң дә, ата-әсәңде, тыуған илеңде ташлама», «Ат туйған ерендә, ир тыуған илендә», «Мал ашаған еренә, ир тыуған иленә кайтыр», «Мал торған ерен, ир тыуған илен онотмас», «Туйған ерзән тыуған ер якшы», «Туыған ер – якын, тыуған ил – алтын; тыуған ерзең тузаны да кәзерлә», «Тыуған ерзәй ер булмас, тыуған илдәй ил булмас», «Тыуған илдең эте лә якын»* деген мақалдар «туған жер» концептісінің халық санасындағы маңызды орнын көрсетеді.

Тұтас түркі халықтарының туған жер, туған ел, Отан, туған өлке, атажұрт туралы мақал-мәтелдерінде туған жерге деген терең сүйіспеншілік пен шексіз махаббат ерекше көрініс табады. Бұл мақалдар туған жерді қадірлеу, құрметтеу, оған адалдық таныту, өз ұлтын сүю, Отанын қорғау секілді идеяларды насихаттайды. Сонымен қатар, туған жерді сақтау еңбектің, маңдай тердің және парасаттылықтың нәтижесі ретінде қарастырылады. Түркі халықтарының фольклорында туған жердің адам өміріндегі орны мен маңызы туралы мол мағлұматтар кездеседі, бұл оның халық санасындағы айрықша құндылық екенін айғақтайды.

Сонымен қатар, түркі халықтарының ортақ мақал-мәтелдерінде туған жердің қадірі оның баламалы ұғымы саналатын «жат жер» ұғымымен салыстырыла отырып түсіндіріледі. Бұл тәсіл туған жердің бағасын тереңірек ұғындыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ноғай халқының: *Мысырда патша болганнан, элимде шобан болганы артык,* қазақ тілінде: *Мысырда патша болғаннан, өз еліңде шопан болған артық,* өзбек тілінде: *Birovning yurtida bek bo'lguncha, O'zingning yurtingda it bo'l,* құмық тіліндегі: *Ят ерде солтон болгьунча, оьз еринде ултан болмакь къолай,* түрікмен тілінде: *Özge ýurtda şa bolandan, öz ýurduňda geda bol* деген мақалдар бар. Бұл мақалдың қазақ тіліндегі нұсқалары: *Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол, Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын, Өзгеге ұл болғанша, өз еліңе құл бол* түрінде кездеседі. Бұл мақалдардан адамның туған жеріне деген сүйіспеншілігінің тереңдігі және оның жат жерде өзін жат сезінетіні анық көрінеді. Туған жерге деген адалдық, оның рухани құндылық ретіндегі маңызын ұғыну түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде айрықша орын алады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, адамның туған жерінде, атамекенінде өмір сүруі жат жермен салыстырғанда әлдеқайда қолайлы әрі жайлы саналады. Туған жер адамға жан тыныштығын, эмоционалдық тұрақтылықты сыйлап, оның

өзін қоғамда еркін сезінуінің басты шарттарының бірі болып табылады. Бұл құбылыс адамның мәдени және рухани тамырларымен байланысты, өйткені туған жер – тек физикалық орта ғана емес, сонымен қатар, тұлғаның қалыптасуы мен дүниетанымына әсер ететін маңызды фактор.

Олай болса, қазақ, қырғыз, өзбек, тува, алтай, якут, шор тілдеріндегі мақал-мәтелдерді саралай келе, түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында қоғамдағы ұжымдық нормалар мен құндылықтар жүйесі туған жерді ең басты рухани тірек ретінде қарастыратынын көруге болады. Бұл мақал-мәтелдерден туған жердің адам өміріндегі орны мен маңызы айқын байқалып, оның жан тыныштығының кепілі екені дәлелденеді. Демек, түркі халықтарының танымында туған жер тек географиялық кеңістік қана емес, адамның ішкі әлемімен, өмірлік болмысымен біте қайнасқан, ажырамас құндылық ретінде қарастырылады.

Мәдени концептілердің ішінде туған жер концептісінің мәні ерек. Алдымен бұл концепт реляционды концептілерінің қатарына жатады, яғни мұнда қатыстылық категориясы бар. Реляционды концептілерді концептуалдық талдау аясында субъекті-объективті қатынастылығы анықталады. Яғни, туған жерді иемденетін міндетті субъектісі болады [178, 22].

Туған жер түркі халықтары ділінде ата-бабалардан қалған мұра, дүниенің бастауы: қаз. *Ата-бабам тұрған жер – кіндік қаным тамған жер; Туған жер – халық жұрты; Ұлтарақтай болса да, Ата қонысы жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, Туып өскен ел қымбат.* татар. *Ата-бабам торган җир – кендек каным тамган җир; Туган җир – халык йорты; Туган улнең җире – җәннәт, суы – ширбәт.* башқ. *Алтын-көмөш яуған ерҙән, тыуған-үҫкән ил яҡшы; Ат туйған ерендә, ир тыуған илендә;* қырғ. *Мекенден айрылганча, өмүрдөн айрыл; Мекендин бактысы өмүрдөн кымбат; Мекендин кадыры башка жерден билинет; Өз үй-өлөң төшөк, өз эл-өмүрлүк жөлөк; Мекенсиз адам-үнсүз булбул; Жерин сүйбөс эл болбойт, элин сүйбөс эр болбойт.*

Түркі халықтары мақал-мәтелдеріндегі «Туған жер – туған ел, ата қоныс» ассоциативті-семантикалық тобындағы жер концептісі жад, сағыну, торығу, аңсау, айырылып қалу, жұрт концептілерімен, сондай-ақ, басқа да эмоционалды, этикалық концептілермен байланысты. Мақал-мәтелдерде туған жер ата-бабадан қалған жер, демек тек атадан мұра болып қалған материалдық байлық қана емес, жоғары рухани құндылық болып саналады. Түркі халықтары үшін мұндай мақалдардың адамгершілік, тәрбиелік мәні өте жоғары болған және бола бермек, өйткені түркі халықтары түрлі тарихи оқиғалардың салдарынан туған жерінен кейде уақытша, кейде мүлдем кетіп қалуларына, мәжбүрлі түрде бас тартуға, оны тастап кетулеріне тура келген.

Демек, түркі халықтарының туған жер, туған ел, Отан, туған өлке, ата жұрт туралы мақал-мәтелдерінде туған еліне деген махаббаты, сүйіспеншілігі бейнеленген, туған жерді қадір тұту, құрметтеу, өз жеріне, еліне деген адалдық, өз ұлтын сүю, өз Отанын қорғау идеялары анық байқалады.

Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде туған жер өмірдің бастауы, адамның шыр етіп дүниеге келген жері, адамның тіршілігінің бастауы деген мағыналарды білдіреді. Туған жер еңбекпен, маңдай термен байланысты

түсініледі. Туған жердің адам өміріндегі маңызы мен мәні туралы түркі халықтарының фольклорында көп мағлұматтар кездестіруге болады.

Түркі халықтарындағы «туған жер» концептісінде анықталатын мақал-мәтелдердің мағыналық қатарлары мынадай:

1. Отан – қасиетті мекен, шекаралары бар, сол арқылы еркіндіктің бастауы болып табылады.

2. Ел – татулық пен бірліктің, сонымен қатар ердің тірегі. Ер елді қорғап, оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

3. «Туған жер» туралы мақал-мәтелдерде топырақ, үй, ауыл, ер (азамат, жігіт, батыр) сынды жаңа мағыналар көрініс табады.

Атамекенінен алысқа кететін адам бойтұмар ретінде туған жерінің топырағын сақтап жүруі – көркем шығармаларға жиі арқау болатын тақырып. Түркі халқы үшін «топырағы шақырады» деген түсінік туған жердің қадір-қасиетін арттыра түседі. Әрбір адамның өсіп-өнген мекені – туып-өскен ауылы мен үйі. Осыған сәйкес, «туған жер» концептісі образдық сипатта мынадай реттілікте көрініс табады:

1. Отан, атамекен, ата қоныс, туған ел, жер (туған жерге қатысты жалпы түсініктер).

2. Ауыл және дала түсініктері.

3. Топырақ, үй, ер ұғымдары.

«Туған жер» концептісінде жігіт, ер, батыр сынды мағыналық қатарлардың рөлі жоғары. Өйткені туған жерді қорғау – ердің міндеті екені мақал-мәтелдерде бекітілген. Сонымен қатар, туған жердің иесі – батырдың өзі.

«Туған жер» концептісін концептуалды талдау барысында кілттік сөздер мыналар болып табылады: Отан, атамекен, ата қоныс, туған ел, жер, қоныс, дала, ауыл, үй.

Көркем шығармадағы концептінің репрезенті – осы кілттік сөздер. Бұл лексемалар мен олардың синонимдік қатарларының мағыналары бірінші бөлімде сөздіктер арқылы талданды.

Зерттеу барысында түркі халықтарына ортақ «туған жер» концептісіндегі біршама мақал-мәтелдер мазмұндық және формалық тұрғыдан қарастырылды. Олардың түпкі мәніне назар аударып, контекстік мағынасын сараптадық. Жалпы алғанда, мақал-мәтелдер – астарлы ойды жинақы жеткізетін фольклордың маңызды бөлігі. Мақал-мәтелдер халықтың ауызша шығармашылығының ажырамас бөлігі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа таралып, уақыт өте келе белгілі бір өзгерістерге ұшырағанымен, олардың мағыналық өзегі сақталып, кеңістіктік-географиялық таралу ауқымы қызықты зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдердің түркі халықтары арасындағы қолданысын терең әрі жан-жақты талдау ғылыми өзектілігін сақтайды.

Үшінші бөлім бойынша қорытынды

Топонимдік әпсана мен топонимдік хикаят түркі фольклорының жанрлары ретінде маңызды қызмет атқарады. Топонимдік аңыздан ерекшелігі уақыт пен кеңістік жағынан өзгеріске бейім болуы топонимдік әпсананың жанрлық

ерекшелігін айқындай түседі. Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісі топонимдік хикаят мен топонимдік әпсана жанрлары тән ерекшеліктер нәтижесінде халық арасындағы таралған фольклорлық сюжеттер танымдық, мағлұматтық, образдық сипаттарға ие. «Туған жер» концептісінің түркі фольклорындағы маңызы мақал-мәтелдерге тұрақты қалыптасқан мағыналарын қатарында анықталып, тұрақталған мағыналар: туған ел, ата қоныс, ата жұрт, атамекен, туған жерді қорғау және т.б.

«Туған жер» концептісінің ассоциациялық өрісі: туған ел, жер, атамекен, Отан, ата қоныс, дала, ауыл, ер, топырақ, тау, өзен, көл, су, Жер-ана, Өтүкен, Жерұйық, Жаңа Дария.

Түркі фольклорында «туған жер» концептісі ұлттық санада сақталған ұғымдарды, ұлттық дүниетаным көріністерін қайта жаңғыртады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста «туған жер» концептісі бірнеше ғылымдар тоғысында қарастырылды. Атап айтар болсақ, топонимдік фольклор, түркі фольклоры, когнитивтік әдебиеттану, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану. Бірнеше саланың тоғысында анықталған «туған жер» концептісі топонимдік фольклор ауқымын кеңейтіп, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорына ортақ архетиптер мен мотивтер аясында талданды.

Түркі фольклоры – барша түркі халықтарының дүниетанымының, әлем мен кеңістік жайлы ойларының бастау арнасы мен даму бағыты. Фольклорлық мұралардың ұқсастығы түркі халықтарының танымдық, әлеуметтік, рухани тәжірибелерінің ортақтығын көрсетеді.

Ғылыми зерттеу жұмысында когнитивтік әдебиеттану бағытында «туған жер» концептісін талдауға ұмтылыс жасалды. Осыған сәйкес мынадай қадамдар жүзеге асты:

1. Когнитивтік әдебиеттану саласының қалыптасуы мен дамуы қарастырылып, ондағы басты тенденциялар ажыратылды. Ғалымдар пікірлерін негізге ала отырып, когнитивтік әдебиеттанудың дамуы түбі бір түркі халықтарының фольклорын жаңа танымдық аспектіде бағамдауға мүмкіндік береді;
2. Когнитивтік әдебиеттану бағыты аясында түркі фольклорында жиі кездесетін архетип пен мотив мәселесі талқыланды;
3. Когнитивтік әдебиеттану бағыты түркі фольклорындағы мифологиялық дүниетанымдар, мифтік түсініктер «туған жер» концептісі негізінде талданды.

«Туған жер» концептісі барша түркі халықтарының дүниетанымында, ұлттық тарихында, әдебиетінде маңызды қызмет атқарады. Ғылыми жұмысымызда топонимдерді қарастыру арқылы «туған жер» концептісі жан-жақты зерттелді.

Зерттеу нысаны ретінде *«Шора батыр», «Ер Табылды», «Ер Төстік», «Алпамыс», «Орал-батыр», «Қыз Жібек», «Ақ-Мөөр», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу», «Шәһсәнәм мен Гариб», «Сайфульмулюк»* жырлары алынды. «Туған жер» концептісінің мағыналық, перифериялық мағыналары айқындалды.

Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорындағы *«Акыял батыр», «Арпа батыр», «Кагарман батыр», «Чыныбек», «Ер Төстік», «Қамыр батыр»* ертегілері қарастырылды.

«Кагарман батыр», «Акыял батыр» мен «Арпа батыр» ертегілерінде батырлар мифтік кейіпкерлермен айқасып, оларды қалайда болсын жеңеді. Зерттеу барысында анықталған «туған жер» концептісінің бір арнасы саналатын батырлар болмысы «дана», «билеуші» архетиптері түрінде көрініс табады. Қырғыз фольклорында ертегілері түрліше көрінеді. Соның ішінде «Чыныбек» ертегісі мифтік дүниетанымға негізделген. Адамның бір заттан екінші бір затқа құбылуы адамзаттың табиғат құбылыстарын терең түсінбеуден туындаған. Татар фольклорында табиғат құбылыстарын «жаратушылық» түсінікте тану ертегі кейіпкерлерінен аңғарылады. Оларда «Ер Төстік» ертегісіндей нақты есімдері де кездеспейді. «Ер Төстікте» аталатын Саққұлақ, Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар

образдары татар халқының «Қамыр батыр» ертегісінде кездеседі. Ортақ ұқсастық сиқырлы көмекшілердің Ер Төстік пен Қамыр батырды қиыншылықтан құтқарудан көрінеді, ал айырмашылығы Ер Төстіктің төрт жолдасы болса, Қамыр батырдың алты жолдасы болды. Ер Төстік ертегісінде қалпақты кисе, ұшырып жіберетін; танауын басса боран соғатын сиқырлы көмекшісі жоқ. Бұл да өз кезегінде татар фольклорындағы адамзат пен табиғат байланысының ерекшелігін көрсетеді.

Сонымен бірге түркі халықтарының мифологиясында әрбір жердің иесі болатыны анықталып, татар фольклорындағы «жир иясе» негізінде айқындалды. Түркі халықтары үшін аспан мен жердің жаратылысы жөніндегі аңыздар «туған жер» концептісінің Көк Тәңірінен кейінгі сакральды ұғым екеніне көз жеткіземіз. Түркі дүниетанымында ажыратылатын төрт негізгі қасиетті ұғымдардың ішінде Көк Тәңірінен кейінгі «Жер-су» түркілерге берілген Көк Тәңірінің сыйы ретінде танылады. Құтты әрі қасиетті мекенге қатысты «Өтүкен», «Жерұйық» мифологиялық түсініктері жайлы үш түрлі пікірлерді талдай келе мифологиялық астары мен түркі фольклорындағы маңызы жағынан туған жердің маңызы бағамдалды. Нәтижесінде барша түркілер үшін қасиетті мекен «Өтүкен» – вербалды санаттағы қарапайым атау ғана емес, түркі фольклорындағы қадір қонған, қасиетті, құтты қоныс.

Диссертациялық жұмыста «туған жер» концептісі топонимдік аңыз, әпсана аясында да қарастырылған. Түркі халықтарына ортақ негізгі мотивтер қатары анықталды. Жер атауының шығу тарихы, тарихи оқиғалар «туған жер» концептісін күрделендіре түседі.

Ғылыми зерттеу жұмыста «туған жер» концептісінің когнитивтік моделі үш түрде анықталды: *«Туған жер – батыр ерлігі», «Туған жер – мифологиялық трансформация», «Туған жер – этностық таным».* Осы негізде «туған жер» концептісінің негізгі зерттеу арналары мынадай аспектілерді анықталды: «туған жер» концептісі арқылы түркі халықтарының ұлттық дүниетанымындағы туған жердің маңызы; мифологиялық терең қабаттағы ананы сыйлау, құрметтеу архетиптік мифологиялық трансформациялануы нәтижесінде қалыптасуы; «туған жер» концептісін концептуалдық қабатта зерттеу арқылы мифологиялық қызметі.

Зерттеу барысында «фольклорлық сана», «этностық таным» ұғымдары да қарастырылып, фольклортану саласының бүгінгі таңдағы даму арнасы сарапталды.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Мыңдаған жылдар халық танымының нәтижесі саналатын фольклорды арнайы антропоөзектік парадигмада қарастыру ұлттық болмыс, ментальдық болмыс жайынан кең ақпарат береді. Диссертациялық жұмыста «туған жер» концептісі алғаш рет түркі фольклоры аясында қарастырылды. «Туған жер» концептісінің нақты көрінісі топонимдер арқылы анықталады. Топонимдер географиялық нысанның атауын ғана білдіріп қоймай, фольклорлық шығармада төрт түрлі қызмет атқарады: *мекендік, ақпараттық, символдық, танымдық*. Сонымен бірге топонимдердің идеологиялық қызметі де бар, ол – туған жерді

қорғау, сыртқы жаудан қорғану идеясы. Қаһармандық эпос пен ғашықтық жырларды талдау арқылы идеологиялық қызмет анықталды.

2. Әдебиеттану ғылымында концепт ұғымының айқындалуында біраз өзгешеліктер бар. «Туған жер» концептісі *көркем концепт, фольклорлық концепт* ұғымдары аясында талданды. Әдебиеттану саласында танымдық теорияның біртіндеп енуімен концепт ұғымының зерттелу ауқымы да кеңеюде. Әдебиеттану саласында «көркем концепт» деңгейінде зерттеліп, талдау жүргізілсе, фольклорда «фольклорлық концепт» ұғымы қарастырылды. Осыны ескере отыра түркі халықтарының фольклорында «туған жер» концептісі ертеден қалыптасқан түсінік деуге болады.

3. Жұмыста топонимдік фольклордың негізгі ұғымдары: топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жекелей айқындалды. Сонымен бірге аталған үш термин негізінде «туған жер» концептісі архетип, мотив ұғымдары аясында қарастырылды. Зерттеу барысында «кие тұту» мотиві туған жерге деген сакральды қатынасты білдірсе, «кенже бала» концептісі туған жерді кенже баланың қорғау жайын қарастырып, мифтік дүниетаныммен, мифтік сюжеттермен байланыстылығы айқындалды. Архетип ретінде Көк Тәңірі, Ұмай ана ұғымдары қарастырылып, туған жерге қатысты аспан мен жер, жер-ана түсініктері алдыға шықты. Зерттеу барысында «туған жер» концептісінің көркемдік-когнитивтік модельді құрудағы архетип пен мотив ұғымдары маңызды қызмет атқарады. Архетип пен мотив ұғымдары арқылы когнитивтік әдебиеттануда қалыптасқан түркі халықтарына тән әлеуметтік, рухани тәжірибелер нәтижесі мифологиямен байланысты.

4. Фольклордағы «туған жер» концептісінің ақпараттық-мағыналық өрісін талдау нәтижесінде анықталғаны қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының танымындағы тұрақталған көзқарастардың көрінісі. Осыған сәйкес түркі халықтарының «туған жер» жайлы мақал-мәтелдері жинақталып, мағыналық топтарға ажыратылды. Тілдік матрицаға түскен, жинақталған мақал-мәтелдерді талдау барысында «туған жер» концептісінің лингвомәдени өрісі ұлттық танымен, дүниетаныммен байланысты екендігі назарға алынды.

5. Зерттеу барысында түркі фольлорындағы ұлттық концептуалды жүйедегі негізгі ұғымдар анықталды: ұлттық таным, ментальды болмыс, менталитет мәселелері. Диссертациялық жұмыста қазақ, қырғыз, башқұрт, татар халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі топонимдік фольклор аясында талданып, айқындалды. Түркі фольклорындағы «туған жер» концептісі жайлы концептуалды талдау нәтижесінде ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылық, дүниетаным мәселелері негізге алынды.

6. Түркі фольклоры когнитивтік әдебиеттану теориясындағы жаңа антропоөзектік парадигмада анықталатын үлкен бағыттардың бірі. Барша түркі халықтарына ортақ мәдени тәжірибелер, рухани мәдениет көріністері, әлем жайлы мифологиялық түсініктер бір тұтастықта зерттеу когнитивтік әдебиеттану аясында жүзеге асады. Фольклор мен мифологияның байланысы түркі халқының алтын бесігі «Өтүкен» топонимі негізінде мифологиялық мекен ғана емес, вербалды санадағы атау деп те анықталды. Осылайша, топоним ретінде әрі

«туған жер» концептісі аясында мифологиялық санадағы құтты қоныс механизмі утопиялық мекенге айналады.

Фольклорлық шығармалардағы «туған жер» концептісі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Осы орайда, жаңа парадигмаларды негізге алу маңызды. Фольклордағы концепт мәселесін «фольклорлық концепт» тұрғысынан зерттеу, сонымен қатар, когнитивтік әдебиеттану саласындағы зерттеулерді басқа да түркі халықтары фольклорының негізінде әрі қарай жалғастыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорындағы «туған жер» концептісі бойынша монография әзірленеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Жолдасбеков М. Ұлы дала әдебиеті. – Нұр-Сұлтан: «Күлтегін» баспасы, 2020. – 416 б.

2 Қасқабасов С. Елзерде. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.

3 Ибраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 254 б.

4 Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе, Типография «Nobel», 2014. – 465 б.

5 Kuhn T. The Structure of Scientific Revolutions. Chicago: University of Chicago Press, 1962. – P. – 264.

6 Демьянков В.З., Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов / - М.: Филологический факультет МГУ им. М.В. Ломоносова, 1996. – С. 72-73.

7 Albersnagel F.A. Cognition, emotion and depressive behavior: From learned helplessness theory to accessibility of cognitions theory. – Groningen: Rijksuniversiteit Groningen, 1987. – vi, – P. – 164.

8 Goldman A.I. Cognitive science and metaphysics // JP, 1987, v. 84, N 10 – P. 537-544.

9 Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] – Алматы: Алаш, 2005. 3-том. – 350 б.

10 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

11 Гумбольд фон В. О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984.

12 Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996. – 245 с.

13 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингво-культурологический аспекты. – М.: Школа «ЯРК», 1996. – 286 с.

14 Филатова А. Концепт интеллигенция в смысловом пространстве современной русской культуры / А. Филатова // Логос. – 2005. – No 6(51). – С. 206-217.

15 Claunser T.C. Domains and image schemas / T. C. Clausner, W. Croft // Cognitive Linguistics. – 1999. – Vol. 10, No. 1. – P. 1–31.

16 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В. И. Карасик. – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.

17 Маслова В.А. Homo lingualis в культуре. – Витебск: Изд-во УО «ВГУ им. П.М. Машерова», 2004. – 214 с.

18 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М.: Школа «ЯРК», 1997. – 824 с.

19 Приходько А.Н. Концепты и концептосистемы / А.Н. Приходько. – Днепропетровск: Белая Е.А., 2013. – 307 с.

20 Воркачев С.Г. Лингвокультурный концепт: типология и области бытования: [монография] / ВолГУ. – Волгоград: ВолГУ, 2007. – 400 с.

21 Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово // Русская словесность: от теории к структуре текста: антология / под ред. В.П. Нерознака. М.: Academia, 1997. – С. 267-279.

22 Тарасова И.А. Модель индивидуальной поэтической концептосферы: базовые единицы и когнитивные структуры // Русский язык: исторические судьбы и современность: II Международный конгресс исследователей русского языка (Москва, МГУ им. М. В. Ломоносова, филологический факультет, 18-21 марта 2004 г.): труды и материалы. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 2004. – С. 146-147.

23 Миллер Л.В. Лингвокогнитивные механизмы формирования художественной картины мира (на материале русской литературы): автореф. дисс. ... д. филол. н. СПб., 2004. – 44 с.

24 Зусман В.Г. Концепт в системе гуманитарного знания // Вопросы литературы. 2003. №2. Режим доступа: http://magazines.russ.ru/voplit/2003/2/zys.html

25 Костюхин, Е. А. Лекции по русскому фольклору: учеб. пособие для вузов. – М.: Дрофа, 2004. – 336 с.

26 Таласпаева Ж.С. «Туған жер» концептісінің танымдық сипаты // М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінің Хабаршысы. 2021; (2 (51)). – Б. 125-133. DOI: https://doi.org/10.54596/2309-6977-2021-2-125-133

27 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

28 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

29 Мұхтар Арын. Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 1996. – 120 б.

30 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

31 Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулеткұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 720 б.

32 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

33 Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү. Биринчи бөлүк. – Б., 2015. – 800 б.

34 Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Около 40 000 слов / Сост. К.К. Юдахин. – Ф.: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985. Кн. .1 А-К. – 504 с.

35 Дербишева З. Ключевые концепты кыргызской лингвокультуры. – Бишкек, 2012. – 176 с.

36 Самситова Л.Х. Семантическое пространство концепта «родина» (тыуған ил/тыуған ел) в языковой картине мира (на материале башкирских и казахских народных пословиц и поговорок) // Түркі әлемі: II Халыкаралык түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. – Алматы, 2015. – С. 240-244

37 Башкирско-русский словарь: 32000 слов / Российская академия наук. Уфимский научный центр. Академия наук Республики Башкортостан; под ред. З. Г. Ураксина – М.: Дигора, Рус. яз., 1996. – 884 с.

38 Татарско-русский словарь. [Электронды ресурс] URL: https://altaica.ru/LIBRARY/turks/Татарско-русский%20словарь%201966.pdf

39 Мухаметзянова Л.Х. Эпическая культура татар. Дастаны. – Казань: ИЯЛИ, 2023. – 120 с.

40 Чора батыр // Дестан // Йылдыз. 2004. № 5. – С. 42–82.

41 Әхмәтҗанов М. И. Нугай урдасы: татар халкының тарихи мирасы. – Казань: Мәгариф, 2002. – 343 б.

42 Абакиров К., Кулалиева К. Значение и структурная особенность сюжетно-тематических указателей малых эпосов киргизского народа // Эписоведение, 2022. – С. 66-76. DOI: https://doi.org/10.25587/v8040-2698-7214-a

43 Эр Табылды. Кенже эпос. «Эл адабияты» сериясы. III том. – Бишкек, 2015. – 287 с.

44 Эр Төштүк: Эпос / Баш сөзүн жазгандар Р. Сарыпбеков, М. Мукасов. – Б.: Шам, 1996. – 448 б.

45 Алпамыс батыр / Құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Т. Әкімова, А. Оралбек, Ж. Рақыш. – Алматы: «Үш Қиян», 2024. – 380 б.

46 Қазақ эпостары. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2006. – 416 б.

47 Шабан А. Түркі халықтары жырларындағы ортақ эпикалық дәстүрлер («Алпамыс», «Қобыланды», «Жаныш, Байыш», «Эр Табылды», «Баттал Ғази», «Данишменд Ғази» жырлары негізінде). Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. – Алматы, 2010. – 33 б.

48 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.

49 Мирбадалаева А.С. Башкирский народный эпос. 1977.

50 Галин С. А. Башкирский народный эпос. – Уфа, 2004. – 320 с.

51 Башкирский народный эпос. Урал-батыр, 2023. Перевод с башкирского А.Х. Хакимова. – Уфа: Китап. – 256 с.

52 Бакиров М.Х. Татарский фольклор. – Казань: Ихлас, 2012. – 400 с.

53 Ахметова Ф. Еще раз о дастанах в татарском фольклоре // Идел, 1999, №2. – С. 58-59

54 Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

55 Пангереев А.Ш. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2020. – 216 б.

56 Едіге батыр жыры. Жинаған, құрастырып баспаға дайындаған, ғылыми түсініктерін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрмағамбетова О.Ә. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 363 б.

57 Ақатай С. «Великий Коркыт и его учение. Коркыт и общетюркское Возрождение». «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ. Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 688 с.

58 Ибраев Ш.И. От фольклористики до тюркологии. Научное издание. – Кокшетау. Изд.: КГУ им. Ш.Ш. Уалиханова, 2010. – 224 с.

59 Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы. 1-том: Эпос – ел қазынасы / Рахманқұл Бердібай. Құрастырған Д. Ысқақұлы. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2017. – 320 б.

60 Мелетинский Е. Герой волшебной сказки. – М. – СПб.: Академия Исследований Культуры, Традиция, 2005. – 240 с.

61 Olzhabayev, B., Pangereyev, A., Soylemez O. The concept of “homeland” in kazakh folklore // Keruen, 2022, V. 77. №4. – P. 62-74. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-05

62 Биктимирова А.Р. Поэтическая топонимия татарских народных песен / А.Р. Биктимирова // II Международные Бодуэновские чтения: Казанская лингвистическая школа: традиции и современность. Труды и материалы: В 2 т. – Казань: Издательство Казанского университета, 2003. – С. 124.

63 Нуруллина Ф.Ф. Поэтическая ономастика драматургии Туфана Миннуллина: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.02 / – Казань, 2011. – 264 с.

64 Арын Е. «Қобыланды батыр» жырының ұлттық этномәдени және тарихи-танымдық негіздері. «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында»: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары / ... – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2007. – 290 б.

65 Марғұлан Ә. Шығармалары [Мәтін]: құраст.: Марғұлан Д.Ә., Марғұлан Д.А. Марғұлан Әлкей Хақанұлы. – Алматы: Алатау, 2008. – 448 б.

66 Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы (қазақ батырлық жырлары негізінде). – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 336 б.

67 Мамыт А.А. Қазақ қаһармандық эпосы сюжеттерінің генезисі // Абылайхан ат. ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (63) 2020, – Б. 164-173.

68 Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы / Сәкен Сейфуллин. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2009. Батырлар жырының жинағы. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. Т. 10 – 400 б.

69 Шора батыр: Дастан. – Алматы: Жалын, 1994. – 224 б.

70 Пропп В.Я. Русский героический эпос. – Л., 1958.

71 Жумагулов М.Ж. Онтология экологической этики. – Бишкек, 2010

72 Мусаев С. Эпикалык жанр. Кыргыз адабиятынын тарыхы. I том – Б.: Шам, 2002.

73 Ибраимов К. Кыргыз элинин оозеки сөз өнөрү. – Б., 2016.

74 Орозова Г. Кыргыз элдик поэмалардын табияты. – Б., 2005.

75 Эл адабияты сериясы // «Ак мөөр». – Б. 2016.

76 Башҡорт халыҡ ижады. Дүртенсе том. Эпос. – Өфө: Китап, 1999. – 400 б.

77 Ысқақов Б. Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиетінің идеялық-творчестволық байланыстары (шығу тегі мен жолдары) – Алматы: «Арыс», 2007. – 276 б.

78 Якупова С.З. Азербайджанское народное сказание «Ашиг-Гариб». – Баку, 1968. – 131 с.

79 Татар халык ижаты. Дастаннар. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1984. – 386 б.

80 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001. №4. – Б. 39-43.

81 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

82 Салқынбай А. Ойлау мен таным: сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабашысы. Филология сериясы, 2009. №4. – Б. 135-139.

83 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филол.ғыл.кандид.дисс. – Алматы, 2006. – 122 б.

84 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының когнитивтік, лингвоконцептологиялық негіздері. Монография. – Алматы: TechSmith, 2020. – 316 б.

85 Кубрякова Е.С. В поисках сущности языка: Когнитивные исследования. – М.: Знак, 2012. – 208 с.

86 Колесов В. В. Концепт культуры: образ – понятие – символ // Вестник СПбГУ. Сер.2. Вып. 3 (№16), 1992. – С. 16–25.

87 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж, 1996. – 281 с.

88 Абыканова Г.А. Концепт «вода – суу» в русском и кыргызском языках / Г.А. Абыканова // АКД. Бишкек, 2012.

89 Dundes A. The study of folklore. University of California at Berkeley. Englewood Cliffs, 1965.

90 Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: «Press Co», 2020. – 384 б.

91 Ибраев Ш.И. От фольклористики до тюркологии. Научное издание. – Кокшетау. Изд.: КГУ им. Ш.Ш.Уалиханова, 2010. – 224 с.

92 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002.

93 Ибраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 254 б.

94 Кузембаева С.А. Национальные художественные традиции и их конвергентность в жанре казахской оперы. Монография. – Алматы: Unique service, 2006. – 380 с.

95 Лозинская Е.В. Литература как мышление: Когнитивное литературоведение на рубеже XX–XXI веков: Аналитический обзор / РАН. ИНИОН. Центр гуманит. научн.информ. исслед. Отд. литературоведения. – М., 2007. – 160 с.

96 Қалиева А.Қ. Әдеби санадағы трансформациялық үдерістер: когнитивтік талдау // «Keruen» Volume 73, №4 (2021) – P. 99-104. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-09

97 Schrempp G. Folklore and Science: Inflections of "Folk" in Cognitive Research // Journal of Folklore Research, Vol. 33, No. 3 (Sep. - Dec., 1996), – P. 191-206.

98 Simon J. Bronner The (Re) Cognition of Folklore: A History and Philosophy // Western Folklore, Vol. 80, No. 3/4 (Summer/Fall 2021). – P. 271-312

99 Ахметова А. Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (68), 2019. – Б. 225-233.
99 Ахметова А. Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (68), 2019. – Б. 225-233.
100 Красных В.В. От концепта к тексту и обратно // Вестник МГУ. Серия «Филология». – 1998. – № 1. – С. 53-70

101 Аскольдов-Алексеев С. А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории к структуре текста: антология / под ред. В. П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 267-279.

102 Зусман В. Г. Концепт в системе гуманитарного знания // Вопросы литературы. 2003. № 2.

103 Миллер Л. В. Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. – М., 2000. № 4. – С. 39-45.

104 Смирнов И. Диахронические трансформации литературных жанров и мотивов // Wiener Slawistischer Almanach. Sonderband 4. Wien, 1981.

105 Райан М. Әдебиет теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 бет

106 Киреев А. Н. Отражение мифологических воззрений в эпическом творчестве башкирского народа // Эпические жанры устного народного творчества. Ученые записки. Вып. 33. Сер. филол. №13 (17).

107 Кондыбай С. Казахская мифология. Краткий словарь. Отв. ред. к. филос. н. З. Наурзбаева. – Алматы: Нурлы Алем, 2005. – 272 с.

108 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

109 Башкирское народное творчество. Том III. Богатырские сказки. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1988. – 448 с.

110 Киргизские народые сказки. 2.е изд. – Пер. с кирг. – Фрунзе: Кыргызстан, 1981. – 364 с.

111 Закирова И.Г. Космогонические мифы и легенды татарского народа // Вестник Чувашского университета. – Чебоксары: Чувашский государственный университет им. И.Н.Ульянова. – 2010. №4. – С. 249-255

112 Таласпаева Ж.С., Искакова А.С. Поэзия тіліндегі «Туған жер» концептісінің көрінісі: Монография. – Астана, 2017. – 160 б.

113 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. 1-том. – Алматы, Жазушы, 2008. – 400 б.

114 Несказочная проза алтайцев / Сост., подготовка текстов, примечания, комментарии и указатели Н.Р. Ойноткиновой, И.Б. Шинжина, К.В. Ядановой, Е.Е. Ямаевой. Сверка алтайских текстов К.В. Ядановой; отв. ред. тома Н.А. Алексеев. – Новосибирск: Наука, 2011. – 576 с.

115 Кравченко А. Культурология – М.: Академический проект, 2003. – 496 с.

116 Мифы народов мира: Энциклопедия. – М., 1980. – Т. 2. – 681 с.

117 Татар мифлары: ияләр, ышанулар, ырымнар, фаллар, имтомнар, сынамышлар, йолалар. 1-китап. – Казан: Татар. кит. нәшр., 1996. – 388 б.

118 Тарланов З. К. Язык и культура: Учеб. пособие по спецкурсу. – Петрозаводск, 1984. – 104 с.

119 Олжабаев Б.К. Мифологиядағы туған жер ұғымы. Қ.Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – Б. 248-250. http://zhubanov.edu.kz/media/uploads/tkuanyshev/2024/12/05/zhubanov-readings.pdf

120 Уәлиев Н. Жұмбақ жетілер. Жалын. – Алматы. – 1988. – №3. – 105-106 бб.

121 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 415 б.

122 Уәлиханов Ш. Тәңірі. – Жидебай; Шилі өзек. Роллан Сейсенбаев: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 388 б.

123 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б.

124 Әбдиманұлы Ө. «Мәңгілік ел» - ежелден әдебиеттің алтын арқауы. Айқап \\ №3 (101) 2016, қазан. – Б. 100-106..

125 Сыздықов С. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық / С. Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жеңіс. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.

126 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті / Н. Келімбетов. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

127 Таңжарықова А., Юсуп А. Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, серия 1, Бөлім 125, № 4, 2018. – Б. 115-120., DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-115-120

128 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея / А. Шәріп – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.

129 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.

130 Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – Л.: Наука, 1969. – 196 с.

131 Владимирцов Б.Я. По поводу древнетюркского Ötüken yïš // Владимирцов Б.Я. Работы по монгольскому языкознанию. – М.: Вост.лит., 2005. – С. 841-845.

132 Коновалов П.Б. Этнические аспекты истории Центральной Азии (древность и средневековье). – Улан-Удэ, 1999. – 214 с.

133 Шәріп А. Өтүкеннің мифтік-поэтикалық бейнесі // «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – Б. 245-250.

134 Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы: Білім, 1996. – 350 б.

135 Байғанин Н. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2012. Т. 2: Алпамыс батыр; Қобыланды батыр (Н. Байғанин нұсқалары). – 344 б.

136 Қасқабасов С. «Ойөріс». – Алматы: Жібек жолы баспасы, 2009.

137 Аникин В.Г., Круглов Ю.Г. Русское народное поэтическое творчество: – Л.: Просвещение, 1983. – 416 с.

138 Obayeva, G.S., Baltymova, M.R., Niyazova, G.M., Toxanbayeva, T.Z., Ulikpanova, A.Z. Continuity of ethno-folklore tradition in modern prose. Opción, Año 36, Especial No.27(2020). – P. 794-808. ISSN 1012-1587/ISSNe:2477-9385. https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/32012

139 Телғожа Ж. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-словарь, 2010. – 365 б.

140 Uygur C.V. Kırk Kız // Milli Folklor. – No 34. – 1997. – P. 30-46

141 Таласпаева Ж.С. «Туған жер» концептісінің танымдық сипаты // М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінің Хабаршысы. 2021. (2(51)):125-133.DOI: https://doi.org/10.54596/2309-6977-2021-2-125-133

142 Карипжанова Г.,Абикенова Г., Саликжанова Ш. Қазақ поэзиясындағы «Ауыл» бейнесі // Еуразия ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – Т. 130. – №. 1. – Б. 37-44. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-37-44

143 Байтанасова Қ. Ауыл бейнесі және ұлттық таным // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №2. 2023. Б. 244-258. DOI: https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.18

144 Артықбаев, Ж.О. Олжабай Толыбайұлы (Төлебайұлы). Шарапат Олжабай: ғылыми публицистикалық мақалалар, корресподенциялар мен естеліктер. – Павлодар: Сытин, 2014. – 384 б.

145 Топонимика Казахстана. Энциклопедический справочник. – Алматы: Аруна, 2010. – 815 с.

146 Олжабаев Б.К., Пангереев А.Ш. Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісі. Торайғыров университетінің хабаршысы. 2023. – Павлодар. – № 2. – Б. 243-254. https://doi.org/10.48081/LWLO3479

147 Ахметова, Г. С. Абай өңірі топонимдерінің этимологиялық ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, №1(138), 2022. –173 б.

148 Сейдімбеков, А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 240 б.

149 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995

150 Osawa T. A Source of the Genealogy of an Ascetic Khan in the Western Göktürk Kagan. The Turks [Batı Göktürk Kağanlığı'ndaki Aşinaslı Bir Kağan'ın Şeceresine Ait Bir Kaynak. Türkler] (ed. Hasan Celâl Güzel, Kemal Çiçek, Salim Koca). Ankara, 2002. P. 79–88

151 Olzhabaev B.K. The concept of "Homeland" in the toponymic legends of the Turkic peoples. «Ізденістер мен бағыттар» тақырыбындағы I халықаралық конгресс материалдары, Карабюк, Түркия, мамыр, 2022. – Б. 194-200. https://turkolojikongresi.karabuk.edu.tr/yuklenen/dosyalar/12689202283530.pdf

152 Олжабаев Б.К., Пангереев А.Ш., Сөйлемез О. Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері. Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісі. Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. – 2023. – Астана. – № 4. – Б. 266-280. https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/article/view/141/175 https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18

153 Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание: пер. С англ. – М.: Прогресс, 1988. – 506 с.

154 Olzhabaev B.K. Soylemez O. The concept and conceptual field of “homeland” in kazakh folklore. Керуен журналы. 2024. – Алматы. – №2, 83-том. – Б. 249-259. https://keruenjournal.kz/main/article/view/901/403

https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-19

155 Максетов Қ. Қарақалпақ халқының көркем аўыз еки дөретпелери / Қ. Мақсетов. – Нөкис: Билим, 1996. – 340 б.

156 Киргизская художественная словесность: малые формы: хрестоматия / сост.: Ж.О. Султанова, О.М. Токтоназарова. – Бишкек: Изд-во КРСУ, 2022. – 333 с.

157 Олжабаев Б.К. Көне түркі халықтарының танымындағы туған жер ұғымы. «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2023. – Б. 150-153. http://zhubanov.edu.kz/media/uploads/manager_science/2024/09/27/youth-science-and-innovation-2023-1.pdf

158 Мәуленов А. Қазіргі прозадағы мифтік-аңыздық қолданыс. Монография.– Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2008. – 184 б.

159 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

160 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», Т.44: Батырлар жыры, 2007. – 496 б.

161 Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2004. Т.2: Хикаялық дастандар, 2004. – 360 б.

162 Қондыбай С. Маңғыстау-нама: зерттеу. – Алматы: Арыс, 2006. – 439 б.

163 Оралбаев М. Ескі сөз – ел мұрасы. 2009. – 365 б.

164 Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1-томдық. Құраст. К.Ақышев, Т.Әлжанов. – 2-бас. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. – 384 б.

165 Қарақалпақ аңызлары, әпсаналары, шешенлик сөздери: Нөкис, Қарақалпақстан. 1992. – 164 б.

166 Отарбекова Ж.К., Балабекова Қ.Ш. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі ментальдік және ұлттық таным / Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, Филология сериясы. № 1 (67). 2019. – Б. 30-34.

167 Көне түркі әдебиетінің типологиясы. – Алматы, «Evo Press», 2014. – 416 б.

168 Ибрахим И. Көне түркі фольклорындағы өлеңдер мен мақал-мәтелдер. Шымкент, 2010. – 120 б.

169 Шәріп А. Образ Асан Кайгы в культуре тюркских народов // Turkic Studies Journal, Number 2, Volume 2, 2020. – С. 79-96

170 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 654 б.

171 Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир / Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. Новосибирск: «Наука», 1988. – 225 с.

172 Болдырев Н.Н. Концептуальная основа языка // Когнитивные исследования языка. Вып. IV. Концептуализация мира в языке. – М.: Ин-т языкознания РАН; Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г.Р. Державина, 2009. – С. 25-77.

173 Кубрякова Е. С. Концепт // Кубрякова Е. С., Демьянков В. З., Панкрац Ю. Г. и др. Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: МГУ, 1996. – С. 90-93.

174 Маслова Ж.Н. Когнитивная концепция поэтической картины мира [электронный ресурс]: монография / Ж.Н. Маслова. – М.: ФЛИНТА, 2012. – 420 с.

175 Васильева Т.И. Литературоведческий подход к изучению художественного концепта // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2012. No 7 (18): в 2-х ч. Ч. I. – С. 51-54.

176 Асықова Ж. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2013. – 96 б.

177 Олжабаев Б.К., Пангереев А.Ш. Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі «Туған жер» концептісі. Абылай хан атындағы ҚахХҚ және ӘТУ Хабаршысы. 2022. – Алматы. – №4, 67-том. – Б. 339-353. https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/648/203
https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.026

178 Ойноткинова Н.Р. Алтайские пословицы и поговорки: поэтика и прагматика жанров: монография / Отв. ред. О.Н. Лагута. Новосибирск, 2012. – 354 с.